

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

**СЕГІЗ
АУЫЗ
СӨЗ**

(Саяси мақалалар жинағы)



«Тоғанай Т»

Алматы

2017

ӘОЖ 32
КБЖ 66
Қ 13

Қабышұлы Ғ.

Қ 13 Сегіз ауыз сөз. Саяси мақалалар жинағы / Ғаббас Қабышұлы. – Алматы: «Тоғанай Т», 2017. 248 бет.

ISBN 978-601-7853-22-8

Тарихты тұлғалар жасайды. Кешегі екінші жүйе болып келген, әлемнің жартысына жуық елдерін Коммунистік идеяға еліктірген Кеңестер Одағында да дәл солай болған. Маркстік-лениндік идеяға от беріп, кеңестік алып елдің іргесін қалап, саясатын жүргізген қоғамда ұлы Лениннен бастап Сталин, Троцкий, Хрущев, Горбачев, Путинге дейінгілердің тағдырларын зерттей жазған бұл еңбектің кім-кімге де берер танымдық, тағылымдық мәні зор. Ішінде аты шулы Берияның ажалы да қамтылады. Автор өзі парақтаған бір-екі ғана кітаппен шектелмей, материалдарына ілік еткен қайраткерлердің өміріне, саяси қызметіне байланысты айтылатын көптеген еңбектерге сілтеме жасайды. Нәтижесінде екіншісі бірі қолына түсіре бермейтін кітапты дүниеге келтіреді. Ойлары айқын, пікірі нық.

Кәне, Сіз де оқып көріңіз, оқырман.

ӘОЖ 32
КБЖ 66

ISBN 978-601-7853-22-8

© Қабышұлы Ғ., 2017
© «Тоғанай Т», 2017

КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ САЯСИ БАСШЫЛАРДЫҢ КЕЙБІРЕУІ ТУРАЛЫ

1992-жылдан бері мен де бір «қызық» құбылыстың еріксіз куәсі болып жүрмін. КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы – 1991-жылдың соңында ыдырап, ондаған жыл бойы оның құрамында болған одақтас 14 республика тәуелсіз мемлекеттерге айналды. Бұрында олардың әрқайсының тарихы, кейбірінде «советтік өмір талабына сай» артық-кем айтылса да, бірішама шындық аясында жазылған еді, ал енді, тәуелсіздік бұйырысымен, өкініштісі: «бәрінбілгіш» саясатшы-тарихшылар пайда болып, өмірдің дерегін «өзінің керегіне» тели бастап, тарихқа қырындады. Біздегі бір «ғасыр ғұламасы»: «Қазақта шекара болған жоқ, бүгінгі шекарасында мемлекеті болмады»; «қазақта пәленбай батыр, би, әулие болды деген – құр аңыз»; «қазақтың тарихы тәуелсіздік алған 1991-жылдан басталуы керек!» деп керігіп, онысын «тарылы табағына» қараған кәрі-жас саясатшылар мен тарихшылар, 28 ақын-жазушы «гвардияшылар» дереу қостап, қаншама дүрбелең жасағаны белгілі. Яғни «Ерікті ауызға бөрікті бас...» емес, бөрікті кісі сиып кететін заман келді.

Мен арнаулы білімі бар тарихшы-саясатшы емеспін, алайда, ақын болмасам да өлең оқуға құмарлығым бардай, ғұмыры 74 жыл болған кеңестік саяси тарихқа қатысты кітаптарды шолып, осы мерзімде елдің дізгін-шылбырын ұстаған егелердің сегізі жайында оқырман қауымға, бірінші кезекте жастарымызға өзімдік ойымды жеткізуді ниет еттім.


Кешегі ортақ Отанымыздың астанасы Мәскеудің баспаларынан соңғы жылдары саясат арқаулы кітап көптеп шығып жатыр, бірақ шыншылынан жалғанышының саны мен таралымы көп те, шыншылы – бірнеше есе аз, яғни керек еткенге жете бермейді, оларды тауып оқыған ашылықтың кейбірі ондағы оқиғаларды ескі бояуын қойылта айтады, тіпті өзінше өңдеп, долбарға айналдырады. Ондай «білгіштіктің» көпе-көрінеу қателігін қолымнан келгенінше түзеткім келді. Мына жинағым – сол мақсатымның нышаны. Мұнда көсем болғаны бар, көсеу болғаны бар 8 кейіпкерім «бас қосқан» соң «СЕГІЗ АУЫЗ СӨЗ» деп ат қойдым.

Бейресми тоғызыншы сөзім – Л. П. Берияның қазасына ғана қатысты деректер.

2017-жыл, шілде.

В. ЛЕНИН

Владимир Ильич ЛЕНИН (Ульянов) 1870-жылы көкек айының 22-сі күні Симбирск губерниясында дүниеге келген. Ресейдің революционері, Советтің саяси және мемлекет қайраткері. Ресей социал-демократиялық жұмысшылар (большевиктер) партиясының негізін қалаған. 1917-жылғы Октябрь (Қазан) революциясын ұйымдастарушылардың басшысы, Халық комиссарлары кеңесінің (үкіметтің) төрағасы. Дүние жүзінде тұңғыш социалистік мемлекетті құрды. Маркстік-пролетарлық идеологияны негіздеп, Үшінші интернационалды (коммунистік) қалыптастырды. КСРО-ны құрып, алғашқы өкімет басшысы болды. Материалдық философия, марксизм теориясы, капитализмнің империализмге ұласуы, әлеуметтік революцияның теориясы мен практикасы, социализм мен коммунизм, саяси-экономикалық социализм жайында көптеген еңбек жазды. Яғни коммунистік жүйені, социализм-коммунизмді насихаттаған саяси-ғылыми, революциялық күрес бағдарламасының өзегін – **ленинизмді** жасады...



Саяси тарихты зерттеушілер В. И. Лениннің рөлі туралы әрқалай пікір айтуда. «Кемеңгер» деп мақтаушылар да, «Ресейді бүлдіруші» деп даттаушылар да бар. Егер КСРО дәуірінде: «Ленин – дүние жүзі пролетариатының көсемі» делінсе, КСРО ыдырағаннан кейін: «Ленин – халықаралық арандатушы, Ресейдің шаңырағын шағуды көздеген неміс агенті» дегендей әсірежаулық белең алды. Кім қалай десе де, өз басым: *В.И. Ленин – Қазан революциясын жасап, Ресейде адамды адамның қанауын жойған Тарихи тұлға деп білем. Ол революция Ресейді ғана емес, жер шарындағы барша дерлік мемлекеттерді гасырлар бойы құрсаулап тұрған қанаушылық жүйенің ыдырауына себепші болды. Сол үшін Лениннің аруағын мен де силап жүрмін.*

Егер 1917-жылғы жеңіс болмаса, біз, қазақтар, 1925 – 1930-жылдар шамасында «қазақ» атымызбен еріксіз қоштасып, тіпті «киргиз-кайсақ» атымызға зар болып, Иванов, Сидоров, Васильев... болып

кететін едік. Патша үкіметінің Ресей тұрған құрылықты орыстандыру саясаты «азиялықтар қара жұмысқа ғана жарамды» деген І-Петр патша тұсында ерекше жеделдетіліп, «тоқашпен де, тоқпақпен де» жүргізіле бастапты. «Еуропаға терезе ашқан» патша батыс отаршылдары қалай, қайтіп байыды дегенді ойлаумен жанталасып, орыстан өзге жұрттың еңбегін еш ету арқылы баю – ең оңай жол деп данышпансыса керек, әуелі Қиыр Шығыс пен Солтүстіктегі аз санды халықтарды бассалып шоқындырып, жаныштап, тілін, дінін жойып, орыстандырды, одан кейін Кавказға, Орта Азия мен Қазақстанға ауыз салды.

Отаршылдық озбырлық өзім туып-өскен Шығыс Қазақстанды қалай шарпи бастағанынан мынадай мысал келтіре аламын: ежелгі көк түріктің ұрпағы – қалың қазақтың атамекені Алтайдың қазақтары патшалық алдау-арбаумен, жазалаушы отрядтардың зорлығымен жедел шоқындырылып, аты-жөндері орышалана бастаған кезеңде Қазан революциясы жасалды да, Алтайдың бүгінгі «Шығыс Қазақстан облысы» делінетін бөлігіндегі қазақтар ол зұлымдықтан аман қалды. Шоқындырылған бөлігі – Ресейдегі «Горный Алтай». Сөйтіп, бір Алтайдағы бір қазақ халқы екі халық болып кетті.

(Ескерту: меніңше, «революция» мен «төңкеріс» деген сөздердің мағнасы бір емес. «Төңкеріс» – елді билеп отырған топты ауыстыру, ал «революция» – елдегі билік жүйесін өзгерту.)

1973 – 1996-жылдары Мәскеу жазушыларының біразымен қарым-қатнаста болдым. Оған: 1973-жылы КСРО Жазушылар одағы Әдеби қорының Қазақ бөлімшесіне директорлыққа тағайындалғаным, содан кейін Көркем аударма және әдеби байланыс Бас алқасының төрағасы, одан соң Жазушылар одағы басқармасының 2-хатшысы болғаным себепшілік етті. 1981-жылы КСРО жазушыларының кезекті құрылтайына барғанымда 4-5 жазушы-тарихшылардың әңгімелеріне ортақтасқаным бар. Сонда естіген жаңалығым: І-Петр патша Ресейдің дін басы мен жандармерия бастығын шақырып алып, үшеуі Ресей тұрған құрылықты тездетіп және түгелдей орыстандыру жобасын жасапты. Елдің Тарих мұрағатында сақтаулы ол құжатпен танысу үшін СОКП (КПСС) Орталық Комитетінен рұхсат алу керек екен, ал рұхсат, мыңнан біреуге дегендей, танысуға дәлелі ең мықтыға ғана берілетін көрінеді. Ол құжат «№1 үстел» деген бөлімде екен, қолы жеткендер оқиды, бірақ ешқандай көшірме алуына рұхсат жоқ..

Патша бізді орыстандыру пиғылын жерімізге «ғылыми экспедиция» дегенді көптеп шығару арқылы жүргізе бастап, оларын қорғау сылтауымен «әскери бекіністер» салып, қазақтардың қарсылығын болдырмау үшін оларды бірінші кезекте «мал қайғыға» душар ету тәсілін қолданған: қазақ атаулыны малына жайлы шұрайлы жерлерінен алдап-арбап тақырға, шөлейтке сырғытып, оған көңгісі келмегенді әскер күшімен қуып тастаған (ол сұрқиялық біздің аға жазушымыз Сапабек Әсіповтің қазақ жерінің қасіреті туралы жазған деректі үш кітабында анық айтылған). Сонда да бағына қоймағанға атаман Ермак сияқты баскесерлерін жұмсап, «басурмандарды» құртуды тапсырған. Алайда дұшпанына бас имеген қазақтың батыры Жармақты (Ермакты) құртты. Сол қандықол Ермакты кеше *Лев Николаевич Толстой* «жалдамалы қарақшы» десе («*Ермак. Тарих*» деген мақаласында), бергінде А. Абрамов, В. Распутин, тағы басқалар оны қаһарман етіп хикаят, роман жазды. Ресейдің бірнеше қаласында ескерткіші тұр.

Ал езгідегі көп ұлт пен ұлысқа бостандық, еркіндік силап, ермактардың жолын кескен В. Лениннің, мәселен, мен түсіне алмаған екі әрекеті бар. *Біріншісі* – жеңген Совет өкіметіне қарсылық жасағандарды және «жасайтындарды» жаппай жазалауды, «қызыл қырғынды» бастағаны. Осы тұрғыдағы ұсыныс-бұйрықтарынан үзінді:

«...Ғажап жоспар! Держинский екеуің жеріне жеткізіндер. «Жасылдар» болып (кейін соларға жаба саламыз), 10-20 шақырым ілгерілеп, кулактар мен поптарды, помещиктерді дарға асамыз. Біреуін дарға асқанға 100.000 сом силық береміз...» (1917 ж., желтоқсан);

«Тірлік үшін емес, байлар мен арамтамақтарды, буржуазия зиялыларын жою үшін күресу... оларды сәл-пәл қылмыстары үшін жазалау керек... Бір жерде түрмеге отырғызып... бір жерде дәректхананы тазалаттырып... үшіншісін карцерге отырғызып, одан соң сарғылт билет беріп... төртіншісін ұстаған жерде атып тастау керек... Жазалау сан түрлі болған сайын жалпы тәжірибе молаяды...» (1918 ж., маусым);

(*Ресейдің бүгінгі президенті В.Путин лаңкестерге қарсы күрес туралы бір сөзінде: «...будем их мочить и в сортире!» дегенді атакөсемінің мына бұйрығындағы: «..чистить сортиры» есіне түскен соң айтқан-ау?! Оқыған екен,ә?..*)

«Пенза, губерния атқару комитетіне... кулактарға, поптарға және ақгвардияшыларға қарсы жаппай аяусыз қырғын жүргізілсін; күдіктілер қала сыртындағы концентрациялық лагерьлерге қамалсын» (1919 ж., желтоқсан);

«...менің күмәнсіз тұжырымым бойынша, біз дәл қазіргі сәтте діни қаражүзтіктерге шешуші де аяусыз соққы беріп, қарсылығын жаныштауға тиіспіз, олар оны ондаған жылдар бойы ұмыта алмайтын болсын... Реакцияшыл дін өкілдері мен реакцияшыл буржуазия өкілдерін қаншама көп қырсақ, соншама жақсы болады» (1920 ж., тамыз);

«Луначарский жолдасқа. Театр атаулыны түгелдей жоюды ұсынамын. Халық ағарту комиссарына театрмен емес, сауат ашумен шұғылдану шарт» (1922 ж., наурыз).

Жаппай жазалауда ақ пен қараны айыру қиын болатынын, әділдікті берік ұстану қажеттігін Ленин неге ескермеді? Жас Совет өкіметіне тездетіп жол ашу үшін «қарсы» атаулыны жойып жіберуді дұрыс деп білді ме?

Лениннің сол пиғылын іштей өзіндік есебі көп болған Л. Троцкий іліп әкетіп, «қызыл қырғынды» еселеп қарқындатқан...

Екіншісі – дінге өшпенділігі. Ленин 1919-жылғы 1-майда «Поптармен және дінмен күрес туралы» жарлық шығарып, орыстың православиелік шіркеулеріне қарсы жорық бастапты. Шіркеулердің қымбат бұйымдары «революцияның игілігіне» тәркіленіп, өзі не өртеп жіберілген, не қоймаға айналдырылған. Діндарлар не түрмеге тоғытылған, не жераударылған. Лениннің ол жарлығы бүкіл Кеңес Одағы шегінде жүзеге асырылып, мысалы, бізде мешіттер жауып тасталып, молдалар қуғындалды.

Дін – халықты, қоғамды адамгершілікке ұйытатын рухани күш, өмірлік қажеттілік, қазағымша айтқанда, имандылық әлемі. Иман жоқ жерді ібіліс жайлайды десек, Лениннің халықтарды көпекөрінеу рухсыздандыруға бағытталған жарлық шығарғаны несі? Әлде ол патшалық Ресейдегі күшті діни құрылымдар бұрынғы жүйені көксеушілермен бірігіп, революцияға қарсы көтеріледі деп қауіптенді ме?..

Әйткенмен, қайталап айтайын: **патшалық Ресейдің адамды адам қанаушылық, отаршылдық, құрлықты орыстандыру**

саясаттарын жойған күш – В. Ленин, ол ұйымдастырған революция, яғни ақиқатты силаушылар оның теріс әрекеттерін айыптаумен қатар, оң істерін де атап айтуға тиіс.

Барнаулдық (қала аты түріктекті төлеуіт халқының «по-ронгы-ул» – «лайлы өзен» сөзінен шыққан) ақын Сергей Сергеевич Каташ 1973-жылы Алматыға келіп, Ғылым академиямызда докторлық диссертация қорғады. Ол өздерінің педагогика институтында Алтай филологиясы кафедрасының меңгірушісі, профессор, «Алтай баатырлар» атты көптомдықты құрастырған тарихшы-ғалымдар тобының жетекшісі екен. Жазушылар одағында танысып, еркін әңгімелесіп жүрген күндеріміздің бірінде ол: «Ай, ағайын! Ата-әкелерің де, өздерің де Иванов, Сидоров, Козлов, Гусев, Воробьев... болып кете бармай, байырғы қазақ қалыптарыңда қалған сендер өте бақыттысыңдар! Владимир Ильич Ленинге күн сайын алғыс айтсаңдар да көп емес. Арыда қазақ, беріде орыс болып кеткен бізді көрсеңші! Ғабба, біз – ата-бабамыздың дінін, тілін қайтарып алуға зар болып кетіп бара жатқан сорлымыз!» деп күйінді (әрине, орыс тілінде сөйлеп). Жүрегім езіліп кете жаздады. Оның сол минөттегі әлемтапырық қазақы әлпеті әлі де көз алдымда, дірілдей құмыққан дауысы әлі де құлағымда!..

Жақұт (якут) жазушысы Николай Габышевтан да сондай налыс естігенім бар. Ол екеуіміздің фамилиямыз ұқсас екеніне таңдана жымыып отырып: «Осы «Кабышев» деген фамилияны саған дейін Белоруссияда, Украинада естідім. Генерал болған Карбышев та ұқсастау, демек, христиандарда осындай кісі аты болғаны. Түрік тұқымды маған бұл аты-жөнді шоқындырған орыстар беріпті, саған кім берді, сендер шоқындырылған жоқсыңдар ғой?» деді. Мен: «Әкемнің аты Қабыдрахман екен, әжесі «Қабыш» деп еркелетіп, кейін солай жазылып кетіпті» дедім...

Және бір жәйіт.

1978-жылы КСРО жазушыларының «Дубулты» шығармашылық үйіне (Балтық теңізі жағасында) дем алуға бардым. Ықшам денелі, қараторы жігітағасымен үстеліміз бір екен, таныса отыру үшін сөз бастап:

– Туысқан, қайдансыз? Қырғызсыз ба, өзбексіз бе?– дедім.

– Не понимаю, – деді ол, қысық қара көзі күлімдей жымыып. Сұрағымды орысшаладым.

– Я – коряк. Моя фамилия – Косыгин, а зовут – Владимир, – деді.

– КСРО Министрлер Кеңесінің Төрағасы Алексей Николаевич Косыгин туысыңыз емес пе? – дедім, әзіл аңғарта. – Ол кісі де кеше келіпті, осы жағадағы үкіметтік санаторийде.

– Онымен туыс болсам, өстіп жүрем бе? – деді. Үнінен қыжыл аңғарылды.

– «Өстіп жүрем беізіз» қалай? – дедім, көмескі қыжылын аршып көргім келгенін жасырмай.

– Патшалық Ресейдің басқыншылық саясатынан хабарыңыз бар шығар, Лениннің еңбектерінде айтылған ғой. Біздің коряк ата-бабамыз сол саясаттың құрбаны болыпты. Поптарын бетке ұстаған патшалық әскери жасақтар Солтүстік пен Қиыр Шығысты басып алып, бізді – коряктарды да христиан дініне алдап-арбап кіргізген, ата-бабамыздың аты-жөнін жойып, орыстың аты-жөнін берген. Көнбегендерді көрге лақтырған. Менің ұлы атам Бола Коянто екен, ол – «Еркін тірлік» деген ұғым, «Коянтоны» олар «Косыгинге» айналдырыпты, балаларына коряктің атын қоюға тиым салыпты. Содан бері біздің үрім-бұтақ – косыгиндер: Владимир, Василий, Иван, Ефрем, Кирилл... болып жүрміз.

– Жазушысыз ба? – дедім.

– Ана тілі орыс тілі болып кеткен ақынмын, Мәскеуде екі жинағым шықты. КСРО Жазушылар одағының мүшесімін. Бірақ, міне, бес жыл болды, коряк аты-жөнімді қалпына келтіре алмай жүрмін, өтініш бермеген жерім жоқ, біріне бірі сілтеп шаршатты, – деді. Ол ақырын сөйлесе де, ашық ашынып сөйледі, сірә, менің де басқа ұлттан екенімді сезіп, біздің арамызда бірімізді біріміз жатырқамас себеп бар деп топшыласа керек. Маған:

– Сіз қайдансыз? Ұлтыңыз не? – деді.

– Мен Қазақстаннанмын, ұлтым – қазақ, – дедім, сөз бастамас бұрын өзімді таныстырмағанымға іштей өкініп.

– Қазақстан?!

– Қазақстан – КСРО құрамындағы одақтас он төрт республиканың бірі.

– Космонавтар ұшып жүрген жер ме?

– Иә, космонавтар біздің Байқоңыр деген космодромнан ұшады.

– Қазақпын дедіңіз бе? Орыстармен туыссыздар ғой?

– Туыс емеспіз. Біз «қазақ» деген халықпыз. Казактарға қатысымыз жоқ, олар – христиандар, ал біз – мұсылманбыз, «қазақпыз», Қазақстан! – дедім, «к» әрпін қатаң айтып.

– Қызық екен. Аты-жөніңіз кім?

– Ғаббас Қабышұлы. Бізде орысша ат-жөн жоқ, – дедім, «Қабышев» дегендегі «ев»-ті жасырып, «ұлы» дегеннің «сын» екенін түсіндіріп.

– Патшаның арнаулы отрядтары сіздер жақта болмаған ба?! – деді ол, шын таңданып.

– Болыпты, мысалы, біздің өңірге Ермак Тимофеевич деген атаманның отряды зеңбіректерін сүйретіп келіп, жерімізді тартып алуға кірісіпті, бірақ біздің Сәтбек батырымыз ол жауызды итке талатып, суға батырып өлтіріпті.

– Сіздер бақытты екенсіздер! – деді Косыгин, қысық қара көзі өткірлене. Үнінен ризашылықтың нышаны байқалды. – Біз де аздап бақыттымыз, – деді ол сәлден соң. – Егер патшалық Ресейдің езгісінде енді он-онбес жыл жүрсек, ана тілімізде сауатымыз ашылмастан құрып кеткен болар едік, сөз жоқ, коряк ретінде құрып бітетін едік, енді қазіргі күнімізге шүкіршілік етіп жүрміз».

Ол маған балаларға арналған өлеңдер жинағын: «Моему брату Габбасу. Желаю тебе всего наилучшего!» деген қолтаңбасымен силады.

Біздің тарихшы ғалымдардың кейбіреулері, тіпті академиктер де, каташтар мен косыгиндерді кездестірмеген, олардың жан жарасын білмеген, сығымдалған жүрек соғысын естімеген секілді. Қазақ ұлтын тарихи-саяси құбылыс-ағым арқылы басқа халықтармен бірге сақтап қалған, Алаш басшыларының талап-тілегін құптап, жеріміздің көлемін тұтас мемлекеттік етіп заңдастырып берген В. Лениннің аруағын күстәналап жүр. Ленин дегенде қазақтың жадында сақталуы шарт жәйттер – халқымыздың аты өшірілмеуіне, жері, діні мен тілі сақталуына бас себепші болғаны. Осы ескерілмейді. Олардың мақала атаулыларынан: «Ленин – ХХ-ғасырдағы ең ұлы қылмыскер»; «Ленин секілді тажалдардың ешбірі жақсы өліммен өлмеген»; «Лениндік ұлт саясаты қазақты көп шығынға ұшыратты»; «Ленин – тарихта орны толмас үлкен қасірет әкелген ұлы данышпан» деген сияқты сөлекет сөз-сөйлем жиынтығы ұшыраса береді.

(Орыс тілінде «великий» деген сөз біріне бірі кереғар екі мағынада

айтыла береді. Мысалы, «великий ученый», «великий террорист» дегендей. Ал қазақ «ұлы» деген сөзді «дана», «данышпан», «кемеңгер» сөздеріне балама етіп қолданған. Жағымсыз мағынада ешкімге «ұлы» сөзін қолданбаған. Яғни «ең ұлы қылмыскер» демей: «ең әйгілі.., ең үлкен.., ең әккі.., ең зұлым... қылмыскер» деген. «Ұлы данышпан» деп, «ұлының» данышпан емесі, данышпанның «ұлы» емесі болатындай-ақ, мағыналас екі сөзді қосақтау да – қателік.)

Егер 1917-жылы революция болмаса, қайталап айтайын, қазақтар да патшалық Ресейдің «құшағында» кетіп, мөлшері 1920-25-жылдары жұтылып тынатын едік. Бұл – арғысы, ал бергісі, қысқа қайырғанда, қазақ: Абай шет жұрттарға да танылып, ескерткіштері қойылар ма еді? Патшаға қарсы күрескен Исатай-Махамбет дәріптелер ме еді? Әміре Парижде ән шырқап, талайды тамсандырар ма еді? Жыр алыбы Жамбыл «Дала Гомері» аталар ма еді? Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Күләш Байсейітова және басқа Тұлғаларымыз алыс-жақын елдерге мәшһүр болар ма еді?.. Кеңес өкіметін көзді жұмып, құлақты бітеп алып күстәналай бергенше, бір уақ осыны неге ойламаймыз?

* * *

Кешегі, бүгінгі ұрпақ В. Ленин жөніндегі мағлұматқа қанық. Жазылған зерттеу, әдеби, тарихи мақала, кітап көп, жасалған кинофильм жеткілікті. Лениннің мақалалар жинағының өзі 55 том, қазақ тіліне де аударылған.

Ал Ресейде жарияланып жатқан мақалаларда, шығып жатқан кітаптарда Лениннің игі істерінен гөрі оның жағымсыз қылықтары көп айтылады. «Ленин – еврей. Бланк – шешесінің әкесі емес, өзінің ұлы атасы» деп жазғандар да бар.

Ондайларды оң-теріс, пәлен-түглен дей алмаймын, зерттеуші емеспін. Менің мақсатым, сөзімнің әліпбиінде ескерткенімдей, «ұзын сөздің» өзімше «қысқасын» айту – кешегі КСРО құрамындағы одақтас республикалар халықтарын, оның ішінде қазақты патшалы Ресейдің тұзақ-қақпанынан: зорлықпен шоқындырылудан, ататегімізден айрылудан аман сақтап қалған күш В. И. Ленин ұйымдастырған революция болғанын ұмытпайық деу.

Ресейдің тәуелсіз «Завтра» газетінің редакциясында биылғы маусым айында «Ленин: кеше, бүгін, ертең» деген тақырып бойынша

үстелбасы әңгіме өткізіліпті. Сонда айтылған пікірлерден бірер үзінді келтірейін:

«...Үкімет басшысы кезінде Владимир Ильичке Ғылым академиясын тарату туралы қаулы жобасын алып барғанда ол не деген еді? «Академияға ешқашан тиіспендер. Сонда оны қайту керек пе? Оны нақты істерге кірістіру керек» деген. Сөйтіп, «Ғылыми-техникалық жұмыстар жобасы» жасалды, – 1918-жылдың көкек айында! Оның бірінші шарты «шикізатты оңай және еңбекті аз жұмсап өндіру мүмкіндігін пайдалану негізінде Ресейдің өнеркәсібін өрістету; шикізатты өңдеуді жартылай дайын өнімге айналдыру, одан арыда дайын өнім етіп шығаруға ұластыру». Әне, «нақты істерге кірістірудің» мәнісі. Ал бүгінде қалай? Ғылыми бірлестіктерді нақты экономикалық істерге жолатпайды, «қаржы легін оңайлата алатын тиімді менеджерлікті» қолданады. Ол уақытша іс, өрістей алмайды. *Г. Малинецкий, физика-математика ғылымдарының докторы»;*

«...Ленин мен Сталинді бір-біріне қарсы қоюға болмайды, олардың іс-әрекеттері диалектикалық ой-түйсік ортақтығында, мақсат бірлігінде. Иә, «Ленин бәтіңке, Сталин етік киіп жүрді. Ленин шалшықты айналып өтсе, Сталин кешіп өтті», бірақ көздеген мақсаттары бір болды. *Ш.Султанов, «Шығыс-Батыс» зерттеу орталығының жетекшісі»;*

«...Жалпы, егер Ленинді оқысақ, адамның өз мүддесін, өзінің күрес мәнісін саяси тануының төрт кезеңі бар. Біріншісі – өзінің түпкілікті мүддесі мен татымын таптық сезіммен түйсіну. Екіншісі – таптық түйсік, онда мүдде мен татымды әлдебір себеппен әдейілеп сезіну, бағалау болмайды, бірақ түйсігі олардан алыстатпайды. Үшіншісі – таптық немкеттілік, онда адам айла-шарғының нысанасына айналады. Төртіншісі – таптық нақұрыстық, онда адамдар өздерінің негізгі мақсаттары мен құндылықтарына қарсы шығады. Мысалы, бәрімізге белгілі «түрлі-түсті революциялар» не таптық сана-сезімнің, түйсіктің жоқтығынан, не таптық нақұрыстықпен жасалды. *Ю.Тавровский, профессор»;*

«...Ленин Иисус Христосша керіп тасталып, қайтадан жанданбады. Мұхаммедше жоғарыдан Құран қабылдап алмады. Бірақ қайнаркөзін Ленин ашқан цивилизациялық оң өзгерістер, іштей лениндік атеизм бола тұрса да, адамзаттың ұлы діндерімен үндес. Қайтыс болғанынан

беріде жүз жыл өтсе де, Ленин небір қатты айтыстар мен қақтығыстар жасауда. Наполеон Бонапарт туралы айтыс Францияның өзінде 1915-жылға дейін тоқтады, ол пантеоннан, тарихтан орнын алды, – бітті... Ал лениндік құбылыс мемлекет қайраткерінің, «тарихи тұлғаның» өресінен биіктеп, өлшеусіз де бағажетпес болды. Сондықтан оған «төмендегі сын» әсер ете алмайды. *В. Винников, мәдениеттанушы».*

Л.ТРОЦКИЙ

Лев Давыдович Троцкий (Лейба Давидович Бронштейн) 1879-жылғы қазан айының 26-күні Одесса қаласында туған. Әкесі жүздеген жұмысшының маңдай тер, табан ақысын өзінің орасан баюына пайдаланған жериеленуші болыпты. Тек революция оның жолын бөгеп, қолын қағыпты. Әйтсе де, ол тым ұтыла қоймапты. Лейбасының кеңесімен Мәскеу қаласына көшіп, аш-жалаңаштарды «жарылқаған» саудасын қыздырыпты.



Лейба 7 жасында Одесса еврейлерінің Хедер мектебіне барып, оны бітірген соң білім жолын жалғап жүргенінде Николаевск қаласында чех еврейі Франц Швыговскийге таныстырылып, оның «Жұмысшылар лигасына» мүше болыпты. Жұмысшылардың хал-жағдайын жақсартуды жақтаушы ұйым құғындалып, мүшелерін тұтқындау басталғанда Лейба да ұсталып, Одесса түрмесіне қамалады. Екі жылдан соң, Сібірге, Иркут губерниясына төрт жылға жераударылады. Одан 1902-жылы жалған төлқұжат жасап, өзінің айтуынша, сондағы полиция бастығы Троцкийдің атына жазып алып, қашып шығады да, Венаны паналайды. Онда масон еврей Виктор Адлермен танысып, оның жәрдемімен Лондонға барған. Онда В. Ленинге таныстырылып, оның «Искра» гәзетінің бір авторы болған. Ленин идеяларын қызу қолдай бастағаны соншалық, қарсыластары оған «Лениннің жандайшабы» деген айдар

тағыпты. Алайда екеуі 1903-жылы күзде, революциялық орыс социал-демократтарының Шет елдердегі лигасының құрылтайында қатты араздасыпты. Құрылтай қорытындысы туралы жазған «*Бір адым – алға, екі адым – кейін*» деген мақаласында Ленин меньшевиктерге күрт шүйіліп, оларды «оппортунистер», соларға бүйрегі бұрған Троцкийді «әдепсіз, тұрақсыз» деп сынайды. Ал Троцкий оған қарсы 1904-жылы жазған «*Біздің саяси міндеттеріміз*» деген мақаласында Ленинді «жалғанмарксшіл мылжың» деп кінәлаған.

Ленин мен Троцкийдің саясаттағы жолдары Ленин қайтыс болғанға дейін талай рет түйісіп, талай рет айрылысқан. Сондай жағдайдағы екеуі де қуғын көріп, Швейцарияға, Англияға, Германияға кетіп қалып, әрине, бірге емес, ондағы ұйымдарының жан-жақты көмегіне сүйене Ресейге қарсы насихатты, күресті өрістетеді. Ленин патшалық қанаушылық жүйені жоюды көздесе, Троцкий «әлемдік революция жасауды» уағыздайды.

Сөйлеуге әрі құмар, әрі ұста Троцкий сол өнерімен және қалтасының қалыңдығымен бас-аяғы үш жылда батыстан көп жақтас тауып: «Білімдар тұлға», «Ерекше алымды адам», «Жайсаң, жомарт», «Ой алыбы» дегендей атақ алып, ауызға ілінеді. Сөйтіп, ол 1905-жылдың басында Ресейге қайтып оралады. Мұнда да сөзге шешендігімен ерекшеленіп, бұқаралық жиын-жиналыстарға қатысып, ширығып сөйлеп, көпшіліктің көкейіндегі кейбір мәселелерге мән бере пікір туындатып жүреді. Ол белсенділігі америкалық жазушы *Джон Ридтің* «*Әлемді аласұрдырған он күн*» кітабында шектен тыс дәріптелді. Осы жерде ресейлік тарихшы-жазушы *В. Клушиннің* «*Троцкий туралы белгісіздеу жәйттер*» кітабындағы мына бір дерекке назар аударатыралық: «...Лев Давидович қандай жиынға, жиналысқа, мәжіліске қашан болсын барғанда өзінің жеке стенографисін (*тезжазғышын*, – *Ғ. Қ.*) ертіп жүрген, яғни оның аузынан шыққан сөз түп-түгел жазып алынатын болған... кейінде, Әскер және теңіз флотының комиссары болғанында өзі қол қойған бұйрықтардың, ресми құжаттардың бәрінің де көшірмесін алып, оларды және жазылған сөздерінің, шыққан мақалаларының барлығын өзі құрған белгілі публицистер тобына оқытып, өңдетіп, мұрағатына жинай берген. Соның нәтижесінде оның сөздері мен мақалалары 1928-жылда-ақ 17 том болып басылып шыққан...».

Өзінің «тарихи бейнесін» жасауды бұлайша мұқият ойлаған саясаткер жоқ-ау... Совет Одағынан Түркияға қуылғанында оның қағаздары пойыздың екі вагонына әрең сиыпты. Троцкий қаза тапқанына дейін соларын ақтарып, бұрын жазғандарын үстеп, өңдеп, Ленинді, әсіресе Сталинді мейілінше жамандап, қайталап шығарып жүрген.

Иә, революцияның мән-мақсатын ала-құла түсіндіруге белсеніп кіріскен Троцкийді Ленин «*саяси жезөкше*» деп атаған екен. Сталин оның революцияны ұйымдастыруға оншама еңбек сіңірмегенін, басшылықтағы кезінде «қызыл қырғынның» ту ұстаушысы болғанын, жұмысшылар табын әспеттеп, шаруалар табын көзге ілмей, іріткі жасаумен шұғылданғанын, «әлемдік революцияны» көкसेп көпіре бергенін, сонысы үшін партиялық биліктен аластатылғанын айтқан да, жазған да. Соны кек тұтқан Троцкий Сталинді «өлтіре» жамандаған 2 том «естелік-еңбек» жазып кетіпті. Революцияға қарсылармен күрес қатты шиеленскен 1918-жыл оқиғаларына қатысты мақаласында: «... ол кезде Сталиннің рөлі ерекше болды, ол бұрынғы табанды маман революционер қалпын тағы танытты. Ол реакция асқынған жылдарда партиядан безіп кеткен мыңдардың ішінде емес, партия қатарында қалған жүздердің арасында болды» деген өз пікірін енді өзі жоққа шығарып, бұрынғы айтқандарының өңін айналдырып, Сталинді іске алғысыз ете жазған мақалаларының ол 2 томы кейбір шет елдерде, Ресейде соңғы жылдары бірнеше рет қайтадан басылды...

Астарлы-астарсыз сөзді ағылтып, өзін өзі ауызша да, жазбаша да жарнамалауда, насихаттауда оза шапқан Троцкийдің, Бернард Шоу айтқандай, – «памфлетшілер королінің» аты Қазан революциясының алдында, алғашқы жылдарында В. Лениннің аты-жөнінен ілгері аталып жүрген. Өйткені ол Ленинді сырттай ертерек біліп, оның саяси еңбектеріне оң пікір жазып, жұртшылықтың көзіне бұрынырақ түскен. Ленин оның шешендігін өз мақсатына пайдалануды, яғни тілін табуды ойлап, оның кейбір түзу ниетін құптайды. Соның нәтижесінде Ресей Социал-демократиялық жұмысшы большевиктер партиясының (РСДЖБП) Троцкий бас болған «ауданаралық» бөлігі (фракциясы) Ленин бастаған большевиктермен түсінісу жайындағы мәжіліске жиналады (1915-жылдың басында). Оған Ленин қатысып, революциялық күресті нығайтуда екі жақтың көзқарастары

сәйкестеніп, бағдарламалары бірыңғайланып келе жатқанын баса айтып, бірігуді, Троцкийге большевиктер партиясына мүше болуды ұсынады. Троцкий серіктерімен ақылдасу керектігін айтады (ол 1903-жылдан 1917-жылға дейін большевиктерге қарсы ашық күресіп келген-ді). Алайда бірер күннен кейін Лениннің партиясына еніпті.

Түрлі ойға беріліп, түрлі ағымда белсеніп жүрген Лейба Бронштейннің революцияшы Лев Троцкийге айналуына ықпал еткен кісі жоғары дәрежелі еврей иллюминаты масон Израиль Лазаревич Гельфанд (*бүркениш аты-жөні – Александр Парвус*) екен, – оның кім екені туралы тарихшы Э.Хэреш *«Патшалық империя»* деген кітабында былай депті: «...Александр Парвус деген біреу 1915-1917 жылдары герман үкіметін өзінің Ресейді бүлдіре алатынына және Германияның соғыста жеңіп шығуына көмектесетініне сендіріп, ол еңбегі үшін әзірше 2 миллион, кейін 40 миллион марка алуға келісім жасапты».

* * *

Осы тұста сөз ыңғайына қарай және жас оқырмандарым үшін мына *«масон»*, *«иллюминат»* туралы түсінік бере отырайын.

18-ғасырдың екінші жартысында Баварияда (Германия) діни-саяси «Иллюминат» қоғамы құрылып, бағдарламасы Еуропа елдеріне тараған. «Иллюминат» латынның *«иллюминатус»* («жарық»), «ашық», яғни «көзі ашық», «көкірегі ояу» мағыналы) сөзінен шыққан. Ол қоғам саяси үстемдікке діни уағыздың күшімен жетуді көздеген.

Ал *«масон»* – француз сөзі, «ерікті тасқалаушылар, тасөңдеушілер» деген мағынаны меңзейді. Ол діни-нәсілдік қоғам ретінде Англияда 18-ғасырда пайда болып, кейінде оның ұйымдары (ложалары): АҚШ, Франция, Ресей және басқа елдерде құрылған. Елдің тірлігіне ықпал ету мақсатымен өздеріне тән діни құпия тәрбие-тәртіп шығарып, негізінен астыртын әрекет жасауды қалаған.

Ресейдің президенті Борис Ельциннің тұсында «Московская правда» гәзетінің Бас редакторы, Баспасөз министрі, вице-премьер болған журналшы *Михаил Полторанин* (Шығыс Қазақстанның Глубокое селосында туып-өскен) *«Тротилл пәрменді өкімет. Борис патшаның мұрасы»* деген екітомдық еңбегінде (*Мәскеудің «Эксмо Алгоритм» баспасынан 2013-жылы шыққан*) масон жөнінде былай депті:

«..Бнай Брит (*«Сыновья Завета» – «Діни өсиет ұлдары»*), – *Ф. Қ.*) деген не? Ол – иудейлік халықаралық қаржы бірлестігі, дүние жүзі масондарының ұйытқысы, миы... Бнай Бриттің мүшесі масон болуы да, болмауы да мүмкін; оған: еврей де, орыс, ағылшын, латыш, өзбек, поляк та мүше бола алады, бірақ олар иудаизмді (*еврейлердің дінін*, – *Ф. Қ.*) ұстануға, насихаттауға міндетті...

Бнай Брит бірлестігін Нью-Йорк қаласында Германиядан келген еврейлер ұйымдастырыпты. Қордаланып, ондаған жыл бойы күш жинап, масондардың ложаларын билеп алып, жиырманшы ғасырдың соңында жер жүзінде сансыз бөлімшелері бар әлемдік үкімет дерлік орталыққа айналды... Капиталистік елдердің басшылары Бнай Брит көсемдерінің келісімінсіз сайлана алмайтын болды».

Дүние жүзінде 20 миллионнан астам масон бар, оның 5 миллионы АҚШ-та деседі.

«Ерікті тасқалаушыларға» Ресейдің есігін 1-Петр патша ашыпты. Ол есік 1936-жылы жауып тасталған да, горбачевтік «қайта құру» басталған 1992-жылы Мәскеуде «Францияның Ұлы ұлттық ложасының» жәрдемімен құпия түрде қайта ашылып, бертінде «Ресейдің Ұлы ложасы» деп аталған.

Ресей Федерациясының Конституциялық сот төрағасының орынбасары, милицияның отставкадағы генерал-майоры, заң ғылымының докторы *Владимир Овчинский* былай депті:

«...Ресейде масон мәселесі «қайта құру» басталысымен қолға алынды... Масондардың адамзат тарихына ықпалы бүгінде аса зор болып тұр. Ұлы француз революциясын жасаған – масондар... Ресейде ақпан революциясын жасаған да – солар... АҚШ-та масондық билік Джордж Вашингтоннан бастап қалыптасты... Вашингтон штатының Александрия қаласында әлемге әйгілі Александрия шамшырағына ұқсатылып салынған «Джордж Вашингтон ғимараты» бар. Онда саяхатшы ретінде болдым. Көп қабатты. Бірінші қабатынан бастап заттар, жазбалар масонды насихаттауға арналған... Төртінші қабатында Гарри Трумэннің масон киімін киіп, сылақ қалақшасын ұстап түскен түрлі түсті үлкен суреті тұр. Хиросима мен Нагасакиді бомбалау туралы шешім жасаған күнгі суреті екен. Соны білгенде өнебойым мұздап кетті: Мәссаған! Жапонияның екі қаласына атом бомбасын «адамгершілікті уағыздайтын» масондар тастатқан болды ғой?!»

Лифтпен тоғызыншы қабатқа көтерілдік. Ол қабат әйгілі «Соломон ғибадатханасына» ұқсайды. Қаланы жоғарыдан көруге арналған алаңшадан қарағаныңда бүкіл Вашингтон алақаныңда тұрғандай болады екен. Ғимарат іргесінен басталған аллея Ақ үйге барып тірелген (жалпы Вашингтон масондық құрылыс үлгісімен салыныпты)... Американдар мақтан ететін ғимарат ол ғана емес, Нью-Йоркта, басқа қалаларда да масон мемориалдары бар... АҚШ президенттерінің бәрі – масондар. Тек Трумэннен кейінгі президенттер ашық насихатталмайды. Мемориалдарда АҚШ-тың көрнекті саясатшы, ғалым, жазушы... масон қайраткерлерінің көбінің фото-суреттері ілулі).

«М. Горбачевтың масондығы Италияға барып дем алған жылдан, ал А. Яковлевтің масондығы КСРО-ның Канададағы елшісі болғанынан басталды. Совет Одағында масондық жүйе белгілі еврейлік «Бнай-Бриттің» ықпалымен жасалды. Оны АҚШ-тың Орталық барлау басқармасының құзырындағы атышулы «Форос» қоры және «Азаттық радиосы» қаржыландырды...». (А. Полунин. *«Масондар АҚШ-ты құрады, бірақ ақпан революциясында жеңіліп қалды»*).

Е-е-е... КСРО-ға, Ленин мен Сталинге қарсы кітаптарды, т.б. үсті-үстіне шығаруға қажет қаржының қай жақтан құйылып жатқанын аңғару қиын емес сияқты ма, қалай?..

* * *

...1905-жылдың қаңтарында болған көтеріліс сәтсіздікке ұшырап, Ленин шет елге кетті де, Троцкий тұтқындалды. Әйткенмен, айдың аяғында РСДЖБП VI-құрылтайын өткізіп, «ауданаралықтарды» өздеріне қосып алды, түрмедегі Троцкий қарсылық жасамады, құрылтай оны партияның Орталық комитеті мүшелігіне сырттай сайлап, түрмеден шығуын тездетті. Троцкий түрмеден шығысымен шетелге кетуге мәжбүр болып, Данияға, Норвегияға, Францияға, Германияға... барады. Бірақ оларда тұрақтай алмайды да, Нью-Йоркқа жол тартады. Онда да «әлемдік революция» керектігін айтып, Петроградтағы жақтастарымен байланысып тұрады да, «Патша тақтан бас тартты, Уақытша үкімет құрылды» деген хабар алып, 1917-жылдың 27-наурызында отбасымен, 265 жолдасымен кемеге отырып, Ресейге аттанады. Бірақ Канада оны жолай тұтқындап, Галифаксте бір ай тергеуде ұстап, Ресейдің Уақытша

үкіметінің сұрауымен босатады. Сөйтіп, Троцкий Петроградқа Швеция, Финляндия арқылы мамырдың 4-і күні келіп түсіп, Ленинмен кездеседі. Сол аралықта Петроградқа Еуропадан мыңдаған революционер келіпті. Олардың көбі жастар – «әлемдік революцияға» қатысуды көздеп жеткен троцкийшілдер екен.

Өзінің Петроградқа жетуі қаншалықты маңызды болғанын Троцкий тіпті шетелге қуылғанынан кейін де қайта-қайта атап өтіп жүріп, бірде күнделігіне: «Егер мен 1917-жылы Петербургта болмасам, онда Октябрь революциясы Лениннің талаптары мен басшылығы шартты түрде болуымен жасалар еді. Ал егер Петербургта Ленин де, мен де болмасақ, Октябрь революциясы жасалмас еді. Оған менің ешқандай шүбәм жоқ» деп жазыпты.

Қазан революциясының қалай жасалғаны, кімдер жасағаны көзіқарақты көпке мәлім.

Революциядан кейін Троцкий Лениннің серігіне айналады. Петроград кеңесінің төрағасы, одан арыда Әскер және теңіз флотының комиссары; Сыртқы істер комиссары болып тағайындалды. Ол биліктің биік бұтағына қонысымен сырттан гөрі ішке көп үңіліп, «революция жауларын мейлінше *аяусыз* жазалауды» талап еткен («*аяусыз*» – Ленин де жиі айтқан сөз). Әскери комиссарлыққа тағайындалысымен «*аяусыз*» деген сөз оның өршелене айтатын сөзіне айналған. Кадеттердің алдында сөйлеген сөзінде революция жауларын *аяусыз* жою керек, оларды түрмеге қамамай, гильотинамен құрту керек, деген («гильотина» – «балтамен шабу» деген сөз. Қылмыстыны солайша жазалау Англия, Италия, Швейцария, Шотландия, Ирландия мемлекеттерінде 1600-жылдан қолданылыпты. Өлім жазасына кесілгенді: дарға асу, отқа өртеу, аяқ-қолдарынан төрт жаққа керіп өлтіру дұрыс емес, қинамай, басын шауып тастау керек деген «ерекше рақымшылықтан» болса керек. Ал ол әдіс Франция ұлттық ассамблеясының мүшесі, дәрігер Жозеф Игнас Гильотиннің (Гийотеннің) ұсынысымен 1792-жылы заңдастырылыпты да, соның атымен «гильотина» делініпті).

Сол пиғылымен «қызыл қырғынды» дереу және «*аяусыз*» бастау – уақыт талабы деген қағида *Л. Троцкийдің «Қырғын және коммунизм»* мақаласында негізделген.

«Қызыл қырғын» деген сөзді алғаш рет эсер З.Конопляникова

айтыпты. 1906-жылы сотқа тартылғанында: «Үкіметтің қанды ақ қырғынына біздің партия қызыл қырғанмен жауап беруді ұйғарды», депті. Троцкий 1917-жылы желтоқсанның 17-сі күні кадеттерге үндеу жазып, революция жауларына қарсы қызыл қырғынды жаппай және еселеп күшейтіп жүргізу керектігін екілене айтыпты. Ал қызыл қырғынды заңдастырған күш иесі Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің төрағасы Я. Свердлов екен. Ол Ленинге жасалған қастандыққа және Петроград Төтенше комиссиясының төрағасы Урицкийдің өлтірілуіне жауап ретінде қызыл қырғын жасау туралы 1918-жылы 5-қыркүйекте қаулы шығарған. Осымен байланысты айта отырамыз: шәкірт шағымыздан естігеніміз, оқығанымыз: «Владимир Ильич Ленин Совет Одағын құрды, басқарды, барлық мәселені өзі шешіп отырды», деу болды. Ал шындығында билік Я.Свердловтың қолында болыпты. Ленин революцияның жеңісін баянды ету үшін не істеу керектігін талдап-талдап айтып, жазып, ұсыныс жасап, орындалуын талап етіп жүрген. Ол үкімет пен партияның басшысы болды, бірақ онда қаралған, Ленин қол қойған барлық шешімге Бүкілодақтық орталық атқару комитетінің (БОАК – ВЦИК): «ВЦИК в лице своего президиума постановляет», деген ұйғарымынсыз жол ашылмайтын болыпты. Бұл жәйт *тарихшы Александр Самсоновтың «Яков Свердлов. Революцияның қара албастысы»*, деген деректі кітабында баяндалыпты. «Ол өте шебер ұйымдастырушы болды, қажетті орындарға өзінің кадрларын таңдап отырғызды, – дейді автор. – Ол Троцкиймен ымыраласып, «қызыл қырғынды», Ресейдің әскери жүйесі болған казактарды талқандауды ұйымдастырды, романовтарды аттырды».

Енді *тарихшы В. Шамбаровтың «Свердлов. Октябрь революциясының құпия тамырлары»* атты кітабынан бір үзінді: «Ленинге қастандықты Свердлов ұйымдастырды деуге болады. Фанни Каплан Яков Свердловтың қарындасымен сырлас екен... Свердлов қастандықтың оншама сәтті болмағанын өз пайдасына жаратты: Капланды Кремльдің абақтысына қаматтырып, соттатып, аттырып, өлігін жағып жібертті...

Свердловтың «өнегесі» Троцкийдің жолын кеңейтіп, қолын ұзартты. Алайда Троцкий қырғындық қарекетті оған дейін де көздеген екен, онысына дәлел құжат – *«Л. Троцкийдің 1917-жылдың жазында*

Петроградта, ең сенімді серіктеріне оқып берген «Бағдарламалық мәлімдемесі» (үзінді):

«...Мы должны превратить Россию в пустыню, населенную белыми неграми, которым мы дадим такую тиранию, какая не снилась никогда самым страшным деспотам Востока. Разница лишь в том, что тирания эта будет не справа, а слева, и не белая, а красная. В буквальном смысле этого слова красная; ибо мы прольем такие потоки крови, перед которыми содрогнутся и побледнеют все человеческие потери капиталистических войн. Крупнейшие банкиры из-за океана будут работать в теснейшем контакте с нами. Если мы выиграем революцию, раздавим Россию, то на погребальных обломках ее укрепим власть сионизма и станем такой силой, перед которой весь мир опустится на колени. Мы покажем, что такое настоящая власть. Путем террора, кровавых бань мы доведем русскую интеллигенцию до полного отупления, до идиотизма, до животного состояния... А пока наши юноши в кожаных куртках – сыновья часовых дел мастеров из Одессы и Орши, Гомеля и Винницы, – о, как великолепно, как восхитительно умеют они ненавидеть все русское! С каким наслаждением они физически уничтожают русскую интеллигенцию – офицеров, инженеров, учителей, священников, генералов, агрономов, академиков, писателей!...».

(Источник: Симанович Аарон Ошуилович. «Распутин и евреи». Воспоминания личного секретаря Григория Распутина. Рига, 1922. Париж, 1924. Цитата по: В. Хатюшин: «Рабочий скот для европейского подворья». Журнал «Молодая гвардия». Москва. 1991. № 8.)

«Біздің былғары кеудеше киген жастарымыз» дегені – негізінен еврейлерден құрылған Төтенше комиссияның («ЧК») мүшелері, ал аталған төрт облыс – Украинаның еврейлер тұратын елді мекендері.

Бұл сөзіндегі: «...Если мы выиграем революцию и раздавим Россию, то на её погребальных обломках мы укрепим власть сионизма и станем такой силой, перед которой весь мир опустится на колени. Мы покажем что такое настоящая власть!...» дегеніне ой жіберсек, сайрауық Троцкий құртылса да, троцкизм құрымағанын, КСРО-ның, социалистік лагерьдің түбіне кімдер жеткенін білдік. Осылай боларын *И. Сталин 1939-жылдың қараша айында А. Коллонтаймен сұхбатында* айтыпты. Оның:

«...Біздің партия мен халқымыздың көптеген игі ісі әуелі шет елдерде, содан соң өзімізде бұрмаланады, ғайбатталады. Әлемдік билікті көксеуші сионизм біздің табыстарымыз бен жетістіктерімізді жоққа шығаруға, бізден есе қайтаруға жанталасады. Ол Ресейді шикізаты ғана бар жабайы ел етпекші. Менің де атыма балағат жаудырып, өсек-өтірікті өршітеді. Небір сұмдық жала жабады.

Халықаралық сионизм біздің Одақты жоюға, Ресейді еңсесін ешқашан көтере алмайтын етіп жаныштауға барлық күшін жұмсайды...

Ұлтшылдық ерекше екпінмен бас көтеріп, интернационализм мен патриотизмді біраз уақыт тұншықтырады. Ұлттар іріткіге, қақтығысқа ұшырайды. Өз ұлтына сатқындық жасайтын көлгір көсемдер пайда болады.

Жалпы болашақтың жүрер жолы тым аласапыранды, шұғыл бұрылысты, тар да тайғақ болады. Әсіресе Шығыс шым-шытырыққа айналады, Батыспен қырықпышақ болады...», дегені дәл келді емес пе?!.

Троцкийдің: «...Мұхиттың арғы жағындағы ірі банк иелері бізбен ынтымақтаса жұмыс істейтін болады», дегені де тегін емес екен. *«Нью-Йорк» газеті* 1921-жылы тамыз айының 23-і күнгі санында: «АҚШ-тың екі банкінде Троцкийдің жеке есеп-шоты болды, оларда 80 миллион доллары жатты», деп жазыпты...

«Троцкий сионистік-большевиктік ағымды – *троцкизмді* жасады. Ол Петроградтың Жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің төрағасы кезінде қоластына қаңдастарын жинапты: штатындағы қызметкерлердің 16-сы орыс, 48-і басқа ұлт өкілдері де, 371-і еврей болған, ал өкімет басында Яков Свердлов – Янкель-Арон Соломон отырды (*Юрий Емельянов, «Троцкий. Аңыздар мен тұлғалар»*).

Петроградты иемденген Троцкий «әлемдік революцияны жалғастыру» ісіндегі алғашқы «ерлігін» келесі жылдың көктемінде жасапты. Ол Кронштад теңізшілерінің тұрмыс тауқыметіне қарсылық қимылын *аяусыз* жаныштаған. Өйтуіне «революцияның жеңісін қорғау» ұстанымы берік Ленин келісім берген көрінеді.

6-наурызда Троцкий жындана жаздап ашуланып, «бүлікшілерді» газбен *аямай* тұншықтыруды көздепті. Сөз бостандығын, баспасөздің тәуелсіздігін, кәсіподақтың еркіндігін талап еткендерді «тоғандағы үйректей», «құтырған иттей» етіп атып тастау керек депті.

Көтерілісшілерден дереу берілуді талап еткенінен ештеңе шықпаған соң оның бұйрығы бойынша Қызыл армия 7-наурызда Кронштадты зеңбірекпен атқылап, әуеден шабуыл жасаған. 8-наурызда 561-нші жаяуәскер полкы өзен арқылы шабуылдай бастағанда бірнеше тұстың мұзы ойылып, жүздеген солдат суға батқан. Содан кейін Қызыл армияның бірнеше бөлімі көтерілісшілер жағына шығып кеткен де, қалғандары теңізшілерді атқылаудан бастартқан. Троцкий жанталасып, 18- наурызда өзінің оң қолы – Михаил Тухачевский басқаратын 7-армияны дереу жұмсаған. 16 мың әскер бекініске лап қойған. 1000 теңізші қаза тауып, 2500 теңізші тұтқындалып, көбі атып тасталған. Құтылуға мүмкіндігі болғандар бала-шағаларын ала қашып, Финляндияға өтіп кеткен.

Иә, Троцкий ол кезде В. Лениннен кейінгі басшы – Революциялық әскери кеңестің төрағасы. Ол астыртын ұйымдастырған қастандық – Лениннен құтылу жоспары сәтті болмаған соң, оны керісінше пайдаланып, Ленинге қарсыларды *аяусыз* жазалауға кіріскен. Ол Курск партия өкілдерінің бірлескен жиналысында 1918-жылы желтоқсанда былай депті:

«...Тәжірибесіздігіміздің орнын немен толтыруға болады? Тек қана қырғынмен, жолдастар, бұл естеріңде болсын! Толассыз және ешбір *аяусыз* қырғынмен! Босаң, көңілшек болсақ, онымызды тарих ешқашан кешірмейді. Егер біз бұған дейін жүздеп, мыңдап қырған болсақ, енді, қажет болғанда, он мыңдап қыра алатын ұйым, аппарат құратын мезгіл келді...».

«Донда бүлік шыққанын естіген Троцкий М. Тухачевскийді дереу жұмсап: «Дондағы бүлікті тас уатқандай талқандау керек. Бүлікшілерді ғана емес, казак хуторлары мен станицаларының тұрғындарын *аяусыз* жою керек!» деп бұйрық берді. Ол зымияндықты БОАК бюросы 1919-жылдың 24-қаңтарындағы шешімімен (Свердлов, оның әйелі Новгородцева және Володарский, Крестинский қол қойған) қуаттады».

А. Ваксбергтің «Тамұқтан жұмаққа бару және қайту» кітабында бұдан соң былай делінген: «Оны Троцкийдің опричниктері, әлгі «сағат жөндеуші шеберлердің» былғары кеудеше киіп, маузер ұстаған ұлдары – Троцкийдің сүйкімділері орындады. Іле-шала Қырымда он мың орыс солдат-офицері Троцкийдің тікелей бұйрығымен, ешбір

тергеу-сотсыз атып тасталды, онысы «ақтардың жағына шығып кетуі мүмкіндерге ескерту» делінді. Ол қарекетін Троцкий өзіндік «теория» тілімен былайша түсіндіріпті: «Бізде жауымызды іздеп табатын уақыт жоқ. Өкіметімізге жау болатындар шығуы мүмкін жерлердегі тұрғындардың барлық тобын *аяусыз* жоюға тиіспіз!» (*аталған мақаласынан*).

Міне, «қызық»! «Қызыл қырғын» көсемінің бұл сөзі фашист Гитлерден жалғасын тауыпты. Оны *М. Ошлаковтың «Сталин туралы шындық бұркеулі»* кітабынан кездестірдім: Сталиннің кім екенін аңғарған дұшпаны – Гитлер былай депті (1939 ж.): «Орыс халқының күші оның санында немесе ұйымшылдығында емес, Сталин тәрізді тұлғаны туа білгенінде. Біздің міндетіміз – орыс халқын бұдан былай Сталиндей тұлғаны туа алмастай етіп алжастырып жіберу!».

М. Тухачевскийдің троцкийшіл болғаны, соның нұсқауымен жүргені, «революцияға қарсы шыққандарды» ұстазының үлгісімен *аяусыз* жазалап, мыңдап қырғаны туралы дерек көп. Мексикадағы Троцкиймен астыртын байланыста болған Тухачевский бастаған маршалдар тобы гитлершілдер КСРО шекарасына кірген сәтте Сталинді төңкеріп тастауға астыртын әзірленіп, «Жеңіліс жоспарын» жасапты, оның авторы – М. Тухачевский. Ол қаскөйлік *А. Мартиросяанның «Маршалдар ымырасы»* кітабында дерек тілімен баяндалған. Дерекі – Тухачевскийдің өз сөзі. «Көтеріліс – жеңіске жетудің төте жолы» деген жазбасында Хрущевтың «жазықсыз жазаланған маршалы» былай депті: «...Мен демалыстан кейін Кавказға, герман әскерлерінің кең көлемді жаттығуына іссапарға жіберілдім. Фельдман да бар (1932-жылдың күзінде, – *Ф.Қ.*). Жолортада маған Ромм кезікті. Троцкий жұмсаған екен. Ол шет елдегі Троцкийдің Коминтернге қарсы күресті онда да, КСРО-да да күшейту үшін кадр таңдаумен шұғылданып жатқанын айтты. Оның ойынша, Троцкийдің саяси әрекеті партияның, әсіресе, деревнядағы саясатына қарсы күресі оңшылдардың қимылдарына ұқсайды. Троцкий маған армияға өзін жақтайтын кадрларды топтастыруды өтіне сәлем жолдапты. Ромм Гитлердің билікке ие боларына, өзінің Совет өкіметіне қарсы күресін Гитлердің қолдайтынына сенетінін айтыпты».

...Троцкийдің партия жолынан теріс бағып, іріткілік істер жасап, Сталинді «революцияға көр қазушы» деп айыптаған арамдығы үшін

партиядан қуылғаны, Қазақстанға жераударылып, одан Түркияға, Мексикаға кетірілгені, қалай қаза тапқаны тарихшылардың зерттеу еңбектерінен, шәкірттер мен студенттерге арналған тарих оқулықтарынан белгілі. Дегенмен, мына бір деректер көпшілікке әлі де белгісіз деп біліп, үзінді ұсынайын:

«...Троцкий «үшінші империя» дүниеге келген кезде-ақ советке қарсы халықаралық қастандықтың басшысы болған. Совет Одағында оны қолдаушы күш елеулі еді. Ол, қуғында жүрсе де, Ресейге қайтып оралып, Совет өкіметін төңкеріп, билікті басып алуды көкседі... Оның Дрейцерге жазған хатынан:

«Қымбатты досым! Бүгінде біздің алдымызда мынадай міндет тұрғанын жеткізіп айт:

1. Сталин мен Ворошиловты құрту.

2. Армияда өзіміздің ұйымды көбейту.

3. Соғыс бола қалса, сасқалақтаушылық пен сәтсіздіктерді пайдаланып, билікті басып алу».

(Е.А.Дрейцер – Қызыл Армияның офицері, саясатшы. Троцкийді күзету тобын жасап, соның командирі болған.)

Оңшыл троцкийшілердің совет басшылығындағы: Сталин, Ворошилов, Киров, Молотов, Менжинский, Куйбышев, Каганович пен Ждановты, сондай-ақ Горькийді өлтіру тізімі болған *(Майкл Сейерс, Альберт Кан. «Советтік Россияға қарсы құпия соғыс»)*.

1917-жылғы Қазан революциясы тарихынан белгілі: Бухарин, Каменев, Зиновьев, Пятаков, Радек, Крестинский, Сокольников, Раковский, Томский, Тухачевский, Ягода, Енукидзе, Блюмкин, Седов, Левин (дәрігер), тағы басқалар Троцкий құрған құпия қастандық ұйымның белсенді мүшелері болған. Олардың Сталинге бірнеше рет жасаған қастандықтарының сәтсіз болғаны, оның есесіне: С. Кировты, В. Менжинскийді, В. Куйбышекті, М. Горькийді, оның ұлы Пешковты өлтіргендері кітапта нақты айтылған.

Совет өкіметін жоюды, өзі қалаған өкіметті орнатуды көздеген Троцкий Германия мен Жапония қолдамайынша билік басына жете алмайтынын ашық айтып, олардың көмегімен ойы орындалар болса, Германияға Украинаны, ал Жапонияға Қиыр Шығысты беретінін мәлімдеп жүрген.

Троцкий Алматыда екі жыл шамасы жераударуда болды. Әйелі мен

ұлы үшеуі мейманханаға орналастырылған. Бір айдан соң, Троцкийдің талап етуі бойынша, Медеу сайы жақта төрт бөлмелі жеке үй берілген. Троцкий бұрынғы оққағарын, кітапханасын, құпия мұрағатын, тіпті «Майя» деп атаған ізшіл итін де алдырған. Алматы маңын аралап, Балқаш көліне дейін барып, құс аулап жүрген. Кіммен болсын хат жазысуына, алыс-жақыннан іздеп келген жақтастарын қабылдауына тиым салынбаған. Ол ұлы Седов арқылы Мәскеу, Ленинград, т. б. қалалардағы мақсаттастарымен хат арқылы үнемі байланыс жасап тұрған. Пікірлесіп, тапсырма алуға келгендермен көңіл ауанына қарай: өзінің оқу залында отырып, немесе бақ ішінде, моншада, қала базарында кездесіп, оңаша әңгімелесетін болған. Жүріп-тұруы шектелмеіті. Әйткенмен, мұнда оның Совет өкіметіне қарсы астыртын әрекеті асқынып, сыртқы жақтастарын Сталинге қарсы майдан ашуға шақыра бастағаны анықталып, 1929-жылдың ақпанында КСРО-дан қуылды.

Алматыда болғанын еске ала сөйлеген бір сөзінде Троцкий: «1928-жылғы көкек және қазан айлары арасында мыңға жуық хат пен құжат және жеті жүзге жуық жеделхат алдық. Осы мерзімде өзіміз бес жүз жеделхат және сегіз жүз шамасында саяси хат жібердік» деп желпініпті.

...Троцкий өзін «революцияның албастысы» деп атаған Сталинді өле-өлгенінше лағып жамандады. Осы ретте аталған кітаптағы мына бір пікірге көңіл бөлек:

«...Шетауған Троцкийдің шимайларында, әсіресе, БК(б)П Орталық Комитетінің Бас хатшысына ашу-ыза толы былапыт сөзді айыптауы басым болды. Троцкийдің Сталинді «партияның ең көрнекті ортақол өкілі» деген «дәйексөзі» бүгін де Сталинге қарсылардың жазбаларында жүр. Тарихшы профессор П.Н.Милюков Троцкийдің бұл «дәйексөзін» әжуалап, 1935-жылы: «Партияның «кемеңгер»Троцкийді қолдамай, «ортақол» Сталинді қолдағаны қалай?.. Партияның таңдауы тарихи талап-әрекетке, тарихтың заңдарына сай болды», – депті, оңшыл кадеттердің басшысы.

«Троцкийдің коммунистік қозғалыстағы жалаң да жалған қимылы социализм орнатуда Сталинмен ғана келіспегендігін көрсетуі емес еді, оның шындықты мықтап бұрмалаушы екендігінің көрініп қалғандығы еді. Адалдықтан ада қылықтары зиянды, әсірөелермендік болды. Троцкий жеке өзіндік саяси билікті көздеді... Сонысы үшін

елден қуылғаннан кейін өсек-өтірікті өршелене көйітті. Коммунистік қозғалысқа дұшпандардың – «ғалым» делінетін насихатшылардың баршасы Троцкийдің Сталин мен КСРО туралы жалакорлық сөздерін жалаулатып жөнелді. *Гровер Ферр, професор (АҚШ)*».

Дерексіз сөздің сұхиты Троцкийдің мына қырларын да айту артық болмас:

1. А. Луначарский екеуі 1921-жылы жоғарғы оқу орындарындағы тарих факультеттерін жабу жөнінде өзара келісіп, В. Ленинді көндіріп, жарлық шығартқан. Ондағы ойлары – ел тарихы олар билікке ие болған кезден басталуы керек, оған келешек ұрпақ сөзсіз иланады, дескендері.

2. Коминтерн қайраткерлерінің бірі француз *Анри Мориэз* Мәскеуге келген бір жолы Әскер және теңіз флотының комиссары Троцкийдің сапар пойызында болады. Кеңестік комиссардың меншікті жол көлігіне айналған брондыпойыздың вагондарына: радиостанса, баспахана, жеті аутокөлік сиятын гараж орналастырылыпты. Құрамында стенографияшы, мәшіңкеші бикештер бар хатшылар алқасы, олармен ашық әуейіленуші нөкерлер мен күзетші жігіттер бар, – солармен және қызыл әскерлермен, командирлермен еркін әңгімелескен Мориэз Троцкийдің пойызда жиі және қызынып ұзақ сөйлейтініне куә болғанын айтып, «армия Троцкийді жақсы көргеннен гөрі одан қорқады» деп тұжырым жасаған.

3. Троцкийдің саяси жақтастарының бірі болған *Либор* оның әсіреоңғақ екенін, яғни өзіне не, кім ұнаса, соны әспеттей қоятын құбылмалы болғанын қынжыла айтыпты.

4. «Әлемік революция» жасау керек деумен ерекшеленуге тырысқан Троцкий ол үшін бірінші кезекте «Советтік Еуропалық Құрама Штаттарды» құрып, одан арыда «Советтік Әлемдік Құрама Штаттарды» құруымыз керек!» деп қызынып жүрген.

5. Сталинге: Фрунзені де, Маяковскийді де, Есенинді де өлтіртті деп екілене жала жауып, дақпырттатқан Троцкий мен троцкийшілдердің сол сұрқиялықтарға өздері қатысы болғаны жайында деректер табылып жатыр. Мысалы, «Молодая гвардия» журналында жазылғандай, атақты ақын Сергей Есенин «советтік жүйеден жәбір көргендіктен» өзін өзі өлтірмепті, троцкийшіл жалдаптардың қолынан қаза тауыпты. Қалайша?..

В. Сорокиннің «Есениннің өлімі туралы» жазбасынан:

«...Ақын достар: Сергей Есенин, Алексей Гранин, Петр Орешин, Сергей Клычков Мәскеудегі әдеби кештердің бірінде, 1923-жылдың желтоқсан айында, Ресейді еврейлер билеп-төстеп алды, орыс мәдениетіне нұқсан келтіре бастады дегенді батыл, ашық айтады. Есенин «Жексұрындар елі» деп өлең жазыпты, оқырмандар оның бас кейіпкері – еврей Лейбман-Чекистовтың түр-түсінен, сөз сөйлесінен, кимыл-қарекетінен, жүріс-тұрысынан Троцкийді бірден таныған...».

Ақынның ажалы жайында жазғандар аз емес, алайда бірден-бір дұрысы жазушы Виктор Некрасовтың нұсқасы деп білем («*Сергей Есенин қазасының құпиясы*», 1998).

В. Некрасов кітабы шыққанына бір ай шамасы болған кезде Мәскеудің «Чудеса и приключения» журналынан запастағы майор Виктор Титаренконың Есенинді атқан Николай Леонтьев туралы мақаласын оқып, еріксіз таңданады. Титаренко былай депті: «...Бұдан жиырма жылдан астам бұрын Хабаров өлкесіндегі Ургау поселкесіне барғанымда ұзақ жыл лагерде тұтқын болған қарт, сырқат Леонтьев маған басынан кешкен оқиғаларды әңгімелеп отырып: – Витек, мен Сергей Есенинді мына қолыммен аттым ғой... – деп налыды».

«...Пәленің басы Троцкийде жатыр, – дейді В. Кузнецов. – Ақын екеуінің арақатнасы өте күрделі болыпты. Бірде Ленинградта дос-жолдастарымен ырду-дырду жасап отырған Есенин: «Ресейді Лейба Бронштейн билеп-төстеп тұрғанда мен Мәскеуге жоламаймын!» дейді. Саяси басқарманың құпия қызметкері Глеб Алексеев ақынның ол сөзін Троцкийге дереу жеткізеді. Есениннің «Жексұрындар елі» дастанындағы бір кейіпкердің Чекистовқа: «Сен жид емессің ғой? Сен – Веймардан келген мырзасың» дегеніндегі «мырза» Веймарда тұрған, оқыған өзі екенін білген Троцкий қалайша аласұрмасын?! Екеуінің арасында өзге де қиямпұрыстық болған. Троцкийге бұзақы антисемит орыс Есениннің төңірегінде у-шудың көбейе түскені керек-ті.

Троцкийдің астыртын бұйрығымен тұтқындалған Есенин қаланың (Ленинградтың) Майоров даңғылындағы №8/23 үйде төрт күн тергеледі. Оны қорқытып, Мемлекеттік саяси басқарманың құпия агенті болуға көндіргілері келеді. Сол арамдыққа ашынған Есенин бір сәтте Блюмкинді итеріп қалып, шалқасынан түсіреді де, қатты шошыған Леонтьев ақынды атып салады, ал қорланған Блюмкин

атқып тұрып барып, сұлап жатқан Есенинді пистолетімен маңдайына қойып кеп қалады. Өлі Есениннің сол күні түсірілген фото-суретінде оның кеудесіне оқ тигені, маңдайы жарылғаны анық көріп тұр.

Блюмкин Мәскеудегі Троцкийге дереу телефон соғып, Есениннің өлігін қайту керегін сұрайды. Троцкий: Ертеңдер газетте желөкпе, сарыуайымшыл ақынның өзін өзі өлтіргені туралы мақалам жарияланады, ешкім басқаша ештеңе дей алмайды, дейді. Иә, солай болды да...».

Сергей Есенинді «деревняның ақыны», парықсыз, антисемит деп атап, өте жеккөріп жүрген Троцкий 1926-жылы қаңтарда «Правда» газетінде жарияланған мақаласында былай деп тіл безепті:

«...Мы потеряли Есенина – такого прекрасного поэта, такого свежего, такого настоящего. И так трагически потеряли! Он ушел сам, кровью попрощавшись с необозначенным другом, – может быть, со всеми нами. Поразительно по нежности и мягкости эти его последние строки. Он ушел из жизни без крикливой обиды, без позы протеста, – не хлопнув дверью, а тихо прикрыв ее рукою, из которой сочилась кровь. В этом жесте поэтический и человеческий образ Есенина вспыхнул незабываемым прощальным светом...».

Арсыздықпен аярлана өтірік жылау деген осындай-ақ болар!

Айтпақшы, С.Рыбастың «Сталин» атты кітабындағы мына сөйлемдер ойыма оралды: «...Наурыздың алтыншы күні. Одақ үйінің Колонна залы... Табыттан арырақта Саяси бюро мүшелері: Маленков, Берия, Хрущев, Молотов, Каганович, Микоян тұрды. Хрущев боздап жылады. Басқалар тұнжырап, үн-түнсіз тұрды». Өнеки, Троцкийдің сыңары!

Я. Блюмкин Троцкийдің социал-революцияшылар партиясына мүше болып, 1918-жылы маусымның 6-сы күні Германияның елшісі граф Вильгельм фон Мирбахты атып өлтірген болатын. Ол қылмысты КСРО тарихынан мәлім Брест-Литовск келісімін болдырмауды көздеген Троцкийдің айтағымен жасапты. Кезінде Лениннің ол келісімге Сыртқы істер комиссары Троцкийді жібергені, ал Троцкийдің құр сөзден қырман жасап, Германияға іші бұрғаны белгілі. Мұның бәрі, С. Есенинді өлтіртуі де, кейін, 1929-жылы, Блюмкинге болған сотта айғақталып, Блюмкин ату жазасына кесілген. Ал Николай Леонтьев ұзақ мерзімге сотталып, түрмеге қамалған.

...Троцкийдің кім екенінен хабары болып жүрген Гитлер 1930-жылы сыбайластарымен үйірме жиналысын өткізіп отырып, Лейба Давидовичтің «Менің өмірім» (1929-жылы шығып, неміс тіліне аударылып үлгірген) кітабын көтере көрсетіп: «Мынау – ғажап кітап! Маған көптеген мәселені түсіндіріп берді! Сендерге де түсіндіріп береді!» депті (В. Клушин).

6. Шетте еріксіз жүрген (эмиграцияда) жылдары өзінің кешегі жалпы мүдделестерін де, жақын жүрген жолдас-жораларын да сатып, қаралап көп мақала жазған.

Троцкийдің опасыздығына жоғарыда «жолай» тоқтаған едім, енді оны төмендегі деректер толықтырсын:

«...Өткен ғасырдың соңында АҚШ мемлекеттік департаментінің құпия құжаттары мерзімі өткендіктен, заңға сәйкес, жария етілді. Онда Троцкийдің американдармен тығыз байланыста болғандығын растайтын құжаттар бар. Мысалы, Америка әкімшілігіне Коминтерннің құпия агенттері, «сталиндік компартиялардың» жақтастары туралы мәлімет тапсырыпты. «Революцияның албастасы» 1940-жылғы шілденің 13-і күні Американың Мехикодағы консулына Мексиканың жергілікті компартиямен байланысы бар қоғам, саясат қайраткерлерінің, мемлекет шенеуніктерінің тізімін беріпті. Оған советтік құпия қызмет агенттерінің тізімін тіркепті. Бес күннен кейін НКВД-ның Нью-Йорктегі агенттерінің жұмыстары жайындағы жазбасын өзінің хатшысына апарғызып беріпті» (А. Елисеев, «1937-жыл туралы шындық. «Үлкен қырғынды» кім бастады? Сатқындар шеруі»). Яғни ол Сталин қойған атқа – «революцияның албастысы» дегенге әбден лайық болған екен.

1933-жылы Гитлер Германияның үкіметіне қожайын болғанда-ақ Сталиннің: «Бұл – соғыс!» дегені бар. Меніңше, Лейба Давидовичтің Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін құртылғаны жөн болды. Егер ол тірі болса, Берлинге аласұрып барып, Гитлерді дереу шашбаулап: «Мы должны превратить Россию в пустыню, населенную белыми неграми, которым мы дадим такую тиранию, которая не снилась никогда самым страшным деспотам Востока!» деген, кезінде оң қолы – М. Тухачевскийге «Жеңіліс жоспарын» жасатқаны сөзсіз «саяси жезөкше» өзінің қаскөйлік нысанасына жетуге жанталасар еді. Іште оны жақтап шығушылардың аз болмасы да сөзсіз еді.

Іште, яғни елде оның ең мықты тірегі Бухарин тобы болған. Александр Шабаловтың «Сталин жолдастың онбірінші соққысы» кітабындағы деректер былай дейді: В.Ленин Бухариннің тура жолдан ауытқуының кесірі көп боларын айтқан; 1933-жылы басталған ашаршылықты троцкий-бухариншілер жоспарлы түрде асқындырды; Бухарин Мексикаға барып тұрақтаған Троцкийге қамқоршы болды. Ол қамқорлық былайша (үзінді):

«...Троцкийшіл оңшыл құпия ұйым Бухариннің нұсқауын орындап, Троцкийді НКВД жүйесінен Ягода, КСРО Қаржы комиссариатынан Гринько, Сыртқы саудадан Розенгольц арқылы Совет мемлекетінің есебінен үздіксіз қаржыландырып тұрды. Жіберіліп жатқан сома: 100 мың, 150 мың, 200 мың доллар, ең азы 20 мың доллар болды. Оны айғақтаған құжат сақтаулы, бірақ Ақтау жөніндегі комиссияның төрағасы А.Н.Яковлев елеусіз қалдырды...

Эрнст Тельманды 1944-жылы Гитлердің өлтірткені белгілі. Ал оған дейін, 1928-29-жылдары, Германияның оңшылдар тобы мен Бухарин тобы Коминтерн атқару комитетінің мүшесі Эрнст Тельманды саяси өлік етуге жанталасып, сан түрлі жала жапты («Видкоффың ісі»), Коммунистік партия қатарынан шығарып тастауды көздеді... Соғыстан кейін Нюрнберг сотына тартылып, қамауда отырған фашистік әйгілі қылмыскер Лей өзін өзі өлтірудің алдындағы бір жауабында Бухариннің Эрнст Тельманды қаралау арқылы Гитлердің билікке ие болуына көмектескені жайында айтқан...».

Троцкий туралы сөзімді «Маршалдарымырысына» қатысқандардың бірі – Ленинград әскери округы қолбасшысының орынбасары Виталий Маркович Примаковтың түсіндірмесімен аяқтайын (аталған кітаптан):

«Мен біздің құпия ымыра туралы нақты шындықты айтуға тиіспін. Не біздің, не басқалардың революциясы тарихында мақсаты, құрамы, тәсіл табу жағынан біздің ымыраласуымызға тең келер болған жоқ. Құрамымыз қандай болды? Троцкийдің фашистік туы астына кімдер жиналды? Қызыл Армиядағы, басқа да жүйелердегі революция дұшпандары бір жерге -Троцкийдің фашистік туы астына жинастырылды. Ымыраласушылардың тәсілі ше? Опасыздық, сатқындық, шпиондық, қырғын – бәрі қолданылды. Не үшін? Капитализмді қалпына келтіру үшін. Мақсат біреу: пролетариат

диктатурасын жойып, фашистік диктатура орнату. Мұны орындау үшін ымырашылдар қайдан, қандай күш таба алды? Тергеушіге айтқанымдай, мен құпия ымыраға өзім білетін және іс барысында танысқандардан 70-тен астам адамды тарттым...

Мен құпия ымыраға тартылатындардың әлеуметтік ахуалдарын, яғни біздің құпия құрамда, орталық басшылықта кімдердің боларын ойластырдым. Ымыраның құрамында біздің Советтік елде өніп-өспеген, әрқайсының екінші отаны барлар болуға тиіс. Әрқайсының шет елдерде отбасы барлар керек (қайта құрудың үкіметіндегідей). Якирдің бала-шағасы Бессаравияда; Путна мен Уборевичтікі – Литвада; Фельдманға Одессадан гөрі Оңтүстік Америка ыстық; Эйдман біздің елден бұрын Балтық бойымен байланысты...».

Міне, осыдан кейін соғыс алдында жоғары командалық құрамды, халық комиссарларын, т.б., былайша айтқанда, жергілікті негізгі ұлт өкілдерімен алмастырды деп Сталинді даттауға бола ма? Мехлис қалған болса, ол ерекше батыл және ісіне адал! Ал Қатнас жолдар комиссары еврей Кагановичсіз жеңіске жету оп-оңай болар ма еді?

Сол кезеңдегі газеттер, сот істерінің стенографиялық есептері, Калинин мен Дзержинскийдің, Орджоникидзенің, Кировтың фашистермен сыбайлас болған троцкийшілерді әшкерелеген кітаптары кейін кітапханалардан тәркіленіп алынып, хрущевтық инквизиция отына жағып жіберілді. Сөйтіп, ол сұмдықтан бейхабар ұрпақ өсіп-жетілген кезде оның санасын улап, біздің елді ойрандаушыларға ертіп жіберулеріне мүмкіндік туды.

Алайда тарихтың өз тұжырымы бар: құжаттар мен қолжазбалар отқа жанбайды!».

Енді, қадірлі оқырман, Троцкий туралы анекдотқа кезек берейін (ескерте отырайын: бұл жинақтағы анекдоттар интернеттегі сайттардан алынды):

1917-жыл. Қазан айының 20-сы күні. Ленин Смольныйдың алдына жиналған көпшілікке:

– Жолдастар, революция болмайды. Троцкий жолдас балық аулауға кетті, – дейді, тұнжырай сөйлеп.

– Онсыз жасауға болмай ма?

– Жоқ. Жолдас Троцкий «Аврораға» мініп кетті.

* * *

Қыдырыстап жүрген Ленин мен Дзержинский бір кезде орындыққа барып отырады.

– Солай, – дейді Ленин.

– Иә, солай, – дейді Дзержинский.

Екеуі одан ары ештеңе деспей тарасады.

Ертеңінде алдарынан Троцкий шығып, үшеуі біраз қыдырыстан соң орындыққа отырысады.

– Солай, – дейді Ленин.

– Иә, солай, – дейді Дзержинский.

– Иә, иә, солай, иә, солай! – дейді Троцкий.

Орындарынан тұрып, тарай бастаған кезде Ленин Дзержинскийді тоқтатып:

– Троцкийді енді қоспайық, мылжың екен ғой?! – депті.

* * *

КСРО Халық комиссарлар кеңесінің делегациясы мінген ұшақ Париж әуежайына барып қонады. Вокзалдан есік алдына: Ленин мен Троцкий бірге Каменев пен Зиновьев бірге, Сталин мен Бухарин бірге шығады. Жылмындаған бір жігіт келе қалып:

– Мырзалар, сіздерге қыз-келіншек керек пе? Париждің ең сұлу жезөкшелерін әкеліп бере аламын! – дегенде Ленин:

– Рахмет, мьсе. Менікі жанымда, – депті.

* * *

Смольный. 8-наурыз. Талтүс.

– Лев Давыдович, көңіл күйіңіз онша емес қой?

– Ленин мені «саяси жезөкшесің» дей береді, бірақ бүгін де гүл силаған жоқ.

* * *

Қыздырма сөзді Троцкий бір жиында:

– Мен жұмысшы табының мүддесі үшін бір тамшы қаным қалғанша күресемін! – дейді. Сонда Сталин:

– Тамшылатып санап әуре болмай, бір-ақ бере сал! – депті.

* * *

Троцкий, Зиновьев, Каменев, Бухарин мініп келе жатқан ұшақ апатқа ұшырапты.

– Не бопты? Аман қалғаны бар ма?

– Бар. Совет халқы аман қалды.

* * *

Қуылып Түркияда жүрген Троцкий бірде үш-төрт серігімен өзенге барып, қармақ салып отырса керек. Оны көрген, кім екенін білетін гәзет сатушы түрік жігіт, қылжақтағысы келіп, гәзетін көтере бұлғалақтатып, айғайлай сөйлеп:

– Ғажап жаңалық! Сталин өліпті! – дейді. Троцкий басын шайқап, серіктеріне сыбырлай сөйлеп:

– Бекер, бекер. Егер Сталин өлген болса, мен Мәскеуде отырар едім ғой, – дейді.

Ертеңінде гәзетші тағы келіп, тағы даурыға сөйлеп:

– Жаңалық! Жаңалық! Ғажап жаңалық! Троцкий өліпті! Троцкий өліпті! – дейді. Троцкий естімеген болып, орнынан күйбеңдей тұрып: «Бұл жақтан тезірек кетуіміз керек» деп күбірлепті.

И. СТАЛИН



Бір күні Ресейдің телеарналарын «аралап» отырып, әлдебір фильмінің үзiгiн көрiп қалдым: сiрә, Кремльде болар, кең залда Совет Одағының басшы-қосшылары кавказдық бiр делегацияны қабылдауда. Пiскен ет бар табақты бiр жiгiтке көтерткен Сталин (артист Петренко) жiлiк-сүйектердi кезектеп алып: «мә, же, же!» деп, тiк тұрған жұртқа жағалата тықпалап, қолының шылқа майын табакшы жiгiттiң иығындағы ұзын сүлгiге сүртiп, одан соң кавказдық мүйiз-бокалға толтыра шарап құйып: «мә, iш, iш!» деп оны да тықпалады. Содан соң төртi үстел басына барды, онда ошарылып отырған серiктерiнiң бiрi – Н. Бухаринге: – Әйелiңдi биге шығар, барсын, билесiн! – деп қиғылық салды. Өзiне бiрдеңе деп қалған М. Калининге зiлдене қарап отырып: «Сен – бүкiлодақтық текесiң!» дедi (орысшасы: «Ты – всесоюзный козёл!»).

Мен ол көрiнiстерге мүлде сенген жоқпын, бiрақ ерiксiз таңдандым. Мәселен, Сталиндi мейлiнше даттаған мақала, сұхбат, кiтап атаулының

ешқайсысынан: «Ол тойшыл ішкіш болды; ол Калининге тіл тигізді» дегенді кездестірген емеспін. Кино мәтінін жазған «білгіш» өзінше «айды аспанға бір шығаруды» көксесе керек.

«Айды аспанға шығарудың» айтақшысы Н. Хрущев болғаны белгілі. Ол, билік кілті қолына тиісімен, Мавзолейге қызылкөздене қарап, ондағы И. Сталиннің мүрдесімен ойша арпалыса бастаған да, төңірегіндегілерді «1932-1933 және 1937-1938 жылдарда болған сұмдықтардың бәрі Сталиннің жеке басына табынушылықтан болғанын халыққа айтуымыз керекке» көндірген. Көнбейтіндер бола қоймаған (жан тәтті ғой), тек В. Молотов: – Сталиннің көсемдігін жоққа шығаруға болмайды, – депті.

Хрущевтан жақсы ат-атақ, орден-медаль алуды, сый-сияпат көруді алабұртып көздеген есепшілдер: солженицын-суворов-медведев-млечин-рыбаков-шостакович-волкогонов-радзинский-авторханов-сванидзе-минкин және антонов-овсеенко... сияқты алаөкпелер аттандап жөнелді. Бір «ғажабы»: олардың бәрінде дерлік «хикаяларын» бекітер мұрағаттық дерек жоқтың қасы, өсек-аянды, аңызды малдану, беталды мұқату басым. Бұл ретте Сталиндік силықты бес рет алған композитор Д. Шостаковичтің естеліктері ерекше «құнды». Оның мәлімдеуінше, «Сталин – кәдімгі делқұл, есалаң». Тіпті: «Ол, өзінің бойы тапал болған соң, басқаларды өзінен биік тұрғызбайтын», деп «әндетіпті». Әй, сол неме – «орыстың ұлы композиторы» – «Бнай-Бриттің» патриоты болмады ма екен?! Сталиннің қолынан силықты ең көп алғандардың бірі еді, өлі көсемнен енді қайыр жоқ деп біліп, жепегенін енді тірі көсемі Хрущевынан алуды көздеді-ау, ә?!.

Бой демекші, Ресей жандармериясының тұтқын Иосиф Сталин туралы деректерінде бойы 172 сантиметр делінген. Әрине, одан беріде, жас ұлғайған сайын, адамның бойы шөгеді, бірақ, «шостакович өлшегендей», Сталиннің бойы тапал болмаған.

Сталинді жамандаудың ең сорақылары:

Н. Хрущев: – Сталин ашаршылықты әдейі ұйымдастарды, өзіне оң қарамаған халықтарды сөйтіп бағындырды... Соғыс басталғанын естігенде Сталин есінен жаңыла жаздады, саяжайына кетіп қалып, үш күн хабарласпай қойды, жалпы ол соғыс барысын кабинетіндегі глобусқа қарап жорамалдап отыратын;

«орыстың ұлы жазушы» *А. Солженицын:* – Сталин соғыс басталған

күні-ақ Куйбышев қаласына қашып кетіп, бомбабункерден Мәскеуге анда-санда телефон соғып: «Сендерде не болып жатыр?» деп сұрап жүрді;

тарихшы генерал Д. Волкогонов «Салтанат пен қасірет» кітабында: Сталин соғыс жылдарында Кремльден аттап шықпады, майдандарға бармады, жағдайды білмеді; «Маршалдар ымырасы» дақпыртымен Қызыл Армия басшылығын талқандады, 36.761 адам құртылды» депті. Оның бірінші лақабына жауап берілді, ал екіншісі туралы: «Совет үкіметінің 1941-45 жылдардағы әскери кадры» деген ресми жинақта тексерілген әскери 36.898 кадрдың 15 мыңы бұрынғы қызметтеріне қайтарылғаны, саяси айыппен 9579 адамның жазаланғаны, қалғандарының жасы ұлғайғанына, денсаулығына қарай әскер қатарынан босатылғаны жазулы.

Міне, «ғұлама генералдардың» екі сөзінің бірі жалған болған соң, басқа хрущевшылдарға не жорық?!

Отанына опасыздық жасағаны үшін өлім жазасына кесілген қашқын *В. Резун* (орыстың ұлы қолбасшысы А. Суворовтың фамилиясын өзіне «*В. Суворов*» деп бүркеншік ат етіп алған алаяқ!): – Соғысты Гитлер бастаған жоқ, Сталин бастады;

әйгілі жазушы *Юлиан Семеновтың* «үлесі»:

«Нақты деректер мен оқиғалардың бұрмаланғанына үндемей отыру мүмкін бе? Тарихи өтіріктің залалы жоқ па?

Шімірікпей жалған сөйлеу елді бүлдіруге, шындықты жоққа шығаруға қалай пайдаланылуда екенін айтпауға болмас. «Демократтардың» негізгі нысаналап жүргендері – Сталин және «сталинизм» дейтіндері. Осы ретте әйгілі *Юлиан Семеновтың* (Ляндерстің) «*Ойдан шығарылмаған романынан*» үзінді келтірсек, онда: «Сталин жидекті сабынмен жуынғанды жақсы көретін, ол Камоны түрмеден құтқарып алу амалын қарастырып жатқан Красинге көмектесу үшін... Берлинге барған 1907-жылы сол сабынмен алғаш рет жуынды... Камо алтын адам еді, бәрін білетіндігі оның тарихтан тыс қалуын керек етті... Берия сол жолы шынайы берілгендігін бірінші рет дәлелдеп, Камо қасіретін ұйымдастарды, ол кезде одан өзге сенімді ешкімі жоқ еді...» делініпті.

Лондон құрылтайының делегаты Сталин 1907-жылы Берлинде бола алмады, өйткені ол Сольвычегодскіде айдауда жүрген, – иә, оны

құтқару керек-ақ еді! Ал тарих ол құрылтайдың Берлинде, Парижде, немесе Нью-Васюкиде емес, Лондонда өтуін қалады. Сталин құтқарыспақ болған Камо Берлинге 1907-жылдың күзінде, қазан айының 19-ы күні барды. Ал Красин ше? Ол да күзде барды, бірақ 1908-жылы. Камо 1922-жылы шілденің 14-і күні қаза тапты, Сталин мен «бас кесер» Берия танысатын 1931-жылды «күте алмады».

Камоның өлтіріп жіберетіндей не жазығы бар еді десек, ол Сталиннің «Ленин өсиетін тыққанын» сезіп қойыпты. Ал Владимир Ильич болса, ол Ю. Семеновты алдап соғып, «өсиетін» 1922-жылдың желтоқсанында, Камо қазасынан бес айдан кейін жаздыртыпты.

Марқұмдарға бәрібір дейік те, Сталиннің жидекті сабынмен бе, әлде жұмыртқадан жасалғанмен бе, кір сабынмен бе... қайсысымен жуынғанын зерттемей-ақ қоялық. Ю. Семеновтың жазғаны «Мойдодырда» тазалық әңгіме етілгендей «ересен құнды» бола берсін.

Осындағыдай тарихи сабынның көбіктері мектеп оқулықтарына да сіңіп жатыр». (*Александр Шабаловтың аталған кітабынан үзінді.*)

Иә, «әсіребілгіштер» әрқашан, әрқайда аз болмаған ғой. Ю.Семенов та солардың оқшантайынан орын алып, жалғанды жалпайтып-ақ жазған екен. Ол қабілетіне А.Шабалов кітабынан екінші мысал:

Троцкийшілдердің бір тобына 1936-жылы болған сот құжатынан үзінді (түпнұсқасы):

«...*Крестинский*: Вчера под влиянием смутного острого чувства ложного стыда, вызванного обстановкой скамьи подсудимых и тяжелым впечатлением от оглашения обвинительного акта, усугубленным моим болезненным состоянием, я не в состоянии был сказать правду, не в состоянии был сказать, что виновен. И вместо того, чтобы сказать – да, я виновен, я машинально ответил – нет, не виновен.

Вышинский: Машинально?

Крестинский: Я не в силах был перед лицом мирового общественного мнения сказать правду, что я вел все время троцкистскую борьбу против советской власти. Прошу суд зафиксировать мое показание, что я целиком признаю себя виновным во всех тягчайших обвинениях, предъявляемых лично мне, и признаю себя полностью ответственным за совершенную измену и предательство.

Вот и лопнул единственный мыльный пузырь об избиении подсудимых, несмотря на то, что на помощь к Крестинскому Юлиан Семенов срочно откомандировал самого Штирлица: “Штирлиц был счастливейшим человеком, так как был знаком с Николаем Николаевичем Крестинским”. (Ю. Семенов, “Приказано выжить”)

Был бы жив Юлиан, не избежать Штирлицу членства в “Выборе России”, смелых рейдов по захвату дудаевского дворца...

Да мало ли куда могла завести легендарного разведчика просионизированная фантазия писателя!».

С. Кузьмин, журналшы: «Сталин актриса Любовь Орловаменашына болған, оның пәтеріне тікелей байланыс телефонын орнаттырып, сағаттап сөйлесіп жүрген... Ол үйін күтуші әйелді үшінші әйелі етіп ұстаған».

Сталиннің күзет бастығы да, оққағары да, жолдастары да естеліктерінде кузьминдердің «көріпкелдігіне» ұқсас бірде-бір дерек айтқан емес. Сірә, Кузьмин Сталиннің жанында күндіз-түні көзге көрінбей жүріп, басқалар білмегенді білсе керек.

Өзің куә болмаған оқиғаларды ойдан шығарып айта салу дегеніміз не? Ол – өтірікшілік! Ондай «қасиеттілер» әбден әшкереленіп жатса да, азаяр емес. Ал өтірікшілдердің маңында өсекшілдер қашанда көп болады. *Олег Козинкиннің «Гитлердің адвокаттары. Соғыс туралы шындық, немесе тарихшылар неге өтірікші»* кітабында да сансапалақ суайттардың «кәсіптері» дәлелді айтылыпты.

Кезінде Хрущевтың айтағына еліккен «күшіктер» де (жастар) аз болмады. Солардың бірі – ақын *Евгений Евтушенко*. Тарихшы ғалым Игорь Пыхаловтың мақаласынан:

«В 1952 году молодой поэт Евгений Евтушенко опубликовал свой первый сборник стихов «Разведчики будущего», где Сталину посвящались следующие лирические строки:

«Я знаю:
Вождю
бесконечно близки
мысли
народа нашего.
Я верю:
здесь расцветут цветы,

сады
наполнятся светом.
Ведь об этом
мечтаем
и я
и ты,
значит
думает Сталин
об этом!..
Я знаю:
грядущее видя вокруг,
склоняется
этой ночью
самый мой лучший на свете друг
в Кремле
над столом рабочим.
Весь мир перед ним —
необъятной ширью!
В бессонной ночной тишине
он думает
о стране,
о мире,
он думает
обо мне.
Подходит к окну.
Любуясь столицей,
тепло улыбается он.
А я засыпаю,
и мне приснится
очень
хороший
сон».

...Но вот предатель партии и народа Хрущёв развязал преступную антисталинскую истерию. Позорным проявлением этой истерии стало удаление в 1961 году тела вождя из Мавзолея. К тому периоду относится публикация в печати столь же позорного стихотворения

Е.Евтушенко (Гангнуса) «Наследники Сталина». Оно было полно ненависти к вождю и его идейным последователям.

Теперь, десять лет спустя, чтобы угодить новому кремлёвскому хозяину, Евтушенко старается лягнуть «лучшего на свете друга своего» покрепче...».

Иә, Евтушенко 1961-жылы «*Сталиннің мұрагерлері*» деп «отты» өлең жазып, онысы «Правда» гәзетінде (ары қарай, әрине, барлық гәзеттерде) жарияланды. Соның бір шумағы былай:

«Нет, Сталин не умер,
Считает он смерть поправимостью.
Мы вынесли
из мавзолея
его,
но как из Сталина
Сталина вынести?!..».

Евтушенконың мұнысына жауап болған «*Наследники Сталина – МЫ!*» деп аталған өлеңнің соңғы шумақтары:

«...А культ?
Да, в подобном угаре
И ты бы, пожалуй, расцвёл.
Такие продажные твари
Создали ему ореол...
Чёрт с культом!
ОН вывел нас к свету
И к солнцу из тягостной тьмы.
Вот в этом
Наследники Сталина – МЫ!
И на руку только ублюдкам
Размеренно-гнусный твой стих.
В истории есть проститутки,
Не надо в поэзии их!»

Бұл жауап өлең бүркеншік атпен жазылған екен. Білем деушілер: «Оны белгілі грузин акын Джансуг Чарквиани жазды» десті.

(*Е.Евтушенконың саясаттағы қадамы, меніңше, оның атағына лайық болмады. Өлеңдеріне қоса «Волчий паспорт» деген естелік кітабын оқыдым. Қысқасы: ол өлі И.Сталинді әлі де қисынсыз*

ғайбаттан, өзінің «Бабий яр» дастанын құптап пікір айтпағаны үшін М.Шолоховқа, басқа да біраз ақын-жазушыларға қаламын түйрепті. Оның есесіне: «1962-жылы желтоқсанда Мәскеуде, Үкіметтік қабылдау үйінде жиырмасыншы ғасырдың екі қаһарманы – Хрущев пен Солженицын кездесті», деп көпіріпті.)

...Оң мен солдың, ақ пен қараның болатыны тәрізді, хрущевтық бетпақтыққа қарсы ақиқат күш те бар. Олар – Қазан революциясының, КСРО-ның, Ресейдің тарихын, В. И. Лениннің, И. В. Сталиннің өмірлерін мұрағат тілімен жазуды, жалақорлардың «жаңалықтарын» бұлтартпас дерекпен әшкерелеуді адамгершілік парызым деп білген тарихшылар, журналшылар мен жазушылар (*аты-жөндері жинақтың соңында*); Сталинмен қызметтес болған партия-кеңес қайраткерлерінің тобы. Шет елдердің әділ тарихшылары шығарып жатқан кітаптар да баршылық. Адал ниетті зерттеумен жазған ол еңбектерде, естеліктерде Хрущев пен хрущевшыл бетпақтар әшкереленген. Мысалы, Хрущевтың: «Ленин Сталинмен бірге суретке түскен жоқ», «Сталин Лениннің «Съезге хатын» жасырып қойды», дегеніне жауап былайша: «В. Ленин мен И. Сталин Горкиде» деген суретті Лениннің қарындасы Мария Илинична түсіріп, Лениннің көзі тіріде, 1922-жылы, «Правда» гәзетінде жарияланса, Лениннің «Съезге хаты» съезде оқылып, кейін, 1936-жылы, Сталиннің алғысөзімен кітапша болып шыққан!

Жаны қатты қинала бастаған Ленин Сталиннен у әкеліп беруді өтініпті, ал Сталин оны Саяси бюроға мәлімдеп, бірден бастартыпты және бірде Н. Крупскаяға: ауыр сырқат Ильичке гәзет беріп, жүйкесіне салмақ түсірдіңіз, деп ренжіпті. Крупская соған шалабүлініп, Ленинге жеткізіп, оның «Съезге хатты» жазуына себепші болған деген мағлұмат бар, алайда *тарихшы Олег Аграньян*у: «...ол хатты Крупскаяның «Сталиннен ескерту естігенін» пайдаланған біреу оның атынан жазып, Лениннің қолын сырттай қойған. Ол айда Ленин, ондай хат жазбақ тұрғай, жөнді сөйлей де алмай, қатты қиналып жатқан», дейді. Иә, солай сияқты, өйткені Крупская мен Сталиннің өзара силастықтары бұзылмаған. Оның бір дәлелі – Сталиннің әйелі Надежда Аллилуева қаза тапқанда Крупская жазған мына хат: «Қымбатты Иосиф Виссарионович, осы бір күндері Сізді ойлап, қолыңызды қысқым келіп жүр. Жаныңа жақын кісіңнен айрылу қиын-ақ. Ауырып жатқан

Ильичтің бөлмесінде Сізбен екі мәрте әңгімелескенім әлі есімде. Сонда Сіз мені ерекше жігерлендірдіңіз. Қолыңызды ойша қыстым». (*«Правда» газеті, 16. XI. 1932 ж.*).

«Хрущев: «Сталин өзін қолдамағандарды сөзімен де, ісімен де тұқыртып құртатын». Осылай деуін десе де, Хрущев ешқашан, тіпті XX-съезде де ол жаласына бір де мысал келтіре алмады... Ал өзі Берияны өлтірткеннен кейін оның ең жақын серіктерін: В.Меркуловты, В.Деканозовты, Б.Кобуловты, С.Гоглидзені, П.Мешикті, Л.Влодзимирскийді аттырды.

Оның: –Германияның 1941-жылы 22-маусымда соғыс бастайтынын бірінші айтқан адам – Жапониядағы совет барлаушысы Рихард Зорге, – дегені де ойдан шығарылғаны дәлелденді. Г.Ферр».

«Сталин әйелін жерлеуге қатыспады» деген хрущевтық өсекке жауап: Сталиннің қатты қайғырғаны, табытты зиратқа дейін көтерісіп барып: «Сені сақтай алмадым-ау!» деп жылағаны достары мен серіктерінің естеліктерінде және ең ақиқаты: табыттың аяқ жағын Сталиннің ұлы Василиймен бірге көтерген *Артем Сергеевтің* 2006-жылғы көкек айының 26-сында Мәскеудің «Завтра» газеті тілшісімен сұхбатында айтылыпты. Оқылық: «Надежда Сергеевнаның денесі салынған табыт мемлекеттік универсам ғимаратына қойылып, қоштасу болды. Сталин табыт жанында жылап тұрды. Вася оны құшақтап: «Папа, жылама! Папа, папа, жыламашы!» деп, өзі де қатты жылады... Сталин катафалктың соңынан жүрді. Одан кейін оркестр, ал оркестрдің соңынан біз жүрдік. Қабір басында табыттың бір жағында Сталин тұрды, екінші жағында Вася екеуіміз тұрдық. Сталиннің қатты қайғырғанын оның өңі қарайып кеткенінен байқадым. Табыт қабірге түсірілген соң ол жерден бір уыс топырақ алып, қабірге тастады. Василий екеуімізге: – Сендер де салыңдар, – деді. Біз: – Неге? – дегенде ол: – Осындай ғұрып бар, – деді».

Ал Сталиннің, аралас-құралас болған дос-жолдастары айтқандай, ерекше сүйкімдісі болған қызы Светлананың: – Ол залдағы табыттың қасына келіп, бір минуттей тұрды да: «Сен мені саттың!» деп табытты итеріп қалып, бұрылып кете берді, жерлеуге бармады, – деп (*«Досыма 29 хат»*) неге, кімнің ықпалымен жалған сөйлегені, мысалы, маған түсінікті: Светлана үнділік жігітке әйел болып, сонымен Үндістанға біржола кетуге үкіметтен ресми рұхсат сұрағанда Хрущев соны

пайдаланып, не өз «ақылымен» солай жаздырған, не оның тапсыруы бойынша журналшы-жаңдайшаптарының бірі жазып берген.

Сондай-ақ, екі дос – Хрущев пен Микоян – қаншалықты жанталаса іздеттірсе де, «Сталиннің патша жандармериясының жансызы болғаны» жөнінде ешбір дерек таба алмады.

Айтпақшы, хрущевтік оттауизмде «Сталиннің Курейкада айдауда жүрген кезінде өзі тұрған үй отбасының 16 жастағы қызына бала таптырғаны» туралы «дәлел» бар. Ол *Г. Смирновтың «Тек мән, тек дерек»* кітабында баяндалған (мазмұнын ықшамдап келтіріп отырмын): КГБ төрағасы И. Серов 1956-жылы 4-маусымда Н. Хрущевқа хат жазып, Сталиннен бала тапты делінген Лидия Перепрыгинаның (біресе «Перельгина» деген) содан бір ай бұрын тергелгенін, ол «ұлының 1913-жылы туып, қайтыс болғанын айтты» деп мәлімдейді. Ал Сталиннің Курейкаға 1914-жылы наурыз айында айдап апарылғаны құжаттаулы... «Сталиннің некесіз балалары» туралы Хрущевтың тапсыруымен жазған кісі – кім екені беймәлім «А. Аристов-Сиротенко» деген.

Сталинді албаты жамандаудың тағы бірі оның үлкен ұлы Яковқа қатысты. 20-армияның 14-дивизиясындағы артиллерия батареясының командирі Яков Джугашвили Лиозно шайқасында 1941-жылы шілденің 16-сы күні қапылыста фашистердің қолына түсіп қалады. Яков Сталиннің баласы екенін білген гитлершілдер оны отанына опасыздық жасауға алдап-арбап пайдаланбақ болып, неше түрлі айла қолданады. «Сталиннің баласы біздің жаққа шықты» деген қауесет таратып, «неміс офицерлерімен бірге тұрған фотосуретін» таратады, «әкесі Сталинге Германияның жеңетініне көзі жеткені туралы хат жазды» дейді. Оның бәрі де бекер екені кейінгі жылдарғы зерттеулерде анықталды.

Фашистер Яковтан сатқын жасай алмаған соң Заксенхаузен лагеріне апарып қамап, еселеп азаптай бастайды. Яков сондай қиямет күндердің бірінде, 1943-жылы көкек айының 14-інде, соңынан қалмайтын күзетшіге: «Әй, жауыздар! Кәне, қорықпасаңдар атыңдар мені!» дейді де түрменің сым қоршауына ұмтылады. Қоршаудың күндіз-түні электр тогына қосулы тұратынын білген де, жанпидалық жасаған. Көрші лагерьде тұтқында отырған генерал Д.Карбышев сол оқиғаны естіген сәтте: «Яков – Отанын сүйе білген нағыз патриот!» депті.

КСРО Халық депутаттары құрылтайының Тұрақты президиумы 1977-жылы марқұм Яков Иосифович Джугашвилиді «1-дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапаттады...

Ұлының тұтқында екенін естіген Сталин, Г.Жуковтың айтуынша, қатты қайғырып отырып: «Менің ұлым Отанын сатпайды!» депті. В.Молотовтың айтуынша, немістер Яковты совет тұтқынындағы фельдмаршал Паулюске айырбастамақ екен дегенді естіген Сталин ұзақ тұнжырап отырып: «Ондағы солдаттардың бәрі – менің ұлдарым...» деп ауыр күрсініпті (кейінде шыққан «Азат ету» атты кинофильмде айтылғандай, «Мен солдатты фельдмаршалға айырбастамаймын!» демеген). Өз баласын құтқарып алуға мүмкіндігі бола тұра пендешілік жасамағаны – балалары фашистердің лагерьлерінде азап тартып жатқан ата-аналардың хал-күйлерін түсіне білгендігі.

Сталиннің аруағын күстәналауға құмартып алғандар, міне, осы деректіңде оңайнап алдырыпты. Жақындаған ресейлік телеарналардың бірінен (телебағдарламалары қолымда бола бермейтіндіктен алдын ала таныса алмаймын) көрсетілген кинофильмнің көзім шалып үлгірген үзегінде бір кісі Сталинге үлкен конверт әкеліп берді. Сталин оны ашқызып, гәзет пе, әйтеуір, бір парақ қағазды алып үңілді. Онда «Яков жазған хат» бар екен. Баласы «Германияның армиясы аса қуатты, оған қарсылаудан ештеңе шықпайтынын түсіну дұрыс болады, ал өзімнің хал-жағдайы жақсы» лепті. Сталин басын шайқап, төмен қарап отырып: «Сукин сын!» дейді. Ол фильмді жасағандар да хрущевшілдер екені даусыз.

Президент кезіндегі А. Медведевке жазған хатымда айтылғандай, Ресейде Сталиннің атын өшіруге жанталасушы ағым бар. Оны брайн-бриттік «көсемдері» жарылқан отыр деп ойлаймын. Жалақорлық ол науқан ақиқат жолынан алыстағыларға үстемелеп «азық» болуда...

* * *

Қызметтестерінің естеліктерінде Сталиннің өте қарапайым және өзін марапаттауға әрқашан қарсы болғаны айтылады. «Сталин» орденін жасауды ұсынғандарға тиым салған. «...Сталин генералиссимус атағын алуға әуелде көнбеді, бірақ екінші ретте Каганович, Берия және әскери қолбасшылар көндірді. Ол кейінде «Неге көндім екен?!» деп өкінді. Совет Одағының Батыры атағынан бастартып: «Мен соншалықты еңбек сіңірген жоқпын!» деді... Ол Еңбек Ерінің

Алтын жұлдызынан басқаны таққан емес. Оның портреттеріне өзге ордендерін фотографтар, суретшілер жапсырып жасаған», дейді В. Молотов (Ф. Чуев, «Молотов. Жартыдержавалық әмірші»). Ал Хрущев пен Брежнев болса, ел аман, жұрт тынышта Совет Одағының Батыры, Социалистік Еңбек Ері атақтарын үсті-үстіне алып (Хрущевта 4, ал Брежневте 5 Алтын жұлдыз!), – омыраулары «сыңғырлап, жалтылдап» жүрді емес пе?!

Сталин өзін партиялық, мемлекеттік жоғары қызметтерден босатуды: «1927-жылға дейін үш рет (*тарихшы Ю. Мухин, «Халық Сталинді неге жақтауда»*), одан кейінде екі мәрте: 1934 және 1951-жылы өтінген, алайда Саяси бюро көпшілік дауыспен құптамай қойған. Неге? Өйткені Сталиннің сөзінде, ісінде шикілік, екіжүзділік, кеудесоғушылық болмаған – керісінше жағдайда Саяси бюро одан алғаш өтінгенінде-ақ құтылар еді».

...Иосиф Виссарионович Джугашвили 1879-жылғы желтоқсан айының 21-і күні Грузияның Гори қаласында, өңірге әйгілі шебер етікші жігіт Бесо (Виссарион) Джугашвили мен үй шаруасындағы қыз Кетеван (Екатерина) Геладзенің отбасында дүниеге келген. Әуелгі аты – Иосеб. Шешесі «Сосо» деп еркелетіп атаған. Оған дейінгі екі ұлы 5-6 айлықтарында бірінен соң бірі қайтыс болған Бесо қатты қапаланып, ішкілікке салынады да, тиыла алмай, гориліктерге жеккөрінішті болып, Тифлиске кетіп тынады.

Сосо әлжуаз, аурушаң бала болған. Жалғызы үшін жанын беруге әзір байғұс шеше жалдамалы қара жұмыстың бәрін де істеген. Үй сыпырып, еден жуған, көйлек-көншек тіккен, тоқыма тоқыған, кір жуған. Сөйтіп ақша тауып, баласын емдеткен, оқытқан.

«Сәуегөйлер»: Сталиннің шын әкесі Виссарион емес, грузин кінәз Эгнатошвили; капиталист Адельханов; орыс саяхатшысы Пржевальский; тіпті 3-император Александр... дегендей өсекті боратты. Күнкөріс үшін біреулердің кір-қоңын, еденін жуып жүрген жұпыны әйелге, қандай сұлу болса да, сол ақсүйектердің қайсысы құмар болды екен? Ойпырым-ау, Ресейдің императоры ма?! Ал саяхатшы Пржевальскийдің ол тұста, Гори тұрғай, жалпы Грузияда болмағанын кәперлеріне алмады. «Жаптым жала, жақтым күйе». Сондай-ақ, ұлты туралы да сандырақ көп: «классик» ақын О. Мандельштам «осетин» десе, «ғұлама» Э.Радзинский «еврей» деді.

...Сталин 1894-жылы Горидің діни училищесін бітіріп, Тифлис діни семинариясына түскен, бірақ революциялық көзқарасы үшін 1899-жылы оқудан қуылған. Жергілікті және Бакудегі революциялық ұйымдармен байланысып, іске араласқан. 1917-жылға дейін жиыны 8 рет тұтқындалып, 7 рет жераударылған. Патшалық Ресейдің қанаушылық саясатын сынаған өткір мақалалары ашық және астыртын гезеттерде жиі жариялана бастаған. В. И. Ленинмен танысып, пікірлері тоғысып, 1917-жылы «Правда» гезетінің редакциясына қызметке алынған. 1918-жылдан Ресей Социалистік Федерациялық Республикалар Одағы Революциялық Жоғары кеңесінің мүшесі, майдан мәселелерімен шұғылданушы, ұйымдастырушы. 1920-1922 жылдары Ресей Федерациясының Ұлт істері халық комиссары. 1922-жылы Лениннің ұсынуымен БК(б)П Орталық комитетінің Бас хатшылығына сайланған (ол кезде Бас хатшы Орталық комитеттегі өзге 4 хатшының жұмыс жоспарларын пысықтаушы, кеңсенің іс қағаздарын реттеуші дәрежесіндегі ғана қызметкер екен). 1941-жылы КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы, 1941-1947 жылдары Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы – Басқолбасшы болды. 1939-жылдан КСРО Ғылым академиясының құрметті мүшесі және Социалистік Еңбек Ері. 1943-жылы – КСРО Маршалы. 1945-жылы – Генералиссимус.

Сталин 1953-жылы наурыздың 5-і күні қайтыс болды (бүгінде оның улап өлтірілгені және ол іске Хрущевтің қатысы болғаны дәлелденуде).

И. В. Джугашвили революциялық жұмысқа араласқан тұста «Коба», «Сталин», «Иванов» деген бүркеншік атпен жүрген. «Коба» – грузин жазушысы Казбегидің «Әкесін құртқан» романында орыс отаршыларына қарсы күрес туын көтерген бас кейіпкердің аты, «қайсар» деген сөз. «Сталин» – фамилиясының орысша аудармасы, көне грузин тілінде «джуга» – сталь (болат) деген сөз. Кейбіреулер кекеткендей, ол «Сталин» фамилиясын әдейілеп таңдап тауып алмаған. Ал «Ивановын» айтсақ, саяси астыртын жұмыстағы төңкерісшіге көдедей көп ивановтардың бірі болып жүру жеңіл ғой. Ленин де «Иванов» болды емес пе?

...Лениннің барында-ақ Сталин: Троцкий, Каменев, Зиновьев, Рыков... тобымен саяси тіреске шығып, көп айтыс-тартыстың

ортасында болды. Ал Ленин Капланның қастандығынан кейін қызметін еркін істей алмады да, негізгі билік өзара тоғысқан үштіктің: Әскер және теңіз флотының комиссары Троцкийдің (Бронштейн), Петроград қалалық советі мен Коминтерн атқару комитетінің төрағасы Зиновьевтің (Апфельбаум), Халық комиссарлары советінің төрағасы Каменевтің (Розенфельд) қолында болды. Саяси басшы – Троцкий. Лениннің Сталинге: «...Мен де Троцкийге сенбеймін. Көп жыл бойы біздің партияға қарсы күрес жүргізгені, Петроград көтерілісі кезеңінде, Брест келісімі кезінде бізге сатқындық жасағаны оның саяси табансыз екенін көрсетіп берді» дегеніндей (*А. Жухрай, «Сталин. Шындық пен өтірік»*), егер билікті әлемдік революцияны көксеуші атаққұмар Троцкий алып кетсе, революцияның мақсат-бағыты далада қалар еді. Сталин соны жіті ойлап, «...кемеңгерлік екі қадам жасады. Біріншіден, оңтүстікте дем алып жатқан Троцкийдің Ленинді жерлеуге келуін күтпеді, екі күннен кейін Ленин өсиеттерін орындауға ант берген сөзімен өзінің Лениннің шәкірті және мұрагері екенін танытты. Екіншіден, «партия қатарына станок жанындағы жұмысшыларды алудың» лениндік тұжырымын жариялап, партиядағы орыс нәсілділер санын екі есе көбейтті. Сөйтіп, партияның 1924-жылдың жазында өткен съезінде 800 мың делегат (көбі – орыстар) Троцкийді әділ сынаған Сталинді қолдады.

Алайда сондағы жеңісі бірден баянды бола қойған жоқ, лениншілдер мен троцкийшілдердің аралары ашылып, саясат майданында қақтығыс бола берді және бітіспес ол күрес саяси, әлеуметтік қуғын-сүргінге айналып, «қызыл қырғын», «халық жауларын әшкерелеу» науқанына ұласты. Ол күрес туралы жазылған еңбектер көпке мәлім, сондықтан оларды тәптіштемей, «қызыл қырғын» авторының – Троцкийдің: «Мен еврейлерді еврей екен деп жантарта алмаймын, өйткені мен – еврей емеспін, интернационалистпін» (*А. Ваксберг*) деген екіжүзділігін көңілге бір түйіп қойсақ та жетер.

Троцкий «*Октябрь сабақтары*» деген мақала жазып, онысында Қазан революциясын өзі ұйымдастырғанын дәлелдеуге, жеңген революция рухын дүние жүзіне тарататын ту ұстаушы өзі болатынын насихаттауға тырысқан. Сталин ол мақаланы «араб ертегісі» деді. Ал Троцкийдің «октябрьшілдігінің» бір қатпары – халық мүддесіне мүлде кереғар әрекет болғаны. Мысалы, Қазан революциясына дейін

жер байлығы шетелдік алпауыттардың бөлісіне түскен Ресейде «Лена голдфилдс» («Лензолото») атты компания болған. Өте бай ол Лена алтын қорының қожасы ағылшын банкі мен гинсбургтар әулеті екен. Алдап-арбаумен, күш қолданумен жан-жақтан апарылған мыңдаған адамдар тәулігіне 20 сағатқа дейін жұмыс істеуге мәжбүрленген. Жағдайлары адам төзгісіз жұмысшылар 1912-жылы ереуіл жасағанда полиция мен әскер оқ жаудырып, 500-ге жуығын қырып салған («Лена қырғыны»).

Мың тонналап өндіріліп жататын алтыннан түскен табыстың Ресейге бұйыратыны ширегі ғана болған. Ал революциядан кейін Лена кен орындары дереу мемлекет меншігіне қайтарып алынып, мол байлық халық игілігіне көшті. Бірақ Троцкий 1925-жылы КСРО Концессия комитетінің төрағасы бола сала ол кен орындарын қайтадан «Лена голдфилдске» 30 жылға жалға берген. Жылдық табыстың 7 пайызы КСРО-ға, 93 пайызы компания басшыларына тиесілі етілген. Бір ғана осы мысал Троцкийдің кім болғанын айғақтамай ма?!

Сталин саяси тартыста Троцкийді жеңісімен оның қитұрқы шараларын тексертті. Заң орындары 1929-жылы «Лена голдфилдс» компаниясының зұлымдықтарын ашып, басшыларының қайсыбірін жауапқа тартып, қалғандарын елден қуып жіберді (бұл оқиға М. Ошлаковтың «1937. КСРО тәуелсіздігі үшін күрес» кітабында баяндалған).

Дүние жүзіндегі бірінші социалистік ел – жас КСРО тірлігінде небір қияметтер болды десек, соның бірі – 1921-жылдан басталып, 1933-жылмен аяқталған аштық. Троцкийдің «қызыл қырғынын» Сталинге аударып салған троцкийшілдер «аштықты да Сталин ұйымдастырды» деп қиқулады. Табиғаттың тарынуынан болатын ондай жағдай көптеген елде болған және қайталанып тұрады. Жаңа Ресейді сұрапыл ашаршылық жайлап, В. Лениннің барша жұртшылықтан көмек сұрап ашық хат жазғаны белгілі. Сол жанайқайға құлақ түрген біздің Арал балықшылары Волга бойындағы жұтаған жұртқа мыңдаған тонна балық жөнелтті. Хал-қадари астық та, ет те жіберілген.

КСРО-да 1932-1933 жылдарда болған аштық туралы жазғандар оның себебі: ұжымдастыру оң жүргізілмеді; астық дайындау бақыланбады; мал есебі қадағаланбады; село халқы қуғындалды,

дейді. Иә, ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың көп жерде бейбастақ жүргізілгені рас. Ерегескен кулактар мен байлар: «өзіме бұйырмайды екен, ендеше өзгеге де бұйырмасын» деп шөбін, егінін өртеп, малын қасаптап тастаған. Біздің байлар малын ала қашып, Қытайға, Монголияға жасырын көшіп те кетті.

КСРО-да астықдайындаудағы озбырлықты, қылмысты әшкерелеген ең бір құнды құжат – *Михаил Шолоховтың* 1933-жылы көкек айының 4-і күні И. Сталинге жазған батыл хаты. Жазушыға жауабында Сталин соншама сорақылықтың болып жатқанын дәлелдеп жазғаны үшін оған алғыс айтып, хат ізімен Шкирятов бастаған комиссия барып тексеру жүргізетінін ескерткен, «елді қорғаушы Қызыл Армияға азық бермеген кулактар жазалануға тиіс» деген.

Хатынан кейін өміріне қауіп төнген Шолохов Мәскеуге қашып барып, Сталиннің қабылдауында болды. Сөйтіп, аштық бұған елдің жағдайын оңдауға тиіс үкіметтік шаралардың белгіленуіне үлкен үлес қосты.

Донның солтүстігіндегі аудандарда «колхозшылар талан-тараж жасап жатыр» деген жаламен колхозшыларды астықсыз қалдырған бейбастақ басшы-қосшылар туралы Сталинге алдында да хат келгенді. Солардың бәрін тексерген комиссияның дұрыс деректері негізінде Кремль қатаң шара қолданды. «Халықты аштыққа душар еткендер атылды» (*М.Шолохов. «Жүйелі сөз жайында»*).

Сол жолғы әңгіме соңында Сталин: – Михаил Александрович, үйіңізге қайтып баруға қорықпайсыз ба? – деп әзілдегенде Шолохов: – Иосиф Виссарионович, сіз қорғамайсыз ба? – депті.

...КСРО-да 1919-1922 және 1931-1933 жылдарғы аштықтан қырылған халық саны әлі де анықталған жоқ. Зерттеушілер аштыққа кінәлілердің бірі – Бүкілодақтық совет атқару комитетінің төрағасы Я.Свердлов деседі. Меніңше, әбден мүмкін. *А.Шамбаров кітабында* былай депті: «...Свердлов Жер мәселесі жөніндегі Халық комиссары масон Середа екеуі ауылшаруашылық коммуналары мен кедейлер комитеттерінің 1918-жылы 11-желтоқсанда өткен құрылтайында шаруаларға жаңалап соққы берді: «Коммуна мүшелерінің барлық мүлкі ортаға салынып, өздері казармаларда тұруға тиіс. Балалары ұжымдық тәрбие орындарына беріліп, сонда өз күндерін өздері көретін болсын», деген шешім жасалды... Ал «сталиндік ұжымдастыруда»

шаруаның үйі, үй іргесіндегі жер телімі, ұсақ малы, құстары өздеріне қалдырылсын делінді».

Халықты Совет өкіметіне, Сталинге қарсы қою үшін жер-жердегі троцкийшілдерге дәулеттілерді қолдағы байлықтарын қорғауға, билікке бағынбауға астыртын үгіттеу туралы нұсқау берілген болар. Бұлай деу себебім: журналшы жолым басталған жылдары «ашаршылық», «халық жауы» туралы жазуды ойладым. Ол сұмдықтар жайында санқилы сөздерді естіп өстік қой. Жазуды ауылымыздың көнекөз, кәріқұлақ ақсақалдарымен әңгімелесуден бастадым. Бес қарт бар еді, солардан естігендерімнің түйіні былайша: «Колхоздастыру» басталған 1931-жылдың жазында біздің ауылға жоғары жақтан келген қаратаяқ қазақ жігіт Жамабек байды және алты орташаруаны оңашалап алып, оларға: «Совет өкіметінің беті жаман! Колхоз болу дұрыс деген алдаумен малдарыңды түгелдей тартып алып, ортаға салады. Өйткеніне көнбегендеріңді жер шетіндегі итжеккен деген, мұз басып жатқан өлкеге айдап сорлатады! Ол ол ма, дүние-мүліктеріңе қоса қатындарың мен қыздарыңды ортақ етіп алады! Сол қиянатты көре бастаған ауылдардағы есті адамдар мынау іргедегі Қытай деген жайлы елге жасырын көшіп жатыр. Сендер де сөйтiңдер, кеш қалып жүрмендер!» деп шошытқан. Жамабек байдың 300 шамасы жылқысы, 400-ге жуық қойы, 20 сиыры бар екен, сол бірнеше күннен кейін жоқ боп кетіпті. Сөйтсе, малын алдына салып, жалшыларын алып, Қытайға түнделете жасырын өтіп кеткен екен. 31 үйлі ауылдың кедей-кепшік 19 үйі қалған да, басқалары Қытайға, Монголияға, Ресейге ауып кеткен, біраз малы барлардың кете алмағандары: «Сәбетке бұйырғанша, ит-құсқа бұйырсын!» деп, малдарын сай-салаға апарып қырып салған. «Адамның тілінен аспандағы бұлт айналады» деген сол: Совет өкіметіне іштей қарсы арандатушылар ашаршылықты солайша асқындырды.

1947-жылы, 6-сыныпта оқып жүргенімде, біздің үйге бір кісі келді. Әкем екеуі құшақтасып амандасты. Ол сол күні бізде қонды. Іңірде әңгімелесіп отырғандарында оның: «Айтар барма, қиын болды, қиын болды. Бұл ауылда жетпіс алты жанның отыз екісі ғана қалғанына шүкіршілік деуге де болады, Қайыңдыда қырық бір жанның тоғызы ғана қалды ғой...» дегенін естідім. Әкемнің оң жағында отырғанмын. Әкем: «Е, Жәке, ол ашаршылық қаншама түтінді өшіргенін кім

білсін» деді. Екеуі сәл үнсіз отырды. Жәкесі сөзді жалғап: «Қаба, сол жолғы комиссияның мүшесі әлгі бұйра шаш Тоқай ауданға қайтуға бет алғанымызда: – Ай, жолдастар, мен бір нәрсені түсіне алмадым. Біз болған үш ауылдың да орманы аң-құсқа толы, өзені балыққа толы, солай бола тұра аштан өлгендердің тым көп болғаны қалай? – деді. Құданың құдіреті, мен де солай ойлап, өзіме өзім іштей сол сұрақты қойып, жауабын тапқан сияктанып отыр едім, Тоқайға: – Е, Тоқа, бай мен байшыкештің малшысы болып, олар жасырын қашып кеткен соң тотиып қала берген, аң-құс, балық аулауды кәсіп етпеген кедей қазақтар қайтсін, иә, айтар бар ма, обал болды-ақ, – дедім. Солай ғой?» деді. Әкем: «Көктен түскендей болған нәубетке не дауа, қайтейік?!» – деді налыс үнмен. Әкем Жәкесінің кім екенін ертеңінде айтты. 1934-жылдың жазында ауданнан екі қазақ, екі орыс – төрт кісі комиссия келіп, біздің Ауылдық кеңеске қарасты үш ауылда болған аштықтың себеп-салдарын тексеріпті. Жәмпейіс Құмаров солардың басшысы екен.

Қазақстандағы аштық қырғынын жасаған сұмырай «кужак» – Филипп Исаевич (Шая Ицикович) Голощекин Свердловтың досы, қолшоқпары болыпты.

Соңғы жылдары КСРО-да «қолдан жасалған аштық» («голодомор») болды делініп жүр. Ол терминді Біріккен Ұлттар Ұйымы деңгейінде сөз еткен кісі – тәуелсіз Украинаның президенті В. Ющенко. Ол әзірлетіп, қол қойған құжат қаралып, Украинада қолдан жасалған аштық болғаны қуатталады. Оны әуелде Ресей мен Қазақстан құптаған. Бірақ Ресей Федерациясының басшылары кейін айнып, қарсы шықты. Өйткені ол аштықтың жасалуына Советтік Ресей айыпты делінгенін мойындауы қате болыпты. Соған орай жазылған мына бір мақала оқуға тұрарлық:

«...Наиболее известный фальцификатор «голодомора» – англичанин *Роберт Конквест* свою известность приобрел благодаря книгам «Жатва скорби» (1966 г.) и «Великий террор» (1969 г.), изданные в США по заказу ЦРУ. В числе источников, откуда он заимствовал аргументы о «голодоморе» и репрессиях в СССР, оказались художественные произведения Б. Можаяева, В. Астафьева, В. Гроссмана, украинских коллаборационистов Х. Костюка, Д. Соловья. Зарубежные ученые-советологи А. Гетти, Г. Хертле,

О. Арин, А. Даллин и другие, исследуя технологию фабрикации представителями комиссии конгресса США информации о голоде на Украине обнаружили, что 80 процентов свидетельств проходит с отметкой: «Анонімна жінка», «Анонімне подружжя», «Анонімний чоловік», «Марія №» и т. д.

Конквест даже не упоминает декрет от 6 мая 1932 года, которым план заготовок был снижен.

Канадский журналист Дуглас Тоттл в книге «Фальшивки, голод и фашизм: миф об украинском геноциде от Гитлера до Гарварда» (1987 г.) доказал, что Конквест и соавторы и в книге и в его фильме «Жатва скорби» использовали устрашающие фотографии голодных детей из хроники Первой мировой войны и голода 1921 года.

Между тем В. Ющенко, став президентом Украины, не замедлил наградить Р. Конквеста орденом Ярослава Мудрого пятой степени «за привернення уваги міжнародної спільноти до визначення голодомору 1932-1933 років актом геноциду українського народу» (*С. Миронин. «30-жылдардагы аштық жайы». «Золотой лев» журналы, №105-106*).

Жалпы аштық ол жылдары КСРО-да ғана емес, дүние жүзінің талай елінде болыпты. Мысалы, сол 30-жылдары Англияның өзі мен отарларында жеті миллион, Үндістанда төрт миллион кісінің аштан өлгені туралы дерек бар...

Ал «халық жауы» деген атауды 1859-жылы француз журналшысы Жан Поль Марат шығарған. Кейінде Генри Ибсеннің, Владимир Лениннің, Максим Горькийдің айту-жазуларымен қалыптасып кеткен. Тарихқа үнілсек: ешбір елде ешкім ешқашан өзінің халқына жау болған емес, дұрысы – «биліктің жауы». Марат өз тұсындағы билік жауларынан ұпай арттыру, халықты шошыту үшін «халық жауы» деген сөзтіркесін әдейі жасаған шығар. Рас, халықты мүлде алымсынбаған әуейілер де болды, солардың бірі – фашист Гитлер: «Егер мен құрыр болсам, онда неміс халқы да құрысын, ол маған лайық бола алмады!» – депті.

«Халық жауы» науқанының КСРО шегінде қандай себептермен жүргізілгені, нақты қайда, кімдер бастаушы, ұйымдастырушы болғаны – әлі де нақтыланбаған мәселе. Миллиондаған тағдырды тәлкек еткен зұлымдық туралы айта беру оңай да, оның ұшығын табу қиын. Алайда

науқанды В. Ленин бастап, Л. Троцкий «қызыл қырғындатып» еселеп қостап, әуелі Ресейді, одан соң Ресей Федерациясын, КСРО-ның құзырындағы одақтас республикаларды шарпып, троцкийшілдер 1918 –1938-жылдары ой мен қырды *аяусыз* «тазалап» тынды деуге болар. НКВД (Ішкі істер халық комиссариаты) құзырында ГУЛАГ-тың (Мемлекеттік лагерьлер басқармасының) жүздеген лагері құрылып, 10-25 жылға сотталған «халық жаулары» лықа толтырылды. В.Шамбаров Сведловтың ГУЛАГ-ты да ұйымдастырушы болғанын жазыпты.

«Халық жауларын әшкерелеуді» кімдер бастағаны, жер-жерде қалай жүргізілгені жайында нақты деректер, мысалы: *Е. Прудникованың «Хрущев. Террорды бастағандар»*, *А. Елисеевтің «1937-жыл туралы ақиқат. «Үлкен қырғынды» кім шығарды?»* кітаптарында жеткілікті.

Ауылымыздың көнекөз қарттарынан естіген екінші жәйтті айтудың реті енді келді. Сол ағаларының ізбасары – әкемнен естіп-білгенім мыналар:

1. Әкемнің ағасы, колхоз ұстасы Құрманбай егін науқанын бақылауға аупарткомнан келген өкіл жігітті ауылдағы бір жесір келіншекті зорламақ сәтінде ұстап алып, сабап, қуып жібереді. Екі күннен кейін ауданнан екі милиционер келіп, Құрекенді алып кетеді. Бертінде іздестіріп білгенімдей, «коммунисті сабап, партияны мазақ еткен халық жауы» он жылға сотталып, Магаданға айдалыпты. Сүйегі сонда қалды. Құрекеннің балалары әкелері сотталысымен жұмыстан, мектептен шығарып тасталған. Тұңғышы Ізғұтты Семей қаласын паналап, сол жақтан И. Сталинге: «Менің колхозшы әкемді «халық жауы» деп он жылға соттап жіберді. Маған соғысқа баруға рұхсат беріңіз. Мұнда «халық жауының баласысың» деп әскерге алмай қойды. Мен қарапайым колхозшы әкемнің абыройын ақтау үшін соғысамын, әкемнің халық жауы болмағанын, өзімнің халық жауының баласы емес екенімді дәлелдеймін!» деп жазған хатынан кейін 1942-жылы маусымда майданға алынып, қолұрысында фашистердің 51 солдат-офицерін жайратқаны, түнгі барлауда жаудан 22 «тіл» әкелгені, 1944-жылы шілденің 8-і күні Батыс Двина өзенінен өткендегі қиянкескі ұрыста ерекше ерлік көрсеткені үшін Совет Одағының Батыры атағы берілген. Сол жолы ауыр жараланып, госпитальге түскен Ізғұтты сонда көз жұмыпты.

2. Көшербай Кешубаев деген тентектеу жігіт: «Осы біздің өкіметтің салыққа тоятын күні бола ма?!» дегені үшін «халық жауы» ретінде тұтқындала жаздап, алып кетуге келген милиционерлерден қашып құтылып, тауға сіңіп кетеді. Милиционерлер ақырында оны ұстай алмай, үшінші күні қашқын інісінің орнына үйінен шыға бермейтін жарымжан ағасы Сыдықты алып кетеді, сөйтіп, «халық жауы Кешубаев ұсталды» болады.

3. Бір жиынға кешігіп келген Қайырлы деген жігіт қойынқалтасынан бүктеулі қағазды алып: «Кәне, сүйінші беріндер! Міне, біздің ауданда «Социалды майдан» деген гәзет шықты!» дейді. Сонда Рақыш деген жігіт: «Оу, алақандай «Майдан», шыға келдің қайдан? Бастықтарға жағарсың, бізге болмас пайдаң!» деп жұртты күлкіге қарық қылады. «Партияның гәзетін масқаралаған халық жауы» делініп Рақыш та, Қайырлы да ұсталып кетеді. Мұндай мысал толып жатыр. Сонда «халық жауын әшкерелеудің жоспары» кімдердің есебінен орындалған болды? Қызмет бабымен облыстарды аралап жүріп естіп-білген осындай сұмдықтардан түйгенім, мысалы, Қарлагтың «дәмін татқан» казекемдердің 80 пайызы: құрманбай-сыдық-қайырлы-рақыштар болды! Оған кінәлі кімдер?.. «Шаш ал десе, бас алған» жергілікті сұрқылтайлар!

«Халықтың» емес, «биліктің жауы» аз болмады дей аламын. Олар – ұжымдастыру барысында мал-мүлкі тәркілеген байлар, кулактар. Солардың әлде өздері, әлде жалдамалылары колхоздың шөбін, егінін өртеп жіберетін, өрістегі малын қырып кететін болған. Колхоз бастығын, ауылсовет ағасын, партия, комсомол ұйымдарының хатшыларын сабап мергіктіріп, немесе өлтіріп кеткендерін, үйлерін өртеп жібергендерін де естідік. Ауыл ақсақалдары: «Е, бұл бай-құлақтардың қалқозға істемеген иттігі қалды ма?!» деп кіжіне сөйлейтін.

«Иттіктің» бір түрі: одақтас республикалар партия ұйымдарының бірінші басшылары Кремльге хат жазып, пәленбай «халық жауына» жаза қолдануға ресми рұхсат (лимит) сұрайтын болған (ол жәйтті осындағы «Л. Мирзоян» деген жазбамда айттым, оған қосымша ескертерім: Кремльге «халық жауларының» саны ғана көрсетілген «лимит» барған да, онда бекітілген санды толтыру, яғни кімдерді «жаулардың» тізімін енгізу, ұстау, соттау жер-жердің өзінде істелген).

«Лимиттерді» БКП(б) Орталық комитетінің Саяси бюросы бекітіп

отырған. Алайда, мұрағатжайлардан табылып жатқан құжаттар айғақтағандай (С. Цыркунның, Е. Прудникованың, С. Кремлевтің, К. Романенконың, т. б. ақиқат ақпарлы кітаптары), Мәскеудегі, республикалардағы ягода-ежовтар «лимитті» кейде өздері-ақ «реттеп» отырыпты.

...Кеңес Одағына белгілі журналшы-жазушы Эдуард Поляновскийдің «Теміртас лагерьде» деген жазбасынан:

«...Ел қанға боялып жатты. Партия органдары басшыларының қызметін қадағалаушы Г. Маленков жер-жерден мағлұмат алып отырып, 1937-жылдың жазында Сталинге жеке хат жазып, ішінара тексертуінің нәтижесі сотталып жатқандардың төрттен үші жазықсыз екенін көрсеткенін, жағдайдың асқынғанын айтады. Сталин: «бұл мәселені бір хатпен реттеу мүмкін болмас, пленум шақыру керек» дейді.

1938-жылы қаңтарда пленум ашылып, Маленков баяндама жасады. Ол қырғынды алғаш рет ашық айыптау еді. Маленков елде есуастық белең алды деп, нақты цифрлар мен деректерді жайып салды. Мінберден залдағыларды нұсқай сөйлеп, Әзірбайжан Компартиясы Орталық комитетінің 1-хатшысы Багировке: «Сен тізімдеп аттырып жүрген адамдарыңның аты-жөндерін де білмейсің!» десе, Куйбышев обкомының 1-хатшысы Постышевке: «Сен барлық аудандық партия комитеттерінің мүшелерін не түрмеге тоғыттың, не о дүниеге жібердің!» деді. Багиров ақталған сынайда бірдеңе деп міңгірледі, ал Постышев: «Аттырдым және аттырамын да, – айналамыз жауға толы, мұнда отырған сендер оны білмейсіңдер!» деп қарсы сөйледі... Ақырында, мәселе қаулы қабылдау үшін дауысқа салынғанда 1-хатшылар – троцкийшілдер – бой бермей кетті. Сонымен, ауыл шаруашылығын ұжымдастыруда болған қателіктер туралы дабылдарға мән беріп, 1931-жылы «Табыстан бас айналу» мақаласын жазып, жағдайдың біраз оңдалуына себепші болған Сталин мына пленумда Маленковты үстем ете алмады.

(Г. Маленковтың сол пленумдағы баяндамасымен танысқым келді де, ерекше құжат екені сөзсіз ғой, 2009-жылы Ресейдің бас мұрағатына хат жазып, көшірмесін сұрадым. «Президент әкімдігінің рұхсатымен ғана бере аламыз» деген жауап келді. Президентке жаздым – жауапсыз қалды.)

Г. Маленковтың ұлы А. Маленков «Әкем Георгий Маленков жайында» деген естелігінде былай депті: «...Г. Маленков 1937-жылы тамыз айында Сталинге «Бұрмалаушылықтар туралы» хат жолдады. Бұл жәйтті әкемнің айтқаны бойынша жаздым, ол жазғанымды оқыды: «Мен хатымды Сталинге Поскребышев арқылы жеткіздім. Ішкі істер халық комиссариатында (НКВД) бұрмалаушылық бар, партияға берілген мыңдаған коммунистің қазасына Ежов пен оның ұжымы кінәлі дедім. 40 минуттан кейін Сталин шақыртты. Бардым. Сталин кабинетінде ары-бері жүр екен, үндемейді. Бір кезде: «Өзіңіз жаздыңыз ба?» деді. «Иә, өзім жаздым». Біраздан соң: «Өзіңіздің байламыңыз ба?» деді. «Иә, өзімнің байламым» дедім. Сталин үстеліне барып, хатыма: «Саяси бюро мүшелеріне. Мен келістім» деп бұрыштама жазды».

Сөйтіп, дейді А. Маленков, Сталин Ежовқа енді сенбеді ұйғарған. Г. Маленковтың көмекшісі Д. Сухановтың айтуынша, Сталин комиссардың 1-көмекшісі болуға кандидат іріктеуді тапсырып, ол үш шартқа: органда істеген тәжірибелі, партиялық жұмыста ысылған және өзі – Сталин сене алатын адам болу талабына сай таңдалсын деген. Маленков көмекшісі Донскойға тапсырма беріп, жиыны жеті кандидат іріктелген. Сталин Берияны таңдапты. Берия Мәскеуге 1938-жылы қыркүйек айында Ежовтың 1-орынбасары болып келді (Ежов оны маңына жолатпау үшін өліп-тіріліп қарсылық жасапты).

А. Маленковты тағы тыңдалық: Ежов 1939-жылы қаңтар айының соңында Поскребышев арқылы Сталиннің қабылдауына сұранған (*Ежов ол кезде Су транспорты халық комиссары міндетін қос атқарған, – F.Қ.*). Сталин оны қабылдаған. Жалғыз емес, жанында Маленков отырған. Ежов Маленковқа шүйіліп: Халық жауларын жақтайды, ақгвардияшылдығы ұстап жүр, дейді, Маленковтың ақсүйектер әулетінен екенін меңзеп. Ал Маленков қарсы тұрып, Ежовтың өзі де, ұжымы да партияға адал коммунистерді қуғындап, құртып жүргенін айтады. Ежов Саяси бюро мәжілісін өткізуді талап етеді. Сталин: «Маленковтың кабинетіне барып сөйлесіп, жөнге келіңдер, мен шешімді айтармын» дейді. Олар Ескі алаңға, Маленковтың кабинетіне кетеді. Біраздан соң оларға Берия барып қосылады. Үшеуі кабинеттен шыға бергенде Ежов тұтқындалады. Сол сәтте Маленков: «Әкесі үшін баласы жауап бермейді» дейді

(біреулер бұл сөзді Сталинге бекер телиді). Онысы Ежовқа: сенің қылмыстарың үшін отбасың жауапты болмайды, дегені екен. Ал Ежов тұтқындағандарының отбасын ойрандайтын болған.

Маленков Ежовтың сейфін ашуға нұсқау берген. Одан партия Орталық комитетінің көптеген мүшелерінің, Маленков пен Сталиннің де «Жеке іс» папкалары табылған.

Ю.Жуковтан және бір сөз: «...сонымен, «ежовшылдардың» күні батты. Саяси бюро жер-жерге жеделхат жолдап, репрессияны тоқтатуды, «үштік сотты» таратуды талап етті. Жеңген Сталин тобы 1938-жылдың аяқ шенінде Ішкі істер халық комиссариатын нысаға алып, қатаң тергеу жүргізіп, қырғын жасауға қатысы болған қызметкерлерін жауапқа тартқыза бастады. Сөйтіп, Үлкен қырғын тоқтатылды».

М. Ошлаковтың дерегінше, сол тұста Сталин: «Былықтырғанмыз аз емес... жазықсыз жазаланғандар көп... жау бізге сан соқтырды. Ягода мен Ежовты аңдамадық, Төтенше Комиссияны бақылай алмадық. Ол комиссияда жау отырған соң сыбайластары бүкіл елде еркінсіген» депті.

Бір сұрақ: «халық жауы» деген саяси айыппен сотталғандардың арасында шынайы жаулар саны неше пайыз, бисаяси қылмыс жасағандары үшін «халық жауы» бабымен сотталған бұзақылар саны неше пайыз және жазықсыз құрманбайлар неше пайыз? Ол беймәлім.

Көп жерлерде «халық жауларын» тергеушілер әпербақандықпен сан түрлі теріс тәсіл қолданыпты. Олар тергеу кезінде күш қолдануға «рұхсат берілгенін» өздерінше пайдаланыпты. Ал Саяси бюро құптаған ол рұхсатта кімді болсын беталды айыптамау, тергеуді әділ жүргізу ескертілген.

«Жауларды жазалаудың» ең дақпырттысы «Маршалдар ымырасы» деген атпен мәлім. Ол – М. Тухачевский бастаған бірнеше маршалдың сотталуы. КСРО-да 1930-жылдары неміс әскери мамандарының мектептері болыпты. Неміс ұшқыштары, танкшілері және химиялық қару мамандары жаттығумен айналысқан ол мектептерді Троцкий мен Уборевич ашыпты. Ондайдың барын естісімен Сталин дереу бұйрық беріп, жаптырып тастаған. Германияның әскери басшыларымен байланыс сол мектептерде басталғаны, кейінде екі елдің әскери делегациялары арасындағы келіссөздер кезінде

ұлғайып, маршалдардың опасыздығына ұласқаны: *Альберт Канның «Совет өкіметіне қарсы Совет», А. Мартиросяанның «Маршалдар ымырасы» және В. Мещеряковтың «Сталин және әскерилердің құпия әрекеттері»* кітаптарында, т.б. зерттеу еңбектерде паш етілген. Мысалы, *А. Бушковтың «Сталин. Мұзтақ»* кітабында былай делініпті: «...М. Тухачевский бастаған маршалдар Троцкийдің «2-Брест» жобасын іске асыруды, Германия шабуыл жасаған күні Сталинге қарсы көтерілуді жоспарлаған. М. Тухачевский тұтқындалған күннің ертеңінде қылмысын өз еркімен мойындайтынын, өздерінің «Жеңіліс жоспарын» баяндап бергісі келетінін жазбаша мәлімдеген. Жазбаны кейін Хрущевтің тапсыруымен зерттеген графологтар (қолжазуды зерттеушілер): «запа көрген шошымалы кісінің жазуы емес, автор мәжбүрленбей, ерікті түрде жазған» деп қорытынды жасапты.

2012-жылы Мәскеудің «Алгоритм» баспасынан *М.Н. Тухачевскийдің «Жеңіліс жоспары»* кітап болып шығарылы.

Сталин: «Азамат соғысының диюбы» деп атаған Тухачевский туралы бір «қызық» дерек: оның үш мысығы, бір иті болған екен, мысықтарының аттары: «Отец», «Сын», «Святой дух», ал итін «Христосик» деп атапты.

Есте болар бір жәйт: «Білімсіз, мәдениетсіз, ой өрісі теріс Хрущев СОКП Орталық комитетінің бірінші хатшысы болысымен өз адамдарынан арнаулы топтар құрып, мұрағаттарға жұмсап, олардағы ескі құжаттардың беттерінен өзінің аты-жөнін өшіріп тастауды, өзі туралы көп жазылған беттерді тұтастай алып, жойып жіберуді тапсырған», дейді СОКП Орталық комитетінде ұзақ уақыт қызмет істеген *В. Фалин («Кремль мәслихатының құпиялары»)*. Өйткен себебі: «Украина Компартиясының басшысы, одан кейін Мәскеудің облыстық және қалалық партия комитеттерінің бірінші хатшысы болған кезінде Хрущевтің тікелей нұсқауымен, оның «үштігі» қол қойып бекітумен 203 мың «халық жауы» жазаланған (*Ю. Жуков. «Басқа Сталин»*).

Мұрағат демекші, *Р. Баландин* мен *С. Мирониннің «Билік үшін астыртын арналыс»* кітабында тарихшы В. Наумовтың мына дерегі бар: «1955-жылы, Хрущевтың нұсқауы бойынша бізде, Орталық мұрағатта, Берияның қағаздары, Сталинге, партияның басқа басшыларына қатысты құжаттар тәркіленді, жиыны 11 қапшық болды».

Сталиннің жеке басына табынушы жағымпаздардың топ басында болған Хрущевтің өзі «көсем» болып алған соң марқұм Сталинге: Кировты, Горькийді, Орджоникидзені, Ждановты, т. б. өлтіртті, деп троцкийлік айып таққанына тоқтала кетсем, оның сол мәлідемесі бойынша, мысалы, Кировтың өлімі себебін тексерген үкіметтік комиссия ол оқиғаға Сталиннің де, КГБ-ның да қатысы болмағаны туралы актіні алып барғанда, Хрущев тұлан тұтып: – Мұндайдың ешкімге керегі жоқ! – деп, актіні сейфіне (темір жәшігіне) салып тастапты (*Е. Прудникованың «Сталин. Екінші рет өлтіру» кітабынан*).

Енді «Сталин лениндік кадрларды құртты» дегенге қатысты мына тұжырымға да назар аударалық (түпнұсқасы):

«Большинство (*БК(б)П Орталық комитетінің құрамын айтады, – Ф. Қ.*) составили те самые «старые революционеры, верные генеральной линии» – малообразованные, амбициозные, склонные идеям революции так, как они эти идеи понимали... Вот, скажем, Роберт Эйхе, секретарь Западно-Сибирского крайкома, хозяин колоссального края, сын батрака, образование – двухклассное начальное училище. Станислав Косиор – «Хозяин Украины» – начальное заводское училище... Николай Ежов, секретарь ЦК, писал в анкетах: «образование неполное низшее», – понимай как хочешь.

Среди секретарей обкомов высшее образование имели 15,7 процента, а низшее – 70, 4 процента. На городском уровне это было 9,7 и 60,6 процента соответственно, на районном – 12,1 и 80,3... Данные товарищи руководили всей жизнью страны, в том числе и государственным аппаратом. Долго такое положение сохраняться, естественно, не могло... К середине 30-х годов Сталин решив, по-видимому, что государственный аппарат достаточно окреп, новый строй утвердился, начал преобразования, которые иначе как контрреволюционным не назовешь... Однако сдаваться «партийные бароны» (*1-хатшылар, – Ф. Қ.*) не собирались. На июньском пленуме 1937 года они нанесли по сталинским планам удар жестокий и страшный. За день до окончания пленума один из них – *Эйхе*, ссылаясь на то, что органы НКВД обнаружили в регионе контрреволюционную организацию, потребовал особых полномочий на проведения «чистки» во внесудебном порядке (особыми тройками) и с применением

расстрела. Отказать ему политбюро не могло... Аналогичные требования выдвинули и другие секретари. Это было старт массовых репрессии. Другой цели, кроме как сорвать альтернативные выборы в Советы, у этой операции просто не просматривается... *Е. Прудникова*.

«Тройканың» («Үштік сотың») құрамы: өлкелік (немесе облыстық) партия комитетінің 1-хатшысы, Ішкі істер басқармасының басшысы және прокурор. Бұл үшеуі «революцияға қарсыларға» үкім шығара берген.

«Альтернативные выборы в Советы» дегеннің мәнісі, автор одан арыда дәлелдеп айтқандай, Сталин советтік сайлау жүйесін жасаған. Билікті шаласауатты, сауатсыз керітарпалардан сол сайлау арқылы тазарту мүмкін болар деген. «Партия барондары» соны білген, депутат бола алмай, орындарынан босап қалудан шошыған, партияның Орталық комитеті мен Саяси бюросында Сталинді жақтаушылардың азшылық екенін пайдаланып, оларға бағынбауға, биліктен кетпеуге жанталасқан. Сталин де қарап отырмапты. Тарихшы автор былай депті: «Келесі соққы Сталиннен болды. Пленумнан кейін ОК өкілдері елге шығарылды, олар репрессияның барысымен танысу деген желеумен аттандырылып, қырғын жасаушыларға қарсы әрекет етті...».

Ашық айтыста жеңе алмасқа көздері жеткен троцкийшілер Сталинге қастық жасауды көздеген. Ол «Клубок» деген атпен белгілі. Басшы топ: Зиновьев, Ягода, Енукидзе, Петерсон. Ойлары іске асарына сене бастаған күндердің бірінде Ішкі істер министрі Ягода қызметтесі Артузовқа: «Біздегідей аппараты барлар ешқашан қор болмайды. Керек сәтінде қырып салатын қырандар! Ешбір елдің Ішкі істер министрлігі сарай төңкерісін жасай алмайды, ал біз, егер қажет болса, жасай саламыз, бізде милиция ғана емес, әскер де бар!» – депті. Әскер – тухачевскийлердің қолындағы күш. Дес бергенде, олардың арамдықтары іске аспады.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін де «маршал мәселесі» қозғала жаздапты. Тухачевскийлердің емес, Георгий Константинович Жуковтың мәселесі (Тухачевскийлерді Хрущев олардың ісін қайта қараусыз-ақ ақтай салған). Сталинге даңқты маршалдың дүниеқоңыздығы туралы ресми хабарлама жасалған да, Берияның талап етуімен құрамында: Конев, Соколовский, Рыбалко, Хрулев, Голиков, Рокоссовский бар Әскери жоғарғы кеңес комиссиясы

құрылған. Оның жеңістен кейін Германияда советтік әскери топ басшысы болған Г. Жуковтың көрсеқызарлыққа салынғанын, мемлекет қаржысы есебінен көп дүние-мүлік жинағанын, Берлиннің «Альбин май» фабрикасына тапсырыспен жасатып алған жиһазының (мебелінің) өзі ғана 7 вагон болғанын анықтаған құжаты Сталинге табыс етіледі. Сталин танысады. Ал Жуковты жауапқа тарту сөз болғанда Сталин: «Жуковқа тиіспендер!» дейді де, маршалды Одесса әскери округына, одан кейін, келесі арыздан соң, шағын Урал округына қолбасшылыққа жібереді. Суайт Хрущевтің: «Сталин Жуковтың беделінен қорықты, Мәскеуден қуды» дегенінің «дәлелі» – сол (*Ф. Чуев*).

«Г.Жуков мәселесіне» қатысты деректі кейінірек оқисыздар.

Осы жерде ескерте отыру қажет бір нәрсе – кейбіреулердің: «Сталин өзіне қарсыларды құртуда: «Адам барда мәселе бар, ал адам жоқта мәселе де жоқ» дегенді айтып, соны ұстанды» деген сөздерінің білместік екендігі (*М. Жухрай*):

«Генералдар Лавров пен Джуга 1950-жылы тамыз айында Сталиннің қабылдауында болып, АҚШ-тың КСРО-ға қарсы соғыс жоспары бары жөнінде Вашингтоннан, АҚШ-тың Орталық барлау басқармасы мен Қауіпсіздік кеңесінен құпия мағлұмат алғандарын мәлімдейді. Жоспарда КСРО-ны ыдырату, оның одақтас социалистік республикаларының бәрін капитализм жолына салу көзделіпті. КСРО-ны бөлшектеп құрту насихатын бастап, ерекше белсене жүргізуші профессор Збигнев Бжезинский екен. Ол: Америка мен ағылшынның барлау күштері дүниежүзілік коммунистік қозғалысты іштей ірітуді Иосиф Броз Тито, Тольятти сияқты ренегаттар (ауытқығыштар) арқылы іске асыра алады деп сендірген.

Джуга: «Тито – ауытқығыш емес, ол коммунист те болған жоқ, ағылшын барлаушыларының жансызы. Ол Уинстон Черчилльдің ұлы – Рандольф Черчилльмен дос. Оны жою керек. Кісі барда мәселе бар, кісі жоқта мәселе де жоқ, Тито серб те емес», деді. Сталин оған барлай, салқын қарады да: «Әрқашан есінде болсын, біз алдаушы-арандатушылар емеспіз. Сенің ұсынысыңнан эсершілік мұңкіп тұр», деді».

Сол жәйттен хабары болғаны сөзсіз Хрущев көп өтіріктерінің бірінде: «Сталин: – Титоны құртқым келсе, шынашағымды шошайта

саламын, – деді» деп, өзі ойдан шығарған өсекпен өлі Сталинге тағы күл шашты.

Ал «Сталин соғыс жылдары Кремльден аттап шықпады, майдандарда болмады» (генерал Волкогонов, т. б.) дегенді оның оққағары *А. Рыбин* мүлде жоққа шығарды («*Сталиннің жанында*»). Ол Басқолбасшының 1941-жылғы тамыз айында Малоярославта, қыркүйек айында Можайскіде, қазан айында Рокоссовскийдің армиясында, қарашада Туковода, Круташовта, одан кейін Ленино-Лупихада, 1942-жылы Батыс майданда, 1943-жылы Гжатскіде болып, сонда солдаттардың казармасында қонып та қалғанын, ертеңінде Юхновта Артиллерия маршалы Вороновпен кеңескенін, Тегеран конференциясынан қайтқан жолда Сталинградта болғанын тәптіштеп жазған. Оны генерал басымен Волкогонов «білмепті», – о, байғұс!

А. Микоян «Осылай болды» деп атаған кітабында соғыс басталған күннің ертеңінде іңірде Сталиннің Молотовты, Берияны, Маленковты және өзін ертіп Бас штабка барғандарын, Сталиннің Жуковтан түсінік талап ете қатқыл сөйлегенін, сонда Жуковтың жылап жібергенін айтып: «...Бұл дерек – Жуковты қалайда бір кемсіту емес, Сталин мінезінің бір сипаты. Дегенмен, Жуков ол жәйт жайында ләм демейді» депті. Жан шіркін тәтті ғой, Жуковты да жылатыпты! Хрущевтың: «Соғыс басталған күні Сталин саяжайына кетіп қалып, үш күн хабарсыз жатып алды» деген оттауизміне нақты бір жауап – осы!

«Оттауизм» демекші, хрущевшылдардың біреуі (оның аты-жөнін, мақаласының атын жазып ала салмағаным өкінішті): Бір күні Сталин майдандағы генерал Жуковты телефонға шақырып, қисынсыз нұсқау беріп, екеуі ерегесіп қалған да, Жуков оны боқтап-боқтап, телефонын жаба салған, Сталин ештеңе дей алмаған, депті. Өйдөйт, шіркін! Есі дұрыс кісі сенбейтінді айтатындардың есі қандай болады екен?!

Ал Солженицынның «Куйбышев қаласына қашып кеткен Сталин» туралы жәдігөйлік өтірігіне *А. Рыбин*нің кітабында мынадай жауап бар: «Қазан айының 16-күні Сталин: – Ешқайда бармаймын, Мәскеуде боламын. Жеңіске жетеміз! – деді. Ол сенімділігі, кесіпайтқыштығы және тәуекелшілдігі еді. Халық оған сенді: – Сталин Кремльде екен, – бәрі де дұрыс болады! – десті. Атақты әртіст Сергей Лемешев жұртпен бірге Куйбышев қаласына көшуі керектігін естігенге: – Неге көшуім керек? Сталин Мәскеуде ғой?! Біз де осында болып, майданға

көмектесуіміз керек, театр жұмыс істеуі керек! – деді. Бір айдан кейін, 19-қарашада, Үлкен театрдың Пушкин көшесіндегі филиалында цирк пен балет артистерінің бірінші концерті қойылды. 22-қарашада «Евгений Онегин» операсы, 23-қарашада «Есіл сақтық» балеты көрсетілді». Жиналған қаржы, әрине, майдан қорына берілді.

«Сталин және Екінші дүниежүзілік соғыс» мәселесі кешегі КСРО-ның шегінен шығып, халықаралық додаға әлі күнге дейін салынып жатыр. Пікір атаулының дұрысынан бұрысы басым (жоғарыда сөз ретіне қарай алдын ала айтуыма тура келді). Анық әділ қорытындысы шығуы үшін әлі қанша жыл керек болары белгісіз. Бұл туралы жазушы-тарихшы *А. Зинovieв «Пілді инемен қалай өлтіреді»* кітабында (1976-жылы) былай деген:

«...ЦРУ (*АҚШ-тың Орталық барлау басқармасы, – F. Қ.*) сан түрлі айла-шарғы қолданып, сан-сапалақ жазғыштардың советке қарсы 1500-ден астам кітаптарын шығарды. Мақсат – Сталиннің рухын қаралау. Америка өте қажет ол істі Хрущевтің бастағанына қатты қуанды, ал одан арғысын американдық «тарихшылар» қырық құбылтып, нақұрыстыққа апарып тіреді. Олар «орыс ұлтының арнамысы» Солженицынды, басқа да «арлыларды» пайдаланып, өтірік-өсектің қоймасын лықа толтырды, – оны аршып-тазалау ғалымдардың ертеңгі ұрпағына да тым ауыр жүк болар».

Ақиқатты айту жоқ жерде алыпқашты сөз етек алады. Осы орайда Ресей президенті Д. Медведевтің 2010-жылы «Известия» гәзетінің тілшісімен сұхбатында: «Есть абсолютно очевидные вещи – Великую Отечественную войну выиграл наш народ, не Сталин и даже не военачальники при всей важности того, чем они занимались... Сталин – преступник!» дегенін оның кәдімгі саяси сауатсыздығы, немесе сионизм шуылына қосылғаны деп білдім. «Сионизм шуылына» деп отырған себебім: *«Біз және Олар. Ресей президенттерінің ұлты»* деген жинақта (*Анатолій Глазунов* құрастырған) Медведев туралы мағлұмат бар, оны да алда оқисыздар...

Әлемді алаңдатқан соғыс, Сталиннің әрекеттері, гитлеризмнің күйреуі жайында сан түрлі «жаңалық» айтылып та, жазылып жатыр. Солардың кейбіреуі:

*Сталин құпия барлаушылардың дұрыс хабарларына сенбеді;
Соғысты Гитлер емес, Сталин бастады;*

КСРО Финляндия мен Балтық бойы мемлекеттеріне басқыншылық жасады...

Ал енді бұл «жаңалықтар» туралы не деу керек?

Гитлердің «Майн камф» («Менің күресім») кітабында мынадай сөз бар: «...Егер біз бүгін Еуропадағы жаңа жерлер туралы айтар болсақ, біздің көз алдымызға әуелі Ресей келеді. Шығыстағы бұл аса үлкен мемлекеттің күні батар уақыт болды!».

Ол 1940-жылы 31-шілдеде Бергхоф қаласында құпия өткізген кеңесінде не деді? Жауап былайша (орыс тіліндегі нұсқасы):

«Совершенно секретно.

Совещание у Гитлера 31 июля 1940 г. в Бергхофе (стенографическая запись).

На этом совещании Гитлер заявил:

«Россия недовольна быстрым развитием событий в Западной Европе. Достаточно России сказать Англии, что она не хочет видеть Германию слишком сильной, чтобы англичане уцепились за это заявление, как утопающий за соломинку, и начать надеяться, что через 6-8 месяцев дела обернутся совсем по-другому.

Если Россия будет разгромлена, Англия потеряет последнюю надежду. Тогда господствовать в Европе и на Балканах будет Германия!

Вывод: в соответствии с этим рассуждением, Россия должна быть ликвидирована. Срок – весна 1941года (*Сталин дважды подчеркнул это предложение красным карандашом,- автор*). Чем скорее мы разобьем Россию, тем лучше. Операция будет иметь смысл только в том случае, если мы одним стремительным ударом разгромим все государство целиком. Только захвата какой-то части территории недостаточно.

Остановка действий зимой опасно. Поэтому лучше подождать, но принять твердое решение уничтожить Россию.

Это необходимо также, учитывая положение на Балтийском море. Существование второй великой державы (России) на Балтийском море нетерпимо. Начало военной компании – май 1941года. Продолжительность операции – пять месяцев. Было бы лучше начать уже в этом году, однако это не подходит, так как осуществить

операцию надо одним ударом. Цель – уничтожить жизненные силы России... Операция распадается на:

1-удар: Киев, выход на Днепр; авиация разрушает переправы. Одесса.

2-удар: через Прибалтийские государства в Москву; в дальнейшем двустороний удар – с севера и юга; позже – частичная операция по обладанию районом Баку...».

Это из донесения начальника Главного разведуправления генерала Голикова от 26 марта 1941 г. Такое же донесение было от начальника Разведывательного управления НКВД Федотова. О плане «Барбаросса» до них докладовал Сталину нарком ВМФ Кузнецов. Однако Кузнецов и Берия утверждали, что это провокация англичан, они сговорились с американцами столкнуть СССР с Германией. Молотов сказал, что только дурак может напасть на СССР. Сталин предложил им еще раз проверять свои донесения» (*В. Жухрай*).

Сталин дәл сол күні НКВД Барлау басқармасына елдегі шетелдік жансыздарды табу, жою шараларын тездетуді тапсырған. Соғыс басталғанға дейінгі мерзімде германдық жансыздардың 66 тобы әшкереленіп, 1600-ден астам агенті жойылған.

Балтық республикаларының қазіргі билікшілдері Гитлердің Мәскеуге шабуылды Балтық арқылы жүргізуді жоспарлағанын білмейтіндей: «КСРО бізге басқыншылық жасады!» десіп, фашистерді ашық мадақтап жүр. Сірә, соғыста Гитлер жеңіп шықса, Балтық бойын жұмаққа айналдыратын еді деп өкінуде сияқты.

Гитлердің КСРО-ны тез талқандау үшін Балтық бойын, Финляндияны өзіне қаратып, даңғыл жол ашып алуды көздегенін білген Сталин оған дес бермес үшін ол елдердің басшыларымен ақылдасуды жөн көрген. Бірақ олар иліге қоймаған да, Сталин ол елдердің кеңестік бағыттағы сенімді өкілдерімен сөйлесіп, күш қолданбай болмайтынына көзі жеткен. Балтық мемлекеттерін КСРО-ға қосып алудың, Финляндиямен өзара бейбіт шарт жасасудың сыры сол. Егер ол аймақтарды Германия күні бұрын өзіне қаратып алса, жолы кеңір еді, соғыста КСРО-ның жағдайы өте қиындап кетер еді.

...Сталин әйгілі «Мюнхен келісімінен» (1938 ж.) қатты тіксінген. Гитлердің лаңы қыр астында екенін білген. 1933-жылы Гитлердің билік басына жеткенін естігенде-ақ: «Бұл – соғыс!» дегені мәлім.

Ол Англияның, Францияның басшыларымен сөйлесіп, Германия жасар басқыншылықтан бірлесе қорғануды ұсынды. Олар көнбеген соң Германиямен бір-біріне шабуыл жасамау жөнінде шарттасуға мәжбүр болды. Сол шарттың нәтижесінде КСРО біржарым жылдан аса тыныстап, гитлерлерлік фашизм ашар соғысқа қарсы дайындықты күшейте алды.

Сталин Гитлерге сенбейтінін жасырған емес. 1940-жылы наурыз айында генерал Петровпен әңгімелесіп отырып: «Біз Германиямен шарт жасассақ та, есіңізде болсын, Германия – біздің нағыз жауымыз» депті. Ал хрущевшылдар тіпті: Сталин мен Гитлер бірнеше рет кездескен, Еуропаны, дүние жүзін жаулап, бөліп алуға келіскен, Сталин Гитлерге КСРО территориясынан біраз жер беруді ойлаған, оны Берияға айтқан екен, дегендей де өтірікті бықсытты.

Өзара шарт жасасуды Гитлер ұсынған. Онысы Сталинді алдау екен. Ол КСРО-ның әскери күш-қуатынан сескеніпті де, оны қапыда қалдыруды ойлапты. Сталинге екі рет хат жазып, КСРО-ға қарсы әрекет жасау ойы жоқ екеніне сенуді өтініп, «ар-ұятын» алға тарта ант-су ішкен. 1941-жылғы 14-мамырда жолдаған хатын: «Құрметті Сталин мырза!» деп бастап, Англияны жоймайынша Еуропада бейбітшілік болмайтынына көзі жеткенін, сол үшін маусым айының 15-20-сы күндері *(КСРО-ға опасыздықпен шабуыл жасауы қарсаңында)* Ресей мен Балқан шекарасына 80 дивизия апаруды жөн көріп отырғанын айтып, Сталиннің одан күдіктенбеуін, арандату бола қалса, оған сенбеуін, өзімен тікелей хабарласа қоюын өтініп: «Сізге шын берілген Адольф Гитлер» деп аяқтапты. Оның алдындағы хатында: «...Маған сеніңіз. Бұл – офицерлік сөзім!» деген. Сталин, әрине, оның сұхит сөздеріне сенбеді, жауап хат жазбады. Бір дерек: «1941-жылы 24-майда Сталин Саяси бюро мәжілісінде: – Таяудағы күндері Германияның тұтқиыл шабуылына тап болатын шығармыз, – деген. 13-маусымда Бірінші стратегиялық құрама жауынгерлерін әскери толық әзірлікке көшіруге нұсқау берген екен, бірақ Бас штабтың ол туралы шешімі орындалмады. Жаппай болмағанмен, көп жерде және толық орындалған жоқ *(А. Мартиросян)*». Неге?!. Бұл сұраққа Қызыл армия Бас штабының сол жылдардағы бастығы генерал Г. Жуков анық жауап бере алмай, «Сталиннің алдында жылап жіберумен» тынған *(А. Микоян)*.

Троцкий-тухачевскийшілер тобының бұғып қалған әскерилері Бас штабтың шешімі орындалмауына мүдделі болғандары, астыртын жаулық жасағандары сұрапыл соғыс жылдарындағы тексерулерде-ақ анықталған. Танктер жеткізілген жерге снарядтары кеш жеткізілгені, бомбалаушы ұшақтар әуежайына бензиннің уақтылы жеткізілмегені туралы мағлұматтар бар. Л.Берияның естелігінде қару-жарак зауыттары шығарған жеті миллион винтовканың майданға жіберілмей, қоймаларға тығып тасталғаны айтылған.

Гитлердің арамзалығы іске аспағаны, екінші дүниежүзілік соғыс КСРО -ның жеңісімен аяқталғаны баршаға аян болса да, бірер пікірге тоқталайын:

Архиепископ Лука (Войно-Ясенский): «Сталин Ресейді сақтап қалды, оның дүние жүзі үшін қандай мәні бар екенін көрсетті. Мен – православиелік христианмын және орыс патриотымын, Сталинге бас иідім».

Мәскеу және Бүкіл Ресей Патриархы Алексий: «Халқымыздың Ұлы көсемі Иосиф Виссарионович Сталин көз жұмды. Адамгершіліктік, қоғамдық ұлы күш аялдап қалды, халқымыз оны өз күшіне балаған еді. Ол өзінің жасампаз еңбектері мен іс-шараларында сол күшіне сүйенді, ұзақ жылдар бойы сол күшінен қолдау тапты.

Орыстың Православиялық Шіркеуінің және өзімнің атымнан халық бақытының ұлы ұйтқысы – ешқашан ұмытылмас Иосиф Виссарионович Сталиннің қайтыс болуымен байланысты шексіз де шынайы сезіммен көңіл айтамын.

Бұл қаза біздің Отанымызға, барша халықтарымызға аса ауыр.

Бүкіл Орыс Православиялық Шіркеуі өзіне қашанда оң көзімен қараған адамның қайтыс болғанына қатты қайғыруда. Оның ерекше жарқын бейнесі жүрегімізде сақталады. Кіршіксіз құрметтеуші Шіркеу оның мәңгі жасауын тілейді! *(1953-жылы, 9-наурызда, Сталиннің мәйітімен қоштасу рәсіміне орай Патриарх гибадатханасында сөйлеген сөзінен).*

Ресей патриархы Пимен: «Сталин пәлен адамды өлтірді деушілер бар, ал түглен адамды ажалдан арашалап қалды дегендер жоқ».

(Бұл үш үзінді Павел Дорохиннің «Сталин және шіркеу» кітабынан алынды).

Большевиктерден жеңіліп, шет елге қашып кеткен *А. Керенский:*

«Сталин күлге көмілген Ресейді тік тұрғызды. Ұлы держава етті. Гитлерді жойды. Ресейді, адамзатты аман алып қалды».

Иә, дүние жүзін гитлерлік тозақтан сақтап қалған КСРО басшысына шетелдік қайраткерлердің де қандай баға бергенін мына үзінділерден аңғару қиын емес (*«Наш современник» журналы, 1999 ж. №12*):

Аңри Барбюс (Франция): «...Сталин – ғалым басты, жұмысшы жүзді, солдат киімді ұлы көсем».

Франклин Рузвельт (АҚШ): «Қысқасын айтсам: мен маршал Сталинмен тіл табыстым. Оның ерік күші ғаламат бекем де мол және ол әзілге өте шебер. Оны Ресейдің жаны мен жүрегінің нағыз нышаны деп білем. Біз онымен және орыс халқымен алдағы уақытта да жақсы қарым-қатнаста боламыз деп сенемін» (*«Пеш алдындағы аңгіме» кітабынан. 1943 ж.*).

Уинстон Черчилль (Англия): «...Кескілескен күрестер мен сұрапыл ауыртпалық жылдарында Сталиндей қатал да ұлы әскери басшысы болғаны – Ресейдің зор мерейі. Ол – қауіп-қатерлі қым-қуыт өмірге сай қуатты да құдіретті тұлға. Нағыз ерліктен, ересен ерік-күштен жаратылған адам. Тіліп сөйлейді. Осы Қауымдар палатасында шыныққан мен де сөз сайысында оған төтеп бере алмадым. Ұлы адамдар мен ұлы халықтарға тән әзіл мен сарказм күші, ойынды оқып отыратындығы оны қай уақыттағы болсын мемлекеттер мен халықтардың қайталанбайтын басшысы дегізгендей (*Сталиннің туғанына 80 жыл толуына орайластыра 1959-жылы желтоқсанның 21-і күні, Қауымдар палатасында сөйлеген сөзінен*).

Генерал Шарль де Голль (Франция): «Сталиндік Ресей монархиямен бірге құрыған Ресей емес. Ал сталиндік мемлекет Сталинге лайықты мұрагерсіз көгермейді».

Пьер Куртад (француз саясаткері, тарихшы): «Сталин өткен кезеңмен бірге кеткен жоқ, ол келешекке аттанды».

«...Францияның президенті де Голль 1966-жылы Мәскеуге келген сапарында, алдын ала ресми келісім болмағанына қарамай, Сталинге зиярат етуге бармақшы болды. Оны райынан қайтаруға әрекет жасалды, бірақ генерал бегінен қайтпады. Ақырында Шарль де Голль И. В. Сталиннің қабірі басына «жеке тілек білдіруші» болып барып қайтуға рұхсат алды. Генерал қабір басына гүлдесте қойып, оң қолын шекесіне тіреп, 20 минут шамасы үн-түнсіз тұрды. *Аркадий Мов*».

Жазушы Питер Устинов (Канада): «Адамның қабілет-мүмкіндігінен тыс соғысты ойдағыдай жүргізудің талабына сай икемді, игі мақсатты, қатал, қаһарлы бола білу Сталиннен басқаның қолынан келмес еді».

Генри Киссинджер (АҚШ): «Сталин – өзіндік көзқарасы мықты, тарихи шындықты өзінің идеологиясына сай байыпты бағалаған жан, ол кеңестік ұлттық мүддені қатал да батыл қорғады және, өзі айтқандай, екіжүзділік пен жекебастық есепті қажет етпеді».

Збигнев Бжезинский (АҚШ): «...сталиндік дәуір – әлеуметтік ұлы өзгерістер, қуатты күш-қимыл, ауылшаруашылық экономика индустриялық экономикаға ұласқан дәуір деседі. Бір есептен, ол дұрыс. Сталиннің кезінде Кеңес Одағы шынында индустриалды ұлы державаға айналды».

Осы белгілі қумүйіз Бжезинский (АҚШ-ағы «Сталин институтының» директоры) кейінде: «Кеңес қоғамының саяси сана-сезім тұтастығын бұза алатын күшті екі идеология бар, оның бірі – ұлтшылдық, екіншісі – антисталинизм» деді.

У. Черчилльге қайтып оралып, оның естеліктеріндегі мына бір сөзін оқи отыралық: «Сталин бізге ғажап әсер етті... Ялта конференциясында залға ол алғаш кіріп келгенде біз, құдды бұйрық алғандай, орнымыздан ұшып тұрып, екі қолымызды жамбасымызға басып, қаздия қалғанымыз ғой. Мен өйтуді одан кейін қайталамауға бекіндім. Бірақ Сталин кірген сәтте мені көзге көрінбес бір күш орнымнан тік көтере қоятын болды».

Черчилльдің бұл сөзі қазақтың: «мысы басты» дегеніне саяды.

Совет Одағын қара мылтықтарының қарауылына байлап жүрген саяси қарсыластардың бұл ашық пікірлері кімді болсын, бізді де ойландырарлық.

Енді кеңестік қайраткерлерді де тыңдалық:

В. М. Молотов: «...Сталин көркем шығармаларды көп оқитын... Ол ресми құжаттардың бәрін де өзі жазды... Ақырын сөйлейтін. Асығыстықты сұханы сүймейтін. Ойланып, қисынды сөйлейтін... Бірде ол: «Молотов сабыр сақтап жүр, ал Маленков пен басқалар әсерлер сияқты: «Сталин! Сталин!» дей береді. Әсерлер қолпаштауға әуес!» деді. Жасы 70-ке толғанында ұжым атынан құттықтау хат жазып, қолымызды қойдық. Хатта: «Ұлы Сталин» деген сөз бар еді,

ол ашық наразы болып, маған: «Мынауың не?!» деді. Мен: «Оқасы жоқ» дедім. «Сен мыналарға шынымен ілесіп жүрсің бе?!» деп кейді...».

К. М. Симонов: «Иосиф Виссарионович бірде былай деді: «Біздің зиялы қауым шетелдік мәдениетке табынғыш. Өздерін әлі пісіп-жетілмегенбіз деп ойлайтын сияқты, өмір бойы шәкірт болуға жаралғандай. Бұл кертартпа дәстүр Петрден басталды. Петрде жақсы ой-пікірлер болды, бірақ онысы немістерге телінді, немістерге бас ию басталды. Ол жағдай, өзіңіз ойлаңызшы, мысалы, Ломоносовқа қиын тиді. Әуелі немістер, одан кейін француздар, сөйтіп шетелдіктерге, – деп Сталин кенет көзін кіртите сөйлеп: – тышқақ немелерге бас ию болды, – деді де, байсалды қалпына көшті: – Біз олардан кембіз бе? Не болды сонша? Осыны түсіну, түсіндіру керек, тіпті он жылға созылса да, түсініп, түзелуіміз керек».

А. А. Громыко: «Сталинді алғаш көргенде қандай әсерде боласың? Оны қай жерде көрсең де, ойшыл адам екенін бірден аңғарасың. Талқыланған мәселеге ықпалы жоқ сөз айтқанын көрген емеспін. Кіріспе сөзді, шұбалаңқы ұсынысты, мәні шамалы мәлімдемені ұнатпайтын... Сталин, мәселен, шет елдердің қайраткерлеріне басына айтқанда, не онымен пікір таластырғанда оған қадала қарап, жауаптасу біткенше көзін тайдырмайтын. Ондайда қарсыласы, әлбетте, тым жайсыз күй кешетін... Сталин шетелдік қайраткер атаулыға оншама назар аудармайтын, жылы қабақ танытпайтын. Сондықтан Сталинді көру, сөйлесу олар үшін үлкен оқиға болды».

Г.К. Жуков: «Қарулы шайқасқа жалпы басшылық жасауда И.В.Сталинге оның табиғи ақылдылығы, саяси жетекшілік тәжірибесі, аңғарымпаздығы, мағлұмат жинақтай білуі жәрдемші болды. Тәсіл-пайымның нақ түйінін тауып, жауға қарсы пайдаланып, біздің шабуылдың сәтті жүргізілуін бағдарлап отырды. Нағыз Басқолбасшы болғаны шүбәсіз... Оның аса дарынды ұйымдастырушылық қасиетін ашық айту керек. Өйтпесек, онымыз әділетсіздік болады».

К. К. Рокоссовский: «Мен үшін Сталин – ұлы және теңдессіз, заңғар тұлға».

А. М. Василевский: «Сталин аса ақылды жаратылған, ғажап білімдар адам болды».

А. И. Покрышкин: «Бізді Сталин өсірді. Егер соғыста бізді одан пәс басқалар басқарса, жеңіліп тынатын едік. Бізге Сталиннің ақылы, қайрат-жігері дем берді».

И. А. Бунин, жазушы, эмигрант: «Орыстар Курскіні азат етіп, Белгородка бет алды!!! Сталин бүгін Персияға бара жатыр деп естіген менде зәре жоқ: Құдай-ау, ол жол-жөнекей бірдеңеге ұшырап қалмаса екен!».

М. Алданов, жазушы, эмигрант: «Троцкийдің америкалық ықпалды гәзеттерде Сталин туралы қандай жалған да жалақорлық мақала («Сверх-Борджия в Кремле») жазғанын еске түсірсек, жалпы оның барлық шимайы Сталинге ғана емес, шын мәнінде Советке қарсы жазылды. Оны (*Троцкийді, – Ф. Қ.*) өлтіру жеке мүддеден туындаған жоқ (олай болғанда 1929-жылдан беріде талай рет сәті түскен болар еді), ол КСРО-ның қорғанысын күшейтуді көздеген саяси әрекет болды... Кейбіреулер оны Сталинмен шендестіруді көксейді. Екеуі екібасқа болса да. Троцкий Ресейге және орыс халқына аса қауіпті төңкерісшіл арандатуды айлакерлігімен асқындырды; Сталин ұлы Кеңес Одағын құрды, елді әлеуметтік дәуір мен Ұлы Отан соғысының өте қиын кезінде басқара білді».

М. Ошлаков: «1943-жылдың тамыз айында Қызыл армия ән-би ансамблі бірінші салюттің құрметіне А. Александровтың «Большевиктер партиясының гимнін» орындады. Сталин гимннің жазылуын қадағалап, алдын ала тыңдап, А. Хачатурян мен Д. Шостаковичтің әуендерінен гөрі А. Александровтың әуенін ұнатқан (*Шостаковичтің Сталиннің аруағына сатқындық жасау себебі сол шығар, – Ф.Қ.*). Оны ден қоя тағы бір рет тыңдап алды да, ырғақ екпінін сәл баяулатып, дауыс күшін жарты тон (музыкалық өлшем) төмендете қайтадан орындауды өтінді. Ансамбль баянистерінің бірі айтқандай, әуен ғажап жаңарып, ерекше қуатты естілді. Сталин: – Міне, бұл енді «Совет Одағының гимні болды» деді... Ол ғылым, әдебиет, өнер адамдарына қамқоршы еді. Америка Құрама Штаттарында тұратын мүсінші Сергей Коненков пен әйелі Маргарита Воронцованы елге қайтып келуге шақырып, барлық мүліктерімен қоса алып қайтуға «Смольный» парходын жіберді».

В. Солоухин: «Оны жерлеу күндері үй шаруасындағы әйелдерден бастап маршалдар Рокоссовский мен Жуковқа дейін миллиондаған

адам жыламады ма (Рокоссовский қайтадан шақырылар алдында «отырып шықса» да)?!. Сталинге арналған жүздеген өлең мен ән осы бір ерекше адамды шынайы құрметтеудің белгісі емес пе еді?! Хрущев пен Брежнев туралы бір өлең де жоқ, ал ащы анекдоттар нөпір!». Бұл екі «көсем» жерді шиырлап-шарлап жүргендерінде-ақ анекдотқа кейіпкер болды.

Құпия барлаушы болған генерал-полковник, жазушы *В. Жухрай*: «...бүгінгі американдық ғалымдардың бірі Говард Ферр ХХ-съезде Хрущев жасаған алақұйын баяндамада оның Сталинге 61 айып таққанын және соның бәрі өтірік екенін дәлелдеп берді!.. Г.Ферр ол баяндаманы «Алаяқтықтың әлемдік үлгісі» деп атады».

А.Чубарьян, Ресей Ғылым академиясының толық мүшесі, тарихшы: Сталинді «әшкерелуші» авторлардың көпшілігі мұрағатты керек етпейді, өлген кісіден қорықсын ба, өсек-аянды теріп жаза береді және ақиқатты айттым деп масаттанады».

Жазушы-тарихшы С.Рыбас: «...Бүгінде оған жала жауып жүргендер -оны маңайлап көрмегендер, білмегендер, кинодан ғана көріп және өзіне беймәлім жәйттерді ойынан шығара сұмдық етіп, бетпақтана жамандап жүрген «жазғыштарға» еліктеушілер».

Қытай Халық Республикасының демократиялық, экономикалық дамуын сөзімен де, ісімен де қамтамасыз еткендердің бірегейі *Дэн Сяопин*:

«...Сіздер Сталиндей әксемсерден бас тартып, лақтырып жібердіңіздер. Оны бізді құртуға құмар жаулар қағып алды. Біз жерден көтерген тасты аяғымызға түсіріп алғандай күйдеміз. Сталиннің басшылығы кезіндегі негізгі бағыт пен жоба дұрыс болды; жанжолдасыңды жау санауға болмайды», деген екен. Тарих үшін бұл да – бірден-бір анық сөз. Бұған бір қосымша:

«Сталин қайтыс болысымен оны қаралауға ең алдымен КСРО және Ресей ондаған мың доллар жұмсады. Өтірік-өсекті үйіп-төккен мыңдаған жалған кітаптар, «тарихи» фильмдер шығарылды, жүздеген «тарихшылар» Сталиннен балаларды «бабаймен» қорқытқандай құбыжық жасап, адамзаттың миын ашытуды көксеп, қара тер болып жүр. Тегін емес те. 19 жылдың ішінде ел индустриясын 70 есе арттырған, африкалық жағдайдағы елін дүние жүзіндегі қуатты екінші, ал кейбір негізгі бағытта бірінші елге

айналдырған адамды әлемнің арамтер албастылары жамандап әлек.
Профессор С. Лопатников. Москва. 07. 05. 2012 г.».

Бұл пікірлер де – адами ардың өрнектері. Осындай пікірлерді оқыған сайын Эзоп-Крылов-Абайдың піл мен қанден мысалы ойыма оралады. Қанден, әрине, – хрущевшылдар...

Сталинді бақиға аттандыру ажүрек адамдарға аса ауыр қайғы болғаны ақиқат. Оны теңіздің тамшыларындай мына шумақтардан-ақ аңғаруға болады:

Обливается сердце кровью...
Наш родимый, наш дорогой!
Обхватив твое изголовье,
Плачет Родина над Тобой.

О. Берггольц.

В этот час величайшей печали
Я тех слов не найду,
Чтоб они до конца выражали
Всенародную нашу беду...

А. Твардовский.

Нет слов таких, чтоб ими передать
Всю нестерпимость боли и печали,
Нет слов таких, чтоб ими рассказать,
Как мы скорбим по Вас,
Товарищ Сталин!

К. Симонов.

И пусть в печали нас нельзя утешить,
Но он, Учитель, нас учил всегда:
Не падать духом, голову не вешать,
Какая б ни нагрязнула беда.

М. Исаковский.

Егер мәскеулік бұл ақындардың, басқалардың қай-қайсысы да, мысалы, көбіқауыз Хрущев көкігендей, кезінде Сталиннің «жауыздығына» еріксіз куә болып, ол тіріде қорыққандықтан әрең шыдап, іштен тынып жүрген болса, бұлайша жоқтау жазар ма еді?!.

...«Кулак, шпион, сатқын, арандатқыш халық жауларын» жоюдың «жоспарын орындауға» құныға құлшынған Хрущев діндарларға да ауыз салған екен. Ол «қыры» *Б. Сыромятиннің* жазбасында былайша баяндалған:

«Шіркеулерді жабу мен діндарларды қуғындауды бастаған Хрущевтың озбырлығын Сталин құптамаған. 1935-жыл. Сочиде дем алып жатқан Сталинге бір күні Хрущев барады. Әңгіме әредігінде Хрущев: «Мен Мәскеуде және Мәскеу облысында 79 шіркеуді жабуға нұсқау бердім, тым белсенді басшы діндарларын сотқа береміз» дейді. Сталин: «Хрущев, сіз – анархистсіз. Махно әкей тірі болса, сізді өз ұлындай аймалар еді. Шіркеуде шаруаңыз болмасын! Анау «пролетарлық ақын» Демьян Бедныйдың көзге қалай түскенін көрген шығарсыз. Оған Киелі жазбаларды мазақтауға кім құқ берді? Оның «Діншілдер мен дінсіздер библиясы» деген кітабын дереу тәркілеу керек!» дегенде Хрущев: «Мәскеу қалалық соты қамалған 51 діндарды тергей бастап еді...» деп міңгірлейді. Сталин: «Олардың бәрін дереу босаттырыңыз!» дейді».

Жер-жердегі хрущевтардың бейбастақтықтарын тексерттіріп, діни салада да сан түрлі бұрмалаушылық болып жатқанына көзі жеткен Сталин бұл бағытта да батыл қадам жасаған:

Постановление Политбюро Центрального Комитета ВКП(б)

11 ноября 1939 г.

«1. Признать нецелесообразным впредь практику органов НКВД СССР в части арестов служителей Русской Православной Церкви, преследование верующих.

2. Указание товарища Ульянова (Ленина) от 1 мая 1919 года за №13666-2 «О борьбе с попами и религией», адресованное председателю ВЧК товарищу Дзержинскому и все соответствующие инструкции ВЧК-ОГПУ-НКВД, касающиеся преследования служителей русской православной Церкви и православных верующих – отменить. Секретарь ЦК И.Сталин».

(Бұл үзінді де П.Дорохиннің кітабынан келтірілді).

Демек, шәкірті Ұстазының қателігін түзетті!

...И. Сталин – аса күрделі тарихи тұлға. Саяси қайраткер. Лениннің шәкірті. Халықаралық коммунистік қозғалыстың көрнекті басшыларының бірі. КСРО құрамына кірер республикалардың сипатын анықтауға көп еңбек сіңірген. Ұлт мәселелері жөніндегі халық комиссары кезінде: «Марксизм және ұлт мәселесі», «Социал-демократия ұлт мәселесін қалай түсінуде?», «Октябрь революциясы

және ұлт мәселесі», т.б. елеулі еңбектер жазды. Оның: ленинизм, саясат, қоғам, әлеумет, мәдениет, философия, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, экономика, ұлт және тіл, әдебиет, тарих, соғыс... тақырыптарына жазған еңбектерінің жинағы 18 том.

Сталинде тарих тағдырын өзіне тапсырған Ресейдің, КСРО-ның шаңырағын шайқалтпау, қуатты державаға айналдыру ұстанымы болды және ол ұстанымына кереғар әртүрлі ағым-бағыттарға, күштерге қарсы күресіп, жеңе білді. Осы ретте тарихшы-жазушы М. Ошлаковтың мына пікірін келтіруді жөн көрдім: «...Сталин бүкіл күш-қуатын, өмірін Ресейге қызмет етуге жұмсады, елдің, халықтың мүддесінен артық өзімшілдік есеп-қисабы болған жоқ».

Мұндай ойды бұрында У. Черчилль айтқан еді. Былай деп (орыс тіліндегі нұсқасынан):

«Большим счастьем было для России, что в годы тяжелейших испытаний страну возглавил гений и непоколебимый полководец Сталин. Он был самой выдающейся личностью, импонировавшей нашему изменчивому и жестокому времени... Сталин был человеком необычайной энергии и несгибаемой воли, резким, жестким, беспощадным в беседе, которому даже я, воспитанный здесь, в британском парламенте, не мог ничего противопоставить. Сталин произвел на нас величайшее впечатление. Он обладал спокойной, лишенной всякой паники мудростью. Он был непобедимым мастером находить в самые критические моменты пути выхода из самого безвыходного положения. Он был необычайно сложной личностью. Он создал и подчинил себе огромную империю. Сталин был величайшим, не имеющим сравнения в мире диктатором, который принял Россию с сохой, а оставил ее с атомным оружием. История таких людей не забывает».

Осы орайда есіме Ресей президенті Д. Медведевтің бір шикілігі түсті. Ол, жоғарыда ескерткенімдей, «Известия» газетінің тілшісімен сұхбатында, 2011-жылы, Сталинге көзқарасы туралы сұраққа: «Сталин – қылмыскер!» деп дүңк етті. Сол көрсоқырлығына наразылығымды ашық білдіргім келді де, оның өзіне де, «Правда» газеті редакциясына да хат жібердім. Екеуінен де жауап келмеген соң, екі аптадан кейін, «Советская Россия» газетіне жолдап едім, онда толық жарияланды, ол, міне, алдарыңызда:

«СОВЕТСКАЯ РОССИЯ»

16. 07. 2011 г.

ЕСТЬ У МЕНЯ ВОПРОСЫ

Открытое письмо казахского писателя

президенту Д. Медведеву

Господин президент Российской Федерации!

Прочитав в интернете материал под заголовком «Президент России Дмитрий Медведев о роли Сталина. Прямая речь», я не мог оставаться равнодушным и решил написать вам это письмо. На вопрос корреспондента газеты «Известия» о роли И. Сталина в Великой Отечественной войне вы ответили: «Есть абсолютно очевидные вещи – Великую Отечественную войну выиграл наш народ, не Сталин и даже не военачальники при всей важности того, чем они занимались... Сталин – преступник...»

По этому поводу у меня возникли вопросы:

1. «Наш народ» – это русский или советский, или какой?
2. Ваши слова надо понимать так: народ сам 22 июня 1941 года стихийно поднялся и организовался против гитлеровских захватчиков, пошел и сражался без комсостава, без командующих и в мае 1945 года победил? Главнокомандующий Сталин, командующие Жуков, Василевский, Рокоссовский, Ватутин, Конев, десятки другие полководцев, сотни, тысячи командиров всех частей и подразделений армии все дни войны сидели в окопах или плелись кое-как за народом?
3. Промежуток времени – конец Гражданской войны и начало Отечественной – достаточен стране, оставшейся с сохой и лопатой для полной подготовки к схватке с гитлеровскими фашистами? Или подготовки к войне вообще не было?
4. В истории СССР вы видите преступником Сталина – не Троцкого, Тухачевского, Власова и многих других, чьи преступления доказаны и признаны, например, самим Тухачевским. Интересно в этой связи: как вы относитесь к изменникам Родины? А приговоры по делам «врагов народа» инициировал и выносил лично Сталин? Разве не было таких «соратников», как, например, Хрущёв, по личным распоряжениям которого до войны в Москве, а потом на Украине были преданы суду десятки тысяч «врагов народа»?

Вы говорите, что не являетесь историком. В таком случае

лучше было бы, если вы, президент страны, создали авторитетную комиссию из уважаемых честных историков, военных и гражданских, чтобы подробно проверить все факты по событиям 1932–1933 гг., 1937–1938 гг., а также в отношении Великой Отечественной войны 1941–1945 годов, лично Сталина, всех других руководителей СССР, военных деятелей, и сделали такое историческое заключение, чтобы волгогоновы, резуны, солженицины, жириновские и многие им подобные «архиграмотные» не выдумывали всякую чушь. Например, генерал-«всезнайка» Волгогонов писал, что Сталин не был на фронте, а телохранитель Сталина Рыбин убедительно доказывает противоположное, расписывая сталинские поездки буквально по дням, по часам. Не читали?.. Хрущёв доболтался до того, что Сталин руководил фронтом только по глобусу, не знал положения фронтов. А что говорит маршал Жуков о деятельности Главнокомандующего? Кстати, на вопрос одного журналиста на счет роли Сталина в ВОВ Г. К. Жуков ответил: «Сталин своей жесткостью добился невозможного...». То есть, Сталин обеспечил Победу. Или легендарный маршал не прав?

В последние годы выявились писаки разных мастей, которые стараются быть как бы адвокатами мертвого Гитлера: якобы он, миленький Адольф, даже не думал воевать с СССР, а вот сволочь Сталин специально подготовился и начал войну против доверчивого фюрера, вынудил его обороняться... В таком отвратительном тоне они выступают по телевидению и радио, пишут статьи, книги, пьесы, киносценарии. О Сталине говорят и пишут такую белиберду, что, наверное, даже полоумным не верится.

Да, господин Д. Медведев, вы поторопились сказать то, чего не должен был говорить глава великой державы – России. Мне не хочется верить, но факт. И факт то, что вы занимаете такое положение, что никто из вашего окружения не осмелился открыто не согласиться с вашими ошибочными мнениями, никто не возразил: «Уважаемый Дмитрий Анатольевич, вы сказали: «Сталин – преступник!» Но право делать такой вывод имеет только суд, как принято во всем мире. Вы что, в единственном лице являетесь Верховным судом Российской Федерации?».

Я не являюсь ни сталинистом, ни антисталинистом, я всего лишь приверженец истины. По поводу периода «разоблачения врагов

народа» могу достоверно сказать, как это происходило в моей стране – Казахстане.

Старший брат моего отца Айтыков Курманбай, колхозный кузнец, однажды набил физиономию уполномоченному райкома партии за то, что тот, пьяный, ночью ворвался в соседний дом, пытался изнасиловать молодую вдову. Ее шестилетняя дочь прибежала к бабушке, испуганно рассказала о ворвавшем страшном «воре». Ясно, Курманбай пошел и кузнецким кулаком заставил распоясавшегося «коммуниста» уважать женщин. А через два дня из райцентра появились два милиционера и забрали колхозного кузнеца, который был осужден на 10 лет по статье «враг народа». Семье деда Курманбая тоже досталось: его детей выгнали с работы, из школы. Старший сын, Изгутты Айтыков, написал письмо Сталину с просьбой направить его в армию, где он докажет своей кровью в боях с фашистами, что его отец не был врагом народа. И доказал, стал Героем Советского Союза в 1944 году при освобождении Прибалтики от гитлеровцев. Там и погиб, похоронен в братской могиле города Зарасай. По всей вероятности, той могилы сегодня уже нет, поскольку в тех краях ныне празднуется день рождения фашиста Гитлера.

Враги «народа» были. Как я убедился, работая с архивными документами, кулаки и баи убивали председателей колхозов, активных коммунистов, комсомольцев; вырезали колхозный скот, сжигали пшеничные поля, грабили колхозные амбары. Надо было их за это судить? Обязательно! Но, к сожалению, местные чинуши – холоуи вышестоящих, многим из которых были чужды справедливость, человечность, бестолково соревновались в «разоблачении врагов народа». Какие только поводы и доказательства не придумывали они, чтобы оказаться «на высоте»!

Каждый раз, когда читаю открыто слеповраждебные статьи антисталинистов, сравнивая их с документальными свидетельствами, все более убеждаюсь в том, что в России какой-то группе, каким-то слоям «историков, журналистов, писателей – политиков» любым методом, любой ценой нужно переписать историю СССР и России. А чтобы добиться этого, в первую очередь надо вычеркнуть Сталина из истории. Например, Солженицын утверждал, что «когда началась война, Сталин в числе первых удрал в Куйбышев и временами

позванивал в Москву, чтобы узнать, как там дела». Как можно воспринимать такие писания? Только как гнилую клевету!

Мне дорога историческая истина. Как бывшему коммунисту, мне дорога история КПСС без старых и новых извращений. К сожалению, ныне новые извращенцы во всю стараются, чтобы не оставить ничего святого в истории России. Мне, воспитанному на бессмертных произведениях: Пушкина, Толстого, Лермонтова, Чехова, Тургенева, Чернышевского, Чаадаева, Некрасова, Шолохова дорога Россия, потому что история моего Казахстана была тесно связана с историей России еще со времен Древней Руси и Великой Степи!

Добавлю: мне абсолютно непонятно, по каким причинам вы, господин президент РФ, стараетесь быть главным историком СССР и России, а также главным судьей «в деле» покойного Сталина?

Габбас КАБЫШУЛЫ,

писатель.

Алматы, Казахстан. 14. 06. 2011 г.

Хатым «Советская Россия» гзетінде басылып, сайтына да қойылған екен, редакция хабарлаған соң рахметімді айтып, шолып шықтым: пікір қосқандар мені түгел қолдапты, наразы болған бір-ақ кісі: – Троицкийді неге іліп кеттің? – депті.

Гзет сайтындағы қырықтан аса пікірдің бес үзінді келтірейін:

2. Разместил parkomuna.

Я солидарен с автором обращения к президенту! Его слова – мои слова! Медведев, подбросивший в костер «антисталинизма» геббельсовских дровишек, показал свое истинное лицо, которым гордится, за схожесть с лицом Николая второго. Видимо и судьба его будет схожей с судьбой николая – кровавого. А пока, этот бесполезный обществу балаболка занимает высший пост в стране, надеется, что его изберут на второй срок президентства.

8. Разместил Lev34.

Письмо Габбаса КАБЫШУЛЫ написано от всего сердца. Габбас задал правильные вопросы. Судя по тому, что ответить на них по существу президент РФ Медведев добровольно никогда не сможет, надо ждать, когда эти вопросы ему зададут следователи, уполномоченные следующей властью. Там может быть ещё множество

неудобных вопросов. Но бывшие советские ребята-капиталисты пошли на риск и в 1991-93 гг. сорвали банк и захватили власть. Почему я так говорю? Потому что именно они и их партия исказили и незаконно изменили прямые нормы Конституции РФ, захватили властные полномочия, фактически отменили всенародные выборы и референдумы и незаконно строят в России капиталистический строй. Ибо нет о нём упоминания в Конституции РФ, как нет и упоминания о том, что социалистический строй в РФ отменяется. Нет по этому поводу и решения всеобщего и всероссийского референдума. Возможно, что они, как и их гуру Ельцин, упокоятся раньше, чем им зададут вопросы в соответствующих органах. Но вопросы эти им всё же зададут обязательно.

А пока, товарищ Габбас, я полностью присоединяюсь к вашим конкретным вопросам, добавив к ним вопросы о незаконном признании Путиным и Медведевым «вины Сталина» в Катыни. Ещё я хотел бы узнать, где припрятаны на чёрный день действительные капиталы г-на Медведева и г-на Путина.

У нас месяца два тому назад был теракт в Домодедово, так только вчера узнали о том, кто владеец этого авиационного гиганта. Оказывается, это некий Дм. Каменщик из офшора о. Мэн.

Я предполагаю, что и Вы в свою очередь не знаете, где находятся капиталы бывшего Первого секретаря ЦК КП Казахстана, а ныне президента Назарбаева. Но я верю, что все вопросы к ним еще впереди.

12. Разместил mitrich.

Победа в Великой Отечественной Войне далась тяжелой ценой. Нет ни одной семьи, в которой не погибли бы родственники. Плечо к плечу воевали все – и русские, и казахи, и грузины, и армяне... Светлая память погибшим!

Победа не была хаотичной, всю войну руководство страны, военачальники и ЛИЧНО И. В. Сталин оперативно решали ВСЕ вопросы – и армии и тыла. Если бы этой руководящей роли не было бы, то Победа или не состоялась или война длилась бы гораздо дольше! Об этом написано много книг и исследований самых авторитетных историков. И эту непреложную истину пытаются изменить.

Спасибо автору статьи за это открытое письмо!

Очень больно видеть и слышать то, что история войны

дискредитируется и это происходит так настойчиво.

13. Разместил arbalet.

Так Медведев и есть полоумный.

Потому что в здравом уме и твёрдой памяти – кто скажет, что войну выиграл народ, а полководцы и политическое руководство тут не при чём?

Кстати, Медведев вот уже третий год, поздравляет нас с победой. И забывает добавить – с победой советского народа над фашистской Германией. Имени Сталина и полководцев он даже не упоминает.

Дурак, одним словом.

И к этому дураку обращаться с открытым письмом?

А умеет ли он читать?..

15. Rus21 08:31 20 мая 2011 г. 0

Авантюризм и неприязнь к России

Вот силы, вдохновившие на бой.

Русь Троцкий с Лениным с прямой дороги сбили

И бросили в бушующий разбой.

Недолго на беспуты задержалась

Когда-то Франция. А у России рок

Страшнее был, всё в ней перемешалось,

Кипела смута, был оплёван Бог.

Немного пожил грозный разрушитель.

Суровый создатель стал к рулю.

«Страну в бетон заковывал» правитель,

Разумный курс давая кораблю.

Чтоб людям жить в спокойствии и мире,

Он умирал безумную страну,

Где без конца дискуссии шумели,

Готовые её толкнуть ко дну.

Кругом враги: в стране и в зарубежье,

И «мудрецов» в стране возникли тьмы,

И всё разрушено, что действовало прежде,

И взбаламучены народные умы.

За тридцать лет великого служенья

Построил он великую страну.

И вот теперь вменяют в преступленье

Его победы в страшную войну,
Его заботы о простом народе
Страны, которой жизнью послужил.
Но даже чёрной, неумной злобе
Не зачеркнуть, что гений совершил.

22-ші пікірде былай делініпті: «Уважаемый Габбас Кабышулы, пишет Вам житель Литвы. Хочу сообщить Вам, что братская могила, где захоронен Герой Советского Союза Изгутты Айтыков в городе Зарасай (Литва) находится в полном порядке, присмотрена. Если захотите навестить могилу, свяжитесь со мной» депті. Әрине, қатты қуандым. Дәм тартса, барамын.

Қосымша: менің де, мен сияқты «сталиншілердің» де сөзінен секем алды ма, әйтеуір, содан екі ай өте бере Д. Медведев: Ұлы Отан соғысында Жеңіске жеткеніміз –Басқолбасшының, Бас штабтың, қолбасшылардың ерен еңбектерінің нәтижесі деп «жаңалық» ашты.

Және бір қосымша:

Анатолий Глазунов құрастырған (жоғарыда аталған) материалда Д. Медведев туралы да мағлұмат бар. Ықшамдап айтсам: оның әкесі – Аарон Абрамович Мендель, шешесі – Циля Вениаминова. Алайда еврей А. А. Мендель қалайда Анатолий Афанасьевич Медведев болып, орысқа айналған. Қазіргі Дмитрий Анатольевич Медведев алғашқы құжаты бойынша Давид Аронович Мендель болып, кейінде, 23 жасында, православтық христиан дініне өтіп, қазіргі аты-жөнді алған (іштей есептері болған ғой!). Ол алғаш премьер-министр болуынан (ол мәселені президент көкесі В. Путиннің шешіп қойған сөзсіз) үш күн бұрын Мәскеудегі Еврей қауымдастығы орталығына барып (әрине, онысын да көкесімен келіскен), ұлттық ханук (песах) мейрамына қатысқан және сол жерде Ресейдің бас раввині Берл Лазаревке орталықты нығайтуға, әскери раввиндер институтын ашуға, еврей білім жүйесін қолдауға сөз берген. «Антисемит» («еврейлерге қарсы») Сталинді оңды-солды жамандаушыларға Ресейде жол кең ашылғаны, олардың солақай мақалалары, кітаптары үсті-үстіне жазылып, кинолары шығарылып жатқаны түсінікті (*ол «жұмбаққа» қатысты «Сталин – благодетель евреев» деген шағын мақаланы кейінірек оқисыздар*).

Сталиннің жеке басына табыну болды. Ол құбылыспен байланысты

оқиғалар – саяси-әлеуметтік ескі жүйе мен жаңа жүйенің бірі өшу, бірі жану күресінің заңдылығы. Ондай күресте өшуге де, жануға да оңай орайласпас, адамның ақыл-ойына қона қалмас жәйттер болуы да – табиғи, өмірлік әрекет. «Сталин кім болды, не істеді?» деген ортақ сауалдың орнықты жауабы бұдан мөлшері елу жыл бұрын әділ айтылуы қажет болса да, әлі тұжырым жасалмауы да соған саяды. Сталинді ешкімнен кем білмегені баршаға мәлім Михаил Александрович Шолоховтың: **«Культ был, но и личность была!»** деген ойы зерделенген жоқ. Классик жазушы ол пікірін: **«Нельзя оглулять и принижать деятельность Сталина... Во-первых, это нечестно, во-вторых, вредно для страны, для советских людей. И не потому, что победителей не судят, а прежде всего потому, что «ниспровержение» не отвечает истине»**, деп үстеп, ағынан жарылса да, хрущевшылдар ой мен қырда қиқу салып жүр. Таққа Хрущевтан кейін отырған: Брежнев, Горбачев, Ельцин, Путин, Медведев, мысалы, жоғарыда аталған ресейлік, шетелдік тарихи тұлғалардың орынды пікірлерін, КСРО мен Ресей тарихы Сталинсіз толық бола алмайтынын ескермеді.

И. Сталин 1937-жылы, 8-қаңтарда, Кремльде немістің көрнекті жазушысы *Лион Фейхтвангерді* оның өтінуімен қабылдап, ұзақ әңгімелесіпті. Сол әңгіменің «жеке басқа табынуға» қатыстысынан үзінді (түпнұсқасы):

«Фейхтвангер. Я здесь всего 4–5 недель. Одно из первых впечатлений: некоторые формы выражения уважения и любви к Вам кажутся мне преувеличенными и безвкусными. Вы производите впечатление человека простого и скромного. Не являются ли эти формы для Вас излишним бременем?»

Сталин. Я с Вами целиком согласен. Неприятно, когда преувеличивают до гиперболических размеров. В экстаз приходят люди из-за пустяков. Из сотен приветствий я отвечаю только на 1–2, не разрешаю большинство их печатать, совсем не разрешаю печатать слишком восторженные приветствия, как только узнаю о них. В девяти десятых этих приветствий – действительно полная безвкусица. И мне они доставляют неприятные переживания.

Я хотел бы не оправдать – оправдать нельзя, а по-человечески объяснить, откуда такой безудержный, доходящий до приторности

восторг вокруг моей персоны. Видимо, у нас в стране удалось разрешить большую задачу, за которую поколения людей бились целые века – бабувисты, гебертисты, всякие секты французских, английских, германских революционеров. Видимо, разрешение этой задачи (ее лелеяли рабочие и крестьянские массы): освобождение от эксплуатации вызывает огромный восторг. Слишком люди рады, что удалось освободиться от эксплуатации. Буквально не знают, куда девать свою радость.

Очень большое дело – освобождение от эксплуатации, и массы это празднуют по-своему. Все это приписывают мне – это, конечно, неверно, что может сделать один человек? Во мне они видят собирательное понятие и разводят вокруг меня костер восторгов телячьих.

Народ у нас еще отстает по части общей культурности, поэтому выражение восторга получается такое. Законом, запретом нельзя тут что-либо сделать. Можно попасть в смешное положение. А то, что некоторых людей за границей это огорчает – тут ничего не поделаешь. Культура сразу не достигается. Мы много в этой области делаем: построили, например, за одни только 1935 и 1936 годы в городах свыше двух тыс. новых школ. Всеми мерами стараемся поднять культурность, но результаты скажутся через 5–6 лет. Культурный подъем идет медленно. Восторги растут бурно и некрасиво...».

Көріпкелдік қасиеті талай жұтты таңдантқан Вольф Мессинг, иә, соғысты бастамақшы Гитлерге: «Бастама, жеңіліп қаласың» дегені үшін қуғындалып, Германиядан жасырын қашып шығып, Польша арқылы КСРО-ға жетіп, мұнда көп жыл тұрған, қызмет істеген Мессинг Сталинмен төрт мәрте кездесіп, еркін әңгімелескен екен. Сол тұрғыда мынадай түйін жасапты:

«...Өмір мені кездестірген көптеген адамдардың арасында Сталин маған ерекше дара болып көрінді. Бойшаң емес, бірақ мен оған қараған сайын ол басқалардан әлдеқайда биікте тұрған ірі тұлға тәріздене берді. Оны қызмет дәрежесі бөлектеген жоқ, мәселе онда емес, мәселе Сталиннің өзіндік жаратылысында, даралық қасиетінде. Сталиннің жеке басына табыну кездейсоқ құбылыс деуге жатпайды, ол жоқтан бар болмады. Ондай теңдессіз аса дарынды Тұлғаға табынбау мүмкін емес».

Мессинг кейінде Хрущевпен де кездескен, ол туралы айтқаны:

«Хрущев алысты болжай алмайтын саясатшы болды, адамдарды дұрыс тани алмады, өзін өзі колпаштады. Сонысы өзінің түбіне жетті».

«Он был верующим

(Из интервью настоятеля Церкви Петра и Павла

с. Знаменка Ленинградской области иеромонаха Евстафия (Жакова)

...*О.Е.* Сталин теперь – в одной из церквей. В той, что за Стрельней, близ Петербурга. На иконе. В своей простой шинели, в какой его запомнили миллионы советских людей, смотрит на вас задумчивыми и глубокими глазами из-под густых бровей. Рядом с ним святая Матрона Московская с нимбом вокруг головы осеняет красного цезаря крестным знаменем.

Корр. Отец Евстафий, а как вообще возникла идея создать такую икону?

О.Е. Вы знаете, у нас в России полководцы часто благословлялись монахами, блаженными, юродивыми. Вот, например, преподобный Сергей Радонежский благословил полководца Дмитрия Донского на битву. И битва была выиграна. То же самое произошло в Москве осенью 41-го года. Блаженная Матрона приняла у себя очень озабоченного положением в Москве вождя Сталина. И успокоила его, сказала: «Ты один останешься в городе. Всех отправляй, город не сдавай. И не сдашь». В этом нет ничего странного. Святые люди всегда благословляли воинов, вождей. На этом стояла, стоит и будет стоять Россия. Здесь нет никакой выдумки. На этой иконе отражение того святого пути, который прошла Матрона Московская, в том числе и благословив вождя на победу.

Корр. Но ведь Сталин был атеистом.

О.Е. А откуда вы знаете?

Корр. Он возглавлял атеистическое государство.

О.Е. Мало ли кто что возглавлял. Я больше верю двум Патриархам – Сергию и Алексию I. Они считали совершенно определённо: Сталин был верующим человеком. Во всяком случае, я гораздо больше доверяю им, чем всем этим либералам и демократам...

Корр. Имя Сталина сейчас оболгано, предано анафеме. На него вылили ушаты грязи. Как вы считаете, историческая справедливость когда-нибудь восторжествует? Будет это имя у нас когда-нибудь официально оценено по достоинству?

О.Е. Вы знаете, вот когда издохнут все эти пигмеи и моськи, которые имеют свой заказ или интерес, тогда очистится атмосфера. Да, так и напишите обязательно: именно издохнут! И вокруг Сталина, наконец, начнётся почитание. Речь не идёт о его канонизации. Речь идёт именно о почитании великого вождя и руководителя, спасителя страны. Но это будет ещё не очень скоро...» (*Газета «Завтра», 2009 г.*).

Алаяк Хрущев тілін алар арғы-бергінің, үлкен-кішінің бәріне Сталинді іске алғысыз етіп күстәналай беруді тапсырған, міндеттеген. Г. Жуковты «Сталин қуған» орнына қайта қойып, өзінің сөзін сөйлетті де. Хрущевпен құшағы айқасып жүрген кезде Жуков өзінің мемуарын қайта қарап, соғыс барысында Сталин жасаған дұрыс шешімдердің біразын өзінікі етті. Қайсар Жуковтың тайсақ Жуковқа айналғандағы қылықтары *Ф. Чуевтің* кітабында және *Авиация маршалы А. Головановтың «Алыс бағыттағы бомбалаушы...»* естелігінде айтылған.

Ал бірде Хрущев К. Рокоссовскийге: «Сталинді мықтап масқаралап жазуың керек», дейді. Соғыс басталар алдында жазықсыз сотталып, түрмеде отырғызылды, кегі бар, жазады деп ойлаған ғой. Сонда К. Рокоссовский: «Никита Сергеевич, кешіріңіз, мен үшін Сталин – әулие!», депті.

Жазықсыз жапа шеккен ірі ғалымдар С. Королев пен А.Туполев те Сталинді ғайбаттамады. «Космосты игеруде, авиацияны дамытуда КСРО-ның алға шығуы – Сталиннің дұрыс талап қойып, оны орындатқанының нәтижесі» десті.

Жалақор Хрущев әйгілі XX-съезде айтқан «ақиқаттардың» арасында: Сталин майданда әскерлерді аямауға, шегінгендерін атуға, жау қолына түскендерді «сатқын» деп соттауға бұйрық шығарды деу бар. Ол рас па еді? *М. Ошлаковқа жүгінелік:* «...Сталиннің әскер басшыларына қойған төртінші талабы: «...Минаны аямаңдар, адамдарыңды аямаңдар! Соғыста қанымыз аз төгілсін десеңдер, минаны аямаңдар! Қарсыласқа жұмсар снаряд пен патрон көп болсын, адамдарыңды аямаңдар, армияның күшін сақтамаңдар!»

Соғыстан екі-үш жыл бұрын КСРО жерінде неміс жансыздары жасырын көбейіп, олар ең алдымен жұртшылықты совет билігіне қарсы қоюдың неше түрлі әрекеттерін астыртын жүргізген ғой. Гитлер

бәрібір жеңеді, неміс әскері теңдессіз күшті. Өз еркімен берілгенге тиіспейді, жақсы өмір сүруіне жағдай жасайды дегендей. Сол арандатушылық салдарынан соғыстың алғашқы айларында-ақ совет әскерлерінің майдан даласынан бейберекет шегінуі, жауға жүздеп, мындап берілуі болған. Мысалы, генерал Власов тұтас дивизиясымен жау жаққа шығып кетті (соңғы жылдары оны періштеге теңеушілер табылып жүр). Сондай сатқындықты тоқтату үшін Сталин «Бір адым да шегінбеңдер!» деген №227 бұйрығын жазды. Ол бұйрық қана емес, Ұлы Отан соғысының ұраны болды. Өйтпегенде КСРО жеңіске жетер ме еді, әлде... Осы орайда тарихшы *Б. Николаевский* былай дейді («*Құпия парақтар*» кітабынан): «1943-жылдың 16-маусымындағы мәлімет бойынша, Қызыл Армияның 2 миллион адамы жауға беріліп кеткен. Оның 1,5 миллионы қаруларын, техниканы тастамастан, полктың, дивизияның оркестрін ойнатып, тұтас бөлімдер, құрамалар күйінде барып берілген. Олар – Совет өкіметі көп ұзамай құлайды деген қауесетке сенгендер».

Бұл сорақылықтарда троцкий-тухачевскийлер насихатының «үлесі» жоқ деуге бола ма? «Совет өкіметі көп ұзамай құлайды» солардың әләуләйі емес пе?!

Сондай-ақ, гитлершілдерге тұтқын болғандардың баршасы «сатқын» ретінде жазалана бермеген. Зерттеу, тергеу барысында кімнің өз еркімен, кімнің қапылыста тұтқын болғанын анықтау қатаң талап етілген. Ресми дерекке қарағанда, фашистік лагерьден босатылған әскерлердің 70 пайызы ақталып, қайтадан қатарға қосылған... Тұтқында болған жазушы С. П. Злобинге, мысалы, «*Степан Разин*» романы үшін Сталиндік сыйлық берілді.

КСРО Қорғаныс министрлігінің Басқарма бастығы *генерал-майор А. Кириллин*: «Ұлы Отан соғысы кезінде Иосиф Сталин «жауға тұтқын болған әскерлерді сатқын деу және олардың отбасын қуғындау туралы» бұйрық берген емес. Мен ондай құжатты көрген жоқпын», деп жазды.

Осы тұста белгілі режиссер *Владимир Владимирович Бортконың* «Аргументы и факты» гәзетінің тілшісімен сұхбатына («*Ничего, кроме правды!*», 2012 г., январь) назар аударалық:

– *Сіз Сталин туралы фильм жасамақ болдыңыз. Бірақ ойыңызды орындатпады. Ол қалай, сіз не айтпақшы едіңіз?*

– Ақиқатты! Ол (*Сталинді айтады, – F. Қ.*) – ХХ-ғасырда ең көп қараланған Тұлға. Иә, Тұлға!.. Никита Хрущевтың ХХ-съездегі сөзінен бір үзінді: «Жолдастар, ол (*Сталин, – В. В.*) майданды басқара алды ма? Жоқ, ол глобусқа қарауды ғана білді!..». Міне, совет маршалдарын тәрбиелеп өсірген адам туралы осылай деді. *Енді мына «қызықты» қараңыз: Хрущев мол еңбегі бары рас Жуковты ғана неге «Жеңіс маршалы» деді? Василевский қайда? Ал жауынгерлерін сақтай біліп, қыруар іс тындырған, басқалардан әлдеқайда талантты Рокоссовский ше? Бұл «таңдау» – жеңімпаз Сталиннің бейнесін халықтың санасынан өшіру үшін оның орнын «Жеңіс маршалына» алып беруді көздеген арамзалық.*

Сталин кім? Ол – отыз жылда біздің елді оқырмандар еліне айналдырған кісі. Совет Одағындағы сауатсыздықты тез жойды!..

Бізде атом бомбасын, космосқа адам алып ұшқан ракетаны жасауды жүзеге асырған ең озық ғылым Сталиннің тұсында болды. Эйзенхауэрдың кезінде американдар «Дропшот» – «Қасқағымда құрту» жоспарын жасады, ол совет қалаларына бір сәтте 70 бомба тастау еді, өйткенде мына сіз екеуіміз сұхбаттасып отырмаған болар едік. Сталин американдардың әпігін басуды көздеді және ол ойын тез орындады!

Құғын-сүргін... иә, ол болды. Бірақ ату тізімдерінің бірде-бірінде Сталиннің жеке-дара қолы жоқ. Оның: «Никита, есірме!» деген бұрыштамасы барын да, неге екенін білмеймін, ешкім ескермейді. Ал тұтқындарға «А» категориясын – ату жазасын еселеп көбейту керекті алғаш айтқан Никита. Ол – тарихи шындық! Хрущев сол шындыққа тұтылып қалмас үшін, өзі қол қойып істеткен зұлымдықтардың ізін өшіре алатын билікке жету үшін ХХ-съезді өткізді..

Мен Иосиф Виссарионович туралы шындықты, тек шындықты айтпақ болдым. Сценарийді менімен бірге алты ғалым, ғылым докторлары, жазды. Нақты құжатқа сүйендік. Еліміздің және генералиссимустың ұлы жеңісінен – Берлинді алудан бастап, Сталин өлтірілген 1953-жылмен аяқтамақ болдық, иә, оны өлтіргендеріне ешбір шүбәм жоқ...

Біздің фильм тарихымыз туралы қалыптаса бастаған теріс көзқарасты түзету болатын еді».

...Мен сырқаттың салдарынан мектепті құрдастарымнан екі жыл

кейін бітірдім. Сол жылы «Антипарийная группа» деген сөз дүңк етіп, гәзеттер Молотов бастаған топтың коммунистік партияға қарсы қылмыс жасағандары, сол үшін қатаң жазаланғандары туралы жаза жөнелді. Орталық партия комитеті пленумының ол топ туралы қаулысы шыққан гәзетті шолып отырған әкем гәзетті жұмарлап-жұмарлап лақтырып жіберді де: «Мына таз, мына делкүл Хрущев түптеріңе жетеді! Молотовтың тырнағына татымайтын алаөкпе неме жер-көкке симай аласұра бастады! Көріңде өкіргір таз!» деді де, үйден шығып кетті. Күнде шүйіркелесіп жүрген зейнеткер, қарт коммунист жолдастарына барып, «тазды» сырттай сыбайтындарын білдім (әкемнің «көсемді» алғаш рет неліктен «таз» дегенін осы жинақтың «Н.Хрущев» тарауында айттым). Әкем де, басқа қарттар да Хрущевті жеккөрді, ал Сталин мен Молотовқа, Ворошиловқа, Буденныйға шаң жуытпайтын. Сондай ортада өскен, мектептің бастауыш сыныбында-ақ оларға арналған өлеңдер мен әндерді жаттаған мен де көсемдерді құрметтейтін болдым. Әсіресе, Иосиф Виссарионович Сталинге ден қойдым, дүние жүзін басып алуды көксеген Гитлердің омыртқасын опырған Сталин жайында тарихи шындықты іздеуді ойладым.

Одақтас басқа республикалар сияқты, Қазақстан да ондаған жыл ортақ болған сол заман, И. Сталин туралы білгенімізді боямасыз жазуға тиіспіз. Бүгінде бізде бұған мән бермеушілік үстем. «Оқу өтіп кеткен» қайсыбір қазекемдер батыстық, мәскеулік «ғұламаларға» еліктеп, Сталинді: надан, ақымақ, дөрекі, қанішер, сатқын... деп жамандауды кәсіпке айналдырды, тіпті онысын саяси сауаттылығым, өжеттігім деп ойлап, өлермендене өкіректеп сөйлейтіндер, өтірікті өндеп жазып, сонысын өздері мақтан ететіндер бар. Солардың біреуі, тіпті: «Гитлер дүние жүзін большевизм лаңынан аман сақтап қалмақшы еді» деп те көйітті. Олардың аты-жөндерін айтуды обалсынамын.

Бұған дейін Сталин хақында ештеңе жазып көрмедім, ал Мәскеу жақта шығып жатқан кітаптарды оқып жүрдім және сондағы байқағаным: аруақты алапестеуге құлшынушы «хрущевшыл саясатшы-тарихшылар» тұлантұта күйініп, өршеленіп, өтірікті көпіртіп сөйлейді, «сұмырай» Сталинмен құдды өмір бойы бірге жүріп, оның әрбір қадамын қадағалап, әрбір «қате» сөзін бағамдап, әрбір «жаман ойын» оқып дағдыланғандай дарақылана екіленеді. Ал шындығында олардың бәрі дерлік – Сталинді маңайлап көрмегендер,

көбі – бұл дүниеге бертінде келгендер, бірақ Брайн Брит жақтан естіген, масондардың «ғылыми-тарихи еңбектерін» оқыған, яғни жалған жәйттерге елігуге, еліруге жаттығып алғандар. «Еңбектері» мысал келтіруге де татымайды. Олардың рухани көсемдері – судыр Хрущев, сатқын Резун және Волкогонов, Солженицын, Млечин, Минкин, Сванидзе, Радзинский... сияқты «бәрінбілгіштер». «Құдыққа құлаған құланның құлағында ойнаушы құрбақалар» **Иосиф Сталиннің** 1939-жылдың қараша айында көрнекті дипломат **Александра Коллонтаймен** жасаған сұхбатын біле тұра білмегенсиді.

...Сталиннің кітапханасында 20 мың кітап болыпты. Әрине, сәнге емес, Молотов айтқандай, оқуға жинаған. Мәселен, қазақстандық жазушы *Иван Шуховты* («Простор» журналының Бас редакторы болған) «халық жауы» болып кете барудан сол кітапханадағы романы құтқарыпты. Қазақстандық ақын Павел Васильев «халық жауы» деп ұсталып кеткен соң, ежовшылдар оның туыстарын «түгендеген». Бажасы Шухов құғынға ұшырап, екі жылға бас бостандығынан айырған шартты жаза алған. Одан арыда түрме есігі ашыла бастағанда мәскеулік досы, әдебиет сыншысы Г. Бровман оған: – Сен онда бөгелме, Мәскеуге жет, Сталинге хат жаз, аман қалудың басқа жолы жоқ, – дейді. Шухов дереу аттанады. Бүгінде екінің бірі сене қоймас ерекше нәрсе: Кремль қақпасы тұсында, қабырғаның сыртында «И. В. Сталинге хат» деген пошта жәшігі ілулі тұрған да, оған салынған хат Сталинге тіке жеткізілетін болған. Шухов хатын сол жәшікке салады. Бірнеше күн өтіп, Шухов күдер үзе бастағанда бір күні, «Правда» гәзетінде, КСРО Бас прокуратурасының: «Жазушы И. Шуховқа қатысты іс, қылмыстық негізі жоқ болуы себепті, тоқтатылды», – деген хабары жарияланған! Кейін А. Фадеев айтқандай, Сталин Шуховтың хаты қолына тиісімен аты-жөні таныс оның «Горькая линия» романын оқығаны есіне түсіп, сөреден алып, тағыда парактап тұрып, белгі қойған тұстарына үңіліп: «Батыл жазушы!» депті.

Соған қарағанда, М. Шолохов әрекеттерін еске алғанда, Сталин: колхоздастыру, ашаршылық, «халық жауы» науқаны жылдарында жер-жердегі сорақылықтардың көбінен хабарсыз болған. Мысалы, егер Сталин қорғамаса, шыншыл Шолохов пен Шухов «халық жауы» болып кете барар еді.

Біздің Сталиннің кім болғанын анық білмеген кейбір жас «тарихшы-

жазғыштарымыз» Сталин: «айдаһар пиғылды болған», «тасжүрек болған», «мейірімнің не екенін білмеген» дегендей сан түрлі шикі ойды өргізіп жүр. Ондайларға мына бір дерек «сауап» бола алады:

Қарағанды қаласының И.Сталин атындағы аудандық милиция бөлімінің бастығы болып тағайындалған капитан Нұржан Меңісов сол тұста қаланың шырқын бұза бастаған «Қара мысық» атты бұзақылар тобын қолға түсіруге араласып, ерекше батылдығымен, тапқырлығымен танылады, қарақшылардың тобын бұғалықтайды. Бірақ қараниеттілерді жақтаушылар оның үстінен арыз айдап, ақырында 5 жылға соттатады. 1948-жылы.

Қоғам мүддесіне адал, әділ күйеуінің кінәсіз күйдірілгенін дәлелдеп ізденуге кіріскен әйелі Дәния облысқа, республикаға сөзін тыңдата алмайды да, ақырында Мәскеуге аттанып, И. Сталиннің алдына жетеді. Сталин оның шағымымен танысып, иланып, күйеуінің дереу босатылатынын, ақталатынын айтады. Сол сәтте Дәния талықсып, құлап түседі. Нұржанының Итжеккеннен (Сібірден) аман-есен ораларына қуанышы қатты толқытса, айы-күні жеткен толғағы да қабаттасқан екен.

Дәния Кремль ауруханасының перзентханасына жеткізіледі, босанады. Сөйтіп, Кремльде кіндігі кесілген ұлына «Қайсар» деп ат қояды. Күтімдері келіскен ана мен сәби әбден тыңайғаннан кейін Сталиннің тапсыруы бойынша Қарағанды қаласына әскери ұшақпен жеткізіледі. Ғажап!..

Бұл оқиғаны қарағандылық Қайрат Әбілдиновтің «Кремльде кіндігі кесілген» деген жазбасынан оқып білдім (*«Егемен Қазақстан» газеті. 2016-жыл, қаңтар*). Ал бұдан да нені аңғаруға болады?

1. Жүз мыңдаған нұржандардың тағдыры жергілікті әпербақандардың тәлкегіне ұшырап жатты.

2. Сталин көзі жеткен әділетсіздікті дереу тиып отырды.

3. Сталиннің мейірімділігіне көзіміз жетті. Егер Сталин кабинетінде толғата бастаған әйелді жирене меззеп: «Алып кетіндер!» дей салса, Дәния қала перзентханаларының біріне апарылар еді, онда нәрестесі ширағанша жата алмас еді және еліне арнаулы әскери ұшақпен қайтарылмас еді. И. Сталиннің өмірі жайында әділ жазылған кітаптарда оның осындай адами мейірімділігін паш еткен дерек мол.

Осы бір ғажап деректі тауып, оқырман қауымға ұсынған Қайратқа

рахмет! Бірақ онда да Сталинді «қатыгез», «тасжүрек»... деп беталды кекеп-шалып отыратын әдет бар екен, – «сынықтан басқаның бәрі жұғады».

...Иосиф Виссарионович Сталин кезеңі туралы әділетті кітаптарды, ғылыми мақалаларды оқығаннан түйгенім:

1. Егер ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жүргізілмесе, гитлершілдер тұтқиылдан баса-көктеп кірген кезде Совет Армиясы сыртқы жау оғына қоса аштықтан да қырылар еді. Себебі: жекеменшік мал мен астықтың иелері – байлар мен кулактар Армияға ештеңе бермес еді. Олардың бәрі дерлік Совет өкіметіне қарсы болды. Ол қарсылықтан Азамат соғысы кезінде көп тауқымет тартқан Совет үкіметі ондай жағдай қайталана қалса (гитлерлік фашизмнің КСРО-ға қаскөйлігі біліне бастаған), бармағын тағы шайнамас үшін қамданып, колхоз-совхоз ұйымдастырып, азық-түлік мәселесін шешті. Азық-түлік қана ма, колхоз-совхоздарымыздың: «Бәрі де майдан үшін! Жеңіс үшін!» деп ақша, тон, пима, малақай жинап жіберіп жатқандарын аудандық гәзеттен оқитынбыз. Өзіміздің колхозда көрдік те.

2. Жалпы өнеркәсіпті дамытуды, оның ішінде қару-жарақ жасауды жедел және өте қатаң тәртіппен жүргізу де өмірдің талабы еді. Совет Одағының екінші дүниежүзілік соғысты бастаған гитлерлік фашизмге, атом бомбасын жасап есірген американ империализміне жем болмағаны – соларға қайыра соққы бере алатын қуатты елге айналғандығының арқасы! Кімнің басшылығымен? «Соқалы Ресейді атомды державаға айналдырған» кім? Бұл сауалдарға бүгінде орта мектептің зерделі шәкірті де жауап бере алады.

Совет Одағында ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, «халық жауын әшкерелеу» науқандары көп жерде «үрритсок!» болғанына бірер мысалды жоғарыда айттым. Енді оған қосарым: мемлекеттік тиісті мұрағаттардан жазушылық, ғалымдық жұмыстарына қажет құжаттарды іздеген аға қаламдастарым, мәселен, Қалмұқан Исабаев пен Тоқтар Бейісқұлов: «Сол кездегі КГБ-ның құпия мұрағатындағы құжаттар қазірде жарияланар болса, онда біздің бүгінгі көптеген ағайындар: «Әй! Менің әкемді сенің әкең айдатыпты!.. Менің атамды сенің атаң аттырыпты!» деп қырықпышақ болар еді. «Халық жауы» науқанын қыздыруда қазекемдерге Орта Азияда, әй, ешбір халық жете алмаған шығар. Бірінің үстінен бірі Мәскеуге небір сұмдық арызды айдай

берген. Сөйтіп бірін бірі тұтқындатқандар бұрыннан іштей қыжылы барларға да жала жауып, өздерімен бірге алып кете беріпті, айтуға да жиіркенішті!» десті. Рухани сорлылық болғанына менің де көзім жеткен. Әрине, әлдебір мәселеде Кремльмен тәжікелескен бірнеше арысымыздың құрбан болғандары – әлі де шындығы ашыла қоймаған бөлек мәселе, ал олар, меніңше, Мирзоян сұмның билігі тұсында жазықсыз жазаланғандардың 0,1 пайызы ғана шығар. Басқалары, иә, өз ішіміздегі «жаппай әшкерелеушіліктің» құрбандары – құрманбайлар...

Марқұм И. В. Сталинге зымиян Хрущев бастап жапқан жала – шылғи өтірік! Хрущевтің СОКП XX-съезіндегі «құпия баяндамасында» өлі Сталинге таққан 61 айыптың бәрі де жалақорлық екенін тарихшы ғалым, Монтклер университетінің (АҚШ) профессоры *Г. Ферр* «Сталинге қарсы нақұрыстық» деген кітабында дәлелдеп берген.

Иә, қайырыла еске алсам: біздің тарихшылардың, саясатшылардың, ақын-жазушылар мен журналшылардың біразы Хрущевтың иен қалған аңғал-саңғал «қорасынан» шыға алмай, тіпті шыққылары келмей де жүр. Олар «көкелерінің» XX-съездегі былапыт баяндамасы мен хрущевшылдардың «зерттеуін» малданып, соларды уағыздап әуре. «Сталин адам өмірін шыбын ғұрлы көрмеген»; «Қазақ үшін Сталиннің еш жақсылығы болған жоқ»; «Сталиннің мақсаты қазақты қырып, байлығын тартып алу болған», «Н.Хрущевқа рахмет!» дегендер де бар. Олары – КСРО-ның арғы-бергі тарихынан хабардар студент те айтуға ұялатын «білгіштік». Бір ақынымыз: Сталиннің орысша тәрбие алғанын, орысша жазғанын, орысша ойлағанын, өзін орыспын дегенін, тіпті түсті де орысша көргенін баяндап (орысша түс көргенін қалай біліп жүрді екен?!), көк езу Хрущевтың Сталинге қазақ халқы жайында «айтқанын» ғажап дерек етіпті. «Жүгеріші көсемнің» көп өтірігінің бірі былай еді: «Мен Сталинге: «Қазақ халқының халы ауыр, аштан қырылу қаупі бар», деп едім, ол: «Сол сары пәлекеттерден сөйтіп құтылмай болмайды» деді» депті Хрущев. Өзі дүлейлене атын қойған Целиноградқа келгенде көлгірсіп көйіткен көп өтірігінің көбігі! Сірә, біздің «оқымыстылар» да суайттың сол сухитын малданған шығар. Ақын да «көсемдерінің» сол 1932-жылы қайда, кім болғанын білуді керек етпепті. Керек етсе, Мәскеу қалалық партия комитетінің 2-хатшысы, Қазақстанда болмаған, қазақтарды білмеген Хрущевтің 1-хатшыдан аттап өтіп Сталинге барып, қазақтардың қамқоршысы

болып сөйлей алмағанын білер еді. Ол кезде «Наш Никита Сергеевич» (Хрущевтің билігі жылдары жағымпаздар шығарған фильмнің аты) Мәскеудің асты-үстінен «халық жауларын» итше тіміскілеп іздеп, аласұра қара тізім жасаудан қолы босамай жүрген. Ол «кәсібін» дерекке сүйене жоғарыда айттым.

Сталин ешбір құжатында «ұлтым – орыс; ана тілім – орыс тілі» деп жазбаған, яғни өз ұлтына сатқындық жасаған емес. Ал халықаралық деңгейдегі әңгіме-айтыстарда: «біз, совет халқы...», «біз, орыстар...» деген сияқты сөзтіркестерін қолданған. Негізі Ресей, орыс халқы болған Совет Одағын басқарып отырған Сталин мемлекеттің, халықтың атынан сөйлеген кездерінде өзінің грузин екенін ескертіп отыруға тиіс пе еді? Ол 1945-жылы 25-мамырда әскери қолбасшыларды қабылдап, соғыс, жеңіс жайындағы әңгіме барысында қолбасшыларды қошеметтеп, сөзін соғыстың негізгі ауыртпалығын көтерген орыс халқына алғыс айтумен аяқтады. Тебіреніп, толқып кеткен маршал П. Рыбалко бір әредікте Сталиннің жанына барып: «Жолдас Сталин, сіз жаңа орыс халқы туралы жақсы айттыңыз. Сіз, грузин болсаңыз да, орыс халқының болмысын қапысыз біледі екенсіз», – дейді. Сонда Сталин: «Мен – грузин текті орыспын», – деген.

Ал Сталин қазаққа өш болды, қырып тастап, жерін алуды көздеді деу, жүгеріші көкесінің: «Сол сары пәлекеттерден сөйтіп құтылмай болмайды» деді» дегеніне сену – маскара!..

Біздің бүгінгі «білгіштерге» Сталиннің адами қарапайымдылығына, кешірімділігіне қатысты деректерге де бір уақ ой жібере жүру теріс болмас еді. Бірер дерек:

«...Сталинде билікшіл дойырлық, өктемдік, төзімсіздік болған жоқ. Ағаттығына қарай, әрине, сыбағанды беретін. Артиллерия маршалы Н. Д. Яковлев мынадай бір естелік айтты: Соғыс кезі болатын. Сталиннің кабинетінде мәжіліс құрып отырғанбыз. Есік ашылып, Ставкаға шақырылған әскери командир көрінді. Аяғын тәлтіректеп басады, мас. Біз қайран қалдық. Ол үстелге әуірімдеп жетіп, сүйене тоқтады.

– Сырқаттанып қалғансыз ба? – деді Сталин, жұмсақ үнмен.

– Иә, – деді генерал, ықылық атып.

– Онда ертең кездеселік, – деп Сталин генералды қайтарып жіберді. Есік жабылған соң Сталин, өзімен өзі сөйлескендей раймен:

– Жаңағы жолдас жақсы басшылығы үшін марапатталған. Ставкаға

шақырылатынын, әлбетте, білмеді. Марапатқа қуанып, «жуған» ғой. Яғни әлгіндей күйде келгені оншама өрескелдік емес шығар, – деді (*Михаил Ошлаков*)».

Бірде сайлаушыларымен әңгімелесіп отырғанында алған жазбаша сұрақта: «Жолдас Сталин, сіз шет елдерге неге шықпайсыз? Уақытыңыз жоқ па, әлде денсаулығыңыз мүмкіндік бермей ме?» делініпті. Сталин жымыып: «Уақыт та бар, денсаулық та бар, бірақ әке-шешем қыдыруыма керек ақша қалдырып кеткен жоқ» депті.

Француз жазушы *Анри Барбюстың «Сталин» атты кітабындағы* қызық жәйт мынау:

«...Шіркеулер мен сарайлар көрмесіне ұқсас Кремль ауласындағы салтанатты сарайдың бір бұрышында көзге қораш үшқабат үй тұр. Әдейілеп іздеп барғандар болмаса, басқалар елерлік емес. Онда бұрын патшаның жұмысшылары тұрыпты. Бүгінде Сталиннің пәтері. Жай ғана асхана сияқты. Астыңғы бөлменің үш терезесінің де шымылдықтары жұқа ақ шүберектен тігілген. Кіреберістегі дәлізде әскер шинелі мен бас киімі ілулі тұрғанын көрдім. Асүй сопақша, оған тамақ кейде кремльдік асханадан әкелінеді екен, кейде осында пісіріледі екен. Мәзірі онша мәз емес. Капиталистік елдерде мұндай жұпыны пәтерде орта шенді қызметкер де тұрмайды. Бөлмеде құйтақандай ұл ойнап жүрді. Кіші ұлы екен. Оның іргелес, қуықтай ғана бөлмеде ұйықтайтынын білдік. Үлкен ұлы Яша асүйде жатады екен...».

Ресми құжаттан көшірме:

«...5 марта 1953 года в 22 часа 30 минут, я, комендант Ближней дачи Орлов, старший прикрепленный Старостин, помощник Туков, сотрудник Бутусова составили опись личного имущества товарища Сталина И. В. по указанию товарища Берия Л.П.

1. Блокнот для записей, в обложке из кожи серого цвета;
2. Записная книжка, кожаная, красного цвета;
3. Личные записи, пометки, составленные на отдельных листках и отрывных листках. Пронумеровано всего 67 листов (шестьдесят семь);
4. Общая тетрадь с записями, обложка красного цвета;
5. Трубки курительные – 5 шт. К ним: 4 коробки и спец. приспособления, табак. В кабинете товарища Сталина: книги, настольные принадлежности, сувениры не включены в список. Спальня и гардероб:

6. Китель белого цвета – 2 шт. (На обоих прикреплена звезда Героя Социалистического Труда).

7. Китель серый, п /дневной – 2 шт.;

8. Китель тёмно-зелёного цвета – 2 шт.;

9. Брюки – 10;

10. Нижнее бельё сложено в коробку под № 2.

В спальне была обнаружена сберегательная книжка, в ней записано 900 рублей. *(Подписи.)*».

Енді салыстырма «қызық» үшін мынау құжатқа үңілейік:

«Сов. секретно. Секретарю ЦК ВКП (б) тов. Сталину. На инвентарных складах коменданта Московского Кремля хранился в запертом виде несгораемый шкаф покойного Якова Михайловича Свердлова. Ключи от шкафа были утеряны. 26 июля с/г этот шкаф был нами вскрыт и в нем оказалось:

1. Золотых монет царской чеканки на сумму сто восемь тысяч пятьсот двадцать пять (108 525) рублей.

2. Золотых изделий, многие из которых с драгоценными камнями, семьсот пять (705) предметов.

3. Семь чистых бланков паспортов царского образца.

4. Семь паспортов заполненных на следующие имена:

а) Свердлова Якова Михайловича

б) Гуревич-Цецилии Ольги

в) Григорьевой Екатерины Сергеевны

г) княгини Бярятинской Елены Михайловны

д) Ползикова Сергея Константиновича

е) Романюк Анны Павловны

ж) Кленочкина Ивана Григорьевича

5. Годичный паспорт на имя Горена Адам Антоновича

6. Немецкий паспорт на имя Сталь Елены.

Кроме того обнаружено кредитных царских билетов всего на семьсот пятьдесят тысяч (750 000) рублей.

Подробная опись золотым изделиям производится со специалистами. Народный комиссар внутренних дел Союза ССР (Ягода) 27 июля 1935 г. №56568».

Кімнің халыққа қызмет еткені, кімнің өзін ғана ойлағаны осындай деректен-ақ білінбей ме?!

Бұл мақаламды оқыған үлкен-кішінің кейбіреуі, әсіресе хрущевтық насихатқа бодан болып жүргендер мені, иә, «сталиншіл» деулері мүмкін. Мейілдері. Ал мен кім туралы болсын, әсіресе, қайталап айтайын, КСРО-ны билеген адамдар туралы азды-көпті сөздің, мейлі мақтау, мейлі даттау делік, әрқашан нақты деректі болуын қалаймын. Керісінше болса, ол – тарихқа қиянат. «Кеңестік дәуірде билеген адамдар» дегенде Қазақстанды да, КСРО-ны да басқарған Л.Брежевті «таңдамадым». Ол жарықтық ешкімге еске ала айтарлық пайда-зияны болмай, орден жинау, орден үлестірумен кете барды. Б.Ельцинді де қаламадым, оның да «құбыласы» АҚШ жақ болғаны мәлім.

И. Сталиннің «қателері, қатыгездігі, жауыздығы, т. б.» туралы мен де аз естіген жоқпын. Жастық, сенгіштік шағым «таз» Хрущевтың тұсына сәйкес келді. Оның «құпия баяндамасын» облыстық гәзет редакциясында, партия жиналысында, көппен бірге тыңдадым. Коммунист ағаларымыз өзара әңгімелерде ол баяндамаға сенбейтіндерін айтып жүрді. Сол пікірлер және әкемнің «таз» туралы сөзі ықпал еткен болар, мен де сенбедім. Ал кейінде «көсем» бола қалған Хрущевтың өзімен ымыраластардан комиссиялар құрып, КСРО-ның Орталық, партиялық, тарих мұрағаттарын ойрандаттырғанын, Сталиннің аруағына әдейілеп қара күйе жағып, тарихты қайтадан жаздырғанын Г.Феррдің кітабынан, В.Бортконың сұхбатынан оқып, Сталин туралы теріс сөздерді малданбауым, Хрущевтың өтіріктерін хрущевшылдарға қосыла қайталамауым жөн болар деп түйдім. И. Сталинді даттамағаным сондықтан. Жоғарыда аттары (кітаптары да) аталған білімді, әділетті тарихшы-жазушылардың, олардан басқа да он шақты автордың деректі кітаптарын оқығаным да себеп болды. Әсіресе, алаөкпе Хрущевтың 61 өтірігін жайып салған Г.Феррдің еңбегі маған күшті әсер етті. Егер Сталин жайында естіген жамандықтардың қайсысын жазсам да, Хрущевтың миллиондардың санасын улаған, әлі де улап жатқан 61 өтірігінің қайсыбірін қайталаған «хрущевшыл» болып шықпаймын ба? Әрине.

...Елді тез өркендету мақсатын Сталин былай деп анық айтқан-ды:

«Біз алдыңғы қатардағы елдерден 50-100 жыл артта қалып қойдық, бұл қашықтықты **он жылда** жүріп өтуіміз керек. **Не біз жүріп өтеміз, не олар бізді таптап тастайды**» («Шаруашылық міндеттеріміз туралы».

1931-жылы 4-ақпанда социалистік өнеркәсіп қызметкерлерінің бүкілодақтық 1-конференциясында сөйлеген сөзінен).

Осы тұжырымы туралы сталиншіл еместерден бір пікір:

«...Ол дұрыс айтты. Он жыл, яғни 1941-жыл. Егер ол пенделік көзқарас бойынша тым қымбатқа түскен, бірақ мақсат-мүдде тұрғысында тендессіз күш-қайрат жұмсамаса, біз бүгін **Освенцим дәуірінде** жүрген болар едік. Роже ГАРОДИ, француз ғалым, жазушы, қоғам қайраткері».

Бұл үзінділер Б. Соловьев пен В. Суходеевтің «Басқолбасшы Сталин» атты кітабынан алынды.

Енді профессор С. Лопатниковтың: «...албастылар» дегеніне орай, сіздерге төмендегі хаттарымды қоса ұсынғым келді:

Редакция газеты «Правда».

Хочу помочь г-ну Радзинскому Э.

Недавно на странице газеты «Взгляд» был опубликован интервью ученого писателя Э. Радзинского, который начинал свое всезнание со словами: «Десталинизация произойдет, когда перестанет действовать любимый лозунг Сталина «кто не с нами, тот против нас». После еще сказал о Сталине: «Он же нарочно разговаривал матом, об этом и Светлана Аллилуева пишет».

Интересно?

У меня возникли следующие вопросы:

1. Я что-то не слышал и не читал, что у Сталина был такой «любимый лозунг». Поэтому позволю себе подсказать г-ну писателю-историку источник его «находки»: Это – слова Христа из Евангелии от Матфея «Кто не со Мною, тот против Меня», чего использовал В. Ленин в 1919 году, адресовав не поддержавших пролетарскую революцию социал-демократам: «Кто не с нами, тот против нас».

2. Я читал мемуары многих знаменитых политических, военных деятелей, ученых, писателей, артистов, которые лично были знакомы со Сталиным или какое-то время работали вместе с ним или под его руководством, и никто из них ни разу не сказал, что Сталин разговаривал матом. О «дурных привычках» Сталина любят распространяться те, которые видели его только с трибуны мавзолея или с телеэрана. У нас, у казахов есть поговорка: «Если хочешь быть

всеми узанным, пускай «красного петуха». То есть, – пожар. Этим, по-моему, занимались солженицины, волкогоновы, занимаются резуну, млечины и прочие. Вот и господин Радзинский.

3. Г-н писатель делал ссылку на слова С. Аллилуевой. Я очень сомневаюсь, что книгу полностью писала она. Я думаю, когда она просила у правительства СССР разрешения выехать за границу на постоянное место жительства со своим мужем-иностранцем, то это было для Хрущева манной небесной, и он вынудил ее, бог знает какими методами, «дописать» в своей книге «кое-что», нужные «для партии и народа». Разумеется, кто-то из штатных писак помог ей «сосредоточиться, вспомнить».

По поводу похорон Надежды Аллилуевой правду сказал Артем Сергеев, который вместе с Василием Сталиным поднимали гроб, и ясно видел страдания Иосифа Виссариновича (*газета «Завтра», 26. 04. 2006 г.*).

Пожалуй, г-н писатель знает все это, однако «принципиально» не смотрит в глаза правды.

В последние годы много сплетни-легенды пишутся про покойного Сталина. Идет что-то вроде соревнования между антисталинистами под флагом «Да здравствуют блог Хрущев-Солженицын!». Их в прошлом году в интервью с корреспондентом газеты «Известия» вдохновлял президент РФ г-н Д. Медведев. Тот сказал: «Сталин – преступник!». Кто преступник, кто нет, ведь определяет только суд?! Этого неужели не знал президент, притом с дипломом юриста? Или он считал и считает себя Верховным судом Российской Федерации?!. Ну когда так поступает президент страны, чего нормального ждать-то от резунов, радзинских?!

Вот о чем я хотел сказать г-ну Э. Радзинскому в порядке помощи.

Еще я советую ему полистать книги: Е. Прудниковой, Ю. Мухина, Г. Ферра, Ю. Жукова, С. Кремлева, О. Каратаева, А. Яковлева, Д. Голованова, Ю. Емельянова, А. Мартиросяна, Р. Баландина, М. Ошлакова и других порядочных историков, если он старается быть более грамотным писателем-историком. Да, еще – пусть прочитает «Беседа И. В. Сталина с А. М. Коллонтай (1939 год).

Габбас КАБЫШУЛЫ,

журналист-писатель.

Алматы. Казахстан. 16. 04. 2012 г.

**Президенту Российской Федерации
господину ПУТИНУ В.В.**

Уважаемый Владимир Владимирович, заранее поздравляя Вас с Днем Победы, желая всего доброго, решил сказать:

1. Последние годы и у нас, в Казахстане, появились всякие «знатоки», которые и устно и письменно отрицают значения Октябрьской революции, Победы над фашизмом, роли Ленина, Сталина. Публикуются статьи, прочитав которых, можно подумать, что выступают адвокаты мертвого Гитлера вроде предателя В. Резуна («В.Суворова»). Авторы этих писанин утверждают, что Октябрьская революция 1917 года уничтожила историческую, культурную, цветущую Россию; Ленин был агентом немецкой империи, он и организовал резню Октября; Сталин был врагом СССР, по его плану в 1937-1938 годах уничтожен 60 миллионов, а в начатой им войне против доверчивого Гитлера – 40 миллионов советских людей. Это же ложь?! Они призывают уничтожить все памятники, книги советского периода. Авторами этих грязных статей и лозунгов в основном являются российские писаки, неизвестные нам. Местные их «ученики» стараются не отставать от своих «учителей».

Антисталинистам помогают и некоторые телеканалы России.

16 февраля с. г. у нас, в г. Алматы, по телеканалу РФ была показана передача по поводу создания кинофильма «Ликвидатор». Я не знал, что будет такая передача и, к сожалению, успел посмотреть, слушать последние 3-4 минуты. Седой, почтенного возраста мужчина, с книгой в руках, говорит: «Уважаемые, от факты никуда не денемся, так называемое «дачное дело» с Маршалом Жуковым было, вот послушайте...», – он начал читать, но в этот момент вскакивал со своего места один очень взвинченный мужчина лет примерно 55, и, грубо перебивая его, стал раздраженно ахаивать Сталина, восхвалять Жукова. Он говорил так энергично, так быстро, – мне показалось, что его рот превратился в дуло автомата и стреляет. Фамилия этого «автоматчика», как я после выяснил, Млечин. Сказали, что он – историк. Неужели?! По его утверждению, «дачное дело» Жукова было спровоцировано НКВД, по капризу Сталина, который якобы хотел избавиться таким путем от Жукова, добился своего и отправил его в Одессу, «Маршал Победы» оказался в опале. Я не вольно удивился

тому, как историк Млечин пренебрегает исторические факты. Правда ведь в том, что вещизм Г. Жукова, то есть, привоз им из Берлина слишком много трофеев, доказан актом созданной Политбюро ЦК КПСС комиссии. Если И. Сталин «боялся, не мог противостоять «Маршалу Победы», искал факты против него», то на основе того акта он мог бы освободить Жукова от занимаемой должности и отдать под суд. Ан нет, как известно от правдивых документальных книг на темы ВОВ, Сталин познакомился с актом и сказал: «Товарища Жукова не трогать!».

По поводу «доказательства» Млечина – «провоцирования НКВД» – у меня возникли следующие вопросы:

Когда Хрущев предлагал Рокоссовскому написать очернительную статью против Сталина, тот ответил: «Извините, Никита Сергеевич, не могу. Сталин – для меня святой». Может быть это – тоже результат провокации НКВД?

Когда Жуков говорил: «Очень хорошо сказал Михаил Шолохов в интервью газете «Комсомольская правда» в дни 25-летия победы над фашистской Германией: «Нельзя оглуплять и принижать деятельность Сталина в тот период. Во-первых, это нечестно, а во-вторых, вредно для страны, для советских людей, и не потому, что победителей не судят, а прежде всего потому, что «ниспровержение» не отвечает истине». К этим словам М. А. Шолохова вряд ли можно что добавить. Они точны и справедливы. Верховный Главнокомандующий сделал все возможное, чтобы Ставка, ее рабочий аппарат – Генеральный штаб и Военные советы фронтов стали подлинно мудрыми и искусными военными помощниками партии в деле достижения победы над фашистской Германией». Может быть это – тоже что-то от НКВД?

Вы, Владимир Владимирович, как первое лицо России, должны, обязаны перед будущими поколениями русского народа сегодня официально пресечь всякие болтовни и писанины резунов-млечиных-автархановых-сванидзе-радзинских и других, которые пачкают историю России. Мне думается, что нужно создать комиссию из честных ученых-историков, для того чтобы не допускать появления статей, книг, кинофильмов, искажающие истину по хотению лжепатриотов России.

2. Я думаю, что следует восстановить прежние названия городов

Ленинграда, Сталинграда. Ведь они – символы Великой Победы СССР и России над врагом человечества – над гитлеровским фашизмом! Санкт-Петербург (хотя бы называли по-русски – Петроград!), Волгоград разве не вычеркивание Ленинграда и Сталинграда из истории второй мировой войны 1941-1945 годов?! Не это ли были нужны врагам Победителя?!

Господин президент Российской Федерации, я тоже нисколько не сомневаюсь в том, что Вам известны оценки роли И. Сталина в создании СССР, в Победе ВОВ, например: У. Черчилля, А. Керенского, де Голля, Г. Жукова, Патриарха Москвы и всея Руси Алексия, писателя И. Бунина и многих других, а также высказывание самого главного фашиста Гитлера о личности И. Сталина.

Еще раз с наступающим Великим праздником – с днем 70-летия Победы!

Габбас КАБЫШУЛЫ,

писатель.

Алматы. 21. 04. 2015 г.

* * *

Түйін: Тарих ақиқатты ғана қажет етеді. Жасырын троцкийшіл болғаны даусыз Хрущевтың, оның қолтығына кіргендердің, оның өсек-өтірігіне әлі де бас шұлғып жүргендердің Совет Одағы, Ресей және Қазақстан тарихтарын «түзетулеріне», В.Ленин мен И.Сталиннің аттарын өшіруді көксеулеріне бүгінгі бізден әлдеқайда білімді, әділ болар ертенгі ұрпақ қосылмайды, жүзі өткір шындықты ардақтай алады деп сенемін.

Бір ескерту. Бұл мақаламда КСРО халық шаруашылығының барлық саласында: Сталинге дейін, Сталиннің кезінде, Сталиннен кейін қандай хал-жағдай болғанын салыстырып айту ниетім болып еді, өйтсем, – ол өте ауқымды болып, бас-аяғын жинай алмай қалады екенмін. Сондықтан көп жыл КСРО Қаржы министрі болған А.Зверевтің «Сталин және ақша» деген кітабынан мына жолдарды келтірейін:

«Замечу, что после того, как в 1947 г. был стабилизирован рубль и цены, началось планомерное и ежегодное снижение цен на все товары, и рынок СССР становился всё более ёмким и ёмким, промышленность и сельское хозяйство крутились на полную мощность и непрерывно наращивали производства...»

Исходя из этого, Совет Министров Союза ССР постановил:

1. Прекратить с 1 марта 1950 года определение курса рубля по отношению к иностранным валютам на базе доллара и перевести на более устойчивую золотую основу, в соответствии с золотым содержанием рубля...

3. Установить с 1 марта 1950 года покупную цену Госбанка на золото в 4 рубля 45 копеек за 1 грамм чистого золота.

4. Определить с 1 марта 1950 года курс в отношении иностранных валют исходя из золотого содержания рубля... 4 руб. за один американский доллар вместо существующего – 5 р. 30 коп.

Вдумайтесь, на что посягнул Сталин – на святая святых США, на их базу для паразитирования, на доллар! Ведь благодаря тому, что в международной торговле универсальной валютой является доллар, США имеет возможность всучивать миру крашеную бумагу с портретами своих президентов вместо реальных ценностей. А Сталин не то что отказался использовать доллар во всё расширяющейся международной торговле СССР, он даже оценивать товары в долларах прекратил. Можно ли сомневаться, что для США он стал самым ненавистным человеком?..».

Иә, 1947-жылдан бастап әр жылы көкек айында азық-түлік, дүние-мүлік атаулының бәрі айтарлықтай арзандатылып отырғаны елдің еңсесін көтеруде ерекше игілікті шара болды. Ол дәстүр биік таққа біліксіз Хрущев шығып алғаннан кейін тиылды. 1 рубльдің көлеңкесінде 90 тиын болып, амалы құрып тұрған доллар жұлқынып алға шығып, рубльді енді ол көлеңкесінде қалдырып кете барды... 1993-жылдың күзінде біздің теңгенің «жөргегіне» де төне қарады. Әуелде 4,5 теңге болған 1 доллар 2017-жылдың маусымында 325 теңгені ұстады...

Жә, делік те, енді Н. Ф. Хохловтың «Сталин күлкісі» жинағынан үңілетік:

Бедел мен атақ

Соғыс біткелі біраз уақыт болған. Өзіне генералиссимус атағын беру туралы ұсынысымызды естігенде Сталин тұнжырай қалды. Саяси бюроның мәжілісі басталған-ды. Жуков, Василевский, Рокоссовский және мен бармын. Сталин бірден бастартты. Біз де табандап отырып

алдық. Мен екі рет сөз алдым. Шынайы ықыласыммен сөйлеп, ол атақтың берілуі өте орынды екенін айттым. Орыс армиясында үлкен жеңістерге жеткен, соғысты зор абыроймен аяқтаған Басқолбасшыға бұл атақты беру үрдісі баяғыдан бар дедім.

Сталин біздің сөзімізді қайта-қайта бөліп, «Отырыңыз» дей берді де, үшінші жақта сөйлеп кетті:

– Сіздер Сталин жолдасқа генералиссимус атағын бермекшісіздер. Ол Сталин жолдасқа керек емес. Сталин жолдас та онсыз да бедел бар. Бедел бере түсер атақ сіздерге керек. Сталин жолдасқа бедел үшін ешбір атақ қажет емес... Сталин жолдас – генералиссимус! Па, шіркін!.. Чан Кайши – генералиссимус, Франко – генералиссимус. Сталин жолдасқа жақсы орта табылды, айтар жоқ. Сіздер маршалсыздар, мен де маршалмын, әлде мені араларыңыздан алыстатқыларыңыз келді ме? Маған атақтың енді не керегі бар? Кәне, түсіндіріңіздерші!

Біз сұрағына жауап табылар тарихи кітаптарды, жоғары лауазым-атақ жайындағы жазбаларды әзірлеп ала барғанбыз, түсіндіріп бақтық. Орыс армиясы тарихында бұл атақты Меншиков, Суворов және екі адам алғанын айттық. Рокоссовский: «Мен де, Сіз де – маршалдармыз, яғни Сіз маған ұрса да алмайсыз», деді әзіл астармен. Сөйтіп, ақырында Сталин келісімін берді (*Маршал И. Коневтің естелігінен*).

Бағалау

Сталин артиллерия конструкторы, даңқты «Катюшаны» жасаған И. П. Гравені 1943-жылы шақырып алып:

– Сіздің зеңбіректеріңіз елімізді аман сақтап қалды. Сізге Социалистік Еңбек Ері атағын берсек пе екен, әлде Сталиндік силық лайық па? – депті.

– Жолдас Сталин, маған бәрібір ғой.

Екеуі де берілді.

Күнең емесін

1943-жылы КСРО Мемлекеттік гимнінің қабылдануы құрметіне Үлкен театрдың ложасында салтанат болды. Сталин гимн авторлары С.В.Михалков пен Эль-Регистанды екі жағына алып отырды. Эль-Регистан бокалын көтере түрегеліп, Сталиннен тост айтуға рұхсат сұрады. Сталин: «Рұхсат» деді.

– Мен бізбен бірге жұмыс істескен: Ворошилов, Молотов, сондай-ақ Сталин жолдастар үшін алып қоямын, – деді Эль-Регистан.

– Соңғы аты-жөннен бастауыңыз керек еді, – деді А. С. Щербakov. Эль-Регистан абыржып, ақтала бастап еді, Сталин жымиып:

– Құлаққағыс жасауға бола ма?.. Чеховтың купец туралы бір әңгімесі бар. Ғибадатхана салуға ақшаны басқалардан әлдеқайда көп берген бір купецтің аты-жөні гәзетте тізімнің ең соңына жазылыпты. Оған купец ренжіпті. Ал мен купец емеспін ғой?

Жалғызаяқ

Сталин 1946-жылы Әскери теңіз флоты комиссарының орынбасары И. С. Исаковқа телефон шалып:

– Жолдас Исаков, Сізді Әскери Флот Бас штабының бастығы етіп тағайындау ойымыз бар, не айтасыз? – дейді.

– Жолдас Сталин, мен жалғызаяқпын ғой?

– Соны кемшілігім дегеніңіз бе?

– Айтуға тиіспін.

– Штабты басқартқан кісіміздің басы жоқ болып шықты, ал Сіздің аяғыңыздың ақауы ештеңе етпес.

Ескі-құсқысы қайтарып берілсін

Соғыстан соң Берлиннен оралған бір генерал-полковник Басқолбасшыға қызмет жайынан мағлұмат беріп отырады. Сталин мақұлдаған раймен тындап, басын изеп те қояды. Айтарын айтып болған генерал-полковник қипақтай бастайды.

– Басқа бір шаруа айтқыңыз келіп отыр ма? – дейді Сталин.

– Иә. Бір өтінішім бар. Мен Германияда біраз нәрсе алып едім, соларды бақылау пункті өткізбей, ұстап қалды. Соларды... өзіме қайтартып бергізсеңіз.

– Бергізуге болады. Рапорт жазыңыз, бұрыштама соғып берейін.

Рапорт жазылады. Сталин бұрышына: «Полковникке ескі-құсқысы қайтарып берілсін. И. Сталин» деп жазады. Өтініш иесі:

– Жолдас Сталин, қате жазылыпты. Мен полковник емеспін, генерал-полковникпін ғой? – дейді.

Сталин қорқорын бірер сорып, мырс етіп:

– Жоқ, жолдас полковник, дұрыс жазылды, – депті.

Орнына қойыңыз

Каганович сәулетші Боровскийді шақырып алып, Василий Блаженный ғибадатханасын бұзуды бұйырады. «Дұрыс тұрған жоқ, Қызыл алаңға парадқа шығар техниканың жолына бөгет жасауда» дейді. Сәулетші тарихи тамаша ескерткішті бұзуға қарсы болып, «ол қиратылған күні асылып өлемін!» дейді.

Боровский түрмеге қамалады. Ол ертеңінде тамақ әкелген әйеліне:

– Ғибадатхана орнында ма? – дейді.

– Орнында.

– Онда мен де тірімін.

Каганович басқа сәулетшіні шақыртып, Қызыл алаңды қайтадан жобалаудың жоспарып жасатып, макетін Саяси бюро мәжілісіне алып барады. Сәулетші түсінік беруге кіріседі:

– Орыс сәулетіне кереғар мына Мемлекеттік универсал магазинді алып тастап, орнына мерекелік шеру мен әскери парадты тамашалауға келген меймандарға арнап мінбер қоямыз (универмаг макетін алып, жаңа макетті қояды). Орыс сәулетінің ізі де жоқ Тарих мұражайын да бұзып, орнына салтанат аркасын жасаймыз (арканың макетін қояды). Василий Блаженный ғибадатханасын бұзып (сәулетші ғибадатхана макетін көтеріп ала береді)...

– Бәрін де орнына қойыңыз, – дейді Сталин. Сәулетші селк етіп отыра кетеді. Сөйтіп, Қызыл алаң аман қалыпты.

Университет

Соғыс бітті. Майданға жоғары оқу орындарынан аттанып, Жеңіспен оралған майдангерлер оқуларын жалғастырулары керек, бірақ оқу орны жетіспейді. КСРО Ғылым академиясының президенті академик Несмеянов Сталинге барып, жаңадан университет ғимаратын салдыру қажеттігін айтады. Сол кезде Мәскеуде биік жеті ғимарат салу жоспарланған екен. «Воровьевы горы» («Торғайлы тау») деген жерге тұрғын үйлер және мейманхана салу көзделген.

«Мейманхана тоқтай тұрар», дейді Сталин. Оның орнына мемлекеттік университет салуды ұйғарады. КСРО-ның М. Ломоносов атындағы ол оқу орны дүниежүзілік білім ордаларының бірі болып шықты.

Жететін шығар

Кремльде әдебиет және өнер қайраткерлерінің құрметіне қонақасы беріліп жатады. Жазушы Алексей Толстой сөз алып, Сталинді мадақтай бастайды. Әдетінше үстелді жиектей ары-бері баяу аяндап жүрген Сталин, анда-санда қорқорын сорып қойып, белгілі жазушының сөзін біраз тыңдайды да, сонсоң жанына барып, иығынан қаққылап: «Граф, жететін шығар», депті.

Қыстауға болмайды

Бірде Үлкен театрда Саяси бюро мүшелеріне арналған концертке әнші И. С. Козловский қатысыпты. Оның өнеріне риза болғандар:

– Ария айтыңыз!.. – деп қолқалай бастайды. Сонда Сталин:

– Козловский жолдасты қыстауға болмайды, оның «Бір ғажап сәт көз алдымданы» айтқысы келіп тұр, – депті. Ол А. С. Пушкиннің «Вижу чудное мгновение» деген өлеңіне жазылған романсты ерекше ұнатады екен. Жұрт ду күледі. Козловский де күліп алып, романсты айтып беріпті.

Нақты ныспылары

Сталин Көркем театрға спектакль көруге барады. Станиславский қарсы алып, қолын ұсына бере:

– Алексеев, – дейді, нақты ныспысын айтып. Сталин оның қолып алып:

– Джугашвили, – депті.

Кеңес

Кремльдегі бір қонақасыда Сталиннің жанында отырған артист Абрикосов түрегеліп:

– Жолдас Сталин, сіздің денсаулығыңыз үшін! – деп даурыға сөйлеп, қолындағы рүмке толы арағын қағып салыпты. Ол отырған соң Сталин оған сәл бұрыла сыбырлай сөйлеп:

– Алдымен өз денсаулығыңызды ойласаңызшы! – депті.

Сұмдық

Совет Одағының Қаржы министрі Зверев бір күні Сталинге мәлімдеме жазып: «Жазушыларға көп қаламақы төлеу дұрыс болмай

барады, совет жазушыларының миллионер болуы сұмдық қой?» депті. Содан үшінші күні ол Сталиннің қабылдауына шақырылады. Сталин жылы шыраймен қабылдап, есен-саушылық сұрасқан соң:

– Жолдас Зверев, мәлімдеңізді оқыдым. Жазушылардың миллионер болуы сұмдық қой, ә? – дейді.

– Иә, сіз дұрыс айттыңыз, Иосиф Виссарионович, иә, сұмдық! – дейді министр.

– Мәлімдемеңізге пікірімді жаздым, сау болыңыз! – дейді Сталин. Министр іштей риза болып шығып, коридорда папкасынан мәлімдемесін алып үңілсе, Сталин: «Ужасное другое, товарищ Зверев, что у нас так мало писателей-миллионеров. Писатель – это память нации. Разве память будет хорошо работать, если живет впроголодь?», деп жазыпты.

Менің аялдамам екен...

Кино режиссері Юлий Райзман Кремльде өзінің «Пойыз шығысқа кетіп барады» деген фильмін көрсетуге кіріседі. Фильм сюжетіне орай пойыз кезекті бесінші ме, алтыншы ма, бір стансаға тоқтайды. Сол кезде залдан Сталиннің:

– Жолдас Райзман, мынау қай аялдама? – деген дауысы естіледі.

Райзман қапыда не дерін білмей сасады. Фильм Сібірдің: Иркут, Омбы, Новосибирь қалаларында түсірілген-ді. Мынау соның қайсысы екенін бажайлай алмаған Райзман:

– Жолдас Сталин, бұл Демьяновка аялдмасы, – дейді.

Сталин орнынан тұрып:

– Менің аялдамам екен ғой, түсейін, – деп есікке беттепті.

Ескерткіш

Совет халқы мен армиясының фашистік Германияны жеңгені құрметіне Берлиннің Трепт-паркінде ескерткіш-ансамбль орнату келісілген-ді. Совет үкіметі оны орнату кеңесінің көркемдік жөніндегі басшысы етіп мүсінші Е. В. Вучетичті бекіткен. Ол соғысқа өзі сұранып барып, қатардағы жауынгер болып бастап, батальон командирі дәрежесінде аяқтаған. Оны 1945-жылы саршатамыз айында К. Е. Ворошилов шақырып алып, ескерткіш туралы айтып:

– Сталин жолдас жақында жеңімпаздардың Потсдам

декларациясына қол қойды. Яғни оның тік тұрған қола мүсінін ансамбльдің ортасына, қолына Евуропаның немесе жердің жарты шарын ұстап тұрған етіп орналастыру керек, – дейді.

Вучетич ескерткіштің жобасын тапсырылғандай етіп жасайды және өз ойы бойынша екіншісін – «Азат еткен жауынгер» мүсінін әзірлейді, – ол мүсінді Берлинге шабуылдың бір сәтінде совет солдатты немістің қаршадай қызын ажалдан арашалап қалу үшін өз басын бәйгеге тігіпті дегенді естіген соң тебірене жасаған екен.

Екі жоба да Мәскеу Кремлінің залына қойылады. Көруге келген жұрт генералиссимус жобасын тамашалап, мақтау сөзді ағытады, солдат пен қыз мүсінін елемейді. Сәлден соң Сталин келеді. Ескерткіш жобасын байыптап қарап болады да, мүсіншіге бұрылып:

– Вучетич, шыныңызды айтыңызшы, мынау мұрттыны... жалықпай жасадыңыз ба? – дейді, жобадағы мұртын мундштугымен түртіп тұрып.

– Ол жоба ғой, – дейді әлдекім, мүсінші үшін жауап беріп. Сталин оған:

– Авторы майданда контузияға ұшыраса да, тілі сау, – дейді де, целюфанмен сәл бүркеп қойылған екінші жобаны нұсқайды: – Мынау не?

– Бұл жай... жоба, – дейді Вучетич.

– «Жай»?.. Жай емес сияқты, көрсетіңізші, – дейді Сталин.

Вучетич целюфанды сырғытып түсіреді.

Сталин көңілденіп:

– Берлиннің ортасына, биік етіп, міне, осы солдатты қоямыз... қоладан құйылған алыбымыз фашизмнен азат етілген халықтардың жарқын болашағы іспетті қызды кеудесіне көтеріп тұрсын, – дейді де, сәл ойланып алып: – Алайда, Вучетич, солдаттың қолындағы автоматты басқа қарумен алмастыру керек. Автомат – біздің заманның қаруы, ал ескерткіш мәңгі-бақи тұрады. Бейнелі басқа бір нәрсе керек. Мысалы, болат семсер. Сомдап жасалса... Солдат сол семсерімен фашистік свастиканы түйреп тұрсын, кім де кім батырды семсерін қайта көтеруге мәжбүр етсе, – өз обалы өзіне... қалай, келісесіз бе?

– Ойланайын, – дейді Вучетич.

– Кімнің де болсын ойлануына тиым салынған емес. Ойланыңыз. Сәттілік тілеймін... Қарсылық естімедім, сірә, оның керегі жоқ та шығар...

Сталин Вучетичтің қолын қысып қоштасады.
Әлемге әйгілі айбынды ескерткіштің тарихы осындай. Мен мұны Вучетичтің өзінен естідім.

Елге шығын келтірмеймін

Асханаға Сталин келді. Жанында Уинстон Черчилль бар. Мейманды бізге, бізді оған таныстырып, бәріміз үстел басына жайғастық. Тост айтыла бастады. Сталин мен Черчилль, «кім көп ішер екен» деп бәсекелескендей-ақ, тартып отыр. Екеуі бір-бірінің фужерлеріне біресе коньяк, біресе шарап құяды.

Артиллерияның Бас маршалы А. Н. Голованов бірде соны есіне түсіріп: «Мен, ақыры не болар екен деп мазасызданып, Сталинге қайта-қайта қарап қойып отырдым. Өйткенімді Сталин байқап қалып, көзін аларта бір қарады. Қонақасы аяқталды. Масайған Черчилль өздігінен жүре алмай, серіктері сүйрегендей етіп алып кетті. Ал Сталин менің жаныма келіп: «Сен маған неге қарай бердің? Мемлекеттік мәселе үшін ішкенде менің басым былқ етпейді. Саспа, елге шығын келтірмеймін, ал әлгіні көрдің ғой, ол ертең менің алдымда табаданда шыжғырыла бастаған тірі шабақтай міскін болады, дегені ғой» деді.

Қызығып отыра береміз де

Қызыл Армия Саяси Бас басқармасының бастығы Лев Мехлис бірде Сталинге маршал Константин Рокоссовскийдің майданда доктор әйелмен әмпей болып жүргенін хабарлап:

- Нендей шара қолдану керек? – дейді.
- Онысы қызметіне кедергі болып жүр ме? – дейді Сталин.
- Жоқ, кедергі болған жоқ.
- Сталин үндемейді. Біраз уақыт өтеді. Мехлис:
- Жолдас Сталин, сонымен, не істейміз? – дегенде Сталин:
- Қызығып отыра береміз де, – депті.

Балалардың атынан рахмет

Соғыс аяқталып, Жеңіс тойланғаннан кейінгі бір жылы К.Рокоссовский саяжай салдырып, Саяси бюро мен Бас штаб ұжымдарын түгелдей қонаққа шақырады. Сталин де барады. Бәрі

еркін жүріп-тұрып, естелік, әңгіме айтысып, ән салып, би билеп, саяжайды «жуу» таңға дейін созылады.

Жиналғандар тарай бастайды. Сталин аттанарында:

– Жолдас Рокоссовский, балаларға жақсылап демалыс үйін салғаның үшін саған көп рахмет! – депті. Саяжайдың үйі үлкен, айналасы кең екен.

Саяжайға ертеңінде жетім балалар әкелініпті.

Рокоссовский дос-жолдастарын кейінгі ықшам саяжайына бөліп-бөліп шақырып «жуған» күндерінде сол жәйтті айтып, көңілдене күліп жүріпті.

Левитан айтқан күні

Соғыс жылдарындағы бір жиында залдан біреу:

- Жолдас Сталин, соғыс қашан бітеді? – дегенде Сталин:
- Левитан айтқан күні, – депті.

Мен де жақсы көремін...

Румынияның премьер-министрі Петру Гроза Мәскеуге келген бір жолы Сталин берген қонақасыда жайдарыланып отырып:

- Жолдас Сталин, осы мен қалайда әйелдерді жақсы көремін, – дегенде Сталин басын изеп:
- Мен де қалайда жақсы көремін... коммунистерді, – депті.

...Ауызекі әңгімеде анекдот (қыжыртпа) деген бар. Оның о баста қай халықта, қашан, қалайша шыққаны беймәлім, әйтеуір, тарихы көне. Менің аздап білетінім (әрине, естігендерім мен оқығандарымнан) – В. Ленинді кейіпкер етуден басталғандары. Оның сан-сапалағы КСРО ыдырағаннан кейін көбейді. Алайда Ленин мен Сталин туралы анекдоттарда әзіл басым. Неліктен? Бұл сұраққа жауапты жоғарыдағы әзілдер (Мао жөніндегіден өзгесі) алынған жинақтың (*Москва. АЛГОРИТМ. 2014*) алғысөзінен тапқандаймын. Содан үзінді:

«...Первое лицо государства везде автоматически становится главным героем современных ему анекдотов... Пример навскидку: анекдоты о Брежневe отходит в прошлое, о Сталине – множатся... Сугубо отрицательно он выглядел лишь в анекдотах, которые сотворились «высоколобыми» антисоветскими интеллектуалами,

еврейскими по преимуществу. Укоренившийся в народе позитивный сталинский образ злил их и вызывал желание затмить его валом очернительных баек, для которых сюжеты брались отовсюду, откуда можно, даже из старинных антологий... Речь о лицах с весьма однородными в этническом смысле фамилиями: Боров, Раскин, Барский, Фельштинский и другие. Ю. Боров, написавший низкопробную «Сталиниаду» и хваставший, что полвека собирал материал для нее, «разоблачает» вождя столь примитивно, что фактически мы имеем дело с авторским саморазоблачением».

Боревтің кітапсымағын оқығанның есіне (мен шолып шықтым) И. Сталиннің А. Коллонтаймен сұхбатындағы сионизм туралы айтқаны түсетіні хақ.

***Өзім Әдебиет ауылының «тұрғыны» болған соң,
Сталиннің ақын-жазушылармен қарым-қатнасы хақында
оқып білгенімді де айта отырайын:***

*1937-жыл. Революцияның жиырма жылдығы. «Кондуита мен Швамбрияның» авторы, «Известияның» қызметкері Лев Кассильдің інісі – Ося тұтқындалады. Редакцияның жауапты хатшысы ертеңінде Кассильді шақырып алып:

– Лева, жекебасыңның куәлігі бар ма? – дейді.

– Бар.

– Көрсетші.

Куәлікті алған жауапты хатшы оны қалтарысқа тастай салып, Левке:

– Өкінішке қарай, сен қызметтен босатылдың, – дейді.

Жазушы енді өзінің де тұтқындар күнін күтіп, ала кетер нәрселерін буып-түйіп қояды. Жолдас-достары, таныстары телефон шалмайды. Жым-жырт.

...Бір күні телефоны шылдырлайды:

– Лева, құтты болсын, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталдың!

– Қылжақтайтын уақытты тапқан екенсің! – Тұтқаны тастай салады.

Біраздан соң телефоны тағы шылдырлайды. Тағы құттықтау. Жазушылар одағы телефон соғып, бір топ жазушыны орденмен наградтау салтанатына қатысуға шақырады.

Фадеевтің мәлімдеуінше, Сталин наградаға ұсынылған жазушылардың тізімін қарап отырып:

– 1932-жылы Горькийдің үйінде лезгинканы билеген жазушы жігіт қайда? – дептті.

Фадеев:

– Ә, Лев Кассиль ғой! Ол жазып жатыр, – дейді.

– Ол мұнда жоқ қой?

– Жолдас Сталин, оның інісі тұтқындалды.

– Жолдас Фадеев, Жазушылар одағын құрғанда Сіздер жазушыларды бізден қорғасын деп құрғанбыз, енді жазушыларды сіздерден біздің қорғауымыз керек болды ма?

Хрущев: Сталин зиялыларды жеккөрді. Атақты ақын Анна Ахматованы ұнатпады, оның күйеуі мен баласын соттатты, түрмеде шіріте жаздады. Пастернакты, Мандельштамды, Булгаковты... қудалады, деді. Ал шындық қалай еді?

*Ахматованың күйеуі – университет профессоры ақын Николай Пунин және тарих факультетінің студенті ұлы Лев Гумилев 1935-жылы жазда сотталған. Өлдекімдер Пуниннің бір кезде ақтың офицері болғанын, ал Лев оның баласы екенін «әшкерелеген».

Ахматова Сталинге хат жазып, екеуінің де жазығы жоқ екенін айтады. Сталин хатқа: «ж. Ягода. Пунин мен Гумилевті тұтқыннан босатыңыз да, маған мәлімдеңіз. И. Сталин» деп бұрыштама соғады. Әке мен бала ақталып, босатылады. Алайда тарих факультетінің студенті Лев Гумилев орыс әдебиеті сабағында әкесінің бір өлеңін жамандаған профессор Л. Пумпянскиймен айтысып қалғаны үшін (профессор: «мені тілдеді» деп шағымданыпты) 1938-жылы тағыда тұтқындалған. Ахматова Сталинге тағыда хат жазады. Жауап келмейді, алайда Лев босатылып, ісі қайта қаралатын болады. Сол тұста соғыс басталып, Лев майданға жіберіледі де, одан аман-есен қайтып оралған соң, университеттегі оқуын жалғастырып жүргенінде, 1948-жылы, тағыда сотталады. Оған себеп: Лев Гумилев «көшпенділер – адал, батыр халық» деп суреттейді, ал ол пікірі көшпенділерге теріс көзқарасты оқытушы А. Бернштамға ұнамай, екеуі сөз таластырады. Бернштам жоғарыға арыз айдап: Лев Гумилев ақ эмигранттармен байланысты, солардың насихатшысы, деп өтірікті көйіткен.

*Ақын Осип Мандельштам 1933-жылы Сталиннің атын атамастан қыжырта өлең жазады. Өлең Г. Ягоданың қолына тиеді, ол оны Н. Бухаринге көрсетеді. Сөйтіп, «Сталиннің ар-намысына тіл тигізген»

Мандельштам 1934-жылы тұтқынға алынады. Анна Ахматова, Абулкасым Лахути және басқалар арашашы болып, Сталинге хат жазады. Ақын Уралдың Чердынъ қалашығына үш жылға жераударылады. Әйелі Надежда сұранып, бірге кетеді де, бір айдан кейін Сталинге хат жазып, ауа райы денсаулықтарына қолайлырақ жаққа ауыстыруды сұрайды. Олар Воронежге жіберіледі. Сонда жүргенінде, 1937-жылы Мандельштам Сталинді қолпаштап өлең жазады. Мерзімі өтеліп, Мәскеуге оралады. Сол жылдары Жазушылар одағын басқарған В. Ставский бірді бірге соғатын жымысқы екен, ол ақынның әлгі өлеңін жазушы П. Павленкоға беріп, «дұрыстап» пікір жазуды тапсырады да, соны желеу ете Ежовқа шағым айдайды. «Сталинді бірде мазақтап, бірде мақтап өлең жазатын арандатушы, революцияға қарсы пиғылда» деген сыңайда. Содан кейін Мандельштам 1938-жылы мамыр айында бес жылға сотталып, жеті айдан соң түрмеде қайтыс болыпты.

*Бірде Сталин Борис Пастернакқа телефон шалады. Ақынның әйелі Зинаиданың айтуынша, екеуі жақсы сөйлеседі. Сталин: – Мандельштам досыңыз болған екен, неге ара түспедіңіз, Жазушылар одағына неге айтпадыңыз? – дейді. Пастернак: – Жазушылар одағы 1927-жылдан бері мені керек етпей келеді, – дейді. Сталин Мандельштамды аузына тағы алып: – Ол – шебер, хас шебер еді! – депті.

Сталиннің Пастернакқа телефон соғып, екеуінің сөйлескені ертеңінде бүкіл Мәскеуге тарап, Жазушылар одағы өзі қырына алып жүрген ақынға құрмет көрсете бастайды.

*Жазушы Михаил Булгаков 1930-жылы 28-наурызда үкіметке хат жолдап, әйелі Любовь Евгеньевна екеуінің шет елге кетулеріне рұхсат сұрайды. Әдеби орта өзіне күн көрсетпейтінін, үміті үзіліп, тірі өлік болып жүргенін баяндайды. 18-көкекте партияның Орталық комитетінен телефон шалған кісі: – Сталин жолдастың жазушымен сөйлескісі келеді, – дейді. Булгаков сенер-сенбесін білмей, сасқалақтап қалады. Сталин байыпты сәлемдесіп, хатына жауапты кешіктіргендері үшін кешірім сұрап:

– Хатыңызбен бәріміз таныстық. Шет елге сұраныпсыз, ол қалай? Әлде бізден көңіліңіз қалды ма? – дейді.

– Мен көп ойландым... орыс жазушысы шет елде тұра ала ма, жаза ала ма деп... жаза алмайтын сияқты.

– Дұрыс айттыңыз. Мұнда қайда жұмыс істегіңіз келеді? Көркем театрда ма?

– Ондағылар мені маңдарына жолатпайды.

– Меніңше, жолататын сияқты. Ертең өтініш жазып алып барыңыз, сау болыңыз! – дейді Сталин.

Булгаков ертеңінде, 19-көкекте, МХАТ-қа (Мәскеудің академиялық көркем театрына) ассистент-режиссер қызметіне қабылданыпты.

*Ақын Вера Инбер «әлемдік революцияшыл» Л.Троцкийдің жиені екен. Жазушылар одағы оны сол үшін елеп-ескермей, ешбір марапатқа ұсынбайды екен. Ақынның шығармашылық дарынын білетін И.Сталин бірде, 1939-жылы, Одақтың марапаттау тізімін шолып отырып:

– Вера Инвер қайда? Мына тізімде де жоқ қой? – дейді.

– Ол... Троцкийдің жиені.

– Жиені болса ше? «Құрмет белгісі» ордені берілсін!

Вера Инбер «Ленинград қоршауын» бастан кешті. Сол қиямет туралы жазған өлеңдері қаһарман қаланың шежіресі дерлік болды. Сол үшін ақынға 1946-жылы Сталиндік сыйлық берілді.

Рудольф Баландиннің «Тұрыңдар! Сталин келе жатыр!» кітабынан:

*«...Ол өзі туралы пьеса жазуға, кинофильм жасауға тиым салған. Бірде «Правда» газетінің бас редакторы П. Пospelовпен әңгімелесіп отырып:

– Газет Сталин жолдастың фотосуретін неге көп береді?.. Меніңше, жолдас Пospelов, жылына он шақты суретін берсе, сол жетер, тіпті ол да көп болады! – деген;

*1946-жылы «Иосиф Виссарионович Сталин. Қысқаша өмірбаян» деген кітапшаның қолжазбасын оқыған Сталин өзін мадақтаған сөйлемдерді сызып тастапты. Ол туралы Шығармаларының 16-томында (1997 ж.) айтылған;

*КСРО Қаржы комиссары А.Зверев жаңадан жасалатын ақшалардың үлгілерін Сталинге апарып көрсетеді. Бірінде Лениннің, екіншісінде Сталиннің портреті бар екен. Сталин өзінің бейнесі барды ештеңе деместен жыртып-жыртып, кәрзеңкесіне тастай салыпты;

*Саяси бюроның бір мәжілісінде Мәскеуді «Сталиндар» деп атау

күнтәрбіне қойылған екен, Сталин қатты кейіп, ендігәрі ондай сөз болмауын талап етіпті»».

Басқа кітаптардағы кейбір деректер:

*И. Сталин бозбала шағында өлең жазған. 1935-жылы ма, бірде Грузия Жазушылар одағының басшысы: – Иосиф Виссарионович, сіздің өлеңдеріңізді Грузия поэзиясының антологиясына енгізсек деп едік, рұхсат етіңіз, – дегенде оған: – Менің өлеңдеріме қарап қалса, грузин поэзиясының күні батуға айналған екен! – деп, тойтарып тастапты.

*1943-жылы бір жиында Сталин жазушы Сергей Михалковты жанына шақырып алып әңгіме бастайды да, Михалков арақ толы рүмкені аузына төңкере салғанда: – Сарқып ішпей, ауыз тиіп отырыңыз, өйтпесеңіз сізбен әңгімелесіп жарымаймын ғой, – депті.

*Сталин КСРО Жазушылар одағының басшысы, сыралғы жолдасы А. Фадеевті екі күн бойы телефонмен іздетіп, әрең тауып алады да:

– Жолдас Фадеев, қайда жүрсіз? – дейді.

– Ішіңкіреп жүр едім...

– Оныңыз неше күнге созылушы еді?

– 10-12 күнге, жолдас Сталин.

– Оныңызды, коммунист ретінде, үш-төрт күнде аяқтап жүрсеңіз қайтеді?

*Ялтадан Сочиге «Троцкий» деп аталған пароходпен келе жатқандарында серіктерінің бірі:

– «Троцкийді» қашанға дейін мінесің? – дегенде Сталин:

– Саудасы біткенше! – депті.

*Ялта конференциясы мәжілісінің бір әредігінде Черчилль:

– Мен түсімде бүкіл жер жүзінің билеушісі болып жүрмін, – дейді.

– Мен түсімде бүкіл аспан әлемінің билеушісі болып жүрмін.

Сталин мырза, сіз ше? – дейді Рузвельт.

– Ал мен түсімде, Черчилль мырза, сізді де, Рузвельт мырза, сізді де ол орындарға тағайындаған жоқпын, – депті Сталин.

*Соғыстан кейін алғаш жеңіл аутомобильді жасаушылар оны Сталинге көрсетіп, атын «Отан» деп қойғандарын айтады.

– Отанның бағасы қанша? – дейді Сталин, мырс етіп. Автомобильдің аты дереу «Победа» деп өзгертіліпті (*Николай Стариковтың «Сталин. Есімізге түсірелік» кітабынан*).

*Сталиннің жасы 70-ке толуына орай Мәскеуге келген Мао Цзэдун жалпы әңгіменің бір әредігінде:

– Иосиф Виссарионович, соғыс КСРО-ны сұрапыл шығынға ұшыратты ғой... жүздеген қала, мыңдаған деревня қирап қалды, соларды қалпына келтіру сіздерге тым ауыр болады, құрылысшы мамандар, жұмысшылар жетіспейді. Біз сіздерге көмекке 200 миллион құрылысшы беруді ойластырдық, – дейді. Сталин қорқорын бірер сорып, содан соң:

– Жолдас Мао Цзэдун, пейіліңізге рахмет, 200 миллион өзімізде де бар, -депті. Бұл кітапсөзінің ауызша нұсқасында: Сталин Маоға жымия қарап: «Жолдас Мао, біз бейбіт жолмен отарлауды қаламаймыз, – депті.

*И.Сталиннің Орталық комсомол комитетінің құзырындағы «Балалар баспасына» хатынан (1938-жыл, 16-ақпан):

«Сталиннің балалық шағы туралы әңгімелер» жинағын шығаруға мүлде қарсымын. Кітап қауесетке, бұрмалауға, әсірелеуге, беталды мадаққа толы...

Кітапты жағып жіберген жөн болады» (И.В.Сталин. Шығармаларының 14-томы, 249-бет).

Оқырмандарыма уәде еткен «Жуков мәселесі»

ИЗ ПОСТАНОВЛЕНИЯ №10 ПОЛИТБЮРО ЦК ВКП(б)
«О т. ЖУКОВЕ Г. К., МАРШАЛЕ СОВЕТСКОГО СОЮЗА»
П61/84 20 января 1948 г.

ЦК ВКП(б), заслушав сообщение Комиссии в составе тт. Жданова, Булганина, Кузнецова и Шкирятова, выделенной для рассмотрения поступивших в ЦК материалов о недостойном поведении командующего Одесским военным округом т. Жукова Г. К, установил следующее.

Тов. Жуков, в бытность Главкомом группы Советских оккупационных войск в Германии, допустил поступки, позорящие высокое звание члена ВКП(б) и честь командира Советской Армии. Будучи полностью обеспечен со стороны государства всем необходимым, тов. Жуков, злоупотребляя своим служебным положением, встал на путь мародерства, занявшись присвоением

и вывозом из Германии для личных нужд большого количества различных ценностей.

В этих целях т. Жуков, давши волю безудержной тяге к стяжательству, использовал своих подчиненных, которые, угодничая перед ним, шли на явные преступления, забирали картины и другие ценные вещи во дворцах и особняках, взломали сейф в ювелирном магазине в г. Лодзи, изъяв находящиеся в нем ценности, и т. д.

...Будучи вызван в Комиссию для дачи объяснений, т. Жуков вел себя неподобающим для члена партии и командира Советской Армии образом, в объяснениях был неискренним и пытался всячески скрыть и замазать факты своего антипартийного поведения.

Указанные выше поступки и поведение Жукова на Комиссии характеризует его как человека, опустившегося в политическом и моральном отношении.

Учитывая все изложенное, ЦК ВКП(б) постановляет:

1. Признавая, что т. Жуков за свои поступки заслуживает исключения из рядов партии и предания суду, сделать т. Жукову последнее предупреждение, предоставив ему в последний раз возможность исправиться и стать честным членом партии, достойным командирского звания.

2. Освободить т. Жукова с поста командующего Одесским военным округом, назначив его командующим одним из меньших округов.

3. Обязать т. Жукова немедленно сдать в Госфонд все незаконно присвоенные им драгоценности и вещи.

АКТ

О передаче Управлению Делами Совета Министров Союза СССР изъятого Министерством Государственной безопасности СССР у Маршала Советского Союза Г. К. Жукова незаконно приобретённого и присвоенного им трофейного имущества, ценностей и других предметов:

- Кулоны и броши золотые (в том числе один платиновый) с драгоценными камнями – 13 штук
- Часы золотые – 9 штук
- Серьги золотые с бриллиантами – 2 пары
- Другие золотые изделия (браслеты, цепочки и другое) – 9 штук
- Украшения из серебра, в том числе под золото – 5 штук

- Металлические украшения (имитация под золото) с драгоценными камнями (кулоны, цепочки, кольца) – 14 штук
 - Столовое серебро (ножи, вилки, ложки и другие предметы) – 713 штук
 - Серебряная посуда (вазы, кувшины, сахарницы, подносы и другое) – 14 штук
 - Шерстяные ткани, шелка, парча, бархат, фланель и другое – 3.420 метров
 - Меха (скунс, норка, выдра, нутрии, чёрно-бурые лисы, каракульча) – 323 штуки
 - Шевро и хром – 32 кожи
 - Дорогостоящие ковры и дорожки больших размеров – 31 штук
 - Гобелены больших размеров художественной выделки – 5 штук
 - Художественные картины в золочёных рамах, часть из которых представляет музейную ценность – 60 штук
 - Дворцовый золочёный гарнитур гостиной мебели – 10 предметов
 - Художественно выполненные антикварные вазы с инкрустациями – 22 штуки
 - Бронзовые статуи и статуэтки художественной работы – 29 штук
 - Часы каминные антикварные и напольные – 9 штук
 - Дорогостоящие сервизы столовой и чайной посуды (частью некомплектные) – 820 предметов
 - Хрусталь в изделиях (вазы, подносы, бокалы, кувшины и другое) – 45 предметов
 - Охотничьи ружья заграничных фирм – 15 штук
 - Баяны и аккордеоны художественной выделки – 7 штук
 - Пианино, рояль, радиоприёмники, фарфоровая и глиняная посуда и другие предметы, согласно прилагаемых поштучных описей.
- Всего прилагается – 14 описей.

Сдали: заместитель Министра ГВ СССР генерал-лейтенант Блинов А.С.

Начальник отдела “А” МГВ СССР генерал-майор Герцовский А.Я.

Приняли: Управляющий делами Совета Министров СССР Опарин И.Е.

3 февраля 1948 года г.Москва

Жукову было оставлено: часть золотых изделий, 15 пар часов, в

том числе 8 золотых, около 500 метров тканей, 1 кожа, 5 ружей, 1 аккордеон и другое.

Товарищу СТАЛИНУ

В Ягодинской таможне (вблизи г.Ковель) задержано 7 вагонов, в которых находилось 85 ящиков с мебелью. При проверке документации выяснилось, что мебель принадлежит Маршалу Жукову. Установлено, что и. о. начальника Тыла Группы Советских Оккупационных Войск в Германии для провоза мебели была выдана такая справка: “Выдана Маршалу Советского Союза тов. Жукову Г.К. в том, что нижепоименованная мебель им лично заказанная на мебельной фабрике в Германии “Альбин Май” приобретена за наличный расчёт и Военным Советом Группы СОВ в Германии разрешён вывоз в Советский Союз. Указанная мебель направлена в Одесский Военный Округ с сопровождающим капитаном тов. Ягельским. Транспорт №15218431. вагоны с мебелью 19 августа из Ягодино отправлены в Одессу. Одесской таможне дано указание этой мебели не выдавать до получения специального разрешения. Опись мебели, находящейся в осмотренных вагонах, прилагается.

А. БУЛГАНИН.

Егер Сталин, лақпа Хрущев айтқандай, «Жуковтың беделі асып кетуінен қорқып, одан құтылуды ойлап жүрсе», мына актіден соң оны соттатып жібере алатын еді. Олай істемеді. Тексерудің қорытындысымен танысқан соң: «Жуков жолдасқа тиіспеңіздер!» деп, оны Урал әскери округына ауыстырыпты. Одан екі жыл бұрын Саяси бюро Жуковтың үстінен түскен алғашқы арызды қараған. Маршалдың о жарлығы, менмендігі, дос-жолдастарымен әңгімеде, тілшілермен сұхбаттарында «Жеңіске жетудегі негізгі еңбек менікі» дегендей сөз таратып жүргені дәлелденіп, Жуков айыпты мойындап, кешірім сұраған (маршал И.Коневтің естелігінде тәптіштеп айтылыпты). Содан кейін Сталин оны Қорғаныс министрі міндетінен босатып, Одесса әскери округын басқаруға жіберген.

Ал Хрущев болса, ол Жуковтың беделін «Сталиннің жеке басына табыну» жөніндегі арамзалық әрекетіне пайдалану үшін қайтадан министрі етіп тағайындап, Сталинді жамандағандарға қосты. Кейін оның беделінен өзі қорқып, Югославияға іссапарға жіберіп, сол жақта

жүргенінде «бонапартшыл пиғылда» деген кінә тағып, орнынан алып кұтылды.

Меніңше, Жуковтың өзіне көптен таныс Хрущевтың торына түскенін «Батыр аңғалға» сайдыруға болмас. Ол Сталиндік кадрлардың бірі еді, оған тағылған айыптардың жалған екенін білді, алайда, дүниеқоңыздығы болғаны сияқты, лауазымқұмарлығы да болған. Ал соңғы жылдары марқұм Сталиннің атын өшіруді көксеп арамтерге малшынушылар «Ұлы Отан соғысында Басқолбасшы И. Сталиннің ұйымдастырушылық қабілеті ерекше танылды» деген Г. Жуковтың өзінің рухын биіктету арқылы Сталиннің рухын төмендету үшін Жуковқа «Жеңіс Маршалы» деген ауызша атақ берісіп, Қызыл алаңның шегіне салтатты кейпінде ескерткіш орнатты. Ол сыңарезулер Жеңістегі үлесі одан әсте кем емес К. Рокоссовскийді, сондай-ақ басқа маршалдарды бүркеп тастап, оттауизмдерін өршітіп жүр.

Осы тұста *К.Рокоссовскийдің «Солдат парызы» кітабынан* мына бір үзіндіні оқи отыру қажет сияқты:

«...Бірде Жуковтың менімен төте телефон арқылы байланысып, өктем сөйлей бергені, ол сөзін аяқтаған соң, ендігәрі бұлай сөйлесер болса, сөзді үзетінімді ескерткенім бар... Өзін өзі сияйтын командир құзырындағыларды қандай жағдайда болсын кемсітіп, тілдеп сөйлеуге құқылы емес. Өкінішке қарай, Г.К.Жуковтың өзгені сияй білуі кемшін еді, орынсыз киліге сөйлеп, ашуға жеңдіре беретін...

Бір жәйітті айтайын.

Жау Истрин бағытында бір тұста біздің 18-нші дивизияны тықсырып, қатты шайқас болып жатқанда бақылау пунктiмiзге майдан командашысы Г.К.Жуков келді. Жанында сол қанаттағы көршіміз, 5-нші армияның командирі Л.А.Говоров бар. Командашаның тегін келмегенін сездім. Ұрыс жағдайын баяндап беріп, не дерін күттім.

Жуков Говоровтың және көмекшілерімнің көзінше маған шүйіле сөйлеп: «Иә, қалай, немістер сендерді тағыда қуалауға кірісті ме? Қаптал жетіп жатқан күштеріңді пайдалана алмайсыңдар! Дұрыс басқара білмейсіңдер!.. Мына Говоровқа қарсы тұрған жау сендердікінен көп болса да, бұл оларды тежеп тұр. Мұны сендерге қалай соғысу керектігін үйретсін деп алып келдім» деді.

Жау күшінің қаншалықты екенін Жуков ойша айта салды. Шындығында 16-ншы армияға жаудың танк дивизиясы қарсы

тұрған да, 5-армиямен жаяу әскері соғысуда еді. Мен сабыр сақтай сөйлеп, майдан командашысына маған және көмекшілеріме үйренуге мүмкіндік бергені үшін рахмет айтып, кімге болсын үйренгеннің зияны жоқ дедім.

Оның «сабағы» сонымен бітсе, бәріміз де «уһх» дер едік.

Жуков Говоров екеуімізді қалдырып, іргелес бөлмеге кетті. Ал екеуіміз көзімізбен ғана сөйлесіп, оның орынсыз қылығына қалай төтеп беруді кеңескенге ұқсадық.

Жуков кенет жүгіре кіріп, есікті қатты жапты. Өңі бұзылып, алабұртып кеткен. Ол Говоровқа жалт қарап, айқайлай сөйлеп: «Саған не болды? Кімді үйретуге келдің? Рокоссовскийді ме? Бұл немістердің танк дивизияларының бәрінің шабуылдарын тоқтатып, талқандап жатыр. Ал саған немістердің моторлы бірдеңелері келіп, сендерді ондаған шақырымға қуып тастады. Кәне, жоғал, орынға бар! Егер жағдайыңды ондай алмасаң...» деп зіркілде жөнелді дейсің... Говоров ештеңе дей алмай міскін болып, құты қашып, тайып тұрды.

Майдан командашысы мен 5-нші армияның командирі бізге келіп жеткен аралықта жау тобына моторлы дивизия көмекке келіп, шабуылды бастап, 15 шақырым алға жылжып үлгіріпті. Жуков ол жағдайды майдан штабынан жаңа ғана естіген екен.

Говоровқа бұлқан-талқан болып сөйлеген майдан командашысы аздап жуасыды. Кетерінде әдетіне баспай, бізге аздап жұмсара өсиет үлестірді де, Говоровқа барып тәртіп орнататынын айтып аттанды.

Бұл оның қашанда армияның бір командирін екіншісіне айдап салып, ар-намыстарын шабақтап жүретін бір тәсілі еді».

*Құрметті оқырмандар, сіздерге «кейінірек оқисыздар»
деп ескерткен мақаланы, міне, ұсындым:*

«И. Сталин – благодетель евреев

Еще в 30-е годы Сталин и Молотов выступали с ожесточенными нападками на антисемитов. Более того, в вышедший в 1948 году 13-й том собрания сочинений Сталина был включен его ответ на вопрос еврейского телеграфного агентства из Америки об антисемитизме, где черным по белому было написано: «Антисемитизм, как крайняя форма расового шовинизма, является наиболее опасным пережитком каннибализма...».

Более того, Сталин, по сути, евреям благоволил и оказал гигантскую и до сих пор неоцененную историческую услугу еврейскому народу. Судите сами:

1. Правовое и социальное положение российских евреев радикально улучшилось именно после Октябрьской революции и особенно после прихода к власти Сталина. Именно Сталин предоставил в 1921-1930 годах возможность евреям переселиться в Москву и другие крупные города СССР, то есть на деле ликвидировал места оседлости. Так в 1912 году в Москве проживали 6,4 тысячи евреев, в 1933 году, – 241,7 тысячи. Население Москвы выросло за эти годы с 1 млн. 618 тыс. до 3 млн. 663 тыс. Другими словами еврейское население Москвы росло в 17 раз быстрее, чем население других наций, народов и народностей (Кожин, 2002).

2. Именно Сталин не препятствовал проникновению евреев на все ключевые позиции в государстве и тем самым помог им стать привилегированным классом в СССР. В частности, из мемуаров академика Понтрягина (ссылка) можно узнать, что в 1942 году 98% выпускников физфака МГУ составляли евреи. После же войны некая аспирантка пожаловалась Понтрягину, что евреев затирают, в прошлом году в аспирантуру было принято 39% евреев, а в этом только 25%. До Сталина единственный шанс выдвинуться для еврея был пойти в органы безопасности, начиная со Сталина евреи получили возможность занять лидирующие позиции во многих областях.

3. Именно Сталин спас миллионы советских евреев от нацистского геноцида. Еврейская проблема, незаметная для большинства населения страны в условиях общей трагедии войны и гибели миллионов русских, украинцев и других представителей советских народов на полях сражений, стала особенно острой в начале 1943 года.

...У европейских евреев, физически уничтожаемых Гитлером, не было в это время другого пристанища, кроме СССР, даже если им удалось спастись от нацистского геноцида. Американское правительство отказывалось давать визы еврейским беженцам и не выполняло и тех минимальных квот на еврейскую эмиграцию.

4. Хасидский раввин Аарон Шмулевич писал: «Нельзя забывать о роли СССР и Сталина в создании Государства Израиль. Только

благодаря поддержке Советского Союза ООН приняла резолюцию о создании государства».

5. Америка поддержала резолюцию и признала Израиль первой, но через некоторое время отозвала свое согласие на создание этого государства, и, кроме того, странами Запада (США, Франция, Англия) было наложено эмбарго на поставку оружия в страну. Это привело к тому, что сразу после объявления о создании Государства Израиль на его территорию вторглись регулярные армии пяти сопредельных государств – Египта, Иордании, Ливана, Сирии, Ирака. Израиль выстоял только потому, что Чехословакия, с разрешения СССР (*а точнее Сталина, – авт.*), поставила Израилю оружие (*цит. по Мухин, 2005*)...

6. Сталин выдвигал евреев и всемерно поощрял их. Послушаем воспоминания поэта Константина Симонова: «Когда начали обсуждать роман Ореста Мальцева «Югославская трагедия» И. В. Сталин резко спросил: «Почему Мальцев, а в скобках Ровинский? В чём дело? До каких пор это будет продолжаться? В прошлом году уже говорили на эту тему, запретили представлять на премию, указывая двойные фамилии. Но, видимо, кому-то приятно подчеркнуть, что это еврей. Зачем это подчёркивать? Зачем это делать? Зачем надо насаждать антисемитизм? Кому это надо?». Это было сказано во время обсуждения произведений, выдвинутых на соискание Сталинской премии. Так вот, в 40-е годы, включая и период с 1949 по 1953 гг., треть всех Сталинских премий получали деятели науки и техники, культуры и искусства еврейской национальности. Среди них писатели: Самуил Маршак (1942, 1946, 1949, 1951); Илья Эренбург (1942, 1948, 1951); Эммануил Казакевич (1948, 1950); Михаил Исаковский (1943, 1949) и другие. Кинорежиссёры: Юлий Райзман (1941, 1943, 1946); певцы Марк Рейзен (1941, 1949, 1951); Иван Козловский (1941, 1949); актёр Игорь Ильинский (1941, 1942, 1951); композиторы Дмитрий Шостакович (1941, 1942, 1946, 1950, 1952); Рейнгольд Глиэр (1946, 1948, 1950); скрипач Давид Ойстрах (1943); карикатурист Борис Ефимов (1950, 1951) и многие-многие другие.

Чей голос в годы войны воспринимался детьми, как «голос Сталина»? Еврея Юрия Борисовича Левитана. Чей голос был для футбольных болельщиков с 20-х до конца 60-х благовзвучнее любой

музыки? Еврея Вадима Святославовича Синявского. Кто владел мировой шахматной короной в течение трёх «пятилеток». с 1948 по 1963, как бы олицетворяя сталинское требование: «Все мировые рекорды должны быть советскими»? Еврей Михаил Моисеевич Ботвинник.

...Но несмотря на оппозиционные настроения, именно в эти годы Лев Ландау трижды получает Сталинскую премию (1946, 1949, 1953 гг.).

И где же здесь антисемитизм Сталина?

Итак, обвинения Сталина в антисемитизме абсолютно беспочвенны. Более того, именно Сталин стал спасителем еврейского народа. Поэтому очень странным является тот факт, что никто не удосужился в Израиле поставить памятник своему благодетелю. Более того, именно представители еврейской общины наиболее активно выступают против установления памятников Сталину в Сталинграде и в Москве.

Сигизмунд МИРОНИН».

Бұл құбылыс та Сталин мен Коллонтай сұхбатындағы бірқатар жәйітті еске түсіреді емес пе?..

Л. МИРЗОЯН

1897-жылы Таулы Карабахта, шаруаның отбасында туған. 1919-жылдан бастап партиялық жұмыста болды. 1926 – 1929-жылдары Әзірбайжан партия ұйымының, 1933 – 1938-жылдары Қазақстан партия ұйымының 1-хатшысы.

Қазақстан үшін ол кім болды?

2009-жылы «Алматыда Мирзоян көшесі бар» деп мақала жазғаннан бастап бұл сауалды зиялы қауымға, оның ішінде тарихшы ағайындарға уақ-уақ қойып жүрдім, ал тарихшылардың көбі «үндемеген үйдей пәледен құтыладыны» күрке етті де, кейбіреуі, құдай біледі деп айтайын, сауал иесі тұрғай



өзі де ұқпайтын бірдеңе жазды. Енді біреулері «Мырза-жан!» деп мақтағанда Мирзоянның жанын іздей аспанға өрмелеп шығып кете жаздады. «Бұлары несі?!» деп еріксіз таңдандым. Ол таңданысыма қосарым: кейінде «Мырза-жанның» мерездігі туралы мақалаларым шыққан күндері бірнеше оқырман үйіме телефон шалып: – Осында, Алматыда, шіріген бай армян бар, солар біздің бір тарихшы ғалымды жарылқап, мөлгүн Мирзоянды мақтаған мақала жаздырып жүр, сіз соны біліп қойыңыз, – десті. Мен: – «Біліп қоюым» үшін, егер сіз нақты хабардар болсаңыз, маған сол шіріген байдың да, жарылқанған қазақтың да аты-жөнін, телефонын жазып жіберіңіз, сізден алдым демеймін, – дедім. Олар: «ойланайын», «көрейін» деумен тынды.

«Қужақтан» (И.Голощекиннен) қалған тақырға жіберілген Мирзоян ол тақырды келе сала егінге бөктірген жоқ, малға толтырған жоқ. Олай істейтін құлқы да, мүмкіндігі де болған емес. Елдің жағдайын тездетіп зерттетіп білген Кремль дереу көмектесті: аштық азабын тарта қоймаған республикалардан астық, мал жібертті. Ол туралы құжаттар бар, бірақ «мырзажаншылдар» оларды керек етпейді.

Иә, бала-шағасынан бұрын бастығының амандығын жатып-тұрып тілейтін бетсіз белсенді қазақтар оны «Мырза-жан!» деп үкілеген. Қазіргі ресми есеп бойынша, бізде «халық жауы» лақабымен 110 мың адам қамалып, оның 25 мыңы атылып, қалғаны 10 жылға кесіліп, Сібірге айдалған. Ол – Мирзоян, оның жемтіктерестері және «мырзажаншыл» табанжалағыштар жасаған сұмдық емей, немене?!

Қолына билік тигенде төңірегіне рухани құлдарды – жағымпаздарды жинап алатын «көсемдердің» бірі Мирзоян болған. Оның сұрқиялығы, екіжүзділігі жайында жинап алған ресми деректерімді бұл алғысөзімде қайталамадым, себебі: олар осындағы мақалаларымда бар.

Мирзоян туралы жазудағы мақсатым: біріншіден, әкем Қабыштың (Қабдырахманның) өсиетін ұмытпадым. Қарапайым шаруаның баласы, өмірі ұжымшарда өткен батыл да турашыл әкем журналшылыққа қадам басып, мақала жаза бастаған кезімде (1957-жылы) бір күні ауылдың тарихы туралы әңгіме бастап, «халық жауларын әшкерелеу» деген болғанын, халықтың одан көп қайғы-қасірет шеккенін айтып: «Балам, жолың болып, қалам қызметің дұрысталғанда есінде болсын: Қазақстанды Калашөкин деген басқарып, қазақтың малын қырды, аштық жасады, одан кейін Мырзаян деген басқарып, қазақтың өзін

қынадай қырды. Калашөкин туралы қатты айтылды, жазылды, ал Мырзаян туралы ештеңе айтылған жоқ, сен соның мерездігіне көз жеткізе алсаң, дәлелдеп тұрып жазуды ойла, ол Ахмет Байтұрсынов бастаған адал азаматтарымызды аттырыпты, сен, балам, соны ұмытпа!» деген еді.

(Әкемнің «Калашөкині» – Қазақстанның партия ұйымын 1925-1933 жылдары басқарған Филипп Исаевич Голощекин. Шын аты-жөні Шая Ицкович. Еврей. Ол келе сала байлар мен кулактарға ауыз салды. Ол туралы революция тарихшысы В.Л.Бурцев былай деген: «Нағыз лениншіл. Қанды кешіп жүре беретін кісі. Жаратылысынан: қатыгез, баскесер, делқұлдау. Партияшылдық ісінде: көркөкірек, мылжың, кесір. Қазақтарды адам демеді. Қазақстанда Совет өкіметі жоқ, «Кіші Октябрь» жасау керек!» деді.)

Иә, қазақты қырғынға ұшыратқан зымиян Мирзоянның қайдан келгенін, кім болғанын, не істегенін жетерліктей біле алдым да, оқырман қауымға, жұртшылыққа мүмкіндігімше анық баяндап беруге кірістім. Екіншіден, зиялы қауымның: «Мирзоян шынында кім болды? Ол туралы «Мырза-жаннан» басқа тосын пікір айтыла бастады, ойланайықшы, анығын білейікші» деулеріне себепші болғым келді. Көпшіліктің қолдауынсыз қай іс өрістеген?! Бірақ, өкінішке қарай, ниетімді елеп-ескергендер болмады.

Алайда, жазғанымды оқыр көз, тыңдар құлақ, мән берер ниет жоғын көріп шаршасам да, бастаған істі жалғастырып, аяқтауым керек. 2013-жылы РГАСПИ-ге (Российский Государственный архив социально-политической истории) хат жолдап, одан Мәскеуге Мирзоянның өзі жазған екі хаттың, өзгеге жаздырған екі хатының – төртеуінің көшірмелерін алдым. Ол мұрағатта СОКП Орталық комитетінің 1933-1991 жылдардағы құжаттары сақтаулы, бірақ түгел емес екен («Хрущевтың бригадасы» 1954-1955 жылдары «түгендеп қойған-ды»).

«Халық жауларын әшкерелеу» науқаны Орта Азия республикалары арасында Қазақстанда шектен тыс қарқынмен жүргізіліпті, бұл соңғы жылдардағы мұрағаттық зерттеу еңбектерден мәлім. Мәселен, халқының саны бізден төрт есе көп Өзбекстанда «әшкереленген халық жауының» саны біздегіден төрт есеге жуық аз. Қалайша? Неліктен? Екі елді де Сталиннің кадрлары басқарып тұрды емес пе?

Әлде Сталин өзбектердің, әлемге әйгілі сықақшы Эзоп айтқандай, «әлде жиені, әлде нағашысы» болды ма?..

Қазақстандықтардықырған «Мырза-жанның» атын көшелерімізден, мектептерімізден, тағы басқалардан өшіру керектігін дәлелдеген хатым 2014-жылы: Алматы қаласының әкімдігіне, Парламентке, президент Н. Назарбаевқа жетті (қолымдағы мұрағат құжаттарының көшірмелерін қоса жолдағанмын), тек жауап келмеді.

Президентке хатымды:

«...Құрметті Нұреке, ойланыңыз. Мирзоянды дәріптеу – өте ұят іс. Өзіңіз қадірлеп, Мемлекеттік сыйлық берген Қайым Мұхамедхановтың – абайтанушы, мұхтартанушы болған, шәкәрімтанудың негізін қалаған ғалымның атын қоюға Алматыдан, Семейден, Астанадан көше, мектеп табылмай жатыр, ал Мирзоянға Астанада тіпті ескерткіш орнатылмақ! Сорақылық емес пе?!», деп аяқтаған едім.

2015-жылғы маусым айының 4-і күні Астанадан журналшы інім, шоқантанушы ғалым Назарбек Қанапияұлы телефон шалып: «Ғаб-аға, сүйінші! Бізде «Мирзоян көшесі» деген ат жойылды! Көшенің басыағына «Қаныш Сәтбаев көшесі» деген тақтайша ілінді! «Апарат» атты ресторан бар еді, ол «Хантәңірі» деп аталды. Бұл – Сіздің жеңісіңіз, аға, құттықтаймын!» деді, шат-шадыман сөйлеп. Әрине, мен қуандым. Хатты президентке ғана емес, Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов мырзаға да жолдағанмын. Мирзоянды әшкерелеп 2009-жылы алғаш мақала жазғаным да, сол бетімнен қайтпағаным да дұрыс болды. Иманғали інімнің мені батыл қолдағанына шүбәм жоқ, рахмет, беделі арта берсін!..

Ғұламалығы КСРО-ның шегінен аса шет елдерге де мәлім болған академик Қаныш Имантайұлынан бұрын зәлім Мирзоянды ескеріп, оның атын тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасындағы көшеге берген, бергізген намыссыз, рухсыз, тексіз қазақтар кімдер екен?!

Енді мақалаларыма жол берейін. Ескерте отырарым: бұл мақалалар бірнеше гәзетке әрқалай мәтінмен әдейілеп жазылды, тақырып ортақ болған соң кейбір ресми дерек қайталанады, өйткені әрбір гәзеттің өз оқырманы бар, барлық гәзетті ешкім жаздырып, немесе сатып алмайды, керегін ғана таңдайды, яғни сөзім, ойым неғұрлым кең тарасын деген мақсатым болды. Дегенмен, кейбір қайталауды қысқарттым.

Кремльден тізім келмеген

«Қызыл қырғын» деген сөзді естігенде құлағым шыңылдап кетеді. Өзім көрмесем де, естіген, оқып білген сұмдықтар санамды шабақтайды. «Түркістан» гәзетінде тәптіштеп жазылып жатқан жәйттер – Кеңес Одағының түкпір-түкпірінде болған қанды, қасіретті оқиғалардың қазақстандық көрінісі, бірақ оларды ертеңгі ұрпақ үшін түгелдей құнды дей алмаймын, өйткені нанымдысынан гөрі нанымсызы көп. Әлбетте, мәселе менің бағамда емес, ел, халық өмірінің осы саласы тарихымыздың бір тарауы болып қалуы үшін жазылуында, ал тарих – әділ пайыммен адал жазылса ғана тарих. Керісінше болған жағдайда ол тарихтың өзіне сор болып жабысатыны мәлім. Күні кеше КСРО тарихы, оның қосағындағы Қазақстан тарихы Н. Хрущев, Л. Брежнев дәуірлерінде өзгерістен өзгеріске ұшырап, «жаңартылып, толықтырылып», алдыңғы дәуірді келесісі жоққа шығарып, солардың ыңғайына қарай жазыла берді. Ол құбылыс халыққа моральдік те, материалдық та үлкен ауыртпалық болды. Мысалдың бір мысқалы: Қазақ жерінің астын үстіне шығарған «тың және тыңайған жерді игеру» тарихымызда әуелі «№1 тыңгер Н. Хрущев» делініп дәріптелсе, ол тақтан ұшырылған соң «№1 тыңгер» деп Л. Брежневті дәріптеген күлкілі халді бастан кештік.

В. Лениннің өмірі қысқа болып, Ресейдің жаңа тарихы жазылғанын көріп үлгірмесе де, «қызыл қырғын», «халық жауы» науқанын тудырып кетті. Оны қызбалана қостап: «Біздің партиядан басқалар түрмеде отыруы керек!» деп сөзуар Л. Троцкий жұлқынып шықты.

Өкінішті өрескел ахуал: «қызыл қырғынды» қыздырған Троцкийді, соның «идеясын» ту етіп, Ресей әскерінің негізі болған украин казактарын қынадай қырған М. Тухачевскийді, тағы басқаларды бүгінгі кейбір «тарихшылар» әулие етіп том-том кітап жазып, оның есесіне И. Сталинді күстәналап жүр.

Л. Мирзоян Қазақстанды 1933 – 1938 жылдары басқарды. Бүкіл ел қадірлеген Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, басқа да ондаған зиялымыз оның билігі «салтанат құрған» сол жылдары «халық жауы» деген жаланың құрбаны етілді.

Бұрынғы бір мақаламда Ресейдің атақты тарихшы ғалымы, саясаткер журналшысы Юрий Жуковтың «Басқа Сталин. КСРО-

дағы 1933-1937 жылдарғы саяси реформалар» атты кітабы, онда Мирзоянның қазаққа қандай «қамқорлық» жасағаны жөнінде деректі мағлұмат барын айтқан болатынмын.

Қазақтың малын қырып, аштыққа ұшыратқан Голощекинді қарғадық, қаралап жаздық, әлі де жазамыз. Ал қазақтың малына тиіспей, ондаған мың азаматын қор еткен Мирзоянды неге «Мырзажан» дедік? Қарнымыз тоя бастап, қолымызға домбырамызды қайтадан алып, аузымызға ән оралған соң санамыз қалғып кетті ме? Кремльге Мирзоянның мөрімен барған 6749 «халық жауы» Ежовтың мөрімен 7650 болып оралса да, ол тізім емес, сан ғана еді ғой? «Национал-фашистердің» (Мирзоян) тізімі өзімізде, Алматыда жасалды емес пе? Ендеше, тізімді кім, кімдер жасады? Мирзоян: Алаштың арыстарын, мәселен, өзі жақсы білген Сәкен Сейфуллинді тізімге енгізуге, азаптатуға, аттыруға шынымен мәжбүр болды ма? Кімдер мәжбүрледі екен? Қазақстан компартиясының съезі ме? Орталық комитеттің пленумы ма?

Жалпы, меніңше, «халық жауы» науқанын жағымпаз, портфельқұмар басшысымақтар қыздырып әкетті, өзара бәсекеге айналдырды. Ол «жарыстың жеңімпазы» Мәскеу облысынан 55 мыңнан аса, ал Украинада 160 мыңнан аса «жау» тапқан Н. Хрущев болыпты.

Қазақтың аймаңдайлы азаматтарының бәрін дерлік біле тұра оларды тізімдеп қазаға ұшырату – Мирзоянның да «үлкен жарыстан» қалмауды ойлағандығы, беті жылы, кеудесі суық, тілі тәтті, діні қатты болғандығы. Қайран малсақ қазекем: – Азаматымыз қайда?! – демеді оған.

Әкемнің ағасы Құрманбай Айтықов – сол зобалаң тұста Мирзоянның жеке тізіміне емес, әсірепысық шолақ белсенділердің тізіміне іліккендердің бірі. Жастайғы кәсібі ұсталық екен. Колхоз құрылып, іскер жас ретінде партия мүшелігіне қабылданып, оны-мұны қызмет атқара бастасымен өзі көріп-білген озбырлыққа қарсы күреске кіріскен. Айтысып-тартысып, ақыры жеңіліп, партиядан қуылып, ұсталық кәсібіне оралған.

Бірде, түн ортасынан ауа, көршідегі кішкене қыз бала ботадай боздаған келіп: «Ата, ата! Біздің үйге ұры кірді!» дейді. Күйеуінен айрылғанына жарты жыл ғана болған жесір келіншектің қызы.

Құрекең тұра жүгіріп жетіп барса, колхозға егін науқанын бақылауға ауданнан келіп жатқан өкіл жігіт пен келіншек жұлқысып жүр екен. Құрекең жігітті бассалып, сілейтіп сабап, қуып жібереді. Содан екі күннен кейін қызылжағалы екеу келеді де: «Партияның өкілін сабадың! Халық жауысың!» деп Құрекеңді ала жөнеледі. Ұста атам содан қайтып келмепті, сүйегі Магаданда қалыпты. Ал бала-шағасы тоз-тоз етіп жіберілген. Жұмыстан, мектептен қуылған. Тұңғышы Ізғұтты Семей қаласын паналап, сол жақтан И. Сталинге хат жазып, майданға сұранған. «Менің кінәсіз әкемді «халық жауы» деп он жылға соттап, Сібірге айдап жіберді. Маған соғысқа баруға рұхсат беріңіз. Мұнда «халық жауының баласысың» деп әскерге алмай қойды. Мен қарапайым колхозшы әкемнің абыройын ақтау үшін соғысамын, әкемнің халық жауы болмағанын, өзімнің халық жауының баласы емес екенімді дәлелдеймін!» деп жазған хатынан кейін 1942-жылы майданға алынып, 1944-жылы шілдеде Батыс Двина өзенінен өткендегі қиянкескі ұрыста, оған дейін де ерекше ерлік көрсеткені үшін Совет Одағының Батыры атағы берілді, бірақ ауыр жараланып, госпитальде екі аптадан кейін көз жұмды.

«Халық жауы» науқанында нендей сұмдық болмады?!.

Соңғы жылдары мұрағатжайларымызда іздеу-зерттеу жұмысымен шұғылданып жүрген жазушылар, журналшылар және тарихшылар марқұм зиялыларымыздың бірсыпырасы «халық жауын әшкерелеуде» қысастықпен бірін бірі ұстатып жіберуге қандай «еңбек сіңіргенін» құжат бойынша анықтап, шет жағасын айтып, жазып та жүр. Масқара!..

«Халық жауларының» тізімі бізге де Кремльден келмегені сияқты, «әшкерелегіш зиялылардың» да Кремльден тапсырма алмағандары анық. Бәрін де асқындырғандар – жер-жердегі парықсыз, шенқұмар, әсіребелсенді дүлейлер!

(«Түркістан» газеті, 2010-жыл.)

Әділдік –Тарихтың бас талабы

Бұлай дегенде, әлбетте, тарихшы ағайындарға дәріс оқыр ойым жоқ. Болған күннің өзінде оқи алмаспын да, себебі мамандығым – әдебиетші. Әйтседе, қайсыбір тарихшымыз безбеннің екі табағы барын ұмытып кетіп, бірін толтыра жербауырлатып, екіншісін қаңырата аспандатып қойған кезде: «Мұнысы несі?!» деп қалатыным бар.

«Жас қазақ» гәзетінің 46-санынан (25-қараша, 2011 ж.) «Мырза-жан» деп аталған «ғылыми-зерттеу» мақаланы оқып (тарих ғылымының докторы, профессор Тілеу Көлбаев мырза жазған, па, шіркін!), соны еріксіз тағы қайталадым да, өз сауалыма жауап іздедім.

Иә, Л. Мирзоян 1933-жылдың ақпанында Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшылығына келді. Сол жылдары біреу облыста қызмет істеген журналшы Мадат Аққозиннің «Вернуть из забвения» атты кітабынан (Ж.Шаяхметов туралы) мына сөйлемдерді оқыдым: «... Мирзоян, алдында болғанмен (*Голощекинмен*, – *Ғ. Қ.*) салыстырғанда, халықтың қамқоршысы сияқтанды. Жұртқа жұмыс табылды. Нанды карточкамен беру тоқтатылды, дүкенде ақшаға сатылды. Тұрмыс жеңілдей бастады. Бірақ аласапыран аштық орнын жаппай тұтқындау мен ату басты».

Иә, солай болды. Ел басшылығында, халық шаруашылығының барлық салаларында жетекші қызмет атқарғандардың қаншасы Мирзоянның тұсында «халық жауы» лақабымен айдалып, атылып кеткенін анық білмеймін, ал әдебиет ауылымыздағы бас-аяғы отыз шақты жазушының жиырмаға жуығы қасіретке ұшырапты. Он жылға Сібірге айдалып, мерзімін өтеп, әйтеуір, отбасына аман-есен оралғандарды атамағанда: Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Әбдірахман Айсарин, Орынбек Беков, Абдолла Асылбеков, Мәжит Дәулетбаев... атылды. Бұл ақын-жазушылар мен журналшыларды жазалау туралы Кремльден нұсқау-тізім түскен жоқ, бәрі де мирзояндар жасаған, Мирзоян қол қойып бекіткен тізімге іліктірілді, 1937-жылдың соңында тұтқындалып, 4-6 ай азапталып, 1938-жылы атылды. Мирзоянға арнап мадақ ниетті өлең жазған Мағжан ағамыздың бір кезде Ленинге қарсы өлең жазғаны ескерілген шығар дейік, ал саясатшылар тобына қосылмаған, қайта: «айтысу-тартысуды, партияға бөлінуді қойыңдар», деп жүрген Бейімбет Майлин ол тізімге не үшін енгізілді?

«Ел басшылығында» дегенде, мысалы, Мирзоянның таңдауымен Халық ағарту комиссарлығына тағайындалған Темірбек Жүргеневтің Мирзоянның аузымен «халық жауы» делініп, қазаға ұшыратылғаны қалай?

Сәбит Мұқанов және басқа да ағаларымыздың біразы Мирзоянды «Мырза-жан» депті, ол халық берген ат еді деп жазады кейбір

тарихшылар, журналшылар, артистер (әйтеуір, халықтың атынан сөйлеуден жеңіл ештеңе жоқ). Қаламдастары тұтқындала бастағанда «сол» Сәбит Мұқанов қатты абыржып, Мирзоянға өзін қабылдауды өтіне екі рет хат жазған, бірақ өтініші ескерілмеген. Неге? «Мырзаянның» онысы несі?..

Т. Көлбаев Мирзоянның Л. Кагановичке жазған хатын келтіріпті, ал онда: «Қазір бізге кемі әр облысқа 10 адам және Қарағандыға 10-15 адам керек... 17 ауданда прокурор жоқ, 28 ауданда халық сотының төрағасы жоқ» делінген. Көлбаев мырза, қазақ халқы қаншалықты қырғынға ұшыраса да, мұнша қажет қызметкер өзімізден табылмайтын ба еді? Издегісі келгенге табылатын еді. Осы орайда, тарихшы мырза, ертеректе И. Сталиннің еңбектерінен оқығандарымның ішінен оның 1937-жылы 5-наурызда БК(б)П Орталық комитетінің пленумында айтқан мына сөзін таба алдым:

«...Взять, например, товарищей Мирзояна и Вайнова. Первый из них является секретарем краевой партийной организации Казахстана... перетащил с собой в Казахстан из Азербайджана и Урала, где он раньше работал, 30-40 человек «своих» людей и расставил их на ответственные посты в Казахстане. Есть, стало быть, своя артель у товарища Мирзояна. Разве нельзя было подобрать работников из местных людей?.. Конечно, можно было... Я его несколько раз предупреждал, не таскай за собой своих приятелей ни из Азербайджана, ни с Урала, а выдвигай людей в Казахстане, не отгораживайся от местных людей в Казахстане, потому что... – что значит таскать с собой целую группу приятелей, дружков из Азербайджана, которые коренным образом не связаны с Казахстаном? Что значит таскать с собой целую группу приятелей с Урала, которые тоже не связаны с Казахстаном? Это значит, что ты получил некоторую независимость от местных организации, и, если хотите, некоторую независимость от ЦК. «У него своя группа, у меня своя группа, они мне преданы...». Это значит недоверие местным кадрам...».

Сталин атап айтқандар: Бадабашьян, Саумов, Саакасян, Саркисян, Поузбекян, Айрапетян, Ширазян, Асриян, Саркисов, Юсупов, Пинхасик, Свердлов, Киселев, Степанов, Кулиев, Камакидзе, Рзаев...

Мирзоянның «құйрығы» 30 – 40-тан көп болған. Сталин айтқандай, «на ответственные посты» – облыстардағы партия, совет

атқару комитеттерінің, прокуратура мен сот, милиция, хауіпсіздік органдарының бірінші не екінші басшысы, бөлім меңгерушісі орындарына оның ертіп келген «сыбайластары» қойылыпты. «Халық жауларын» жергілікті жандайшап, түйсіксіздердің көмегімен тізімдеген – солар!

«Балтыры сыздамастың жанында басың ауырмасын», керенау келімсектердің қазаққа жаны ашығандары неткені?!

Сөз ретіне қарай айтарым: Мирзоян сынға төзбейтін басшы болыпты. Закавказье өлкелік партия комитетін басқарып тұрғанында, 1924-жылы, өзінің қызметтегі қырсыздығын сынаған «Заря Востока» гәзетінің сол санын тараттырмай, түгел жинатып алып, өртегіп жіберіпті. Ал 1938-жылдың көктемінде өзін сынаған мақаласы үшін «Правда» гәзетін тараттырмай қойыпты.

Енді тарихшы доктор-профессорлардың назарынан тыс қалған, «Мырза-жанның» БК(б)П Орталық комитетінің Саяси бюросына және И. Сталинге жазған хаттарына қатысты мына екі дерекке үңілетік:

«Лимиты», запрошенные руководителями региональных парт- организаций и утвержденные ПБ» (*Политбюро, - Ф. Қ.*)

... Казахская ССР. Расстрел – 2346. Высылка – 4403». Жиыны – 6749 «халық жауы». Мирзоянның 1937 жылғы шілденің 11-індегі хатынан. «Лимит» сұраушылар арасында «Мырзажан» алтыншы орында тұр (бірінші орында – Н. Хрущев).

«Таблица эта явилась составной частью приказа Н. И. Ежова по НКВД от 30 июля 1937 г. «Об операции по репрессированию бывших кулаков, уголовников и других антисоветских элементов», делінген кітапта.

Ежов та «мырзажан» болыпты. Ол Мирзоянның «лимитін»: атылатын – 2700, жераударылатын – 4950, яғни жиыны – 7650 кісі етіп бекітіп берген (*Юрий Жуков*). Ал кітаптағы екінші хат туралы былай делінген:

«13 июля первый секретарь ЦК КП(б) Казахстана Л. И. Мирзоян направил в Москву на имя Сталина шифротелеграмму следующего содержания:

«Во время съезда компартии Казахстана кандидатура председателя Казахского ЦИК тов. Кулумбетова после длительного обсуждения на пленуме съезда тайным голосованием была

провалена. Основным мотивом отвода и провала был факт перехода в 1919 г. тов. Кулумбетова с оружием в руках на сторону врага. За последние два месяца после съезда ряд арестованных участников контрреволюционной рыскуловской и нурмаковской организации показывают на Кулумбетова как на одного из активных участников этой национал-фашистской организации. Возможно, в ближайшие дни следствие покажет необходимость ареста Кулумбетова. Мы считаем совершенно необходимым освободить Кулумбетова от обязанностей председателя ЦИКа и просим ЦК ВКП(б) утвердить наше предложение об освобождении Кулумбетова от обязанностей председателя ЦИКа. Кандидатуру нового председателя ЦИКа внесем на утверждение Политбюро в ближайшие дни».

Спустя два дня ПБ утвердило предложение Мирзояна. У. Кулумбетов был снят, арестован, расстрелян...».

Алматыдан Мирзоян: «с оружием в руках; контрреволюционная, национал-фашистская организация» деп ышқынып жатса, оған Саяси бюро, Сталин қалайша сенбесін?!

Тарихи оқиғалардың шын мәнінде қалай болғанын бүгін дұрыс жазбау – ертеңгі ұрпаққа, тарихқа қиянат. Бір дерек – Арменияның президенті Р. Кочерянға біздің президент Н. Назарбаев тарту еткен «Левон Мирзоян в Казахстане. Сборник документов и материалов (1933-1938 гг.)» деген кітапта («Президент мұрағаты» шығарған) «Мырза-жан» қазақ мемлекетін, қазақ халқын құрдымға кетуден аман сақтап қалған тарихи тұлға деп сипатталған. Ол – өзімізді де, армян ағайындарды да алдау, 1933 – 1938-жылдары мирзояндар аттырған азаматтарымыздың аруағынан аттап кету!

Естуімше, Астанада Мирзоянға ескерткіш орнатылмақ. «Бәрекелді!». Тәуелсіздігіміздің 20 жылында Абылай ханның, Алаш арыстарының аруағы маңайлай алмаған Астанаға сайқал, қандықол Мирзоянның ескерткіші қажет болған екен ғой?!.

...Тарих томдарында ақ тарау да, қара тарау да болатыны – заңдылық десек, екеуінің де ақиқат тілімен жазылуы шарт.

(«Жас қазақ» газеті, 2011 жыл.)

Қосымша: интернеттің «Abai.kz» сайтында 03.03.2017 ж. жарияланған «Алаштар бастан кешкен қуғын-сүргін» деген мақалада (авторы – республикалық «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы

төрағасының орынбасары, тарих ғылымының кандидаты, жазушы Бейбіт Қойшыбаев) мынадай мағлұмат бар: «...Атақты қайраткер Тұрар Рысқұлов Сталинге және тергеу мекемелеріне берген «Алаш-Орда» туралы сол хаттарында Түркістан Республикасында қызмет атқарған жылдары «өзінің тура бір бүйірінде үш жыл жұмыс істеген», «өздерінің ойлары мен насихатын тіпті партиялық қазақ баспасөзі арқылы жүргізгеніне ұялмаған, өзінің идеясы бойынша екпінді және Совет билігіне қарсы», «шетелмен (Шоқаевпен) байланыс орнатқан ұйым» болғанын әшкерелеп, сол ұйымдағы «Алаш-Ордашылар» контрреволюциялық жұмыс жүргізуде, оларды Қожанов тобы қолдайды» деп көрсетті. Негізгі баяндама-хаттарына қосымша, «контрреволюциялық жұмыспен шұғылданатын» партияда жоқ Әлихан Бөкейханов пен Жанша Досмұхамедов (Алаш-Орданың басшылары) және партияда бар Сұлтанбек Қожанов (Түркістан Республикасы басшыларының бірі) бастаған көптеген қызметкерлердің аты-жөнін тізіп, олардың «контрреволюциялық істерін» көрсетіп мінездеме берді».

Қайран қазақ! Бірінді бірін қаралап, анау аштықтың, одан соң «халық жауларын әшкерелеудің» көрігін қосқолдап гуілдете басып, халықты күйдіріп-жандырып бақтың-ау!.. Сондай сұрқылтайлықта бүкіл Орта Азияда алдына жан салмаған шығарсың!.. 04. 03. 2017 ж.

Был два Мирзояна

Прочитав в газете «Централ Азия Монитор» (2012 год, №3) главу «Левон Мирзоян. Немного солнца в холодной воде» из книги Бигельды Габдуллина «Великое кочевье», я невольно воскликнул: «О, почти ангел?!».

Рассказ был о деятельности Л. Мирзояна, первого секретаря ЦК КП(б) Казахстана (1933-1938 гг.), кого казахи, как безымянный чабан из «района близ Аулиеаты» называли «Мырза-жан». За что?

Да, с приходом нового руководителя многострадальный Казахстан стал облегченно вздохнуть. Внимание было обращено на отрасли народного хозяйства, на науку, на образование и культуру (безусловно, по совету и при морально-материальной поддержке Кремля!).

Работавший в те годы в редакциях областных, республиканских газет старый журналист Мадат Аккозин писал в своей документальной

повести «Вернуть из забвения» следующее: «Мирзоян после такого предшественника (*Голощекина, – Г. К.*) явился как спаситель народа. Появилась работа. Отменили карточки на хлеб, его продавали в магазинах за деньги. Начал налаживаться быт людей. Но на смену массовому голоду пришел массовый арест с расстрелами».

К сожалению, так и было. Например, Союз советских писателей (ССП) Казахстана насчитывал около тридцати членов, из них: основоположники казахской письменной литературы Ахмет Байтурсинов, Магжан Жумабаев, Сакен Сейфуллин, Ильяс Жансугуров, Беимбет Майлин, а также Абдрахман Айсарин, Орынбек Беков, Абдолла Асылбеков, Мажит Даулетбаев расстреляны по известной статье «враг народа», а другие, десять человек, осуждены по тому же обвинению на 10 лет. Таким образом, ССП был разгромлен. Кем? В первую очередь, давшим санкцию на все это Мирзояном и его людьми – шрейдерами, реденсами и другими «архидиректорскими чекистами».

К слову. Хотелось бы привести один пример из не литературной среды. Мирзоян сам назначил Темирбека Жургенева Комиссаром образования, сам и погубил. За что?.. Судя по мемуарам композитора Евгения Брусиловского, Темирбек Жургенев твердо настаивал на уважении государственного, то-есть, казахского языка, а в своем комиссариате все мероприятия проводил на казахском языке, чем, однозначно, «националист» нажил себе врагов со стороны самого хозяина и его кадров-пришельцев.

Вот что сказал И. Сталин 5 марта 1937 года на пленуме ЦК ВКП(б) по поводу деятельности Мирзояна:

«...Взять, например, товарищей Мирзояна и Вайнова. Первый из них является секретарем краевой партийной организации Казахстана... перетаскивал с собой в Казахстан из Азербайджана и Урала, где он раньше работал, 30 – 40 человек «своих» людей и расставил их на ответственные посты в Казахстане. Есть, стало быть, своя артель у товарища Мирзояна. Разве нельзя было подобрать работников из местных людей?.. Конечно, можно было... Я его несколько раз предупреждал, не таскай за собой своих приятелей ни из Азербайджана, ни с Урала, а выдвигай людей в Казахстане, не отгораживайся от местных людей в Казахстане, потому что... – что значит таскать с

собой целую группу приятелей, дружков из Азербайджана, которые коренным образом не связаны с Казахстаном? Что значит таскать с собой целую группу приятелей с Урала, которые тоже не связаны с Казахстаном? Это значит, что ты получил некоторую независимость от местных организации, и, если хотите, некоторую независимость от ЦК. «У него своя группа, у меня своя группа, они мне преданы...». Это значит недоверие местным кадрам...».

«Хвост» Мирзояна был намного больше 30-40 человек. Они – Бадабашьян, Саакасян, Саркисян, Поузбекян, Айрапетян, Ширазян, Асриян, Саумов, Саркисов, Юсупов, Пинхасик, Свердлов, Киселев, Степанов, Кулиев, Камакидзе, Рзаев... занимали, как сказал И.Сталин, ключевые посты и, разумеется, выполняли и перевыполняли свои планы «по ликвидации местных врагов народа». Будь на их месте казахстанские кадры: русский, украинец, уйгур, еврей, армянин, немец... они, я уверен, не проявили бы кровожадную сверхактивность как эти пришлые «незаменимые»!

Мало того: Мирзоян пишет Л. Кагановичу письмо, о том что здесь, в Казахстане нет кадров; нужны: в каждую область по 10, для г. Караганды 10-15 человек... В 17 районах нет прокуроров, в 28 районах нет народных судей.

Выходит: одной рукой истребляет местных кадров, а другой рукой просит у Москвы! Значит, ему не достаточно было своих прицепных-дружков?!

Известен факт, что видный писатель Сабит Муканов, который был хорошим приятелем Мирзояна, написал ему обеспокоенное письмо по поводу «разоблачения врагов народа», о погроме в ССП и просился на прием, однако, получил отказ.

Издержка из статьи газеты: «Коммунист – совесть эпохи, если он думает о народе, – считал Мирзоян. – Если коммунист о народе не думает, нам с таким коммунистом не по пути». То есть, не говоря о перечисленных выше коммунистах-писателей, Сабит Муканов тоже не думал о народе, Мирзояну было не по пути и с ним?

В данной шершавой статье, написанной в основном со ссылкой на материалы Т. Достанбаева из г. Тараза, говорится: «...Расстрельные списки поступали из Центра. Наши сегодняшние «добрые друзья» Мирзояна всячески навязывают нам мысль о том, что Левон Исаевич

был причастен к зловещим спискам, хотя конкретных фактов привести не могут. А вот то, что он многих людей в Казахстане спас от репрессии общеизвестно...».

Интересно, если не сказать «глупо»! Казахи говорят: «Көкек өз атын өзі шақырады», что в переводе звучит: «Кукушка сама себе кличет». То есть, получается наоборот: авторы статей, по-моему, не ищут не нужные им факты, не читают не нужные им статьи, книги (об этом чуть позже), то есть, они не нуждаются в истине.

В мирзоянском периоде было арестовано, пока не уточненным данным, 110 000 человек, из них 25 000 расстреляны. Это – «...то, что он многих людей в Казахстане спас от репрессии»? Да, господа, глупо!

Я предлагаю автору статьи и всем поклонникам палача Мирзояна ознакомиться, например, с книгой доктора исторических наук, ведущего научного сотрудника Института российской истории РАН, автора восьми монографии по истории СССР Юрия Жукова «Иной Сталин», прочесть хотя бы 445 – 449-страницы. Пока же позволю себе привести некоторые выдержки из нее, касающиеся деятельности Мирзояна:

**«Лимиты», запрошенные руководителями региональных
парторганизаций и утвержденные Политбюро**

...Казахская ССР. Расстрел – 2346. Высылка – 4403...

Это из списка «лимитов», поступивших только 11 июля 1937 года. «Лимит» Мирзояна возвращен с плюсом Ежова: расстрел – 2500, а высылка – 5000 человек. Как показывают документальные исследования последних лет, Ежов часто сам лично удовлетворил просьбы «лимитчиков».

«...Мирзоян пытается уменьшить число жертв, но НКВД был всемогущ и ему никак не подвластен», говорится в статье. В таком случае почему он не задумался о своей совести, чести и не покинул проклятый пост? Может быть он обращался к постоянно «мрачно думающему о нем» Сталину с просьбой освободить от занимаемой должности и перевести обратно в Азербайджан, Уральск или в другую республику? Нет. Вместо этого...

Из книги Ю. Жукова:

«13 июля (1937 года, – Г. К.) первый секретарь ЦК КП(б) Казахстана Л. И. Мирзоян направил в Москву на имя Сталина шифротелеграмму: «Во время съезда компартии Казахстана кандидатура

председателя Казахского ЦИК тов. Кулумбетова после длительного обсуждения на пленуме съезда тайным голосованием была провалена. Основным мотивом отвода и провала был факт перехода в 1919 г. тов. Кулумбетова с оружием в руках на сторону врага. За последние два месяца после съезда ряд арестованных участников контрреволюционной рыскуловской и нурмаковской организации показывают на Кулумбетова как на одного из активных участников этой национал-фашистской организации. Возможно, в ближайшие дни следствие покажет необходимость ареста Кулумбетова. Мы считаем совершенно необходимым освободить Кулумбетова от обязанностей председателя ЦИКа и просим ЦК ВКП(б) утвердить наше предложение об освобождении Кулумбетова от обязанностей председателя ЦИКа. Кандидатуру нового председателя ЦИКа внесем на утверждение Политбюро в ближайшие дни».

Спустя два дня ПБ утвердило предложение Мирзояна. У. Кулумбетов был снят, арестован, расстрелян...».

В этом своем письме, как видите, Мирзоян взял на мушку и Т. Рыскулова и Н. Нурмакова!

Есть копия другого письма Мирзояна Сталину от 1 декабря 1937 года, №2748/Ш, где сказано, что в республике «...репрессировано по первой категории 8 тысяч и по второй категории 8 тысяч человек. По этим двум категориям активного повстанческого, диверсионного и шпионского элемента нами изъято по ликвидированным организациям и группам на 1600 человек больше установленного лимита. Для полной зачистки остатков мы просим разрешить нам дополнительно репрессировать по первой категории 600 человек и по второй категории 1 тысячу человек».

Ну, каков «Мырза-жан»?!

Кто скажет: сколько «лимитов» запросил Мирзоян в течении 5 лет своего бесчинства в Казахстане и сколько «врагов народа» уничтожил? Если бы он вместе с «лимитом» каждый раз посылал расстрельные списки «врагов народа», чтобы они «поступали из Центра», интересно, на сколько месяцев он обеспечил бы работой весь аппарат НКВД СССР?

Обратите внимание на формулировки Мирзояна: **«с оружием в руках на сторону врага... контрреволюционной рыскуловской**

и нурмаковской организации... национал-фашистская организация... активного повстанческого и диверсионного, шпионского элемента»!

Как мог на это не верить Кремль, Сталин, Политбюро, когда сам Мирзоян официально пишет с места, из Алматы?!

Может быть, все его письма были написаны им под диктовкой «неподвластного ему НКВД»?

Вот вам и «Мырза-жан» – «Щедрая душа»!.. Старался обеспечить народ материально (разумеется: с помощью Центра), а морально искалечил, – уничтожил весь цвет нашей интеллигенции! Только ли интеллигенции?! За это ему – памятник, улицы его имени, хвалебные статьи?!

Беспечен наш народ.

Как писал Абай:

*«...Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп екі ұртың...».*

То есть:

*«...Не мог распознать добро и зла,
За одной щекой кровь, за другой – сало...».*

Последние годы издательствами России выпущены десятки книг о голоде, репрессии, войне. Почти у всех авторов-антисталинистов главный герой – И. Сталин. Оказывается, и Мирзояна он подвел: велел поехать в Казахстан со своими друзьями, образовать там «свою артель» и уничтожать казахский народ, начиная с его интеллигенции, то есть, «настоящих врагов советского строя».

Есть, разумеется, книги и сталинистов. Я читаю эти книги, ищу историческую правду тех лет, сопоставляя факты с обеих сторон. Что интересно, доводы критиков Сталина жидковаты. Прав *историк, академик РАН А. Чубарьян: «Многие авторы, «разоблачающие» Сталина не нуждаются в архивах, нечего бояться мертвого, и пользуются слухами, сплетнями, и думают, что они правы».*

В связи со слухами, сплетнями и выдумками, мне вспомнилось содержание беседы И. Сталина с А. Коллонтай в ноябре 1939 года, прочитанная мною ранее, привожу выдержку:

«...Многие дела нашей партии и народа будут извращены и оплеваны прежде всего за рубежом, да и в нашей стране тоже».

Сионизм, рвущийся к мировому господству, будет жестоко мстить нам за наши успехи и достижения. Он все еще рассматривает Россию как варварскую страну, как сырьевой придаток. И мое имя тоже будет оболгано, оклеветано. Мне припишут множество злодеяний.

Мировой сионизм всеми силами будет стремиться уничтожить наш Союз, чтобы Россия больше никогда не могла подняться. Сила СССР – в дружбе народов. Острие борьбы будет направлено прежде всего на разрыв этой дружбы, на отрыв окраин от России...

С особой силой поднимет голову национализм. Он на какое-то время придавит интернационализм и патриотизм... Возникнут национальные группы внутри наций и конфликты. Появится много вождей-пигмеев, предателей внутри своих наций.

В целом в будущем развитие пойдет более сложными и даже бешеными путями, повороты будут предельно крутыми. Дело идет к тому, что особенно взбудоражится Восток. Возникнут острые противоречия с Западом...».

Не спору, да, Л. Мирзоян делал кое-какие добрые дела, перечислить чего нет необходимости, в статье все учтено. Однако возникает логичный вопрос: ведь Мирзоян пришел на голое место после Голощекина, то есть, необходимые средства и сельхозпродукты он привозил с собой вместе со своими дружками? Кремль просто десантировал его, Мирзояна, и «привет-прощай!»?..

По поводу упомянутого в вышеназванной статье вопроса относительно Казахского филиала АН СССР и АН Казахской ССР. Здесь «обходить и объехать» имени К. Сатбаева никак не следует, поскольку в этой сфере заслуга Каныша Имантаевича очень велика. Когда он по проблемам меди Жезказгана, геологической науки республики не раз побеседовал с С. Орджоникидзе, руководителями АН СССР, и в письме И. Сталину, постоянно подготавливал почву для организации филиала союзной АН, после – саму АН республики. Как пишут в своих трудах и воспоминаниях соратники Каныша Имантаевича, партия и правительство СССР высоко ценили его как великого геолога, большого организатора научных дел. Потому в 1941 году он был назначен заместителем председателя президиума Казахского филиала АН СССР, а когда была основана АН республики, в 1946 году, он стал ее первым президентом! То есть, весь комплекс

вопросов относительно науки в Казахстане решался в Москве при участии Каныша Имантаевича, а не Мирзояна.

(Газета «Централ Азия Монитор», 2012 г.)

Аруагына алғыс айтуымыз керек екен

Профессор *Омарбеков Таластың* Л. Мирзоян туралы пікірімен таныстым. Гәзет материалына *(«Айқын» гәзеті. «Мирзоянның Алаш арыстарының атылуына қатысы бар ма?», 28. 09. 2012 ж.)* жалпы ден қойғанмен, тарихшы Талас мырзаның ондағы: «Ал Алаш зиялыларының қудалануына Мирзоян себеп болды деген бекер сөз... тікелей қатысы жоқ» дегені жағамды ұстатты.

Қай-қайсысымыз да әрқашан нақты дерекке сүйенуге тиіспіз. Сондықтан мынаны оқылық:

«13 июля 1937 года первый секретарь ЦК КП(б) Казахстана Л. И. Мирзоян направил в Москву на имя Сталина шифротелеграмму следующего содержания:

«Во время съезда компартии Казахстана кандидатура председателя Казахского ЦИК тов. Кулумбетова после длительного обсуждения на пленуме съезда тайным голосованием была провалена. Основным мотивом отвода и провала был факт перехода в 1919 г. тов. Кулумбетова с оружием в руках на сторону врага. За последние два месяца после съезда ряд арестованных участников контрреволюционной рыскуловской и нурмаковской организации показывают на Кулумбетова как на одного из активных участников этой национал-фашистской организации. Возможно, в ближайшие дни следствие покажет необходимость ареста Кулумбетова. Мы считаем совершенно необходимым освободить Кулумбетова от обязанностей председателя ЦИКа и просим ЦК ВКП(б) утвердить наше предложение об освобождении Кулумбетова от обязанностей председателя ЦИКа. Кандидатуру нового председателя ЦИКа внесем на утверждение Политбюро в ближайшие дни».

Спустя два дня ПБ (*Политбюро – Саяси бюро, – Ф. Қ.*) утвердило предложение Мирзояна. У. Кулумбетов был снят, арестован, расстрелян...».

Бұл үзінді Ю. Жуковтың «Иной Сталин» деген кітабынан алынды (*Мәскеу, «Вагриус» баспасы, 2007-жыл.*)

Аталған кітапта және былай делінген:

«Лимиты», запрошенные руководителями региональных парт-организаций и утвержденные ПБ»

...Казахская ССР. Расстрел – 2346. Высылка – 4403».

Жиыны – 6749 «халық жауы». Ал Ежов Мирзоянның «лимитін» 7650 кісі етіп бекітіп берген.

Менде Мирзоянның 1937-жылғы 1-желтоқсанда Сталинге жазған тағы бір хатының (№2748/Ш) көшірмесі бар. Оқылық: «...в республике репрессировано по первой категории 8 тысяч и по второй категории 8 тысяч человек. По этим двум категориям активного повстанческого, диверсионного и шпионского элемента нами изъято по ликвидированным организациям и группам на 1600 человек больше установленного лимита. Для полной зачистки остатков мы просим разрешить нам дополнительно репрессировать по первой категории 600 человек и по второй категории 1 тысячу человек».

Осы тұстағы бір сұрақ: мұның алдындағы хатында Мирзоян: *«рысқұловшылдар мен нұрмақовшылдар революцияға қарсы ұйым құрды»; «Құлымбетов қолына қару алып, жау жағына шықты, ол – ұлтшыл-фашистік ұйымның белсенді мүшелерінің бірі»; «белсенді көтерілісші, қастандық жасаушы және шпион элементтер»* деп дабыл қағып жатса, оған Кремль, Саяси бюро, Сталин неге сенбесін?

...Малын сыпырып алумен аштық қырғынын жасаған Қужақ – Голощекинге лағнет айтқан қазақ өз азаматтарын қынадай қырған жауыз Мирзоянға «Мырза-жан» деп ат қойған, ә? Ол Алаш басшыларының бетіне жел тигізбеген, ә? Тарихшы профессор Т. Омарбеков мырза: «Репрессияға тікелей қатысы жоқ» дейді, ә?.. Ой-хой, «ғалымдық-ай!...».

(«Айқын» газеті, 2012 жыл.)

Халық «Мырзажан» деген жоқ!

(Үзінді)

Ел басшылығында, халық шаруашылығының барлық салаларында жетекші қызмет атқарғандардың қаншасы Л. Мирзоянның тұсында «халық жауы» лақабымен айдалғаны, атылғаны әлі де толық анықталған жоқ. Ал ел басшылығынан бір мысал келтірсем, «Мырза-жанның» өзі Халық ағарту комиссарлығына тағайындаған Темірбек

Жүргеневтің сол Мирзоянның аузымен «халық жауы» делініп, қазаға ұшыратылғаны қалай? Бұл сұраққа жауапты қазақ өнеріне мол еңбек сіңірген әйгілі сазгер Е. Брусиловскийдің естеліген табасыздар. Оның айтуынша, комиссариаттағы бір мәжілісте Қарағанды облыстық мәдениет басқармасының бастығы орыс жігіт: «Мен түсінбей отырмын, орыс тілінде айтыңыз», дегенде Жүргенев оны көзімен атып: «Сіз қайда отырсыз? Қазақстанға қызметке келдіңіз екен, мемлекеттік тілді біліңіз! Әлде сіз қазақтың ән-күйін де орысшалатып алып зерттемексіз бе?!» депті.

Темкең өз құзырындағы комиссариатта іс қағаздарын қазақ тілінде жүргіздірген және жиын-жиналыс атаулыны қазақ тілінде өткізген. Яғни ресми мемлекеттік тілді өзі де құрметтеген, басқалардың құрметтеуін де талап еткен. Оның анау мәжілістегідей батыл да орынды талаптары Мирзоянға «өз кадрлары» арқылы жетіп жатқаны, Қазақстанға келе сала «қазақ тілін үйреніп алған» (па, шіркін!) оған «ұлтшыл комиссардың» табандылығы ұнамағаны сөзсіз.

Мирзоянның Қазақстанға қашан келгені, өзімен ала жүрген сыбайлас-жемтіктестерінің нешеуі, кімдер екені, ол туралы И. Сталиннің не айтқаны бұдан бұрын басқа екі-үш гәзетте шыққан мақалаларымда баяндалған, яғни оларды қайталаудың қажеті жоқ.

...Мирзоянның Голошикиннен зор зардап шеккен халыққа қалыпты жағдай жасауына Кремль жөн сілтеген, моральдік-материалдық жан-жақты көмек көрсеткен. Өйтпесе, «қужак»-Голошекин қуартып кеткен жерден ол не таба алар еді? КСРО үкіметі басқа республикалардан мал, астық, тауар алуына жол ашты. Ол туралы деректер мұрағатжайларда бар.

Міне, осындай дұрыс өзгеріс басталған кезде оны «Мырза-жан» деп атайтындар табылды. Ол атты халық емес, қашанда тақтың табалдырығын күзетіп жүретін тексіздер қойды!

Өзі тексізге тектілердің керегі болмағанын Т. Жүргеневке қатысты айтқаныма қосарым: Мирзоян зиялыларымызға обадай бола бастағанда Сәбен, Сәбит Мұқанов, оған хат жазып, қабылдауын өтініпті. Атқа мінерінде қазақ зиялыларына оң қарамақ ниет танытқан келімсек «көсем» атқа мініп алған соң оларды керек етпей, Сәбенді маңына жолатпай қойыпты. Ашық, батыл сөйлейтін белгілі жазушы арашашы болады деп сескенген.

«Қазақ халқына көп жақсылық жасағаны үшін Астана қаласында Л. Мирзоянға ескерткіш орнатылатын болды» деген хабар алған соң президент Н. Назарбаев мырзаға қолымда бар құжаттардың көшірмелерін қоса қарсылық хат жолдадым.

Ендігі бір «гәп» – біздің баспасөзде Мирзоян, Ежов атала қалсақ оларды «Сталиннің серігі, соның айтқанын іске асырушы» деген сияқты негізсіз пікірдің қайталана беретіні. Жалпы: кімді болсын Сталинге, немесе Сталинді кімге болсын қосақтай салу оңай, бірақ нақты дерекке сүйеніп сөйлеу қажет. Сталинді сынауды «батылдығым, ол туралы бәрін білгендігім» деп ойлау орынсыз. Осы ыңғайда мына бір ерекше сөздің шындыққа сайғаны бізді де ойлантса керек:

«...Многие дела нашей партии и народа будут извращены и оплеваны прежде всего за рубежом, да и в нашей стране тоже. Сионизм, рвущийся к мировому господству, будет жестоко мстить нам за наши успехи и достижения. Он все еще рассматривает Россию как варварскую страну, как сырьевой придаток. И мое имя тоже будет оболгано, оклеветано. Мне припишут множество злодеяний.

Мировой сионизм всеми силами будет стремиться уничтожить наш Союз, чтобы Россия больше никогда не могла подняться...» (И. Сталиннің А. Коллонтаймен әңгімесінен. 1939-жыл).

(«Дат» газеті, 2013 ж.)

6749... онекіден бірі шығар

«Шығар» деп отырған себебім: сонау «халық жауларын» әшкерелеу жылдары неше мың адамның атылғаны, неше мың адамның 10-20 жылға сотталып кеткені және соңғыларының қаншасының отбасына орала алғаны, қаншасының сүйегі жат жерде қалғаны әлі белгісіз. Әйтеуір, Ресей Федерациясының құзырлы орындары кешегі КСРО кезіндегі мағлұматтарға қосымша зерттеу-тексерумен былтыр мынадай дерек берді:

КСРО-да 1921-1953 жылдар аралығында қылмыстық жазаға тартылғандар – 3. 777. 380 адам, одан атылғаны – 642. 980. Бұлар – кілең «халық жаулары» емес, түрлі себеппен кісі өлтіргендер, кеңес құрылысына қаскүнемдік жасағандар, ұры-қарылар дегендей, қылмыстың сан түрімен сотталғандар. Ал мұның ішінде қылмыстық заңның «халық жауы» бабымен ұсталғандар 1.344.923 адам,

атылғаны – 181.692. Осындай ресми анықтауды керек етпей: – сотталғандардың бәрі «халық жауы» лақабымен «сталиндік террордың» құрбаны болды, – деп жазып, ойына келген цифрды айта, жаза салатындар болды және, өкінішке қарай, әлі де бар. Мысалы:

Д. Волкогонов пен Р. Медведев – 5 миллион,

Н. Хрущев (СОКП XX-съезінде) – 10 миллион,

А. Антонов-Овсеенко – 16 миллион,

Ю. Феофанов – 16-20 миллион,

А. Кириллов – 40 миллион десе,

А. Солженицын 110 миллион, деп лақанның көкесін көрсетіп, 1938-жылы халқы 168 миллион КСРО-ны картадан өшіріп тастай жаздады.

Осыгәзетте, 26-ақпанда, жарияланған, «Қазақстандағы 6.749 адамды Мирзоян жазықсық ажал құштырды» деген сұхбатта: «1929 жылдан 1953 жылға дейін тұтас Кеңес Одағының 40 миллионнан астам адамы сұрқия саясаттың құрбаны болғаны мәлім» делініпті. Осы цифрдың Қазақстанды кезіп жүргеніне 5-6 жыл болды. Бұл жалған есепті кімнің қайдан алғаны белгісіз (А.Кирилловтың «есепін» «Трибуна» гәзетіндегі мақаласымақтан келтіріп отырмын). Осындай беталды есепке жүйріктер: – Қазақстанда «халық жауы» делініп сотталғандар жарты миллионға жуық, оның төрттен бірі атып тасталған, – дегенді шығарып жүр. Ал бүгін таңдағы ресми дерек: Қазақстанда сотталған «халық жауларының» саны – 110 мың, одан атылғаны – 25 мың дейді. Олардың нақты қаншасы қылмыстық заңның «халық жауы» бабымен сотталғаны белгісіз. Ендеше, мақала тақырыбындағы цифр – 6749 мұның шамамен онекіден бірі болады. Бұл цифрдың төркіні мынада: ресейлік белгілі тарихшы ғалым, журналшы Ю. Жуковтың «Иной Сталин» атты деректі жазбалар кітабының «Лимиты», запрошенные руководителями региональных парторганизаций и утвержденные ПБ» (*Политическое бюро, – Г. К.*) деген бөлімінде Қазақстаннан Л. Мирзоян 6749 «халық жауын» (аталған сұхбат тақырыбындағы цифр осы) жою қажеттігін мәлімдеген. 1937-жылғы 11-шілдедегі хатында.

...Бізде Л. Мирзоянның («Мырза-жанның») шіріп қалған сүйегіне табыну тиылар емес. Алматы мен Астанада, басқа да қалаларда оның аты қойылған көше, мектеп бар.

Қайталап айтайын: Қазақстанды билеп-төстеген жылдарында

Мирзоян Кремльге «лимит» сұрай неше хат жазды, оларда көрсетілген «халық жауларының» саны қанша? Бұл сұраққа жауап жоқ. «Мырза-жаншылдар» мардымсып жүргенде болмас та. Бізде 1 әділеттілікті қолдасақ, оған қоса 2 әділетсіздікті де қолдай салатын «өнер» бар.

(2013 жыл. «Түркістан» газеті.)

«Мырзажан» деп мәңгілдей берейік пе?

2009-жылы «Алматыда Мирзоян көшесі бар» деп мақала жазғаннан бастап бұл сауалды зиялы қауымға, оның ішінде тарихшы ағайындарға уақ-уақ қойып келемін, ал олар «үндемеген үйдей пәледен құтыладының» күркесінде отыр...

Қазақстандықтардықырған«Мырза-жанның»атынкөшелерімізден, мектептерімізден, тағы басқалардан өшіру керектігін құжаттармен дәлелдеген хатым 2012-жылы Парламентке, Президентке жетті. Алматы қаласының әкімдігіне жазған хатымда қаладағы Мирзоян көшесін халқымыздың көрнекті ғалымы, әйгілі абайтанушы, Мұхтар Әуезовтің дос-шәкірті, Қазақстанның тұңғыш Ел әнінің (гимнінің, «Әнұранының» емес, «Ел әнінің») авторы, шәкәрімтанудың негізін қалаған «Қайым Мұхамедханов көшесі» деп атау жөн болар еді, деген қосымшам да бар, бірақ бәрі де «ойланайық, көрейік» деп тынды.

Алайда әзірше бір шүкіршілігім – Астанада Мирзоян ескерткішінің қойылуына қарсылығымның ескерілгендігі. Бұқаралық ақпараттан президент Н. Назарбаев Л. Мирзоянның ұлын қабылдап, әңгімелесіп, әкесіне Астанада ескерткіш орнату ойлары барын айтты дегенді оқып, президентке дереу хат жазып, Мирзоянның жауыздығын дәлелдеген құжаттардың өзіндегілерінен көшірмелерді қоса жолдадым...

Енді республикамыздың қала, ауыл-селоларындағы «Мирзоянды» өшіру үшін президент Н. Назарбаев мырзаның арнаулы жарлығын күту керек пе? Астананың әкімі Иманғали Тасмағамбетов өзінің шешімімен-ақ өшірді ғой, – ол әрекеті қай заңымызға томпақ болды?

(«Түркістан». 24. 08. 2014 ж.)

Қосымша: 2016-жылдың қараша айында Алматы қалалық мәслихаты қаладағы «Л.Мирзоян көшесін» «Академик Ш. Шөкин көшесі» деп атауға шешім қабылдады. Оңтүстік астанамыздың жаңа әкімі Бауыржан Байбекке де ашық хат жазып, қазақты қырған Мирзоян туралы деректерімнің көшірмелерін жолдаған едім, сол әрекетімнің оң әсері болды деп білем.

Н. ХРУЩЕВ

Курск губерниясының Калиновка селосында туған. Бақташы, слесарь болған. 1914-жылы майданға барған. 1918-жылы большевиктер партиясына мүше болып, партиялық жұмыспен айналысқан. Донтехникумда (Юзовкада) оқып жүріп, партия ұйымының хатшысы болған. Одан кейін Петров-Марьинск оязында, Мәскеу Өнеркәсіп академиясында партия ұйымдарына жетекшілік еткен. Академияны



бітіріп, Мәскеудің бірер ауданында партия комитеттерінің 2- және 1-хатшысы болып, 1938-жылы Украинаға Орталық партия комитетінің 1-хатшылығына жіберілді де, 1947-жылы Мәскеуге қайтып оралып, Мәскеу қалалық және облыстық партия комитеттерінің 1-хатшылығына ие болды. Одан кейін: СОКП Орталық комитетінің ауылшаруашылық жөніндегі хатшысы, 1953-жылы 1-хатшысы, ал 1958-жылдан бастап КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы міндетін қоса атқарды. Мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатын былықтырғаны үшін 1964-жылы қазан айында орнынан алынып, зейнетке жіберілді...

– Әй, мына таздың есі дұрыс па, а?! «Елді не аз бүлдіреді, не таз бүлдіреді» деген рас болды! Мынау ауылды құртуға кірісті! Ауылды құрту – қазақты құрту! Ауыл – қазақтың бесігі!.. Мынау шынында есалаң шығар?! – деп ашынып сөйлеген әкем орындығынан ұшып тұрды да, қолындағы гәзетті лақтырып жіберіп, қайта отыра қалып, маған зілдене қарады.

– Маған не қыл дейсің? Бар жазығым ертең тарайтын гәзетті елден бұрын, бүгін әкеліп бергенім бе? – дедім, ашуын сейілткім келе әзілдеп.

– Соншама не бола қалды? – деді асбөлмеден шыққан шешем, әкеме аңтарыла қарап.

– Өй, анау таз, құрып кеткір таз! Тағы бүлдірді, әне! – деп әкем еденде жатқан гәзетті нұсқады. – Маленков: « мал өсір, көбейт, үйіңнің іргесінде жер телімің болсын, бақша жаса» деп еді, ал мынау таз шығып, телімді құртып, екі қой, бір сиыр ғана ұста деді емес пе?!

Енді, ол қырсығы аз болғандай, мытысты таратқан қаулы шығарыпты! Мұнысы – колхозды ойрандау! Неткен ақымақ, а?! Әкесін колхоз өлтіріп пе екен?! Өй, әкеңнің ауызын..!

– «Мытысты таратты» дейсің бе? – деген шешем еңкейіп гәзетті алып, диванға қойды да, сауалына жауап күтпей: – Жарайды, тамақ дайын, жүріңдер, – деп асбөлмеге беттеді.

Екеуінің «мытысы» – МТС. Машина-трактор стансасы.

– Балам, көп кешікпегенің жақсы болды, шешең алаңдай бастап еді, жүр, тамағы суып қалмасын. Таз туралы сөзді доғардым, құрысын! – деп әкем орнынан тұрды.

...Әкемнің «таз» дегені – Никита Хрущев. Неге екенін білмеймін, сұраған да емеспін, оның суретін гәзеттен алғаш көргенде-ақ:

– Мына таз неменің сиқы жаман екен, шошқа сияқты, – деген-ді.

– «Тазың» не, қасқабас қой? – дегенімде ол:

– Мынаникі ақылға біткен қасқабас емес, бұдан да Жарылғаптай таз болғаны дұрыс еді, – деп мырс-мырс күлген. Жарылғап дегені – құрдас досы, оның атын кекесінді сөзіне сына ете салатын әдеті.

Біз Өскемен қаласында тұратынбыз. Мен облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») гәзетінің редакциясында қызметтемін. Сол күні гәзет шығару жұмысымыз мезгілінде аяқталып, үйге сағат кешкі сегізден кете келгенмін. Кезекшіліктегі әдетім – баспаханада таралымы басылып жатқан ертеңгі гәзеттің бір данасын алып қайту. Солайша әкелген гәзеттің ертеңгі санында партия мен үкіметтің МТС-ты тарату туралы қаулысы шығатын. Зейнеткер әкемді қатты ашуландырған – сол қаулы.

Облыста он МТС бар. Бір МТС бес-алты ұжымшарды (колхозды): трактормен, комбайнмен, шөп шабатын, дегдіген шөпті жинайтын және егін оратын, оны баулайтын техникамен, басатын комбайнмен, жоспарлы астықты облыс орталығындағы қабылдау пунктіне таситын аутомәшінмен жабдықтайды. Оларды қыс бойы күрделі жөндеуден өткізеді де, көктем мен жазғы, күзгі жұмыстарға қажетінше бөліп беріп, ол үшін шартты ақысын алады. Науқандық шаралар аяқталысымен бәрін тағы жинап алып, жөндей бастайды. МТС таратылғаны – сол техниканың бәрі далада қалды деген сөз. Ұжымшарда оны сатып алар қаржы да, жөндейтін шеберхана да, тіпті қоятын гараж-аула да жоқ. Яғни ауыл шаруашылығы шоңқайтылды.

Әрине, халық қарап отырған жоқ, қастыққа пара-пар қаулыға ауызша да, жазбаша да қарсылық күшейді. Ақырында, бес-алты айдан кейін, МТШ ашу жөнінде жаңа қаулы шықты: «Машина-трактор шеберханасы». МТС-пен салыстырғанда, ол далбаса бірдеңе болды. Оның үстіне қыс түсе далада қаңқайып қала берген техника атаулы, біреу анау темірін, біреу мынау темірін алып кетіп дегендей, тоналып бітті де, мемлекет жаңасын алуға ұжымшарға несие қаржы бөлуге мәжбүр болды. Соны естігенде әкем:

– Таздарың енді төрт-бес жыл билеп-төстейтін болса, елді аздырып-тоздырып бітірер! – деп боқтап салды. Ол ғана емес, көпшілік солай дей бастады.

«Газ-екен» көпшілікті қателестірмеді. Алдын ала айтсам:

СОКП ХХ-съезін өткізіп, онда «Сталиннің жеке басына табыну және оның зардаптары» жайында құпия баяндама жасап, жұртты дүрліктірді;

таратылған Халық шаруашылығы кеңестерін (Совнархоз) қайтадан құрды;

КСРО-ның кеңес атқару комитеттері мен компартия ұйымдарын «ауылшаруашылық», «өнеркәсіптік» деп екіге бөліп, атыстырып-шабыстырды («Ауыл милициясына бір әйел барып: – Күйеуім мені мына балғамен ұрып, мертіктіріп тастай жаздады, – дегенде милиционер оған: – Балға біздікі емес. Біздікі – орақ депті») сияқты анекдот сол тұста көбейіп кетті);

дүние жүзі компартияларының «маркстік», «маркстік емес» деп екіге жарылып, айтыс-тартыстың астында қалуларына түрткі болды;

«сталиндік» Қытаймен, Албаниямен жауласты;

«Мал өнімдерін өндіруді жан басына шаққанда Америка Құрама Штаттарын қуып жетіп, басып озамыз!» деп ұрандап, ақырында халықты «жан басына шаққанда» бір қолға: жүз елу грамм сарымай, жарты кило ет, бір бөтелке сүт, бір бөтелке айран алу үшін таң бозынан дүкен есігін күзетіп кезекке тұратын жағдайға ұшыратты. Қара нан отбасына күніне бір бөлкеден ғана тиді, ақ нан «асқазаны ауырады» деген дәрігерлік анықтамасы бар адамға ғана сатылды (Өскемен қаласында тұрған біз осындай сорақылық көрдік);

1962-жылы Америкаға барғанында бір фермерінен «үлгі алып» келіп, жер-көкке «әрі сүт, әрі май, әрі ет» жүгері ектірді. Сөйтіп,

ақырында, әсіреәміршілдігінің соңғы жылында (1964), жүгерісі де құрып, халықты көкбұршақтың нанына қамады, ол «жетістік»: *«Жүгеріші Хрущевтің енді елге көкбұршақ жегізгені несі?» – «Е, коммунизмге кетіп бара жатқанымыз естіліп тұрсын деген зой!»* сияқты анекдоттардың шығуына себеп болды;

ұлы елдің басшысынан бұрын еріккен саяхатшыға ұқсап, әлемді шарлай беруді әдетке айналдырды;

Бір рет Социалистік Еңбек Ері атағын және бейбіт заманда үш рет Совет Одағының Батыры атағын алды. Ордендерінің саны – алпыстан асты;

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясының мінберінен бұрқырап сөйлеп, капитализмді «жерлеп құртатынын» ышқына жариялап, өзінен кейін қарсы сөйлеген Филиппины өкілінің сөзін тыңдатпас үшін бәтіңкесімен орындығын тоқпақтап, КСРО-ны мазаққа ұшыратты;

«Кариб теңізі дағдарысын» жасап, дүниежүзілік үшінші соғысты бастай жаздады...

Ол дені дұрыс іске жок, ағыл-тегіл арзан сөзге құмар «көсем» болып шықты. Қай мамандық иелері алдында сөз сөйлесе, өзін де сол мамандықтың иесі етіп жүрді. Дикан да, құрылысшы да, шахтер да, экономист те, тіпті журналшы да, жазушы да және бәріне оңды-солды ақыл айтушы да болды.

Оның ең әуелгі уәдесі «ескірген сталиндік бесжылдықтың» орнына жаңадан шығарған «жетіжылдығында» совет халқын тегін пәтермен түгел және тез қамтамасыз ету болды. Жоспар іске аса бастады. Бірақ бастама Хрущевтікі емес-ті.

Дүние жүзін жауламақ болған гитлерлік фашизммен күрес КСРО-ның жеңісімен аяқталса да, ел жағдайы қиындап кетті. Басқыншылар жетіп үлгірген жерлерде жүздеген қаланың түтіні өшті. Оларды қайтадан қалпына келтіруге өнеркәсіптік мүмкіндік аз, құрылысшы маман мен жұмысшы жетіспеді. Баспанасыз қалғандар – сан миллион. Сондай жағдайда бір күні И.Сталин Францияда жеңіл де мықты, арзан материалдан тез құрастырылатын үй салу жобаланып жатқанын естіп, министрліктен құрылысшы-маман профессор А. Карасевті шақырып алып, оған француздардың әрекеті туралы айтып, онымен танысуды, КСРО Үй құрылысы өнеркәсібін ұйымдастаруды, зауыттық жолмен оңай, тез және арзанға түсетін үй жасауды тапсырады. Пәтердің ішкі

төбе биіктігі 3 – 3,5 метр; пайдалы көлемі: 1 бөлмелісі 40 – 45, екі бөлмелісі 70 – 75, үш бөлмелісі кемінде 100 шаршы метр, ваннасы, дәретханасы жеке болсын дейді.

Жалпы КСРО-да үй салуды тездету жайында 1944-жылғы мамыр айының 23-і күні – Жеңістен бір жыл бұрын! – арнаулы қаулы болып, жылына 3,6 миллион текше метр үй салу жоспарланыпты!

Сталин бастаған ол игі істің де ат-атағы Хрущевқа бұйырып, ол: – Мұншама үлкен ету, шығынды көбейту керек емес! – деп, бұрынғы жобаны туталақай етіпті. «Үнем жасау үшін» үй бөлмелерінің төбесін аласартуға, бөлме көлемін екі есе кішірейтуге, ванна мен дәретхананы біріктіруге «кеңес» берген. Сөйтіп салынған ірі панельді үйлер «хрущевка» деп аталып кетті.

Бітеубұйрықты Хрущевтің Совет Одағын өркендету жоспарларын «орындап» болған соң: «Совет халқының бүгінгі ұрпағы коммунизмде өмір сүретін болады! Коммунизм нышандарын 1980-жылы көре бастайсындар!» деп өркештенгені де есімізде! Бірақ, «амал не», оны өзі көре алмай, 1964-жылғы қазан айының 14-ші күні тоңқалаң асты. Оның орнынан түсірілгенін естіген сәтте бұрын: «Ол өлі арыстанмен алысып, жеңіліп тынды» деген *У. Черчилль* енді: «Ең мылжың премьер сахнадан кетті» депті.

Андрей Сухомлиновтың «Василий, көсемнің ұлы» кітабында (Москва, «Совершенно секретно», 2001 г.) 1964-жылғы құпия құжаттан (Н. Хрущев орнынан алынған пленумда Д. Полянский жасаған баяндамадан) мынадай дерек келтіріпті: «...Хрущев, мысалы, 1963-жылы елімізді және шет елдерді аралауда 170 күн болды, 1964-жылдың тоғыз айында жұмыста 150 күн болмады. Бұған оның 1963-жылдың 128 күнін, әрбір үшінші күнді, небір салтанатты қабылдау, қонақасы берумен өткізгенін қоссақ, сонда жұмыста қанша уақыт болғаны?.. Ол қыдырысқа көптеген нөкерін ерте шығатын, кейде, өзінің жақын-жақпайлары былай тұрсын, бөгде біреулерді қосып алатын. Мысалы, АҚШ-қа 150 кісімен барды... Ол шетел сапарларына аса қымбатсылық: ұшақ, аутомәшін, қымбат аң терісін, арнап жасалған мылтық... ала жүретін. Секу Туреге «Ил-18» ұшағын силады. Египетке барғанда Насердің өзіне екі «Чайка», балаларына, басқаларына бірнеше «Москвич» аутомәшін апарып берді... Өзінің Қырымдағы және Пицундадағы (Кавказ) саяжайына бассейн

салдырды, оларға 5 миллион сомға жуық қаржы жұмсалды... Енді оның үйіндегі аутомәшінді санап көрелік: ұлында 4, күйеубаласында 2, әйелі мен қыздарында – бір-бірден және керек болып қалуы мүмкін кезекшілікте 4 аутомәшін! Үй шаруасы мен күзетінде 110 адам болды... Ал бұл «лениншілдің» марапат пен силыққа құмарлығында шек жоқ-ты!».

Даңғазашыл «Біздің Никита Сергеевич» (деректі кинофильмнің аты) туралы оның екі серігін сөйлесін:

«Хрущевтың портреті орталық газеттерде, мысалы: 1963-жылы 120 рет; 1964-жылдың тоғыз айында 140 рет жарияланды. Ал хрущевтық залымдықтың құрбаны болған И. В. Сталиннің портреті жылына 10-15 рет ғана шығатын. *М. Сулов*».

Екіншісі. «...Ол ешқашан тиянақты жұмыс істеген жоқ. Кітап, журнал атаулыны оқыған емес. Газеттегі кейбір керек материалды көмекшілері айтып беретін. Орталық Комитетте онымен қызметтес болған екі жылда ол бұрыштама соққан бір ғана құжатты көрдім. Елшілердің бірінің жеделхатына Сулов пен маған: «Азнаковица» деп бұрыштама жазыпты (*дұрысы – «ознакомиться» зой, – F.Қ.*)... 1957-жылдың маусымында оны партиялық-мемлекеттік басшылық қызметтерінен алу, қолынан келетін жұмысқа жіберу керек делінгенде ол – Хрущев... істің ақыры қалай болары белгісіз алғашқы күні жүні жығылып: «Жолдастар, менің ешқашан, ешқайда оқымағанымды ескерулеріңді өтінемін» деп жалбарынды. *Д.Шепилов*».

Хрущев расында оқып жарымаған. «Әкем попқа бір қап картөшке беріп, бір жыл оқыдым», дегені бар. Тіл-жағына сүйенген белсенділігімен компартияға мүше болып, Партия мектебінің Жұмысшылар факультетінде, Мәскеудің Өнеркәсіп академиясында оқыды. Академияның профессоры *А. Соловьев* былай дейді: «... Хрущевтың қызметі қалайша жоғарылай бастағанына мен де, басқалар да таңданып жүрдік. Ол академияда өте нашар оқыды. Енді, эне, аупарткомда екінші хатшы. Кагановичтің жетегінде. Жағымпаздың көкесі... Ол академияда Сталиннің әйелі Надежда Аллилуевамен бірге оқыды, сірә, оған өліп-тіріліп жағына білсе, «ашыл, сандығым, ашыл!» дегендей, биліктің ауласына кіре алатынын білсе керек. Сасық есебі оны сүріндірген жоқ. Надежда Аллилуева көсемге оны бір емес, бірнеше рет мақтаған болар. Хрущевтың тез жоғарылау құпиясының

бірі сонда шығар. Сүйікті әйеліне сенген И. В. Сталин оның қамшы деп силағаны қара қанжар болып шығатынын қайдан білсін».

Бүгінде: – Хрущев Сталиннің жеке басына табынуды әшкерелеп, ерлік жасады, сол үшін ғана тарихта қалады, – дейтін «білгіштер» бар. Иә, оның «тарихи еңбегі» – өлі Сталинді «әшкерелегені», КСРО-ны саяси және экономикалық дағдарысқа ұшыратқаны.

«Халық жауы» науқанының жабылған күйінде қалмауы, кейін үлкен сөз болуы мүмкін екенін долбарлай білген Хрущев өз басын арашалаудың сәті түсіп тұрғанын пайдаланып қалуды ойлаған. Кеңестік қарсыбарлаудың (контрразведканың) ардагері *Б. Сыромятин*: «...Орталық мұрағаттың директоры полковник *В. Детинин* репрессияны ұйымдастырушылардың бірі болған Н. Хрущевқа қатысты құжаттар түгелдей құртылғанын мәлімдеді» десе, Тарих мұрағатының қызметкері *В. Наумов* жиыны 11 қапшық құжат тәркіленгенін, құжаттар неғұрлым азайған сайын Хрущевтың өзі қатысқан қылмыстарды басқаларға жаба солғұрлым есіріп сөйлей бастағанын айтыпты.

Бертінде, М. Горбачевтің тұсында, 1937-38 жылдардағы репрессия құжаттарын тексеру жөнінде үкімет пен партияның комиссиясы құрылды. Маңызды іс ақырына жеткізілмесе де, комиссияның төрағасы *А. Яковлев* қалайда сақталып қалған деректерге сүйеніп: «Хрущевтың екі қолы иығына дейін қан болыпты» деді.

Иә, «күнәдан пәк» Хрущев «халық жауларын құртуда» ешкімге есесін жібермеген. Өнеркәсіп академиясын бітіріп, аудандық партия комитеттерінде екі-үш жыл істеп, содан соң Мәскеудің қалалық және облыстық партия комитеттерінің екінші, бірінші хатшысы болған жылдарында «Үштік сот» – С. Реденс, А. Маслов үшеуі қол қойып, көп зұлымдық істеген. Оның, әсіресе, өнеркәсіпті Мәскеу облысынан 22 мың «халық жауы кулақты» қалай тауып алғаны талайды таңдантипты.

«Үштік соттар» көп ретте БК(б)П Орталық комитетінің Саяси бюросына айтпай-ақ білгенін істей берген. Оған айғақты, мысалы, орыстың адал, әділ зерттеуші-тарихшыларының бірі *Е. Прудникованың* ресми дерек толы кітаптарынан таба аласыздар:

СОКП ОК Саяси бюро комиссиясының 30-40 жылдары және 50-жылдар басындағы репрессия материалдарын қосымша зерттеу жөніндегі жазбасынан:

«Өте құпия

Жеке папка

1988-жыл, 25-желтоқсан.

Қол қойғандар: А.Яковлев, В.Медведев, В.Чебриков, А.Лукьянов, Б.Пуго, Г.Разумовский, В.Крючков, В.Болдин, Г.Смирнов. Ресей Федерациясы мұрағатының Хабаршысында жарияланды. 1955.№1. 123-130-беттер.

1936-1937-жылдары БК(б)П Мәскеу облыстық және қалалық комитеттерінің бірінші хатшысы, 1938-жылдан Украина К(б)П ОК бірінші хатшысы кездерінде көптеген партия және совет қызметкерлерін тұтқындауға келісім берген. МҚК мұрағаттарында оның соғыс алдындағы жылдары Мәскеу қаласы мен Мәскеу облысында және Украинада жаппай репрессия жасағанын айғақтайтын деректі құжаттар бар. Хрущев Мәскеу советі мен Мәскеу партия комитетінің басшыларын тұтқындау жөніндегі ұсыныс құжаттарды өзі жіберіп отырған. Сол бойынша Ішкі істер комиссаратының Мәскеу қалалық және облыстық бөлімдері 55 мың 741 адамды репрессиялаған. Ал Украинада 1938-жылы 106 мың 119 адам тұтқындалса, 1939-жылы 12 мыңға, 1940-жылы 50 мыңға жуық адам тұтқындалған. Яғни Украинада 1939-1940 жылдары жиын 168 мыңнан астам адам тұтқындалды).

Демек, Хрущевтың ерекше белсенділігімен тұтқындалған «халық жауларының» жалпы саны 223 мыңнан асса, оның атылған төрттен бірінің қаны соның мойнында.

Хрущев 1938-жылдың басында Сталинге: «Қымбатты Иосиф Виссарионович! Украина ай сайын 17-18 мың адамның репрессиялануы керектігін жазып жіберсе, Мәскеу 2-3 мыңына ғана рұхсат береді. Шара қолданыңызшы! Сізді жанындай жақсы көретін Н. С. Хрущев» деп жіберген жеделхатына Сталин: «Ақымақ, желіге берме!» (Уймись, дурак!) деп бұрыштама соғыпты.

«Сізді жанындай жақсы көретін» дегені зымияндығы еді. Бірер дәлел:

«...Жан досымыз, дана көсеміміз жолдас Сталин! Партиямыздың социализм жолындағы жеңімпаз күресі Сіздің атыңызбен тығыз байланысты... Сталин аты – біздің еліміздегі миллиондардың жүрегінде!» (*Мәскеу қалалық партия конференциясындағы сөзінен. 1932 ж.*);

«...Сталин – біздің туымыз! Сталин – біздің жігер-күшіміз! Сталин – біздің жеңісіміз!» (*Радек пен Пятаковтың соты туралы жиындағы сөзінен. 1936 ж.*);

«...Еліміздің жұмысшы табы мен бүкіл еңбекшілері Лениннің ісін ілгерілетуші, КСРО халықтарының көсемі, дүние жүзі еңбекшілерінің досы Сталин жолдастың ақылдылығы, көрегендігі, сарқылмас қуаты арқасында социализмнің ұлы жеңістеріне қол жеткізді!» (*Мәскеу қалалық партия конференциясындағы сөзінен. 1937 ж.*);

«...Совет Одағының барлық халқы Сталинді досымыз, әкеміз және көсеміміз деп біледі. Сталин – халықтардың қарапайым досы. Сталин – халқымыздың сүйікті әкесі. Сталин – халық күресін даналықпен басқарушы көсем... Дүние жүзінің еңбекшілері ол туралы сүйіне айтатын да, жазатын да болады. Ал еңбекшілердің жаулары ол туралы ауыздары көпірши долдана айтар да жазар» (*Сталиннің жасы 60-қа толуына арнаған сөзінен. 1939 ж.*).

Сталинге жағымпаздандудың осылайша сорақы үлгісін көрсеткен ол СОКП XX-съезіндегі «құпия» баяндамасында: «...Жеке басқа табыну өте өрескел өрістеді, өйткені Сталин өзіне жағымпаздандандарды қолдап отырды» деп, одан арыда «сүйікті әкесін» тілінің жеткенінше жамандап жүрді де, бірде:

«...Маркстілер-лениншілер үшін ең басты іс – жұмысшы табының мүддесін, социализмді қорғау, марксизм-ленинизмнің жауларымен күресу; бұл жолда әрбір коммунист Сталинше күресе алса, Құдайдың бергені дейміз!» деп сілтеді (*1957-жылы 17-қаңтарда Қытай Халық Республикасының Мәскеудегі елшілігенде болған қабылдаудағы сөзінен* («Правда» гәзеті).

«Шіркінде ес болсайшы сезед деген» (Абай).

...Кулак, шпион, сатқын, арандатқыш «халық жауларын» әшкерелеуді қарқынды жүргізген Хрущев діндарларға да ауыз салыпты. Ол бағыттағы белсенділігі Б. Сыромятиннің жазбасында айтылған:

«...Хрущевтың шіркеулерді жабу және дін қызметкерлерін қуғындау бастамасын Сталин қолдамады. 1935-жыл. Сталин Сочиде дем алып жатқан. Бір күні Хрущев келіп, әңгіме барысында: «Мәскеу қаласы мен Мәскеу облысында 79 шіркеуді жабуға нұсқау бердім, ал неғұрлым белсенді діни қызметкерлерді сотқа тартамыз» дегенде

Сталин: «Хрущев, сіз – аранхистсіз! Махно батько тірі болса, сізді ұлындай жақсы көрер еді. Шіркеуде шаруаңыз болмасын! Біздің «пролетариат ақынымыз» Демьян Берныйша көзге түспекшісіз ғой? Киелі жазбаларды мазактауға оған кім рұхсат берді? Оның «Құдайға сенетіндер мен сенбейтіндер Библиясы!» деген кітабын дереу жою керек!» дейді. Хрущев миңгірлей сөйлеп: «Мәскеу қалалық сотында діндарлардың 51 ісі жатыр еді...» дей бергенде Сталин: «Оларды тоқтатуға дереу нұсқау беріңіз!» дейді.

Өзі өме қапқанға дейін өлі Сталинге жау болған Хрущев әлде Сталин қауіп еткен халықаралық сионизммен әмпей ме еді? Солай да болуы мүмкін. «*Сталиннің құпиялары*» деген кітаптың авторы *В. Веденеев* былай депті:

«...Батыстың кейбір зерттеушілері Никита Хрущевтің тегі, – өзі айтып жүргендей кәдімгі украин емес, – кәдімгі иудей. Фамилиясының Перелмутр екенін жасырған. Революцияның қарсаңында украин «тонын жамыла қойған». Иә, Хрущев туып-өскен оңтүстік өңірді еврейлер мекен еткен. Ресей империясының заңы православ дінін қабылдамаған еврейлерге елдің солтүстік өңірінде тұруға тиым салған. Ал ол жаққа қоныс аударғысы келгендер өте көп мөлшерде салық төлеуге тиіс болған».

Православие дініне жауыққан, шіркеулерін жауып, дін басыларын тұтқындап, бірақ оларды Сталиннің әмірімен босатуға мәжбүр болған екіжүзді Хрущевтың таққа отырып алған соң, 1957-жылы мамыр айында, жазушылармен кездескенінде дінге көзқарасы туралы сұраққа: «Мен христиан емеспін, шіркеуге баруды баяғыда қойғанмын... Біз атеист бола береміз, көпшілікті діни шырмаудан азат етеміз... Сендер көп кешікпей теледидардан ең ақырғы священникті көретін боласыңдар!», деп жауап бергенін ескерсек, Веденеевтің пікіріне иланбау мүмкін емес.

Перелмутр ұрпағының ұр да жықтығын Ресей патриархы *II-Алексий* 2004-жылы қатты ашынып есіне алды. «Хрущевтың тұсында православиені қуғындау өте асқынды, – деді ол. – Православие ғибадатханалары жабылып, саны екі есе азайды, 18-і ғана қалды. Шіркеулер, олардың ішінде тарихи сәулет ескерткіші ретіндегі құндылары да қиратылды. Ескі храмдарды жөндеуге, жаңасын салуға тиым болып, ол туралы жақ ашқандар жазаланды: тұтқындалып,

сотталып, түрмеге жабылды, лагерьге айдалды». Хрущевтың бұл кесапаты да – оның тегі Вединев айтқандай екеніне және бір дәлел.

Өзінің репрессияшыл қылмыстарын жасыруды, қанжоса ізін жабуды мақсат еткен Хрущевтің ойлап тапқаны «халық жауы», тағы басқа кесірлік істерге өзі сияқты қатысы болған тірілерге (Саяси бюродағы) соқтықпай, бар пәлені өлі Сталинге аударып тастау болған. Сол үшін СОКП ОК хатшысы П. Поспелов бастаған комиссия құрып, оған Сталинді барлық жағынан сынайтын материал жинауды тапсырған. Комиссия жинақтаған «деректерді» баяндамаға айналдыруды Шелепинге жүктеген. Шелепин бергінде: «Баяндама – менің жазғаным емес, мен Поспеловтың үзік-үзік материалдарын қарап қана бергенмін», деп азар да безер болды.

Съезден кейінгі мәжілісте (ОК президиумында, 01.02.1956 ж.) Хрущев: «...Сталин кінәлі... Ежов кінәлі емес, ол адал. Ягода да – таза адам» депті. Өзін ақтаудың қосымша тәсілі етіп қос тажал – Ежов пен Ягоданы періштеге айналдырып баққанын қарашы! Үшеуінің күбір-сыбыры бір болған. Ол өзі тұтқындатқан «халық жауларын» тергеуге қатысып: – Сен шыныңды айт, сыбайластарыңды жасырма! Біз, Ежов екеуіміз, қасарысқандардың талайына көресісін көрсеткенбіз! – дейді екен.

Сол кезеңдегі мемлекеттік мұрағаттардың басшылары және зерттеуші тарихшылар нақты дәлелдеп жазып жатқандай, Хрущевтің тобы мұрағаттарды «тәртіпке келтірумен» бірге, партия мен үкіметтің олардағы қаулылары мен жарлықтарын өңін айналдыра «жанартумен» жанталаса шұғылданған. Бастапқы қаулылар мен жарлықтардың көбінің түпнұсқасы жоқ, түзетіліп, жаңадан жазылғандар, олардың да тек көшірмелері бар екен, – әдейі солай істелген.

Мысалы, Хрущевтың: «Халық жауларын» тергеу кезінде күш қолдануға Сталин, партияның Орталық комитеті 1937-жылдың басындағы қаулысымен рұхсат берді, дегені де лақап болып шықты. Мұрағаттан ол «қаулының» көшірмесі ғана табылған. «Қаулының» он кісіге оқуға берілгені айтылыпты, бірақ ешқайсысының «оқыдым» деген қолы жоқ ол көшірме данаға әлдекім «Сталин» деп жаза салыпты, онысы Сталиннің қол қойысына, тіпті жазуына ұқсамайтыны дәлелденді.

Демек, қайталап айтқанда, ең жоғары деңгейде жүргізілген «мұрағат

операциялары» партияның XX-съезіндегі «құпия» баяндамада тізбектелген өтіріктерді бүркеп тастау үшін жасалды. Ондағы ең негізгі көзір Лениннің «Съезге» хаты болса, ол да бұрмаланып айтылды. Бір ғана мысал: хаттағы “Сталин слишком груб” деген сөзге Хрущев: «Владимир Ильич писал, что Сталин является чрезвычайно жестоким человеком, он злоупотребляет властью», дегенді қосыпты. Ол Лениннің хатын Сталиннің кейін жасырып қойғанын, Лениннің Сталинмен ешқашан суретке түспегенін «жаңалық» етсе, съезд делегаттарының көбі Сталиннің сол хат негізінде өзін Бас хатшылықтан босатуды өтінгенін, бірақ басым көпшіліктің оны қолдамай қойғанын және Сталиннің хатты кейін, 1936-жылы, өзінің алғысөзімен кітапша етіп шығарғанын, сондай-ақ, Ленин екеуі Горкиде түскен сурет (Лениннің қарындасы Мария түсірген) Лениннің сау-сәлемет кезінде «Правда» гәзетінде басылғанын білсе де, айта алмағандары сөзсіз.

«Мысалға Сталиндік силықты алайық. Патшалар да өздерінің аты қойылған силық тағайындап көрген жоқ», деді Хрущев. Силық мемлекеттің қалтасынан берілмейтінін, оған Сталиннің КСРО-да, шет елдерде шығып жатқан кітаптарының (мақалалар мен сөздер, сұхбаттар жинақтарының) қаламақылары ынталандыру мақсатында жұмсалатынын біле тұра қасақана бұрмалап сәмпылдады.

...Ешкім ешқашан ештеңемді біле де алмайтын, сезе де алмайтын болады деп арамзаланып өткен лақпа сөзді «көсемнің» жоқшыларының бірі – оның екінші ұлы *Сергей*. Ол әкесінің өтірігі шыға бастасымен АҚШ-қа тайып тұрды да, әкесін әулие дәрежесіне көтере жазуды бастады. Әрине, әркімнің әкесі өзіне қымбат. Бірақ сен, кім болсаң да, алдымен Ақиқат атты Ұлы күшке бас июге тиіссің. Ал Сергейде, «ұқсамасаң, тумағыр» деген, ондай сезім жоқ екен. «Известия» гәзетінің тілшісі А. Борисовамен сұхбатында: «... Егер әкемді 1960-жылдардың соңында орнынан алып тастамаса, КСРО-да нарықтық экономика орнығар еді», «...мұнайымызбен және экономикалық реформаларымызбен біз 70-жылдары Американы басып озар едік» депті.

«Профессор» деген дардай атағы бар баласы білімсіз, мәдениетсіз әкесінің (Н. Хрущевпен қызметтес болғандардың айтары – осы) Кеңес Одағын экономикалық тығырыққа тіреп, соғыс жылдарындағыша азық-түлікке «карточная система» жасай жаздағанын, немесе мал

шаруашылығы өнімдерін өндіруді жан басына шаққанда АҚШ-ты қуып жетіп, басып озамыз деп ұрандап, тотиып тынғанын «білмей», «...КСРО-да нарықты реформа орнығар еді», «...экономикалық реформаларымызбен Американы басып озар едік» деуі жалпы экономикадан хабар-ошары жоқтың сөзі емес пе?! Онысы аздай, «Никита Хрущев и создание Супердержавы» деп кітап жазыпты. Паһ, шіркі-і-ін!.. *А. Бушковтың «Сталин. Мұзтақ»* кітабындағы мына сөз ойыма оралды:

«...Тақырбас тантық неме, мөңкіген аттың үстінен топ ете түскен бостақымша, Мұзтақтан мұрттай ұшып, сәндетіп қойған саяжайында көпке дейін бырқылдап, бажылдап жүрді де, өтірікпен жамап-жасқап «мемуарын» жазып, онысын сонау кезде өзі жерге терең көміп тастамақшы болған Батысқа жіберттіре бастады. Сөйтіп жүріп өлді. Ал оның ұлы Штаттарға барып, жәрдемақымен жансақтаушы қаралардың, ах, кешіріңіз, афроамерикандардың маңынан жер сұрап алып, сонда тұрып жатыр».

«Көсемнің» ұшқыш болған, соғысқа қатысқан бірінші ұлы Леонидтің қазасы екідай айтылып, бір жақ: ол ұшағымен бірге әуеде жанып кеткен десе, екінші жақ: ол аман қалып, немістердің қолына түсіп, айдағандарына жүрген, содан барлаушыларымыз оны ұрлап алып келіп, опасыздығы үшін атылған деді. Ал «*Хрущев Сталиннен не үшін кек алды*» деп аталған кітапта (авторы – *МҚК-ның генерал-майоры Вадим Удилов*) ол даулы әңгіменің анығы жазылды. Леонид Хрущев 1941-жылдың басында Киевте бандиттермен сыбайлас болып, қылмыс жасап, бірақ Украинаның басшысы – әкесінің арқасында сотталмай қалыпты. Содан кейінде мас болып есіріп, жолдасын атып өлтірген де, 8 жылға сотталған. Алайда, тағыда әкесінің арқасында түрмеге қамалмай, майданға жіберілген. Сөйтіп, бір күні истребитель ұшағымен кетеді де, жоқ болады. Сөйтсе, немістерге барып қонып, солардың ығына жығылып, олардың айт дегендерін айта бастапты. Әскери «Смерш» («Смерть – шпионам»!) қарсыбарлауының хабарынан соны білген Сталин оны қалайда қолға түсіруді тапсырады. Генерал-полковник *В. Абакумовтың* қарсыбарлауы (генерал Павел Судоплатов тобы) ол тапсырманы орындайды. Сатқын ату жазасына кесіледі. Н. Хрущев Сталинге барып, дізерлеп отыра қалып жылап, ұлының жазасын жеңілдетуді сұрайды. Сталин: «Сіз мұны Саяси

бюро мүшесі болғандықтан айта келдіңіз бе, әлде әкесі болған соң ба?» дейді. «Әкесімін ғой...» дейді Хрущев. «Олай болса, ұлыңыз өлтірген жігіттің әкесі нендей халде екенін ойлап көрдіңіз бе? Ол енді не демек?» дейді Сталин. Ол мәселені бір өзі шеше алмайтынын айтқанда Хрущев: «Саяси бюроның қарауына беріңізші, сонда қаралсыншы!» дейді. Ондағы жолдастары арашашы болады деп сенген. Сталин келіседі. Саяси бюро мәжілісінде Абакумов деректі мәлімдеме жасайды да, Бюро мүшесі болмағандықтан, мәжіліске одан арыда қатыса алмайды. Молотов, Каганович, Маленков, Берия, Щербаков сот үкімін қолдайды. Мәскеу қалалық және облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшысы Щербаков: – Сатқынды кімнің баласы екеніне қарамай ату керек! – дейді. Мәжілісті жабарда Сталин: «Никита Сергеевичке берік болу керек, жолдастардың пікірімен келісу керек. Егер менің ұлым осындай жағдайға ұшыраса, қасіретке қатты қамыға отырып, әділ үкімге бағынуға мәжбүр болар едім» дейді (ұлы Яков гитлершілдердің лагерінде тұтқында еді).

Хрущев баласы атылғаннан бастап Сталинге іштей кек сақтаған. Кейін, билікке қолы жеткенде: «Ленин ағасы үшін патшаның отбасынан кек алды, ал мен балам үшін Сталиннен, өлі болса да, кек аламын!» депті. Оны дос-жолдастарының бірі – КСРО МҚК-сының Күзет басқармасы төрағасының орынбасары генерал Докучаевтың көзінше айтқан. Ол арамзальғын іске асырды. Біріншіден, СОКП XX-съезінде «Сталиннің жеке басына табыну» деген құпия да жалған баяндама жасады. Екіншіден, ебепке себеп тауып, әйгілі «партияға қарсы топ» мүшелерін – Сталиннің серкітерін жазалады. Үшіншіден, КСРО Бас прокуроры Руденконың қолымен «екінші ленинградтық іс» дегенді жасаттырып, Абакумовты соттап, аттырды. Төртіншіден, П. Судоплатовты 15 жылға түрмеге жаптырды. Бесіншіден, Сталиннің ұлы Василийді қуғындатты, өлтіртті.

Тарихшы *Николай Надтың* айтуынша, Леонид Хрущевтің мұрағаттағы жеке ісінен оның қылмыстарына қатысты құжаттар жойылып, оның орнына жаңадан жазылған құжаттар қойылған (Н. Хрущев кейін естеліктерінде: «Үлкен ұлым Леонид ұшқыш болып, Отан үшін қаза тапты» деп жазыпты).

Бұл ретте, сірә, *Лина Таркованың* жазбасына назар аударған артық болмас: «...Хрущев өзінің марқұм ұлы Леонидті Совет Одағының

Батыры еткісі келді. Қорғанис министрі Г. Жуковты шақырып алып: «Мынаған, Георгий Константинович, сенің қол қоюың керек деген пікір бар» деп, марапат құжатын ұсынады. Маршал құжатты оқып, бар қаны бетіне шауып, қыстыға сөйлеп: «Мен сатқыннан батыр жасай алмаймын!» дейді. Сол үшін қуғынға ұшырады.

Хрущев: «Сталин Леонидтің әйелі Роза Трейвосты соттатып жіберді» деген ғой, ал сол келіні «хрущевтық жылымық» кезінде ақталып шығады. Содан бірде қайынатасының Кремльдегі көп қонакасысының біріне қатысудың жолын табады. Сөйтіп, бір мезетте Хрущевқа жетіп барып: «Менің нағашымның атылғанына, ал өзімнің лагерьге айдалғанымна Сталин кінәлі емес, сен кінәлісің! Репрессия болғаны үшін Сталин кінәлі емес, сен кінәлісің!» деп айғайлап, қайынатасының көзін шұқи жаздапты. «Көсемнің» күзетшілері бассалып, сүйрелеп алып кетіпті. Әне, шындықтың тағыда бір көрінісі!

...Сталин туралы оңды сөз айтқандардың бәрін қырына алған Хрущев *авиаконструктор А. Яковлевке*: «Сен конструкторсың ба, жазушысың ба? Конструктор екенсің, – конструкциямен айналыс. Кітап жазатындар бар, солар жаза берсін. Сенің шаруаң – конструкция!» деген.

Ол Сталиннің кадрларын да қуғындады. Саяси бюро мәжілісінде Қара металлургия министрлігін албаты, дөрекі сынағанында министр *Иван Тевосян оған*: «Сенің бұл саладан ешқандай хабар-ошарың жоқ, килікпе!» деген. Сол үшін ертеңінде орнынан алынған.

КСРО Жоспарлау комитетінің төрағасы *Н. Байбаков* өздеріне қатысты реформаның негізсіз екенін айтқаны үшін төмендетіліп, Ресей Жоспарлау комитетінің төрағалығына жіберілген.

КСРО бойынша партияның Орталық комитетінен бастап аудандық комитеттеріне дейінгі «сталиндік» бірінші басшылар жедел және түгел ауыстырылған.

Ол Л. Берияның ұлы, ракета саласының инженер-конструкторы Сергоны қызметінен босаттырып, түрмеге қаматты да, паспортын «Сергей Алексеевич Гегечкори» деп (шешесінің фамилиясына) өзгерттіріп, Свердловск қаласына жераударды. Не үшін? Л. Берияның баласы болғаны үшін. Ал өзінің ұлы Сергейді 1958-жылы, Мәскеу Электр институтының Электрвакуум техникасы факультетін бітірісімен, әйгілі ракеташы ғалым Челомейдің конструктор

бюросына орналастырып, өзі тақтан ұшқанға дейінгі алты жылда оған Социалистің Еңбек Ері атағын, Лениндік силықты бергізді.

...Халық шаруашылығы салаларын, ішкі-сыртқы саясатты, ғылымды, мәдениетті... бәрін жыл сайын «реформалаумен» сарсытқан, Новочеркасск мен Теміртаудың, Тбилисидің ереуілшілерін аттырған, Венгрияға әскер апарып, қырғын жасап, Польшаға қоқан-лоққы көрсеткен (тізе берсең, толып жатыр) Н. Хрущев әдебиетті де аласапыранға ұшыратты.

«...Литература – это святая святых – отдана на растерзание бюрократам и самым отсталым элементам народа, и с самых „высоких” трибун – таких как Московская конференция или XX партсъезд – раздался новый лозунг „Ату ее!”. Тот путь, которым собираются исправить положение, вызывает возмущение: собрана группа невежд, за исключением немногих честных людей, находящихся в состоянии такой же затравленности и потому не могущих сказать правду...

...Жизнь моя, как писателя, теряет всякий смысл, и я с превеликой радостью, как избавление от этого гнусного существования, где на тебя обрушивается подлость, ложь и клевета, ухожу из этой жизни.

Последняя надежда была хоть сказать это людям, которые правят государством, но в течение трех лет, несмотря на мои просьбы, меня даже не могут принять...».

Бұл – көрнекті жазушы *Александр Фадеевтің* атылып өлер алдында жазған хатынан үзінді. 1956-жылы мамырда жазылған хат 1990-жылы ғана жарияланды («Известия» гәзетінде). Фадеев өлімін естігенде Хрущев: «...Өзін өзі атқаны қатты айыпталсын! Дәрігерлік тұжырым өзгертілсін! Дәрігерлер оның маскүнемдіктен өлгенін растасын!» деп көпе-көрінеу дөрекі нұсқау берген. Сөйтіп, марқұм жазушы «ішкілікке салыну салдарынан атылып өлді» болып шықты.

Кезінде Мәскеуден, Орталық теледидардан көргеніміздей, гәзеттерден оқығанымыздай, Хрущев 1957-жылы мамыр айында (орта шені-ау деймін) атақты ақын-жазушылардың біразын мемлекеттік саяжайға қонақасыға жинап алып, «мен белгілібір дәрежеде журналшымын, жазушымын» деп ыржия жымыып: «Сендердің араларыңнан Лев Толстой көрінбейді ғой?!» дегенінде Михаил Шолохов: «Сіздердің араларыңыздан Ленин де көрінбейді», деп «шағып» алған.

Әдебиетке ауыз салуды Фадеев өлімінен кейін М. Дудинцевтің «Нан ғана емес» романын сынаудан бастағаны сол жолы. Әрине, *Д.Шепилов* айтқандай, гәзет, кітапты қолына алмайтын «көсем» қалың романды қалай оқысын, жандайшаптары берген «түсініктерді» малданған.

Иә, оның сол кездесуде Маргарита Алигерге, Борис Пастернакқа, Андрей Вознесенскийге... мүсінші А. Неизвестныйға... ақырып-бақырып «ақыл» айтқаны, «шет елдерге кеткісі келгендер осы қазір кете берсін!» деп шаптыққаны да мәлім. *Маргарита Алигерге*, батыл, әділетті «Литературная Москва» альманағының Бас редакторына, соқтыққаны – нағыз саппастық. Альманахты «мән-мағнасыз, зиянды дәптер» деп атап, Маргарита Алигерге сұқсаусағын шошайта шүйіліп: «Сіз – идеологиялық бүлікшісіз! Капиталистік батыстың пәлекетісіз!» деп ажылдады. Абдырап қалған Алигер: «Никита Сергеевич, бұл не дегеніңіз? Мен – коммунистпін, партияның мүшесімін» дегенде, «көсем»: «Жалған сөз! Мен сендей өтірік коммунистерге сенбеймін!» деді...

Жас ақын-жазушылардың бірнешеуі ішкі-сыртқы саясат, демократия жөніндегі «басқаша» пікірлерін ашық айта бастағанда Хрущев оларға топ алдында әкірендеп, тіл тигізді. Мәселен, жас ақын *Андрей Вознесенскийге* сөзін аяқтатпай: «Қазір жылымық та, үскірік те жоқ, – аяз бар демекшісің... Сен кімсің сонша?! Тағы бір Пастернак табылды! Біз Пастернакқа кете бер дегенбіз. Сендерге де шетелдік паспорт керек пе? Ертең-ақ алғыларың келе ме?! Алыңдар, кетіндер, қисықауыздар! Вознесенский мырза, тайып тұр, қожаларыңа бар! – деп үстелді тоқпақтады.

Сол көргенсіздікті еске алған жазушы *В. Тендряков* «көсемнің» ол жолы да масайып алып «бапылдағанын» айтты.

...Саяси бюро мүшелері Сталиннің саяжайында бас қоса қалғандарында Хрущев Сталинге қолбаладай қалбалақтап қызмет етіп, күлдіруге тырысып анекдот айтып тыраштанады екен. Буденный гармоньді қолға алғанда Сталин: «Кәне, Мыкыта, биле!» дей бере-ақ Хрущев қорбаңдап билей жөнелетін болған. Сол «Мыкытаға» кейінде берілген бірер сипаттама:

В. Молотов: «...Ол жүгенсіз көкшолақ сияқты».

Г. Жуков: «...Бізде соғыс тарихы бояма. Бұрмалауы бар десек те,

неміс генералдары дұрыс жазып жүр. Ал бізде Ұлы Отан соғысының тарихы мүлде қате жазылды. Ең бастысы – шындық айтылмағаны. Хрущев Әскери кеңестің мүшесі болды ғой... Маған соғыстың алғашқы кезеңі үшін кінә тағуға болады. Ал 1942-жыл алғашқы кезең емес қой? Хрущев пен Тимошенконың Барвенководан, Харьковтан бастап, Волгаға дейін алды-арттарына қарамай қашқандары туралы жазылмады. Оңтүстік-Батыс және Оңтүстік майданды басқарған олар неміс әскерлерінің бір құрамасын Волгаға, басқасын Кавказға өздерінің қашқан ізімен ілестіріп алып келді».

Адмирал Н. Кузнецов: «Ол шамкөс бишікеш болды, оған кедергі жасалмады, ол үшін жазылған заң жоқ сияқтанды».

Тарихшы А. Гладилин: Ашығын айтсақ, Хрущев, біріншіден, кәдімгі ақымақ болды, ал, екіншіден, Ресейде бас кейіпкер қашанда Ақымақ Иван... Ол жүгеріге жармасып, бүкіл компаниясымен мазақ болды».

Дипломат Г. Попов (КСРО-ның Польшадағы бұрынғы елшісі): «Хрущев мені Берутпен аудандық партия комитетінің хатшысымен сөйлескендей сыпайы сөйлесесің деп жазғырды (аупартком хатшысымен қалай болса солай сөйлесу керектей). Хрущев тәрізді ұятсыз, арсыздар ғана сөйтіп жазғыра алар. Хрущевтің тәсілі – басқаның басына күл-қоқысты үйіп-төге беру». (*Мұндағы Берут Б. – Польша Біріккен жұмысшы партиясының басшысы, – Ғ.Қ.*)

Тарихшы-жазушы Ю. Емельянов: «Ол қарапайым болып көріну үшін сөзін қайдағы-жайдағы ійауыздық бірденелермен «өңдеп», көки беретін».

Дипломат-тілмәш В. Суходрев: «Америка Құрама Штаттарының вице-президенті Никсон Мәскеуге келді. Бір әңгіме кезінде Хрущев оған: «Вице-президент мырза, біздің немерелеріміз коммунизмде өмір сүретін болады! – дегенде Никсон: – Жо-жоқ, сіздің немерелеріңіз капитализмде өмір сүреді! – деді». Кәні, қайсысының айтқаны келді?..

Хрущевтің қанішерлік сиқы 1956 және 1962-жылдардағы екі оқиғада анық көрінді. Грузияның мыңдаған жастары Сталинді қаралауға қарсылық білдіре көшеге шыққан күні оның бұйрығымен Ресейден әскер апарылып, бейбіт халыққа оқ атылып, он төрт адам қазаға ұшырады, жараланғандар – жүзден асты. 1974-жылы Грузияда болғанымдаТбилисидің күнбатысындағы Мтацминда тауында (Киелі

тауда) сол қасіретті баяндайтын зират пен ескерткіш барын көрдім. Зиратта гүл шоқтарын қойып жүрген үш жігітпен әңгімелесіп, оқиғаның мән-жайын солардан білдім.

1962-жылдың жазында мал өнімдерін 30 пайыз қымбаттату, сондай-ақ айлық еңбекақыны 25-30 пайыз шегеру жөнінде қаулы шықты да, жер-жерде наразылық басталды. Алғашқы толқулардың бірі Новочеркасск қаласында болды. Тепловоз зауытында басталған ереуілге қала кәсіпорындарының жұмысшылары қосылды. Хрущев ол толқуды тоқтатуға А. Микоянды, Д. Шелепинді, т. б. нөкерлерін жібергенмен, ортақ тіл табылмады, өйткені жұмысшылардың талаптарын ескерудің орнына қоқан-лоққы жасалды. Қоқиланған Хрущевтың әмірімен көпшілікке оқ жаудырылып, жиырма алты адам қаза тапты және одан кейін «бұзақылар» ұсталып, сот болып, жеті адам ату жазасына кесілді. Халықты тобыр дейтін топастардың істейтіні – осындай зұлымдық!

Міне, бейбіт кезде Совет Одағының Батыры атағын үш рет алған Хрущев бейбіт халықты солай «жарылқады». Ол жан-жақты қуатты елді жар басына апарып қойды. Орыстың көрнекті ақыны *Владимир Солоухиннің*: «...Хрущев пен Брежнев туралы бір өлең де жазылмай, ащы анекдот қаптап кеткені қалай?!» деуі де сондықтан.

Анекдот демекші, оның мынадайын естігенім бар: Мәскеуге келген Вальтер Ульбрихт (Германия демократиялық республикасы Біртұтас социалистік партиясының бұрынғы бас хатшысы) Брежневтен Хрущевтің қабірін көрсетуді сұрайды. Брежнев: «Хрущев деген кім?» деп таңданады да, Эрих Хонеккерге (Ульбрихтті тақтан тайдырған жаңа бас хатшы) телефон шалып: – Сен мынау Ульбрихтті мұнда неге жібердің, «Хрущевтің қабірін көрсет» деп мазамды алып отыр» дейді. Сонда Хонеккер: «Ульбрихт деген кім?» деп таңданыпты...

Билік басына біреудің халық мүддесін қымбат санаған аса қиын жолдармен, қатерлі күреспен жететініне, біреудің өз мүддесін көздеген қулық-сұмдықты айла-шарғымен жететініне адамзаттың арғы-бергі тарихы куә. Хрущев соңғы топтағылардың бірі болды.

Халыққа білімдарлықпен адал қызмет істеуі міндет тарихшылардың қайсыбірі КСРО тарихын тепкілеген Н. Хрущевтың иен күресінінде отыр. Олар бертінде мұрағаттардан («ревизорлардан» аман қалған) табылып, жеке мақала, кітап болып жарияланып жатқан нақты

деректерден хабарсыз сияқты, ал ол деректер, жоғарыда айтқанымдай, Хрущевтың СОКП XX-съезінде жасаған «құпия» баяндамасының түгел дерлік өтірік-өсек екенін дәлелдеп берді. Мәселен, танымал тарихшы Елена Прудникованың «Хрущев. Қырғын жасағандар» кітабында мынадай жолдар бар: Сталиндік кезең қараланды және әлі де екідай күйде. Хрущевтың XX-съездегі баяндамасы – «оңбаған Сталиннің нұсқауы бойынша ұсталып, азапталып, сотсыз атып тасталған жазығы жоқ қисапсыз жандар» жайында жантүршігерлік ертегі.

Кейінде ресми және «демократияшыл» тарихшылар мен журналшылар «өзіне атақ, қожасына даңқ» іздеп, қазаға ұшырағандардың саны ондаған миллион деді, ал баспасөз бен ғалым атаулыға иланғыш совет адамдары оқығандары мен естігендеріне сенді.

Қырғын-сүргін болды және болғанда қандай! Саны, азабы мен қасіреті жағынан Хрущевтің айтқанынан көп болды. Бірақ ол үлкен қырғындар «революцияшылдар» мен «мемлекетшілердің» билік үшін қырқысы болды. Егер сталиндік команда «лениндік гвардиямен» жағаласып жүре бермей, оларды биліктен дер кезінде ығыстырып тастаса, тарихымыздағы қара дақтар болмас еді. Бұл тым қиғаш сөз сияктанар... ал беріде өзара қырқысты өршіткендердің бірегейі Хрущев болды. Ол билікке ие болысымен өзінің қылмыстарының бәрін Сталинге аударып салды...».

Қашан, қай құрлықта болсын ел билігінің басына «қарағайға талды жалғап» жеткен жыланжүрістілер болғаны, әлі де болатыны – «өмірдің заңдылығы». Хрущев та ең биікке шыққанына дейін алдындағылардың өкшесін жалап, өтірік-өсек пен шындықтан шалап жасап жүрді де, сайтан сәтін келтіріп, КСРО-ның, СОКП-ның билік басына жетісімен қонышынан басты. Оның елдің ішкі-сыртқы шаруаларын былықтырған құйтырқысын түгендеу өте қиын. Ал «оңайынан» мына үш дерекке назар аударалық:

Хрущевтің «№1 Тыңгеруші» болуы. Қазақстанның тың жерлерін игеру И. Сталин мен Ж. Шаяхметовтің (Қазақстан КП Орталық комитетінің 1-хатшысы) тұсында әңгімеленген екен. Жұмекең республиканың мал шаруашылығына зиян келтірмес үшін 10-12 миллион гектар ғана игеру және оны 5-6 жылға жоспарлап жүргізу жөн болар дейді. Сталин құптап, игерілмек өңірлерге алдымен: тұрғын

үй, тасжол, теміржол, элеватор салу, МТС, қырман ашу, т. б. жүзеге асыру ойларын айтады. Сөйтіп, 13 миллион гектар игеру келісіледі. Бірақ таққа қонжия қалған Хрущев бұрынғы келісілген шараларды керек етпей, «30 миллион гектар тың игеруіміз керек!» деп жұлқынып, бейқам қазақ даласына тыңгерушілер мен техниканы тосыннан қаптатып кеп жіберді. Қарсылық білдірген Шаяхметов пен Афоновты (ҚКП Орталық комитетінің екіншісі хатшысы) қызметтерінен босатып, орындарына Мәскеуден П. Пономаренко мен Л. Брежневті жіберді. Оның сол кесірінен Қазақстан көрген моральдік-материалдық зардап көп болғаны белгілі. Бәрін тәптіштемегенде, КСРО Орталық статистика басқармасының мағлұматы «Тың және тыңайған жерлерді игерудің нәтижесінде» мемлекетке жыл сайын тапсырылып отырған 1 миллиард пұт астықтың» бірінші (1954) жылғысынан басқасы көзбояушылық болғанын, жыртылған 25, 5 миллион гектар жердің әрбір гектарынан алынған өнім 1957-жылы-ақ ең төменгі көрсеткішке құлдырағанын паш етеді, ал Хрущев «тың игерудегі табыстар үшін» сол 1957-жылы Социалистік Еңбек Ері атағын иемденді.

Хрущевтің «КСРО космонавтикасының атасы» болуы. Америка Құрама Штаттарына жем болмау үшін атом бомбасын жасауды тездетіп аяқтау, ғарышты игеру де Сталиннің тікелей нұсқау беруімен, бақылап отыруымен жүзеге асырыла бастағаны сол кездегі үкіметтік-партиялық құжаттарда, атомшы, ғарышшы көрнекті ғалымдардың естеліктерінде жазулы. Ғарышқа адам ұшыруда бірінші болу да межеленген. Алайда кеңестік ғылымның тарихи жеңісі – Юрий Гагариннің ұшырылуы – ол оқиғаға дайындықтың басталуына да, барысына да ешқандай қатысы болмаған Хрущевтің билігіне тұспа-тұс келді де, «Біздің Никита Сергеевич» Кеңес елі космонавтикасының қамқоршы атасы бола қалды...

Хрущевтың елге, халыққа «қызметінің» бір қыры қыдырмашылық болғаны айтылды. Ол Азия-Африка елдеріне сапар жасағанында, КСРО Жоғарғы Кеңесінің, СОКП ОК Саяси бюросының қарсылығына қарамай, силыққа аутомәшін, ұшақ ала барғанына қоса орден-медаль үлестірді. Ол ол ма, бесеуіне Совет Одағының Батыры атағын берді (Египеттің президенті Гамаль Насерге, сол елдің Қорғаныс министрі Амерге; Кубаның басшысы Фидель Кастроға; Алжирдің басшысы Ахмед Бен Беллаға; ГДР басшысы В. Ульбрихке).

Насерге Ленин ордені мен Алтын жұлдызды апарып тапсырғанына ақын Владимир Высоцкий былай деген:

«Потерю истинную веру,
До чего дошел СССР!
Отберите орден у Насера –
Не подходит к ордену Насер».

Әрине, «береген қолым – алаған», өзі де сый-құрметке кенелді. Социалистік елдердің төртеуінің Батыр атақтарымен марпатталды, тағып қайтқан орден-медальдары өз алдына.

Совет Одағын он жыл билеген Хрущевтің соңында тым құрыса 10 минут айтуға жетерлік жақсы ісі қалды ма? Жоқ!

Ақиқаттың үлкені, кішісі жоқ десек, тарихтың талабы – соны анық айту, әділ жазу. Осы ұстаныммен жазылған кітаптардың бірі *Борис Бриннің «Совет Одағының Бас жаналғышы»* екен. Дерекі мол бұл шығарманың негізгі кейіпкері – Н.Хрущев туралы бірер ғана мағлұмат ұсынайын:

Ұлы Отан соғысының даңқты генералы Н.Ватутин Совет Одағының Батыры атағына ұсынылғанда одан бұрын өзі алуды көкसेген Хрущев оны өлтіруді ұйымдастарған.

Әйгілі генерал К.Сверчевскийді өлтірткен.

Арамдықтың ауын құрып, оған Сталиннің күзет бастығы П.Власикті; жеке хатшысы А.Поскребышевті түсірген. Сөйтіп, Сталинді қазаға ұшырату жолын аршыған.

Л.Берияны үйінде атып өлтіртіп, оның көмекшілерінің бәрін (он шақты) құрттырған.

Өзінің Украинадағы қылмысына куә досы А.Успенскийді, басқаларды да жойған.

Мәскеуде ымыралас болғандарын да «түгендеген».

Өкімет пен үкімет басшыларына сән-салтанатты қымбат саяжай салуға қарсы болған И.Титковты (КСРО құрылыс ұйымдарының басшысы, Совет Одағының Батыры) соттатып, аттырған.

Бұл сұрқиялықтарды ежелгі жемтікесі, өзі МҚК бастығы етіп тағайындаған И.Серовтың қолымен істеген.

«Таздың» жауыздығында да шек болмапты!

Енді сол алаяққа «бағышталған» анекдоттардың біразын оқылық:

– Біз үш қазба жасап, көне мәдениет нәрселерін тауып алдық, – дейді американ.

– Ал біз бір шахтаны қазғанда адамның бөксесін тауып алдық. Сонсоң оған едірейтіп екі құлақ жапсырдық. Ол бүгінде елді билеп отыр, – депті орыс.

* * *

– Қоян мен Хрущевтің айырмашылықтары қандай?

– Қоян балпылдап сөйлей алмайды.

* * *

Хрущев баяндама жазып, оны әуелі досына оқып шығуға берерде:

– Маңымдағылар шындықты біле тұра айтпайды, – дейді. Досы оқып шығып:

– Никита, мен саған тура айтайын: «за сранец» дегенің бірге жазылады да, «вжопу» дегенің бөлек жазылады, – депті.

* * *

– Сіз сабынды, кір жуу ұнтағын көптеп сатып алыңыз.

– Е, неге?

– Хрущев химияны қолға ала бастады ғой!

* * *

– Қасқабас болудан қалай сақтану керек?

– Армян радиосы мұндай саяси сұрақпен әуреленбейді, мұныңыз «Шошқа қасқабас бола ала ма?» дегенмен бірдей.

* * *

– Хрущев жолдастың денсаулығы соңғы кезде сыр бере бастады деген сөз рас па?

– Рас. Тың игеруден белі шойырылды, жүгеріден асқазаны бүлінді, Америкамен жарысудан демікпе болды, ал тоқ ішегіне сөз толып кеткені неден болғанын біле алмадық.

* * *

– Хрущевты орнына не үшін алып тастады?

– Культ, кукуруза, коммунизм, Китай, Куба кризисі, кузькина мать деген жеті «к» үшін.

* * *

– Хрущев үш арманына жете алмай кетіпті дейді, ол қайсылары екен?

– Мәскеу өзеніне көпір салдыру; бет жуатын унитазды дәретке отыратын унитазбен біріктіріп жасату және Транспорт министрлігін «Ары баратын», «Бері келетін» деп екі министрлікке бөлу.

* * *

Хрущев шошқа фермасында болып қайтады. «Правда» гәзетінің редакциясы оның бірінші бетке берілетін фото-суретіне нендей түсінік сөз жазу керектігін кеңеседі. «Хрущев жолдас шошқа фермасында», «Хрущев жолдас шошқалардың арасында», «Шошқалар Хрущев жолдастың айналасында» сияқты нұсқалар айтылады. Сөйтіп: «Сол жақтан үшінші – Хрущев жолдас» деп жазу ұйғарылыпты.

* * *

Хрущев сурет көрмесін аралап жүріп:

– Айналасында қызыл нүктелері бар мынау төрттекше не пәле? – дейді.

– Бұл жұмысшылары ұйықтап жатқан зауыт қой.

– Жасыл мен сары аралас мынау алабажақ немене?

– Бұл жүгерісі пісіп келе жатқан ұжымшар ғой.

– Мынау көкпеңгөк албасты не?

– Бұл «жалаң фалька» ғой,

– «Жалаңаш Валька»?!. Еркек қызығатын түрі жоқ қой?! Ал екі құлағы бар көт сияқты мынау немене?!

– Бұл ма... бұл... бұл айна ғой, Никита Сергеевич.

* * *

– Лениннің коммунизм туралы қағидасын Хрущев не деп жаңартты?

– «Коммунизм – совет өкіметі және бүкіл елді жүгерілендіру».

* * *

Орнынан алынған Хрущевқа Онкологиялық орталықты басқару ұсынылады.

– Мен онда не істеуді білмеймін, –дейді ол.

– Сіз ауыл шаруашылығында істеп, бидайды құрттыңыз ғой?!

* * *

Хрущевтың үйінде телефон шылдырлайды. Тұтқасын Нина Петровна көтереді.

– Никита Сергеевичті шақырыңызшы, бірге оқыған едік, – дейді телефон соққан әйел.

– Әй, салдақы, қайдағы «бірге оқыған»? Ол ешқайда оқыған жоқ!

* * *

Уинстон Черчилль: Мен қарттықтан өлетін шығармын деп ойлаушы едім, енді, бүкіл Еуропаны нанға қарық қылған Ресейдің Хрущевтың «арқасында» шет елдерден астық сұрап жүргендерін естіп, күлкіден өле жаздадым.

* * *

– Сталиннің мәйітін шығарған соң мавзолейді күзетушілердің саны екі есе көбейтілгені қалай?

– Хрущев күнде іңірде көрпе-жастығын құшақтап келгіштей бастапты.

* * *

– Хрущевтің бидай ұнына бұршақтан нан пісірткені несі?

– Коммунизмге бара жатқанымыз естіліп тұрсын деген шығар.

* * *

– Егер Сталин тіріле қалса, Хрущев қайтер еді?

– Сол сағатта-ақ Американы қуып жетіп, басып озар еді.

* * *

«Біз ет, сүт, май өндіруде Американы қуып жетіп, басып озамыз» деген лекция соңында залдан біреу:

– Қуып жеткен соң, сонда тұрып қалуға бола ма? – деп сұрапты.

– Қуып жетсек те озбайық, артымыз ашылып қалады, – депті екінші кісі.

* * *

Партияның XX-құрылтайы. Үзіліс кезі. Суслов Поспеловке:

– Никита Сергеевич Мавзолейге неге кетті?

– Сталиннің тамырын ұстап көрмекші. Бүгін баяндама жасайды ғой.

* * *

– Сталиннің рөлін ойнаған артистер Хрущев пайда болысымен шаштарын жұла бастағандары несі?

– Хрущевтың рөлін ойнауға дайындық қой?!

* * *

– Хрущев кинематография комитетінің силығын не үшін алды?

– «Біздің Никита Сергеевич» деген кинофильмде бас рөлде ойнағаны үшін.

* * *

1970-жыл. Армян радиосына сұрақ:

– Хрущев деген кім?

– Эрнс Неизвестный дәуіріндегі мылжың.

* * *

Саяси бюро орнынан алынған Хрущевқа жұмыс тауып беруді ойластырады:

– Оны ең ауыр жұмысқа жегу керек!

– Оған еврей паспорттын берсек, жұмысты өзі-ақ тауып алады.

* * *

Партияның Орталық комитетіне 1965-жылы Одесса тұрғындарынан: «Хрущевты бұрынғы орнына қайтадан қоюды сұраймыз. Он жыл нансыз отырғаннан бір жыл анекдотсыз отырған ауыр болды», деген өтініш түсіпті.

* * *

– Хрущев ғылыми коммунизмге қандай үлес қосты?

– «Закон» дегендегі «з» әрпінен кейін «ь» белгісін қоюды шығарды.

* * *

– Аутобусты гәзетпен орап қою мүмкін бе?

– Мүмкін, егер Хрущевтың баяндамасы жарияланған гәзет болса.

* * *

Хрущев:

– Біздің бір аяғымыз коммунизмде...

Залдан сұрақ:

– Қашанға дейін талтайып тұра береміз?!

* * *

Екі зейнеткердің әңгімесінен:

– Хрущев орнынан түсірілгеннен бері не істеп жүр екен?

– Ленинградтан Мәскеуге канал қазып жүр.

– Онысы несі?

– «Аврораны» алып келіп, Уақытша үкіметті атқыламақшы.

* * *

Екі кемпір сөйлесіп отыр.

– Кеше кешке далаға шықпадың ғой?

– Е, әлгі немерем бандиттер туралы «Тақырбастар тобы» деген кино шығыпты, соны көрейікші деп болмаған соң, соған бардық.

– Иә, қалай екен?

– Онша емес. Никита деген бір ғана тақырбас бандит бар екен, оның өзі де жүгерінің арасында тығылып жүреді.

* * *

Есекке мініп келе жатқан Хрущевқа өзбек шал жолығып:

– Вах, вах! Шошқа болғанда қандай! – дейді.

– Әй, ақымақ, бұл шошқа емес, есек!

– Мен оған қарап тұрған жоқпын!

* * *

Мәскеу. Ет сататын дүкендегі кезекте тұра-тұра шыдамы таусылған бір мұжық:

– Бізді осыншама қалжыратып жүрген кім өзі?! – деп кіжіне сөйлейді.

– Хрущев!

– Иә, Хрущев!

– Ендеше, сендер менің кезегім мына әйелден кейін екенін ұмытпаңдар, мен барып, Хрущев болмақ тұрғай әулие болса да, оған көресісін көрсетіп келейін! – деп айбаттанып кетеді де, бір сағат шамасында қайтып келеді.

– Иә, қалай, бәлемге көресісін көрсеттің бе?

– Жоқ. Оны оңдырмауға кезекте тұрғандар бізден бес есе көп!

А. СОЛЖЕНИЦЫН

1918-жылы 11-желтоқсанда Кисловодскіде туған. Әкесі – Исаакий Семенович Солженицын университетте білім алған. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Майданнан аман-сау оралып, бірде аң аулап жүріп ауыр жарақаттып, ұлы туардан жарты жыл бұрын қайтыс болған. Шешесі – Таисия Захаровна Щербак байлар әулетінен.

А. Солженицын университеттің физика-математика факультетін 1941-жылы бітіріп, 1942-жылы майданға шақырылған.



Бүгінде біздің баспасөз ауылымызда не көп, алақандай гәзет көп. Жекеменшік. Солардың қайсыбірі әлдекімдерінің өзіне, немесе оның әмпей-жәмпейлеріне ұнамаған танымал адамдарды аузына келген алапес сөздермен алқын-жұлқын жамандауға әуес. Әрине, бүркеншік атпен. Ал әлдекімінің өзіне, немесе оның әмпей-жәмпейлеріне ұнағанды аспандатып мақтауға құмар. Әрине, өз атымен. Осыдан біраз бұрын сондай гәзетсымақтардың бірінде әлдебір жазғыштың («бөркін қазандай» етпес үшін аты-жөнін атағым келмеді): -Менің көкем «орыстың ұлы жазушысы Александр Солженицынның кітаптарын қазақшаға аударып шығару керек, қазақ жазушыларының одан үйренері көп» деді. Нобель силығының, Ресей мемлекеттік силығының, басқа да марапаттардың иесі, Л. Н. Толстоймен тең жазушы, ақын, драматург Александр Исаевич Солженицынның қазақ жерінде он жыл болғаны (*он емес, небары 2,5 жыл болған, – F. Қ.*) – қазақ халқы үшін үлкен мақтаныш, – дегенін оқып: – Мынаның аузына «бөрікті бас» қана емес, тәшпақ тиелген есек арба да сиып кететін шығар-ау! – деп іштей күлдім.

Солженицынды жазушы ретінде Л. Толстойға телу деген арамтерлік Ресейде болған, әлі де болып жатыр, өйткені өлі И. Сталинді бес жылдан кейін бассалып жамандаушылар тобын жетектеп шыққан делқұл Н.Хрущевқа марқұм «мұрттыға» қарсы сілтейтін қара шоқпар керек еді. Оңай табылған ол шоқпарды – Солженицынды Хрущевтан кейін М. Горбачев, Б. Ельцин ұлықтады, олардан соң В. Путин, Д. Медведев ұлықтап отыр. Горбачевпен оңаша сауданы қыздырып, КСРО-ны ыдыратуға қолы жеткен АҚШ президенті Р. Рейган да оны кезінде қару еткен болатын.

Журналшы О. Давыдов «самодонос» (өзін өзі ғайбаттаушы) деп атаған Солженицын майданға 1942-жылы шақырылып, жеңістің боларын сезісімен, жазатайым оққа ұшып қалмас үшін қулық ойласа керек: майдан поштасының бақыланып, келген-кеткен хаттар оқылып отыратынын жақсы білетін ол бірде досы Н. Виткевичке хат жазып, Сталин туралы күнгірт бірденелерді айтқан. Сөйтіп, 1945-жылы ақпанда тұтқындалып, шілдеде әскери сот үкімімен 8 жылға сотталған. Оның хатын алған, оқыған Виткевич те тұтқындалып, 10 жылды арқалап кете барыпты. Әскери-саяси өсек сөзді бастаған мен қостағанға берілген жаза «қызық-ақ»!

Жолтапқыш Солженицынның сол 8 жылды өтеуі де ерекше.

Әуелде Ресей шегіндегі «Жана Иерусалим» лагерінде болған, одан соң: Мәскеу маңындағы Калужскіде құрылыста; Рыбинск авиамотор заводында, «Загорск» лагерінде кітапханашы болған; 1947-жылы шілдеде Москва маңындағы Марфиноға апарылып, мектепте математикадан сабақ берген; 1950-жылы мамырда Бутырск түрмесіне қамалып, тамызда Екібастұз маңындағы «Степной лагерьге» жіберілген. Онда жұмысшы, бригадир болып жүріп «қатерлі ісікке» («ракқа») ұшырап, лагерь ауруханасында ота жасалғаннан кейін түрмеден босатылған да, 1953-жылы ақпанда бізге – Жамбыл облысы, Көктерек ауданына жераударылып, сондағы Бірлік ауылының С. Киров атындағы мектебінде мұғалім болған. Сол жылдың соңында тағы «рак» болып, Ташкент қалалық ауруханасына апарылып, тағы ота жасатып, 1954-жылы қаңтарда Көктерекке қайтып барып, кейін жарыместене жазғанындай, «жабайылардың саңылаусыз балаларына білім нәрін беріп жарылқауын» жалғастырыпты.

О, «гажап-ай»!.. Қатерлі ісікке ұшыраған кісіге екі рет ота жасап (бірінде түрменің ауруханасында!), аман алып қалу ол кезде КСРО-ның, тіпті дүние жүзінің медицинасында болмаған шығар!

1956-жылы маусымда біржола босаған Солженицынның жазушылық жолы басталып, «тепкен тасы өрге домалап» жөнелді. Оған жазушылық жолдың ашылу себебін бертінде білдім: ол басқа гәзет-журнал қабылдамаған «Иван Денисовтің бір күні» әңгімесінің қолжазбасын батыл, өткір журнал болып тұрған «*Новый мир*ге», *Бас редакторы А. Твардовскийге* алып барған. 1961-жылы. Твардовский оқып, редакциялық алқамен кеңескен. Содан кейін баспасөзге «Сталиннің жеке басына табынудың зардабы» туралы материалды көптеп жариялауды бұйырған Хрущевқа апарып көрсеткен. Көкезу «көсем» Солженицынды бірден қолдаған және әңгімесін дереу жариялауға, шет ел тілдеріне аударуға нұсқау берген. Саяси бюронның қарсылығын елемеген.

Солженицын 1962-жылы Хрущевтың нұсқауымен КСРО Жазушылар одағы мүшелігіне қабылданып, тойдаңдауға кірісті. Алайда Лениндік сыйлыққа ұсынылған «Бірінші шеңберде» романы ешкімге, тіпті көкесі Хрущевқа да ұнамай, сыйлықтан қағылды және оның жариялануына тиым салынды. Себебі онда кеңестік өмір қара боямен ешбір саңлаусыз баттастырып боялған екен. Сонымен, «тың

тақырыпты жазушы» жанталас күйге түседі. Қолжазбаларын Батысқа, АҚШ-қа жасырын беріп жібереді. КСРО-ның жауларына керегі де сол еді, оларын миллиондаған таралыммен шығарған.

Л. Брежнев бастаған билік аузына кесіртке кіріп, жылан шыға берген батысшыл Солженицынды 1974-жылы тұтқындап, бір айдан кейін елден аластады. Оны шетелдік сайқал саясатшылдарға қосыла ресейлік жазушылар: А. Аннинский, В. Распутин, т. б. жақтап аласұрды, ал: С. Щипачев, Л. Копелев, А. Синявский, В. Войнович, Г. Бакланов, Ю. Кузнецов және басқа жазушылар мен әдеби сыншылар оның ортақол, сыңаржақ жазушы екенін дәлелдеді. *Г. Климов* тіпті былай деді (түпнұсқасынан): «Мотором, приводящим в движение творческий процесс полуврея Солженицына, очевидно, является психическая болезнь – «Комплекс мессии» или же «Мания реформаторства» («Красная кабала»). Одан кейін: «...Его отец был евреем-выкрестом, из Исаака стал Исаем, и вот таким образом получился Александр Исаевич Солженицын», деді. «Исаевичтің» атасы Семен Ефимович, әкесі Исаак Семенович, шешесі Таисия Щербак та – еврей-выкрест (өзге дінге енуші) екен.

Ол шет елдерді аралай «ән салып» жүріп, КСРО-ға қарсы өзінің жазғаны, өзгеге жаздыртқаны бар – мыңнан астам кітап шығартқан. АҚШ Орталық барлау басқармасының (ЦРУ) тапсыруымен.

Қысқасы: ол жариясыз миллионер болып, 1976-жылы Американың Вермонтына тұрақтады...

Кеңес өкіметі құлап, СОКП ыдырағаннан кейін Ресейдің президенті Б. Ельцин Солженицынды елге шақырып алып, ерекше құрмет көрсетті. Саяжай беріп, орденмен наградтады, бірақ ағасы орденді алмады. Себебі «КСРО көсемдеріне» деп хат жазғанынан бастап: бүгінгі үкімет, шіркеу, т. б. кешегі кеңестік жүйеге жол бергендері үшін халықтан кешірім сұрасын, деп талап қойды, ал ельциндер ол далбасасына мән бермеген соң өзінше қыр көрсетіп, орденнен бас тартты. Билікке наразылар: «Міне, батыр! Міне, ұлы жазушы!» деп шашбаулап, оның шығармаларын жер-көкке сиғызбай мақтап жөнелді. Мен де соған елігіп, оның романдарын оқуды ойладым. «Онтөртіншінің тамызы» атты шығармасын қолға алып, он шақты бетінен кейін тастадым. Себебін көрнекті орыс жазушысы *А. Зиновьевтің* сөзімен айтайын: «Ресейде бірде-біреу бүгінде

Солженицынның тілімен сөйлемейді. Оның тілі – орыс тілінің дамуын тежеуге тыраштану, өлі сөздермен жабулап, феодалдық құрылыс кезіндегі тілге телу. Бүгінгілерге түсініктісі – боғауыз сөздері ғана. Солженицынның долбарынша, «орыс тілі пушкиндік, тіпті пушкинге дейінгі заманның тілі болуға тиіс». Өзінің тілі орыс тілінің бүгінгі сипаты мен қалыбына сай емесін Солженицын біледі, бірақ өзінше жазудың құнды сұлулығы сол сай еместігінде дейді».

Және бір мысал: «Мен Солженицынның тіліне тұщынған орысты кездестірген емеспін. Орыс оқырман орыс тілін жетілдірдім деп ойлаушы, ал шындығында оны қиқалаушы Солженицынға орынды қарсылық білдіруде. Тарихты түзетуді көксеуші Солженицын қолданыстан шыққан, Дальдің сөздігінде ғана қалған сөздерді қотару арқылы бүгінгі орыс тілін Ломоносов дәуіріндегі сөзге айналдыра аламын деп ойлайды. *А. Флегон*».

«Ұлы жазушы» Солженицынды әулиеге балап, оған табынушы, оның дақпыртын малданушы жазушылар бар десем, меніңше, солардың арасынан оның романдарын толық оқығандардың саны екі қолдың саусақ санынан аса қоймас. Орыстың қарт жазушысы *Роман Гульдйің*: «Не скрою, что язык Солженицына заставил меня скорбеть... неуместный диалектизм, неприятный вульгаризм... мучительны и раздражительны читателю эти слововыдумки и словозагадки с выкрутасами» деуі тегін емес.

Сақалды саппас Солженицынға бізде белгілі жазушы, аудармашы Герольд Бельгердің бас иіп өткені өкінішті-ақ! Ол оны «ұлы жазушы, нағыз ойшыл. Романдарын қазақ тіліне аудару керек!» деп жүрді. Иосиф Сталинді өліп-тіріліп жамандағанына қосылып, тілінің жеткенінше құптап әлектенді. Гераның Сталиннің кім болғанын білмейтінін, білгісі де келмейтінін аңғардым да, оған төмендегі құлаққағыс-хатымды жаздым:

«Құлаққағыс

ГЕРА, ОЙЛАНҒАЙСЫҢ!

«ДАТ, тақсырдың» 36-санынан (11. 10. 2012 ж.) мен үшін Гераның – Герольд Бельгердің – марқұм И. В. Сталинді «қатырған» тұжырымын оқып: «Е, шал-ай, шалқыған «шабытың» шалмаған ештеңе қалмады, ә?» деп іштей күлдім. Күлмес едім, Гера Стекеңе «бағыштап» былай демесе: «На Западе его и духа нет».

Күні кеше Батыста КСРО-ны, Сталинді Солженицынның бастауымен ит-шошқалап 1300 кітап шыққан екен, одан беріде Сергей Хрущевтың (аяяқ әкесінің зұлымдықтары әшкерелене бастағанына шыдай алмай 1991-жылы елден қашып кетіп, АҚШ-қа барып пана тапқан баласы), тағы басқа қашқындардың ол «алтын қорға» түк қоспай жүргеніне Гераның көзі жеткен бе? АҚШ-та «Сталин институты» барын, ондағылардың ақ пен қараны айырмай қол қусырып отырмағанын Гера «естімеген, білмеген» бе?

Гера, сен тіпті: «Сталин – кумир лишь крайне отсталых элементов отсталого общества и невежественных стран». «Он – кумир безмозглых и рабов» деп «очень крутой» болыпсың. Өйдә-ә-ә!.. Яғни мына пікір иелерінің бәрі «безмозглые и рабы» болған екен ғой:

Архиепископ Лука (Войно-Ясенский. Польша): «Сталин Россияны сақтап қалды, оның дүние жүзі үшін қандай мәні бар екенін көрсетті. Мен – православиелік христианмын және орыс патриотымын, Сталинге бас идім».

А. Керенский: «Сталин күлге көмілген Ресейді тік тұрғызды. Ұлы держава етті. Гитлерді жойды. Ресейді, адамзатты аман алып қалды».

Уинстон Черчилль (Англия): «Сталин туралы кім не десе де, ондай тұлғаны тарих пен халық ұмытпайды».

Шарль де Голль (Франция): «Сталиндік Ресей монархиямен бірге құрыған Ресей емес. Ал сталиндік мемлекет Сталинге лайықты мұрагерсіз көгермейді... Сталин өлген жоқ. Ол келешекке кетті».

Збигнев Бжезинский (АҚШ. «Сталин институтының» директоры): «Кеңес қоғамының саяси сана-сезім тұтастығын бұза алатын күшті екі идеология бар, оның бірі – ұлтшылдық, екіншісі – антисталинизм».

(«Антисталинизмнің» топбасы Н.Хрущев, ұраншысы А. Солженицын болды десек, аттары өшіп бара жатқан оларды жоқтаушы баранбанышлар мынау тұс пен анау тұста шыжалақтап жүр.)

Маршал Г. К. Жуков: «Әскери қайраткер И. В. Сталинді қапысыз білемін, өйткені соғысты бірге өткердік. И. В. Сталин әр майданның іс-қимылы мен майдандар тобы жүйесінің іс-қимылдарын үйлестіру мәселелерімен шұғылданды және білгірлікпен басқарды, ірі стратегикалық мәселелерді нық шешіп отырды... Жалпы соғысты жүргізуде И. В. Сталиннің табиғи ақылдылығы, сезімпаздығы

толық танылды. Ол стратегияның негізгі тінін білді және соны жау қимылына қарсы қойып, жойқын шабуылдарда іске асырды. Оның нағыз Бас қолбасшы болғаны анық».

Маршал К. К. Рокоссовский: «Мен үшін Сталин – ұлы және теңдессіз, заңғар тұлға».

Иван Бунин: «Орыстар Курскіні азат етіп, Белгородқа бет алды!!! Сталин Персияға ұшып бара жатыр екен, ал менде зәре жоқ. Ендігі тілегім: Құдай-ау, ол жол-жөнекей бірдеңеге ұшырап қалмаса екен!»

Осылайша тұжырым жасағандардың бәрі, Гера, сенің ұқтыруыңша, артта қалған, мидан жұрдай байғұстар болыпты-ау, ә?

Тағы кімдердің «мисыз, құл» екенін біле түсуің үшін, саған, мысалы: Ю. Емельяновтың «Сталин перед судом пигмеев», Г. Феррдің «Антисталинская подлость», И. Пыхаловтың «За что Сталин переселял народы?» кітаптарын оқы дер едім. Орыс тарихшысы Пыхалов соғыс басталысымен атамекенінен жераударылғандардың «сүттен ақ, судан таза» болмағандарын дерек тілімен баяндаған, ал американдық тарихшы ғалым Г.Ферр Н.Хрущевтың СОКП XX-съезінде жасаған «құпия» баяндамасында Сталинге 61 айып таққанын, соның бәрі бетпақтық-суайттық, өсекшілдік екенін дәлелдеген.

Немесе интернеттен «Беседа И. Сталина с А. Коллонтай» деген сұхбатты (1938-жыл) оқы, саясатқа көзің кең ашылатын болады. Сәлеммен, құрдас қаламдасың Ғаббас. 20.10.2012 ж.».

Қосымша. Бұл – ұзақ құлаққағыс-хатымның үштен бір бөлігі, толығы 2016-жылы шыққан «Оңды ойды бүкпелік» жинағымда. Хатымды «Датқа» жолдадым, баспады. Содан кейін поштамен үйіне салып жібердім, – жауап бермеді. Телефон шалым, өзіне хат жібергенімді, ренішімді қайталап айтып: «Гера, оның не? Ісмет Кеңесбаев екеуің «Известия гәзетіне» қазақ тілінің ғана мемлекеттік тіл болуы дұрыс емес дедіндер. Үндемедім. Н.Назарбаевты тәуелсіз гәзет бетінде сипалап сынаған боласың да, өзін басқа жолмен мақтайсың. Оның «продуктысы» И.Тасмағамбетовтен жыл сайын соғым алып жүргенінді марқайып мәлімдейсің. Жалпы бұл қай қырың?» дедім. Ол: «Ғаббас, бұл өмір деген... адамның сезімі кейде ауа райы секілді...» деп сырғыта бастады. «Гера, жарайды, шаршама, кездесерміз, сөйлесерміз, аман бол!» деп телефонымды жаптым...

Солженицынның Ресей тарихы, Кеңес өкіметі, аштық, «халық жауы»

науқаны, соғыс, тұтқындар лагері туралы кітаптарында жалғандық көп екені (жоғарыда аталған «саяхаттары, жиі-жиі жерауу сапарлары, аурухана» оның лагерь қияметін көрмегеніне дәлел), кімдерден нені естіп, кімдерге қалай «еліктеп» жазғаны, алдамшы, екіжүзді, сатқын және суайттығы, жақсылыққа жаманшылық жасағыштығы туралы дерек жеткілікті. Суайттығына бір мысал: ол «сталиндік репрессияны зерттеумен» есі шыға айналысып, егер ұмытпасам, 1976-жылы испан тележурналшыларымен сұхбатында «сталиндік социализм» 110 миллион адамды құртты деп, 168 миллион халқы бар КСРО-ның жағырапиялық картасын қайтадан жасай жаздаған.

Әдебиет сыншысы *В. Хатюшин* «*Кешірімсіз кеткен өлім*» деген еңбегінде Солженицынның өзі көрмеген, өз басынан кешпеген, басқалардан естіген оқиғалардың бәрін түйсіксіз әсірелеп жаза бергенін: «...Кейіпкерлері – өзі сияқты сымпилар, өмірден алынған емес, өзінің сандырағынан жаралған сандалбайлар... «Татымсыз тағдыр» – оны зерттегендердің пікірлері көп ұзамай осылай түйінделеді» деді. «Көп ұзамай» қашан боларын кім білсін, өйткені солженицынның ізін иіскелеушілер аз емес. Ресей президенті В.Путин оның шығармаларын мектептердің оқу бағдарламасына енгіздіріп, «ғажап танымпаздық» жасады және 2018-жылы «Солженицынның 100 жылдығын» ресми атап өтуге жарлық шығарды.

Жазушы *В. Бушин* «*Солженицын. Бірінші қақырық-кейіпкер*» деп аталған кітабында әріптесі Куренной-Кургановқа сілтеме жасап, Виктор Андреевич Кравченко деген дипломат болғанын (1905 – 1966 ж.) айтады да, оның кеңестік жүйеге наразылық білдіре 1936-жылы шет елге кетіп қалғанын, «Мен бостандықты таңдадым», «Мен әділеттілікті қалап алдым» атты екі кітап шығарғанын және ол кітаптарынан өз тағдырларын таныған мыңдаған адамнан хат алғанын жазды. КСРО МҚК (КГБ) Кравченконың кітаптарын тәркілеумен тыншымай, ол хаттарды да қолға түсірген. Есегі сәйгүліктен озып тұрған кезінде Солженицынның соның бәрін де алғаны, оқығаны және пайдаланғаны сөзсіз. В. Бушин: «...Нобель силығы Кравченкоға берілуі керек еді» дейді. «*Солженицын. Аңыздың ақыры*» атты кітабында *А. Островский* де соны айтыпты. Яғни Солженицын әдеби ұрлық жасаған.

Ал мына бір жәйт ерекше көңіл аударарлық: АҚШ Орталық барлау

басқармасының қызметкері, Американың КСРО-дағы бұрынғы елшісі *Джекоб Бим мырза* былай депті: «Мәскеудегі кезімде қызметкерлерім бірде маған бас-аяғы жоқ қобыраған көп паракты алып келді. «Солженицын» дегендікі екен. Біраз шолдым. Жындының жазбалары сияқты. Қайтерімді білмей сәл аңырдым да, талантты, тәжірибелі редакторларымыздың он шақтысына тапсырып, іске жарату керектігін айттым... Сөйтіп, менің қолыма «Архипелаг ГУЛАГ» (*«Мемлекеттік Лагерьлер басқармасының аралдары», – Ф. Қ.*) деген роман тиді» (*Александр Огнев. «Жеңіске неге шаптығады». «Правда» газеті, 2011 ж. №90*). Демек, ол романның авторы – Солженицын емес, бимдер!

«Өсек-өтірікке толы ол «романда» «сталиндік өмірге» қара бояу мейлінше баттастырыла жағылған. Сталинге тіпті Новочеркасск оқиғасын да таңуға тыраштану бар. Па, шіркін, доктор Геббельстің небір ізбасарлары болды ғой!» (*Г. Шлеппин. «Далбаса»*).

А. Флегонның «Солженицын пайғамбар ма?», Т. Ржезачтың «Солженицын сатқындығының иірімі» атты кітаптарын оқығандар да «Исаевичтің» сан-сапалақ «қыры мен сырына» көз жеткізеді. Соларды, әсіресе В. Хатюшиннің: «...70-нші жылдардың соңында оның «Америка дауысы» радиосы арқылы сөйлеп: «АҚШ-тың КСРО-ға бірінші болып ядролық соққы беруіне қолайлы жағдай болып-ақ тұр», дегенін барша жұртшылық, оның ішінде мен де естігенмін» деп жазғанын оқыған соң шығар, Флегон былай депті: «Мавзолейдің алды арқылы ақырғы айқасқа аттанғандардың (*1941-жылдың күзінде, -Ф.Қ.*) «Бауырластар бейітінен» тұрып келе алмайтындары, Исаичтың текесақалына, бізге өшпенділікке толы өлексе көзіне түкіре алмайтындары өкінішті!.. Кісіліктен жұрдай кісісымақтар да болады екен! Қайдағы пайғамбар ол?! Сілімтік!».

Әрине, Отанына жаманшылық тілеу – нағыз опасыздық, сатқындық!

«Орыс әдебиетіндегі американдық классиктің» небір «қасиетіне» көзі жеткен *Владимир Паутовты* да тындай отыралық: «...Енді Солженицын туралы. Ветров мырзамен (оның жансыздық бүркеніш аты осылай) таныс болғандар ол жайында жақ ашпайтын, ұялатын уақыт келеді. Оның кім екенін фамилиясы-ақ айтып тұр. Аталарының «со-лже-ниц-ын» болғандары ұрпақтарына обал жасағандай».

...Твардовскийдің хатынан мәлім болғанындай, *М. Шолохов* әуелде өзіне әлі бейтаныс Солженицынның «Иван Денисовичтің бір

күні» деген әңгімесіне елеп, сәлем жолдаса, Солженицын Вешенская станицасындағы сырттай тілекшісіне былай деп хат жазыпты:

«Аса құрметті Михаил Александрович! Маған мүлде тосын болған 17-желтоқсандағы сәттер және соның алдында ғана Никита Сергеевичке апарып таныстырғандары мені қатты толқытып, Сізге – мәңгілік «Тынық Донның» авторына – өзімнің шынайы құрметтеу сезімімді білдіруіме бөгет болды. Сіздің еңбегіңіздің жемісті бола беруіне, ең бастысы – денсаулығыңыз мықты болуына мен жан-тәніммен тілектеспін! Сіздің А. Солженицыныңыз».

Арада бірнеше жыл өтті. М.Шолохов бақилық болды. Париждің «Имка-Пресс» баспасынан *И.Медведева-Томашевскаяның «Стремя Тихого Дона» (Загадка романа)* деген кітабы шықты. Онда «Тынық Донды» Шолохов жазбаған, басқадан ұрлап алған, романның шын авторы – Федор Дмитриевич Крючков деп «дәлелденген». Ол кітаптың жарық көруіне жаныға кіріскен, жұлқына алғысөз жазған... – Солженицын! Ол ол ма, өзінің «Қызыл доңғалақ» романында: «... Поэма в прозе, и названьем, наверное, самым простым – «Тихий Дон», потому что черезо все растекаются – Дон, да кормящие запахи любушки-земли. Да первая часть и готова, но Федя по робости не осмеливается предложить публике: ведь еще что из того выйдет?..» деп жазыпты (*А. Флегон*). Федясы – Федор Ковыневы – Федор Крючков.

Қиын-қыстауда өзіне ілтипат көрсеткен Михаил Александровичтің аруағына жұдырық түйген Солженицын, сірә, «Шолоховты әдебиеттегі ұры етіп атын өшірсем, оның орнын мен алмағанда кім алады?!» деп есекдәмелі болған шығар. Ол арамзаның және оның сыбайластарының сорына қарай, мұрағаттан М. А. Шолохов романының толық қолжазбасы табылды!

Егер Солженицынға өмірінде бір кісі жақсылық жасаған болса, ол -Александр Трифонович Твардовский. «Жазықсыз жапа шеккенін» айта келген бейтаныс біреудің қолжазбасын оқып, содан соң оны Хрущевтың шолып шығуын өтініп қана қоймай, авторын апарып таныстырып, әдебиетке жолын ашты. Саяси қаңқасы бар бірнеше әңгіме-хикаясын журналына басты. Ол қамқорлығы үшін, әлбетте, жаңа автор оған: «Сізді жанындай жақсы көруші», «Сізге өте риза Солженицыныңыз» деп хат жолдап жүрді. Алайда, Лениндік силықтан

қағылғаннан кейін, оның «Еменмен сүзіскен баспақ» хикаясын талдап оқыған сыншы *А. Федоров* жазғандай, Солженицын КСРО Жазушылар одағының, әдеби газет-журнал мен баспалар басшыларын іске алғысыз етіп жамандады. «Сол тобырдың ішінде дені дұрыстау біреу ғана болды, Твардовский деген, бірақ ол да өле ішетін маскүнем еді» деді. Қалллай екен?!

Хрущев баспасөзде Сталинге іш тартқан ештеңе жазылмауын талап еткен болатын. Кейініректе *А. Твардовский*дің «Бір қиырдан – бір қиыр» дастанында Сталин туралы жылы лебіз болды да, сол үшін автор қудаланып, орнынан алынды. Соны естігенде бұрын оған табынып жүрген Солженицын енді шабынып: «Қабілетсіз қызметшілдің орнынан түскені трагедия емес, бұрынғы рахатына сай өмір сүріп, зейнетақысын алып жүре береді» деп шыға келді. Ал Твардовский қайтыс болғанда: «ол МҚК-нің мені тұншықтыруына көмектескен» деді. Солженицынды әскерге алынысымен «С. Ветров» деген бүркеншік ныспымен өзіне «сыбырлақ» («стукач») еткен МҚК (Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) оның өйтіп «сыр ашқанына» ренжімепті.

Отанына, *М. Шолохов* пен *А. Твардовский*дей жанашырларына опасыздық жасаған Солженицында жалпы адамгершілік болып па екен?!

Бұл сұрағыма оның өз аузымен мынадай бір жауап беруге болады:

«О Казахстане. Сегодняшняя огромная его территория нарезана была коммунистами без разума, как попада: если где кочевые стада раз в год проходят – то и Казахстан. Да ведь в те годы считалось: это совсем неважно, где границы проводить, – ещё немножко, вот-вот, и все нации сольются в одну. Проницательный Ильич-первый называл вопрос границ «даже десятистепенным»... Да, до 1936 года Казахстан ещё считался автономной республикой в РСФСР, потом возвели его в союзную. А составлен-то он – из южной Сибири, южного Приуралья да пустынных центральных просторов, с тех пор преобразенных и восстроенных – русскими, зеками да ссыльными народами. И сегодня во всем раздутом Казахстане казахов – заметно меньше половины. Их сплотка, их устойчивая отечественная часть – это большая южная дуга областей, охватывающая с крайнего востока на запад почти до Каспия, действительно населенная преимущественно казахами. И коли в этом охвате они захотят отделиться – то и с Богом».

Бұл – «классик, философ» Солженицынның «Как нам обустроить Россию» деген мақаласымағынан үзінді.

Біздің ғұлама бабамыз Махмұд Қашқаридың «Әлемнің домалақ картасы» атты еңбегі бар. Онда Көне Шығыстың шекарасы, қала, жер-су аттары анық көрсетілген. Тарихты тіміскілеген Солженицын оны білген болар, бірақ әдейі білмегенсіген шығар.

Ол аталған жазбасында КСРО құрамындағы: украин, беларусь, басқа да үлкенді-кішілі халықтарды Ресейсіз күн көре алмайтындар деген сыңайда лақты. Ресейдің, орыс халқының жалғыз жанашырынша сайрап жүрген әлгі «шешем – орыс, әкем – заңгер» деген желөкпе В. Жириновский және қазаққа қарсы басқа шуылдақтар да сол «дядяларынан» үлгі алды (Жириновскийдің шын аты-жөні – Владимир Вольфович Эйдельштейн. Ол әкесінің «Вольф Исакович» екенін де жасырып, «Вольф Андреевич» деп жазыпты).

Көктеректегі Бірлік ауылы қарияларының өздерінде мұғалім болған Солженицынның қазақ жері, қазақ халқы туралы осынау опасыздық сандырағын естігенде: – Біздің де біраз азаматтарымыз «халық жауы» делініп, осы байғұсша сорлап кетті-ау деп, тамағымызды аузына тосып, киімімізді үстіне жапсырып жүретін едік, өй, барып тұрған ұятсыз, дінсіз, кара бет, кара жүрек неме екен ғой?! – дегендеріне куәмін. Адал жандардың бетпаққа, сайқалға, суайтқа, арамзаға ашынғаннан айтқандары. Алып-қосарым жоқ.

Бізде судыр Солженицынды жоқтаған жарымжан мақала шыққан сайын оларға жауап беріп жүрмін. Сол мақалаларымның бірі (орыстілді гәзеттегі):

«Не зная броду, не лезь в воду»

А. Солженицын – заочный автор романа «АГ»?

Эту древнюю поговорку мы, к сожалению, часто забываем. Тому свежее доказательство – статья *«Главная книга 20-го века»* господина *Жениса Байхожы* («Central Asia Monitor» №28(500). 25-31 июля 2014 г.).

Я не намерен вступать в полемику с автором, – не стоит. Буду только выражать свои мысли тоже вслух.

Январь 1945 года. Всему миру было ясно, что гитлеровским захватчикам скоро «капут», в чем несколько не сомневался и командир

батареи звуковой разведки капитан А.Солженицын. И он, по всей вероятности, чтобы не стать случайной жертвой вражеской пули-дуры, придумал для себя путь досрочного спасения. Отлично зная, что полевая почта проходит через «сито» фронтовой контрразведки, он пишет письмо своему другу Н. Виткевичу что-то смутное о военной политике И. Сталина.

Вот что говорил позже *сын Н. Виткевича* о роли этого письма: «...Я не желаю, чтобы имя моего отца упоминалось рядом с именем подонка Солженицына!». Эти слова – настоящее святотатство, не правда ли?! Как же так, Солженицын: – «гений русской литературы», «совесть русского народа» и так далее и... – подонок?! Но у сына бывшего ээка Виткевича есть веские причины так говорить – «избранный» на должность «всероссийского пророка» Александр Солженицын свою «карьеру» начал с того, что на бумаге «создал» контрреволюционную группу», в которую записал себя, свою жену, своих друзей и даже случайных попутчиков, и тут же дал подписку на доносительство. Следователь Балдасов, который допрашивал арестованного капитана Николая Виткевича, дал ему прочесть собственноручные показания Солженицына на следствии. Смысл этих показаний давнего, ещё школьного друга Виткевича, сводился к тому, что не он, Солженицын, а Виткевич, Симонян, Решетовская (первая жена Солженицына) по сговору с каким-то Власовым «сколотили преступную группу, которая давно и регулярно занимается клеветой на руководителей партии и правительства». «Вся наша «пятёрка», в том числе и Власов – это антисоветчики, занимавшиеся этой деятельностью ещё со студенческих лет». Ай да «Со-лже-ниц-ын»!..

Будущего «великого писателя» арестовали в феврале и судили на 8 лет в июле 1945 года. Его «единомышленники» получили по 10 лет. Значит разница в 2 года – скидка штатному доносчику?..

Кстати, в 1978-году в немецком журнале «Нойе политик» была опубликована посмертная работа криминолога Франка Арнау... Самое интересное то, что здесь воспроизведено факсимиле «Донесения с/о Ветрова от 20 января 1952 г.». Человек, передавший этот документ Арнау, рассказал, что следствием доноса стал расстрел группы заключенных 22 января 1952 г., после которого «Ветров», он же Солженицын, был упрятан в лагерный лазарет, а затем переведен в другой лагерь (*О. Давыдов, «Демон Солженицына»*).

Очень интересен 8-летний «адский путь» Солженицына: он начинался в лагере «Новый Иерусалим», потом: Калужск, Рыбинск, Марфино. Работал на строительстве, автотранспортном заводе, школе. Трехмесячное заключение в Бутырской тюрьме, после отправка в «Степной лагерь» (близ Екибастуза). Здесь в феврале 1953 года ему сделали операцию по поводу рака – в лагерь-тюремной больнице и в 1953 году! – и ссылка в Жамбыльскую область, где Солженицын работал учителем в школе аула Коктерек. Здесь, в конце 1953 года, он заболел – опять рак! – поехал в г. Ташкент, где в горбольнице сделали вторую операцию. Так вот, вызывает большое сомнение наличие этой грозной болезни (с рецидивом) и полное излечение от нее в тех условиях и в то время. Вряд ли случилось такое в те годы даже в мировой практике медицины?!

После Ташкента он возвращается в Коктерек, чтобы «дикарям... первобытным детям» казахов продолжало «засверкивать настоящее учение». Так «заливался соловьем» сам Солженицын (из статьи господина Ж. Байхожи).

Мне известно, что казахи и Екибастуза и Коктерека бесплатно кормили, одевали, обували Солженицына, потому что считали его невинно пострадавшим, как их отцы, братья, которые были осуждены по страшной статье «враг народа». И Солженицын (он пробыл на казахской земле всего 2,5 года) их хлеб-соль «оправдал» вот этими сумасбродными утверждениями в своей статейке «Как нам обустроить Россию»:

“...Сегодняшняя огромная его территория нарезана была коммунистами без разума, как попадая: если где кочевые стада раз в год проходят – то и Казахстан... Да, до 1936 года Казахстан ещё считался автономной республикой в РСФСР, потом возвели его в союзную. А составлен-то он – из южной Сибири, южного Приуралья да пустынных центральных просторов, с тех пор преобразенных и восстроенных – русскими, зэками да ссыльными народами...”

Солженицын в вопросах Востока не намерен был смотреть дальше своего носа. Если бы смотрел, то увидел бы противоположную его «соображениям» картину. Например: учеными разных национальностей, разного времени сказано и написано, что на сегодняшней территории Казахстана в эпоху бронзы жили саки

– предки древнетюркских народов, а Алтай и территория вплоть до левого бережья Катуня в УП-УШ веках являлись составной частью Западно-Тюркского каганата. Доказывать обратное – это злонамеренная забава. Нет сомнения в том, что «историк-архивист» Солженицын имел сведения о знаменитой “Круглой карте мира” великого ученого Востока Махмуда Кашгари (XI век), где четко обозначены топонимы, этнонимы тогдашней территории и нынешнего Казахстана. Может быть, Махмуд Кашгари «по неопытности своей упустил», когда появились там «русские, зэки и ссыльные народы»?

Известно, что в российской печати достаточно сказано о подлости Солженицына в отношении М. Шолохова и А. Твардовского. Я лишь добавлю: в свое время, ознакомившись рассказом «Один день Ивана Денисовича» М. Шолохов и А. Твардовский открыли путь неизвестному автору в большую литературу. Потому что советской печати было дано указание устами Н. Хрущева постоянно публиковать материалы-«разоблачения культа личности Сталина». Вот и появился рассказ «бывшего врага народа», который заинтересовал главного редактора журнала «Новый мир» А. Твардовского своей политической краской. А М. Шолохов, который прочитав его рукопись в редакции журнала, просил передать свое пожелание молодому писателю доброго пути в литературе. Вот ответ «молодого писателя»:

«Глубокоуважаемый Михаил Александрович! Я очень сожалею, что вся обстановка встречи 17 декабря (1962 года), совершенно для меня необычная, и то обстоятельство, что как раз перед Вами я был представлен Никите Сергеевичу, помешали мне выразить Вам тогда мое неизменное чувство, как высоко я ценю автора бессмертного «Тихого Дона». От души хочется пожелать Вам успешного труда, а для того прежде всего – здоровья! Ваш Солженицын».

...М. Шолохов ушел в мир иной. Парижское издательство «Имка-Пресс» выпускает книгу *И. Медведовой-Томашевской «Стреля «Тихого Дона» (Загадка романа)»*, где «доказано», что автором знаменитого «Тихого Дона» является Ф. Крючков, а не М. Шолохов. Предисловие к книге написано... А. Солженицыном! Каково «неизменное чувство» Исаевича?! К несчастью его и его команды, в госархиве была найдена рукопись эпопеи М. Шолохова!

Солженицын не забыл выразить свое «неизменное чувство» и А.

Твардовскому. Когда Александр Трифонович по капризу Хрущева был снят с должности Главного редактора, Солженицын, обливающий грязью Союз писателей СССР в своем «бодливом теленке» сказал, что «среди этих свор был только один более нормальный, Твардовский, и тот – пьяница. Он помог КГБ душить меня».

Ну и ну!..

Теперь о «Архипелаге ГУЛАГ».

Если не ошибаюсь, известный русский писатель-историк *В. Бушин* в своем ценном литературном труде – книге «*Александр Солженицын. Гений первого плевка*» констатирует следующее: Был дипломат Виктор Андреевич Кравченко (1905-1966 гг.). В 1936 году уехал за границу и там написал книги: «Я выбрал свободу», «Я предпочел справедливость». КГБ не допустил их распространения в СССР. Об этом же писал и *А. Островский* в своей книге «*Солженицын. Конец мифа*». Я не сомневаюсь, что, когда Солженицын был на коне, он прочитал книги Кравченко, да еще сотни писем-откликов на них, изъятых КГБ. То есть, «Архипелаг ГУЛАГ» попахивает плагиатом. Не зря В. Бушин выразился: «Нобелевскую премию надо была дать Кравченко».

Плагиат в каком-то объеме – это одно, а другое – это авторство Солженица: является ли он настоящим автором «Архипелага»? На этот вопрос есть очень даже интересный ответ – бывший Посол США в СССР *Джекоб Бим*, в то время один из главных фигур ФБР, вспоминает: «Когда мои сотрудники в Москве принесли мне ворох неопрятных листов за подписью «Солженицын», я вначале не знал, что делать с этим шизофреническим бредом... Когда же я засадил за редактирование и доработку этих материалов десятков талантливых и опытных редакторов, я получил произведение «Архипелаг ГУЛАГ» (*Александр Огнев, «Почему атакуют победу», газета «Правда», 2011 г. №90*).

Вот так была сделана идеологическая бомба против СССР и соцлагеря! Книгу срочно перевели на другие языки, выпустили большими тиражами. Пошла пропаганда «по горам и долинам!» Результат – Нобелевская премия Солженицыну! Ясно, благодаря заботе бимов!

Есть анекдот: М. Суслов говорит Л. Брежневу, что его «Малая

Земля» – интересная книга, Брежнев реагирует: «Да?! Тогда я тоже прочту ее!». Это я к тому, как мне кажется, Солженицын не читал «свой» роман. Если бы прочел, как он мог допустить такие ляпсусы (*из книги В. Бушина*), например: «... в тюрьмах сидело по 40 тысяч человек, хотя рассчитаны они были на 3-4 тысячи». Тут уже превышение раз в 10-13, если не больше, т. е., как бы в одно купе наш математик утрамбовывает уже человек по 40-50-55. Потом мы выслушиваем его информацию еще об одной тюрьме, где «в камере вместо положенных 20 человек сидело 323». В 16 раз больше! Затем: «в одиночку вталкивали по 18 человек». Значит, 18-кратное превышение. Рекорд? Пока нет! Читаем еще: «...Тюрьма была выстроена на 500 человек, а в нее поместили 10 тысяч». В 20 раз больше! Вот уж это, кажется, солженицынский рекорд в данном виде упражнений, ибо если перевести все в купейное исчисление, то получится 80 человек в одном купе! Разумеется, сам Солженицын, как мы знаем, в таких купе не ездил, в подобных камерах не сидел, в похожих тюрьмах не был и ничего подобного не видел своими глазами». Значит, он – заочный автор романа сочинителей господина Бима! Нет сомнения в том, что, судя по выше приведенным цифрам, настоящие авторы издевались над заочным автором, а тот даже не полистал «свой роман»!

А в какой тюрьме сидел Солженицын? Об этом рассказывает его жена – осужденный вместе с ним «член контрреволюционной группы» на бумаге *Наталья Решетовская* («*Спор со временем*»): «... Тут Саня проводит большую часть суток: с 9 утра до конца работы. В обеденный перерыв он валяется во дворе прямо на траве или спит в общежитии. Вечером и утром гуляет под полюбившимися ему липами. А в выходные дни проводит на воздухе 3-4 часа, играет в волейбол. Мы иногда проникали в примыкавший к «шарашке» дворик и, дождавшись обеденного перерыва, в щелку забора наблюдали за отдыхающими экаками: или просто гуляющими, или лежавшими на травке, или играющими в волейбол. Разговорились с проходящими... «Не беспокойтесь о них, – успокаивала нас женщина, – их там хорошо кормят!». По свидетельству самого Солженицына вот некоторые нормы, которые были там во время его пребывания в Марфино: «Четыреста граммов белого хлеба (черный лежит на столах по потребности). Сорок граммов масла для профессоров и двадцать для инженеров...

Общежитие: полукруглая комната с высоким сводчатым потолком, в ней много воздуха, двухэтажные кровати. На прикроватной тумбочке – настольная лампа. До 12 часов читал. А в пять минут первого надевал наушники, гасил свет и слушал ночной концерт... Письменный стол, рядом окно, открытое круглые сутки. Радиопроводка прямо у рабочего места. У стола розетки для включения удобной настольной лампы, собственной электрической плитки, пользоваться которой можно неограниченно. Переносная лампа для освещения книжных полок... По радио в годы, проведённые в «шарашке», с удовольствием прослушал 2-ю часть 2-го концерта Шопена, «Думку» Чайковского, «Вальпургиеву ночь», цикл Рахманиновских симфоний...»; «В Марфино неплохая библиотека. Кроме того, можно получить всё желаемое по заказу из Ленинской библиотеки, можно получить любую книгу из обширных фондов советских научных и университетских библиотек. Что касается художественной литературы, то читал я её «с жестким выбором», только очень больших мастеров: «Войну и мир», ещё Достоевский, А. К. Толстой, Тютчев, Фет, Майков, Полонский, Блок, Анатолий Франс... Третий том словаря Даля в его личном владении...». «Со временем обитателям «шарашки» начинают по воскресеньям демонстрировать кинокартины, первый фильм «Сказание о земле Сибирской» просмотрел 2 сеанса подряд».

...Я еще раз подчеркиваю: литературно-исследовательский труд В. Бушина ценен своей достоверностью. Видно, автор скрупулезно работал с фактами в архивах и выдумками Солженицына. Не вдаваясь подробности его книги, хочу вкратце привести мнения писательского мира о деятельности Солженицына:

Юрий Васильевич Бондарев, писатель-фронтовик: «Не могу пройти мимо некоторых обобщений, которые на разных страницах делает Солженицын по поводу русского народа. Откуда этот антиславянизм? Право, ответ наводит на очень мрачные воспоминания, и в памяти встают зловещие параграфы немецкого плана «Ост»...

Чувство злой неприязни, как будто он сводит счеты с целой нацией... клоочет в Солженицыне, словно в вулкане. Он подозревает каждого русского в беспринципности, косности, и как бы в восторге самоуничтожения с неистовством рвет на себе рубаху, крича, что сам мог бы стать палачом. Вызывает также, мягко выражаясь, изумление,

его злой упрек Ивану Бунину только за то, что этот крупнейший писатель XX века остался до самой смерти русским и в эмиграции.

Солженицын, несмотря на свой серьезный возраст и опыт, не знает «до дна» русского характера и не знает характера «свободы» на Западе, с которым так часто сравнивает российскую жизнь...».

Говоря о мнении многих других писателей, поэтов, учёных и рабочих, для сокращения приведу их высказывания лишь фрагментарно. Вот несколько цитат из отзывов о Солженицыне:

К. Симонов – писатель и поэт-фронтовик: «До глубины души возмущен и творчеством, и поведением Солженицына. Целиком согласен с выступлением «Правды», полностью разделяю все положения, которые высказаны в этой статье относительно Солженицына».

М. Шагинян – писатель, поэтесса: «Удивляюсь нашей терпимости к таким подонкам. Солженицын, оставаясь безнаказанным, разлагает нашу молодежь. И вообще он никакой не писатель. Я об этом говорила и в Венгрии, и в Швейцарии».

С. Михалков, автор Гимна СССР и России: «Солженицын – человек, переполненный яростью и злобой, пренебрежением и высокомерием к своим соотечественникам. Опять же, прежде всего – к русским».

В. Шаламов, писатель: «Деятельность Солженицына – это деятельность дельца, направленная узко на личные успехи со всеми провокационными аксессуарами подобной деятельности».

Р. Гамзатов, поэт: «Он не столько боль выражает, сколько зло выплескивает, не столько переживает, сколько злорадствует... Он хочет подчинить своим злым замыслам добрые помыслы народа, судьбу и историю Родины».

Чингиз Айтматов, писатель: «Если мы хотим по-настоящему выступать на мировой арене, то давайте следовать пути Горького и Маяковского, а не Солженицына».

Митрополит Крутицкий и Коломенский Серафим: «Солженицын печально известен своими действиями в поддержку кругов, враждебных нашей Родине, нашему народу».

Художник З. Азгур: «...Он твердил заведомую ложь... Человек, переполненный яростной злобой, высокомерием и пренебрежением к соотечественникам».

Музыкант М. Ростропович: “На моей памяти уже третий советский писатель получает Нобелевскую премию, причем в двух случаях из трех мы рассматриваем присуждение премии как грязную политическую игру, а в одном (Шолохов) – как справедливое признание ведущего мирового значения нашей литературы».

Литературовед В. Хатюшин: «...Все его персонажи – такие же искусственные фантомы, взятые не из реальной жизни, а подогнанные под лекало его сумосбродных идей... «Бессмысленная судьба» – вот все, что через какое-то время останется в комментариях специалистов об этом человеке».

Историк Н. Ульянов: «Произведения Солженицына не написаны одним пером. Они носят на себе следы трудов многих лиц разного писательского вкуса и склада, разных интеллектуальных уровней и разных специальностей» («Новое русское слово», 01.01.1971).

Профессор Г. Ферр: ...Еще один “авторитет”, на котором строят свои измышления антисталинисты – Солженицын. Оказалось, что он никаких документов не видел и не читал, а, по своему собственному признанию, “исследовал действительность методом литературного творчества”.

Многое другое читатель найдет в книге В. Бушина «Неизвестный Солженицын».

Появилась книга о Солженицыне, вышедшая в серии «Жизнь замечательных людей». Она больше по объему книг из этой серии «Лев Толстой», «Чехов» и «Достоевский» вместе взятых. Но не издаются книги о подлинных героях СССР и России, таких, как трижды и дважды Герои Социалистического Труда академики Ю.Б. Харитон, Я.Н. Зельдович, К.И. Щелкин, конструкторы Н.Л. Духов, С.В. Ильюшин и другие.

Вероятно, это и имел в виду Д.Ф. Даллес, говоря сразу после войны, что для того, чтобы развалить СССР, надо подменить понятия: жуликов превратить в героев, а героев – в негодяев. («Панорама», N1-2, 2010, г.)

Таких уместных, справедливых упреков в адрес «классика» Солженицына предостаточно и в постсоветском пространстве и за рубежом. Однако есть упорно защищающие его. Например, русский писатель В. Распутин восхваляет его до небес. Это и понятно, он –

лауреат премии Солженицына и автор романа о «легендарном герое русского народа Ермаке» («Сибирь»). А вот что писал в свое время *Лев Толстой* об Ермаке («*Ермак. История*»):

«...Приехали приказчики на Волгу и стали спрашивать: какие тут казаки слывут? Им и говорят: «Казаков много. Житья от них не стало. Есть Мишка Черкашенин; есть Сары-Азман... Но нет злее Ермака Тимофеича, атамана... И поехали приказчики к Ермаку-атаману и стали его уговаривать идти к Строганову... К успенью пришли к Строганову казаки – человек 600 с атаманом Ермаком Тимофеевичем. Напустил их сначала Строганов на ближних татар. Казаки их побили. Потом, когда нечего было делать, стали казаки по округу ходить и грабить.

Призывает Строганов Ермака и говорит: «Я вас теперь больше держать не стану, если вы так шалить будете». А Ермак и говорит: «Я и сам не рад, да с народом моим не совладаешь – набаловались. Дай нам работу». Строганов и говорит: «Идите за Урал воевать с Кучумом, завладейте его землею. Вас и царь наградит». И показал Ермаку царское письмо. Ермак обрадовался, собрал казаков и говорит: «Вы меня срамите перед хозяином – всё без толку грабите. Если не бросите, он вас прогонит, а куда пойдете? На Волге царского войска много: нас переловят и за прежние дела худо будет. А если скучно вам, то вот вам работа». И показал им царское письмо, что позволено Строганову за Уралом землю завоевать. Поговорили казаки и согласились идти. Пошел Ермак к Строганову, стал с ним думать, как им идти...».

Вот так: одним он, Ермак, – головорез, наемный завоеватель, кровопиец, что доказан не только Л. Толстым, а самой историей, а другим, распутиным, – «наш легендарный герой, великий покоритель Сибири»!

Также Солженицын. Для кого-то – «великий русский писатель, философ, реформатор», а для других – автор сумосбродных идей, злорадствующий сочинитель невероятных фактов, заочный автор «главной книги 20-го века», что доказано самого же его жизнью и пером!

(«*Централ Азия Монитор*», №29. 1-7 августа 2014 г.)

Дополнение: Одним из самых активных пропагандистов «пророка» Солженицына является Э. Радзинский. Он мечтал читать «Архипелаг

ГУЛАГ» в школе Московские «образованцы». При одобрении В.Путина включили «АГ» в программы школ по русской литературе XX века. Интересно, – взял ли В.Путин согласие у настоящего автора «АГ» господина Джекоба Бима на включение его романа в школьные программы РФ? Путин еще вынес решение: «В 2018-году официально отметить 100-летие писателя А.И.Солженицына». Каково?!. «Над царем есть только Бог»? Казахи говорят: «Бойся того, кто Бога не боится».

Президент РФ А. Медведев когда наградил лауреата Ленинской, Нобелевской премии академика Ж. Алферова, в связи его 80-летием, орденом «За заслуги Отчеству» четвертого степени, а вот Э. Радзинскому вручил этот же орден, но второй степени. Каково быть любимцем власти?! 2015 г.

Екі арнау

1.«...Әйгілі сатқынның «патриоттық» сөздері ол үшін фашизм мен совет социализмінде, Гитлер мен Сталинде айырмашылық болмағанын «айғақтайды». Онысын ленинградтық ақын *Валерия Вьюшкова* арнаулы өлеңінде былайша айтыпты:

Нет, было подлецу отнюдь не всё равно!
Ведь Гитлер для него – герой буржуйской воли!
Антисоветский бред его проходят в школе!
Грехов у Солженицына-лжеца – полно!
Вермонтский прохиндей, наглеющий всё боле,
Он к Рейгану зывал: «Социализм доколе
Терпеть вы будете?! Москву пора давно
Бомбить, как Хиросиму! Бомбу жалко, что ли?!».

...Геббельстің: «Өтірікті неғұрлым төндіріп айтсаң, солғұрлым сенімді болады» дегені бар, Солженицын Геббельске еліктеген. *А. Пыльцын* («Солженицын – суайт та сатқын классик»).

2. Сатқын генерал Власовты өлмермендене ақтаушы Солженицынға:
Классический делец и пасквилянт,
Не классиком вошёл в литературу -
Со власовцами встал в единый ряд,
Продавшись за зелёные купюры.
Людмила Заверняева.

Экибастузский донос

Один из «подвигов» Солженицына – это «экибастузский донос», который помог властям жестоко подавить в самом зародыше восстание украинцев в лагере в Экибастузе (Казахстан). Вот его полный и точный текст.

«Сов.секретно.

Донесение от 20/1 -52 г.

В свое время мне удалось, по вашему заданию, сблизиться с Иваном Мегелем. Сегодня утром Мегель встретил меня у пошивочной мастерской и полузагадочно сказал: «Ну, все, скоро сбудутся пророчества гимна, кто был ничем, тот станет всем!». Из дальнейшего разговора с Мегелем выяснилось, что 22 января з/к Малкуш, Коверченко и Романович собираются поднять восстание. Для этого они уже сколотили надежную группу, в основном, из своих – бандеровцев, припрятали ножи, металлические трубки и доски. Мегель рассказал, что сподвижники Романовича и Малкуша из 2, 8 и 10 баракров должны разбиться на 4 группы и начать одновременно. Первая группа будет освобождать «своих». Далее разговор дословно:

«Она же займется и стукачами. Всех знаем! Их кум для отвода глаз тоже в штрафник затолкал. Одна группа берет штрафник и карцер, а вторая в это время давит службы и краснопогонников. Вот так-то!». Затем Мегель рассказал, что 3 и 4 группы должны блокировать проходную и ворота и отключить запасной электродвижок в зоне.

Ранее я уже сообщал, что бывший полковник польской армии Кензирский и военлет Тищенко сумели достать географическую карту Казахстана, расписание движения пассажирских самолетов и собирают деньги. Теперь я окончательно убежден в том, что они раньше знали о готовящемся восстании и, по-видимому, хотят использовать его для побега. Это предположение подтверждается и словами Мегеля «а полячишка-то, вроде умнее всех хочет быть, ну, посмотрим!»).

Еще раз напоминаю в отношении моей просьбы обезопасить меня от расправы уголовников, которые в последнее время донимают подозрительными расспросами. *Ветров. 20.1.52».*

На донесении отчетливо видны служебные пометки. В левом верхнем углу: «Доложено в ГУЛАГ МВД СССР. Усилить наряды

охраны автоматчиками. Стожаров». Внизу: «Верно: нач. отдела режима и оперработы Стожаров» (*Из архивных материалов*).

Со-лже-ни-цын!.. Кіммен жанаса қалса, соны алдау-арбау, сату үшін жаралған албасты!

Сол Солженицын туралы анекдоттардан:

– Твардовский кім? Солженицын кім?

– Твардовский – көкте қалықтаған қыран. Солженицын – жерді былғап жүрген қанатсыз бірдеңе.

* * *

– Твардовский мықты ма, Солженицын мықты ма?

– Твардовский ақкөңіл, орнықты, жомарт. Рас, кейде қызынып сөйлейтіні бар. Ал өлеңдері тамаша. Нағыз орыс ақыны!

– Солженицын ше?

– Ол дәрекі, қазымыр. Әзілді түсінбейді. Орыстың ақын-жазушыларын күндеп кеп жүргені. Тартюф айтқандай: «Мен ғана келбеттімін, басқалардың бәрі – сиықсыз бишаралар!» деп ойлайды.

* * *

«Таң атты» хабарымызға Ермолай Солженицын келіп отыр. Әкесі туралы айтуды өтінгенбіз. Ермолай әкесін көрген жоқ, әкесі бұл туардан 3 жыл бұрын қайтыс болған. Сонда да, кәне, бастаңыз.

– Мен... әкем туралы не айтуды білмеймін... оны ойласам-ақ есіме алаяқтар туралы анекдоттар түсе бастайды...

* * *

Александр Солженицын. Ол туралы дәнеңе естілмегелі көп болды. Сірә, «сұмырай дәрігерлер» жайында «Архипелаг Аурухана» деп, немесе «суми мұғалімдер» жайында «Архипелаг Мектеп» деп роман жазып жатқан шығар. Әлде еменмен сүзісіп, Строгинода сарай салып жүрген болар.

* * *

Созвал Бог евреев того света и говорит:

“Поступила жалоба от писателя Александра Солженицына. Он утверждает, что за деяния евреев до сих пор никто не извинился. Неудобно как-то получается. Прошу подписываться по порядку.

От воров и злодеев – Бенья Крик и Сонька Золотая Ручка.

От революционеров – Карл Маркс и Лев Троцкий.

От артистов-юмористов – Чарли Чаплин и Аркадий Райкин.
От художников – Исаак Левитан и Марк Шагал.
От писателей – Франц Кафка и Борис Пастернак.
От ученых – Альберт Эйнштейн и Зигмунд Фрейд.
От небесной канцелярии – Моисей да и я сам – Иисус Христос”.

* * *

Солженицын «Ресейді қайтіп көгертеміз» деген мақаласымағының ескерусіз қалғанына қағынып кете жаздап ызаланып жүріпті де, бір күні: «Ресейден кейін жер көлемі ең үлкен мемлекет Қазақстан ғой. Менің Көктерек ауылым бар Қазақстан! Ресейден қайыр жоқ, ендеше көгертуді сол Қазақстанымнан бастайын! Қазақ тілінде хат-үндеу жазайын!» деп, қағаз-қаламын іздей бастапты...

М. ГОРБАЧЕВ

1931-жылы Ставрополь өлкесінде туған. Мәскеудің М. Ломоносов атындағы университетінің заң факультетін тәмәмдап, өз өлкесінде прокурор болған. 1952-жылы партия қатарына өтіп, өлкелік, одан соң қалалық партия комитеттерінің 1-хатшысы болған. 1978-жылы СОКП ОК хатшысы, 1980-жылы Саяси бюро мүшесі. 1985-жылы Бас хатшылыққа сайланды. 1990-жылы



КСРО президенті болды. КСРО ыдырап, президенттіктен түсірілгеннен кейін, 2000-2004 жылдары Ресей Социал-демократиялық партиясын басқарды. Қазірде «Горбачев қорының» президенті.

Біздің кейбір «тарихшылар» мен «саясаткерлер» М. С. Горбачевты мадақтап, тіпті: «Қазақстанға тәуелсіздік әпергені үшін өзіміз де, ұрпақтарымыз да оған алғыс айта жүруге тиіспіз!» деп сайрағанда сайдың табанындағы құмды жотасына шығара жаздайды.

Оу, ағайындар! Ненің болсын мәнісін анық біліп алмастан сөзден сорпа жасауды көксемелік! Бізге тәуелсіздік силағанның құлы болғымыз келсе, ең әуелі АҚШ президенттері Рейган мен Бушқа ескерткіш орнаталық. Одан бергілерді көре жатармыз.

Сонымен:

1986-жылғы Желтоқсанда Алматының орталық алаңына бейбіт шеруге шыққан қазақ жастарын жазалауға Ресейден әскер жіберіп, ондаған қыз-жігітімізді сапер күрегіне жем етіп, солдаттарына сабатып, иттеріне талатып өлтірген, жүздегенін мүгедек еткен, мыңдаған қазақты жан жарасына душар еткен кім? СОКП-ның, КСРО-ның «кұдайы» Горбачев! Ол «көсем» көкесі Н.Хрущевтың Тбилисиде жасаған сұрқиялығын 30 жылдан соң Алматыда қайталады. Әлде оған ең әуелі сол мерездігі үшін алғыс айтуымыз керек пе еді?!

Бірде Семейде, бір жолдасымның үйінде отырғанымда, «Ассанди таймс» гәзетінің 2002 жылғы тігіндісін көрдім де, аударыстыра бастадым. Желтоқсанның 27-сі күнгі санынан «СССР: ночь перед Рождеством, или почему произошел крах сверхдержавы» деген мақаланы көзім шалды. Тақырыбы тартымды екен, оқыдым. Авторы – *Селен Смирнов*. Мақаланың «*Аңыздың ақиқаты ма?*» деген бөлімінде былай делініпті (үзінді):

«...КСРО президентінің (*Горбачевтың, – F. Қ.*) бұрынғы көмекшісі А. Черняевтің айтуынша, 1989-жылы желтоқсан айының 2 – 3-і күндері Мальтада, «Максим Горький» теплоходындағы кездесуде Д. Буш Горбачевтан мыналарды талап еткен: бірінші – КСРО қоғамын АҚШ-тың жоспарына сай өзгерту; екінші – алысқа ұшатын қару жүйесін жою; үшінші – басқа елдердің жеріндегі совет әскерлерін алып кету».

Кейін мәлім болғанындай, Горбачев АҚШ-тың талаптарымен оңай келісіп қана қоймай, КСРО территориясының тұтастығын сақтау және қорғау мәселесі туындап, шиеленісті жағдай бола қалса, қару қолданбауға уәде берген...». Демек, КСРО-ның ыдырауы ол құрылымның тоқырауынан емес, басшылықтың, атап айтқанда, Горбачевтің әуелі Рейганның, одан соң Буштың алдында дізе бүккендігінен болды (КСРО 1991-жылғы желтоқсанның 25-і күні 19 сағат 38 минутта әлем сахнасынан кетті). Бүкпесіне қоймаған «құдірет» – Р.Рейган. Ол президенттігінің екінші мерзімінде Горбачевпен 4 рет кездескен-ді. Ең негізгісі – 1986-жылдың қазан айында Рейкьявикте өткені. Оған Рим папасы да қатысқан. Ол оқиғаға куә саясаткерлердің айтуынша, КСРО-ның ыдырауы сол жолғы келісімдерден басталған. Дүние жүзіндегі ядролық қаруларды жою,

алысқа ұшатын зымырындарды азайту, т. б. тақырыптарды талқылау екі жақтың да КСРО-ның «басы артық ел екенін сезінуімен» аяқталды, Рейган мен Горбачев тіл табысты (*В. Широниннің «Қарсыбарлаудың қалпағы астында»* кітабынан)...

...Ауханада жатқанымға бір апта болған. 1985-жылдың наурыз айы. Бір күні, 11-і ме, 12-сі ме, паладағы үшеуіміз түскі дәмге баруға шыққанымызда жұрттың дәліз түкпіріндегі теледидар жаққа дабырласа кетіп бара жатқанын байқадым. «Қазір Москвадан өте маңызды хабар болады екен», «Говорят: будет очень важное сообщение из Москвы» деседі. Біз де ілестік. «Шабан үйректер бұрын ұшып», жалғыз диван мен екі креслоны «басып алыпты». Жақын палатадағылар орындықтарын ала жетіп, жайғаса бастады. Теледидар: «Информационное сообщение телеграфного агентства Советского Союза» деп сөйлеп кетті. Кремльде Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық комитетінің кезектен тыс пленумы болғанын, онда Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшылығына Михаил Сергеевич Горбачев сайланғанын айтты (қайтыс болған Константин Устинович Черненконың орнына). Телеэкранға жігіт ағасы жасындағы кісінің фото-суреті шығарылды. Жұрт гулесіп жөнелді:

- Е, жап-жас екен!
- Осылай болу керек қой!
- Саяси бюродағы шалдар ойланған екен!
- Қашанға дейін жылара біреуі өле берсін?!
- «Жас келсе – іске!» деген.
- Келбетті екен, ә?!
- Ә, иә, келбетті, бірақ көзі қалайда...
- Рас, көзі тым жалтыр. Басында таңбасы бар ма?..

Содан былайда әңгімеміз саясатпен басталып, саясатпен аяқталатын болды. Кейіпкерлеріміз: мылжың Хрущев, бейқам Брежнев, Бас хатшылыққа тым кеш келіп, тым ерте кеткен қайран Андропов және Брежневтің малтабары болған байғұс Черненко. Ауру-сырқаулы соңғы екеуінің әрқайсысы басхатшылықта 1,5 – 2 жылдан ғана болды... Енді мына жас та бас коммунист Горбачев қандай болар екен?

– Бұл Орталық комитетте ауыл шаруашылығы мәселесімен шұғылданды. Ставропольдік комбайншы. Андроповтың кадры, тез өсті. 54 жаста деді ғой. Ешкімнен сөз сұрамайды, – деді ортамыздағы

ақсақалымыз Сәкең. Зейнеткер. Партия, совет қызметкері болған.

– Хрущевтан көп сөйлей қоймас, - дедім.

– Білмеймін. Көзі... қалайда көзі маған ұнамайды... «Мені көрдіңдер ме?!» дейтін ойнақы мінезді кісінің көзі сияқты. Фотосы... былайда, кім білсін, жалт-жұлт етіп тұрса, онда... жалпы, меніңше, көздің орнықты, ойлы болғаны дұрыс қой. Жә, көрерміз, жуықта байқалып та қалар, – деп Сәкең жымыды (содан кейінде көріспеген Сәкеңнің фамилиясын есіме түсіре алмадым).

Иә, байқалды. Кремльде қилы-қилы жиын-жиналыс жиіледі. СОКП-ның пленумы, конференциясы, құрылтайы өз алдына. Негізгі сөз, ұсыныс, нұсқау, сұхбат иесі – Горбачев! КСРО-ны, шетелдерді аралауда Хрущевтың «сара жолын» ұзарта түсті. Ал Украина теледидары тілшілерімен кездескен кезінде тіпті Хрущевтың Қазақстанның Тың өлкесін Ресейге қоса алмай кеткеніне ашықтан-ашық өкінді, яғни шовинистік пиғылын жасырмады. Сол пиғылы: Алматы-Тбилиси-Фергана-Баку-Душанбе-Ереван-Вильнюсте және Карабах пен Приднестровьеде шұбалған қанды із қалдырды.

Горбачевтың ел еңсесін көтерген, халықты тұщындырған қандай қызметтері болды? Мысалы, Қазақстанның өмірінен алып айтар нендей игі деректер бар?.. Дәнеңе жоқ!.. Қазақстанның ғана емес, бүкіл КСРО өмірінен іліп алар ешқандай жақсылығы болған жоқ! Дәлел жинап әуре болмай-ақ, орыстың озық ойлы, аузы уәлі жазушысы Юрий Бондаревтің Горбачевтың «қайта құруын» жеткен жерінде қона алар әуежайдың бар-жоғы ескерілмей ұшырылған самолетке теңегенін айту жетіп жатыр. Қосымша қажет болса, Горбачевтың өзінен отыз жыл бұрын: «Совет халқының бүгінгі ұрпағы коммунизмде өмір сүретін болады... 1980-жылы коммунизм нышандарын көре бастаймыз» деген көкесі Н. Хрущевқа «тартқаны» туралы мына бір түйінге тоқталалық:

«...Уәдені Горбачев та үйіп-төкті: «2000-жылы әркім пәтер алады!»; «АвтоВАЗ автомобиль шығарудың әлемдік көшбасы болады, дүние жүзінде ең жақсы автомобильді біз шығарамыз!»; «азық-түлік мәселесін жақында түпкілікті шешеміз!»; «демократияның дамуы – социализмнің гүлденуі!» деп сықпыртты. Айтқанын іске асыруды ойлаған жоқ, іске асырса – социализм жүйе ретінде нығая түсер еді, ал ол күйретіп тынды. Социализмге қарсы пиғылын: «Жаңаша ойлау», «демократиялы социализм» сияқты желкөбік пәлсәпәсімен

бүркемеледі. Қулықсауғыш, жалтбергіш және атышулы құбыжық жәндік хамелеонның өзін өкіндіретін құбылғыш болды...» (*И. Фроянов*).

Жалпы Горбачевтің кім болғаны, КСРО-ны, социалистік лагерьді ыдырату үшін не істегені, Румынияда мемлекеттік төңкеріс жасалуын ұйымдастырғаны, ал Кубада төңкеріс жасатуы сәтсіз болып, қатысқандар әшкереленіп, сотқа тартылып, атып тасталғаны «*М.С.Горбачев. Википедия материалдарында*», О. Давыдов, Е. Лигачев, В. Крючков, В. Илюхин, В. Болдин, А. Грачев, М. Бурлаков, А. Шутов, А. Островский, Р. Брейтвейт пен Д. Мэтлоктың (АҚШ) және басқалардың кітаптарында егжей-тегжейлі дерекпен баян етіліпті.

КСРО-ның ыдырауын әйгілі ГКЧП (Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет) тездетті. Ол туралы нақты шындықты *А. И. Лукьянов* (КСРО Жоғарғы Кеңесінің сол кездегі төрағасы) өзінің 80 жылдығына орай «Независимая газета», политиканың жауапты редакторы Роза Цветковамен сұхбатында (2010 г. 05-18. «*Тарихтың шұғыл бұрылыстары*») айтып берді. Соның сәл ықшамдалған түпнұсқасы:

«ГКЧП был организован самим Горбачевым. Это было сделано гораздо раньше августа 1991-го, и решение было принято в Ореховой комнате – это комната за стеной Политбюро, я на этой встрече был. Так вот состав комиссии, которая должна была подготовить введение чрезвычайного положения, был определен на совещании у Горбачева. Оно состоялось 28 марта 1991 года и есть человек, который очень точно рассказал о нем как оно проходило, кто вошел в этот комитет. Это – первый секретарь МКК КПСС Юрий Андреевич Прокофьев. Тогда в ГКЧП под руководством Янаева были включены все, которые позже, в августе, в него вошли. Им, членам комиссии, было предложено подготовить закон о порядке введения чрезвычайного положения, а группе генералов КГБ – и они сделали это – написать обращение к народу в связи с введением ГКЧП. Было даже поручение изготовить печать ГКЧП.

...Я был на том заседании, но, разумеется, не мог и не должен был входить в его состав как руководитель парламента. ГКЧП заседал трижды, и когда был подготовлен проект федеративного договора и обращение к населению, несколько человек поехали в Форос, чтобы

сказать Горбачеву, что Ново-огаревские соглашения принимать нельзя. Во-первых, это конфедеративный договор, а, во-вторых, надо дожидаться сентября, когда будет съезд, и, надо договориться, как принимать договор. Ведь все-таки есть Верховный Совет. Горбачев выслушал их, пожимал руки и сказал: «Действуйте, черт с вами!». Это зафиксирован судом. Никакой блокады к этому времени Горбачева не было: вы только представьте, приехали пять человек, а у него около 100 человек охраны. Суд потом подтвердил, что все средства связи работали, самолет стоял и все прочее. Вот и вся история ГКЧП длиной 72 часа; в город вошла одна дивизия – это ничто для Москвы. Никакой попытки штурма Белого дома не было, дивизия просто прошла по улице. Все предприятия столицы в этот день работали, а в городе была одна-единственная демонстрация – это были брокеры новых банков, которые несли 100-метровое знамя России. Гибель трех парней – там никто не стрелял – это дорожно-транспортное происшествие, что было установлено судом.

Возвратившись в Москву, Горбачев мог бы все остановить, но он не поехал.

ГКЧП: путч, заговор или переворот?

Если это заговор, то где вы видели, чтобы заговорщики ехали к тому, против кого они сговариваются?

Если это был путч, то это означало бы ломку всей системы государственной. А все было сохранено: и Верховный Совет СССР, и правительство, и все остальное.

Переворот? Где вы видели переворот в защиту того строя, который существует?».

...1991-жыл КСРО-ның біраз жерінде халықтық толқу болуымен басталды ғой. Балтық аумағындағы одақтас республикаларда КСРО-дан бөлініп шығу мәселесі қозғалды. Басқа бірнеше республика бірорталықтық басқару жүйесіне наразылық білдіріп: әрбір республика өзінің табысына өзі ие болуы керек, Орталыққа бұрын еріксіз төлеп келген салық мөлшерін азайтып, енді өзінен артылғанды беретін болсын, КСРО конфедерацияға айналсын, дегендей талаптар қойылды. Ол талаптардың ұйтқысы Ельцин еді, ал одақтас республика басшыларының 29 – 30-шілдеде Ново-Огаревода өткен кездесуінде Горбачев онымен келісті. Бірақ жүйені қайта құру ойын былайша

баяндады: «Әлбетте, біз Совет өкіметі жүйесін өзгертуді қаламаймыз, оның негізгі ұстанымдарынан айнымаймыз. Алайда, социализмді нығайтатын, оны саяси кемелдендіретін, тегеуірінді ететін жаңалық жасау қажет» дегенді айтқан Горбачев («*Біздің ел және басқа елдер үшін қайтақұрылыс пен жаңаша ойлау*» деген жазбасында) КСРО-ны сақтай тұруды ойлады. Сөйтіп, ГКЧП жоспарланды. Онысы сәтсіз болғанына Горбачев кейін опынып жүрді. Мысалы, белгілі В. Познермен сұхбатында: «1991-жылы тамыз айында Форосқа кеткеніме өкінемін. Өйтпесем, КСРО сақталар еді» деген.

Демек, Горбачев «мен білгенді кім біледі» тақысы бар екіжақты есепші болып шықты. Бірде КСРО-ны жоюды бала кезінен армандағанын айтса, бірде оны сақтай алмағанына өкінеді. Ол әуелгі бір сөзінде басшылықта жаңа бағыт жасайтынын айтса да, жасағысы келмеді. Саяси бақылаушы болып қалды. Ескі көзқарастағы кадрларды жаңа ниетті демократтармен алмастыруы да мандымады. Ал 1988-жылдан бастап биліктен іштей еріксіз аяқ тартып, социал-демократ болып, Лукьянов айтқандай, ГКЧП-ны тудырып, КСРО-ның ыдырауына жол ашты.

М. С. Горбачевтің Түркияда, Америка университетіндегі семинарда сөйлеген сөзі (үзінді)

«Менің өмір бойғы мақсатым адамды аяушылығы жоқ коммунизмді құрту болды. Бұлай істеу керектігін менен бұрын түсіне білген әйелім мені толық қолдады. Мен мақсатыма жету жолымда елге және партияға қызмет етудегі барлық мүмкіндігімді пайдаландым. Бұл жолда менің біртіндеп көтеріле беруіме, билікке жетуіме әйелім үнемі көмestесіп жүрді.

Батыспен танысып, араласа бастаған кезде алдыма қойған мақсаттан айнымауға тиістігімді нық түсіндім. Мақсатымды орындау үшін СОКП мен КСРО басшылығын, сондай-ақ социалистік елдердегі басшылықты түгел өзгертуге міндетті болдым. Социал-демократиялық елдердің жолын өзіме бағдар еттім... Бағдарымды қолдайтын жақтастар таба білдім. Олардың арасында А. Н. Яковлев пен Э. А. Шеварднадзенің орны айрықша, екеуінің біздің қоғамға сіңірген еңбектеріне баға жетпейді...

Ельцин КСРО-ны құлатқанда мен Кремльді тастап шықтым. Кейбір журналшылар мені билігін жоқтап, өкініп жылайды дегенді

айтты. Ал мен жылаған жоқпын, себебі Еуропадағы коммунизмді жойдым. Енді Азиядағы коммунизмді жою керек. Коммунизм – жалпы әлемдік бейбітшілік пен өзара келісімге жетуді ұстанатын адамзаттық идеалдарды дамыту жолындағы негізгі кедергі...

Коммунизмсіз өмір көрікті болады. 2000-жылдан кейін бейбітшілік пен жаппай гүлдену дәуірі басталады. Алайда біздің бейбітшілікке, жасампаз ізгілікке жетуімізге кедергі жасайтын бір күш бар. Мен Қытайды меңзеп тұрмын. Егер Қытайдың коммунизм құру ойы күйресе, әлемнің келісім мен әділеттілікке жетуі оңайланар еді...» (М. Бурлаков, «Билікке жол»).

Келесі кітаптан үзінді:

«Горбачев 1993-жылы мамыр айында жеке сапармен Францияда болғанында КСРО-ны ыдыратуға «сыртқы көмектің» әсері жайындағы сұраққа жауап беріп бақты. Әуелде сырттан әсер болғанын растады да, одан соң ол объективті әрекет деді. Ал негізгі әрекет елдің ішінен басталғаны бекер емес. Горбачевтың соған сүйенгісі келгенмен, шындықтың шетін шығарып алды, – деп жазған «Фигаро» газеті онымен сұхбаттың тақырыбын: «Рональд Рейганның ықпалын мойындау жөн» деп құйтырқылап қойды. «Фигаро» тілшілерінің мәлімдеуінше, Горбачев сол сұхбатында Рейкьявикте Рейганмен кездескен жолы КСРО-ның тағдырын АҚШ-қа тапсырғанын алғаш мойындады. Онысына мына сөзі куә: «Рейкьявикте шынында драма, үлкен драма болды. Меніңше, Рональд Рейган сияқты күшті тұлға болмаса, ештеңе шешілмес еді... Жоғары деңгейдегі ол кездесуде, білесіздер ме, біз тым алысқа кетіп қалдық та, қайтуға шамамыз жетпеді» (А. Шутов, «Ресей тарихтың диірменінде»).

Совет барлаушылары 80-жылдардың басында «Гарвард жобасына» қатысты материалдарды қолға түсірген-ді. Оның КСРО мен Ресейге арналған алғашқы үш томы «Қайта құру»; «Реформалар»; «Реформалардың аяқталуы» деп аталған да, онда: КСРО мен СОКП-ны, Ресейді, Варшава шартын, бүкіл социалистік жүйені ыдырату және бұл жүйенің негізін – тегін білім алу мен тегін дәрігерлік жәрдемді жою жоспарланған. Ол мақсаттың орындалуына, АҚШ Орталық барлау басқармасының мәлімдеуінше, жиыны 13 триллион доллар жұмсалған...

Президент Р. Рейган болса, ол 1980-жылы-ақ: «АҚШ-тың бас

мақсаты – социализмді қоғамдық-саяси жүйе ретінде жою!» дегенді. Оның сондай пиғылмен қаншалықты қарекет жасағаны *Джек Ф. Мэтлоктың* (кішісінің) «*Рейган мен Горбачев*» деген, ал Горбачевтың құбылмалы сөзі мен істері *А. Островскийдің* «*Ақымақтық па, әлде опасыздық па?*» деген кітабында таратып айтылған.

Горбачев СОКП Орталық комитетінің бас хатшысы болған 5 жыл ішінде ресми, бейресми жағдайда Рейганмен 11 рет, Бушпен 6 рет кездесіпті. Нәтижесі қалай болғаны жұртшылыққа белгілі. КСРО-ны ыдырату Ельцин бастаған славяндық үштіктің «Беловеж қорығындағы келісімнен» басталды дейміз. Ол рас. Алайда қандай қимыл-әрекет болсын бір себепсіз жасалмайды ғой. Горбачев жасап берген ол себеп – Р.Рейганға бас игені және КСРО-ның ішкі-сыртқы хал-ахуалының берекесіздікке ұшырағаны, халықтың мүддесін көздеген нақты істің орнын горбачевтық көбік сөздің басқаны.

Горбачевтің КСРО мен СОКП билігін қолына қалай алғаны, одан кейін не істегенін мына естеліктерден біле отырсақ деймін:

«...Горбачев СОКП Орталық комитетінде қызмет істей бастаған алғашқы кезде Саяси бюродағылар оны саяси қайраткер деп есептемепті. Әсіресе Кириленко оны көзіне ілмепті. Солай екенін бізге (көмекшілеріне) Горбачевтің өзі айтты. Саяси бюроньың бір мәжілісінде Кириленко: «Мынау қайда лағып кетті, бізге енді бокмұрын жөн айтпақ па?!» дегенде Брежнев: «Михаил, отыр!» депті.

Андропов қайтыс болған соң Горбачевтің партиялық сатымен өрлеуі емес, құлдырауы тездейтін сияктанды, үшінші хатшылық орнында қалуы неғайбыл бола бастады...

Горбачев бірде А. Громыкомен сөйлесіп отырып: «Сіз – Саяси бюроньың қарт мүшесісіз. Өміріңіздің жартысы ұшақта өтіп барады. Қашанға дейін Сыртқы істер министрі болып жүресіз? КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, еліміздің екінші басшысы болып отыратын жөніңіз бар» дейді.

Саяси бюро мүшелері келесі мәжіліске жиналады. К. Черненко марқұмның орнына Бас хатшы сайлаулары керек. А. Громыко тұрады да, Бас хатшылыққа Горбачевты ұсынады. Горбачевты алымсынбай жүрген көпшілік оған қарсы тұра алмай, омалып отырып қалыпты... *В. Милосердов, экономика ғылымының докторы, профессор, академик*».

Ресейлік саясаткер И. Бунин:

– Ресей мен Батыс Горбачевты бір-біріне кереғар бағалайды. Батыс үшін 1980-жылдың алғашқы жартысындағы Совет Одағы не еді? Ракетамен әбден қаруланған ел еді. Қызыл алаңда Саяси бюросы бар, ал ондағы шалдар шатақ, сұмдық қауіпті еді. Сондай кезде жас басхатшы пайда болып, қағаздан оқымай, халықпен дұрыстап сөйлесе бастады. Батысқа келгенде күлімсіреп жылы сөйледі... Орыс аюы жайдары Горбачевқа айналды. Совет Одағының қауіп төндіруі тиылды. Батыстың сонда қалай серпіліп, сергігенін білесіздер ме? Батыс Горбачевты аспандата дәріптеп жөнелді... Ал Ресей ше? Жас басхатшы келді. Жақсы уәдені жаңбырша жаудырды... Арақ жайында заң шығарды. Арақ та, басқа бұйым-заттар да құрып, дүкендер қаңырап, шет-шексіз кезек пайда болды. Совет Одағы шөге бастады.

КСРО Министрлер Советінің Төрағасы Н. Рыжков:

– Ел экономикасына 67 миллиард сом зиян келтірілді.

Ресей Мемлекеттік думасының депутаты С. Неверов:

– Горбачевтың кесірінен Ресей суверенитетінен айырылып қала жаздады, бұл Михаил Сергеевичтің өз Отанынан гөрі Батысқа бейіл болуы десек керек.

Генерал, тарихшы, барлаушы-сарапшы Н. Леонов:

– Біз 1965-1970 жылдары шет елдерден 15 миллион тонна астық сатып алдық. Оны – шеттен дайын ала салуды – біздің басшылықтағы берекесіздер азық-түлік мәселесін шешудің оңай да тиімді жолы деп білді. Ресей мең-зең күйге тап болды, сырқаты асқына түсіп, ем қонбас дертке айналды... Шет елдерден астық сатып алу көрсеткішіміз 1981-1985 жылдары 170 миллион тоннаға жетті және одан ары өсе берері даусыз болды. Біз, барлаушылар, КСРО халқының солайша қансырай бастағанына АҚШ-тың алақайлап қуанғанын көрдік. Олар бізге күрделі техника сатуды тоқтатып, астығын, азық-түліктерін тықпалады... Артық астығын біздің бала-немере-шөберелеріміздің нәпақасы есебіндегі алтынымыз бен мұнайымызға айырбастайтын болды... Біз Батысты байыта түсіп, өзіміз тотия бастадық»

(«Совершенно секретно» газетінен. 2012-жыл, қазан айы).

«...Билік басына жеткен Горбачевта ешқандай бағдарлама болған жоқ. Оның ұстанымы Наполеонның: «Төбелесті бастап жіберейік, арғысын көре жатармыз» дегеніндей еді. Саясатта «сасқан үйректің» керіне ұшыраған Михаил Сергеевич бет-беделін қалайда сақтап

қалуға, ең болмаса сақтанған сияқты қалып танытуға жанталасты. Сол үшін қолынан келгеннің бәрін істеп бақты, бірақ шекспирлік кейіпкерге ілесе алмай, бүкіл елді бір-ақ атқа сатып жіберді. Горбачев біздің Отанымызға тамыржегіш құртқоңыз болды. Клаузевиц көксегендей, Ресейді іштей мүжуге кірісті. Сөйтіп, бәйтеректің тамырын қиып құлатты, қуратты. Оған Шеварднадзе, Яковлев тағы басқа құл-құтандары көмектесті» (М.Фалин. «Тәртеудің бандасы» және Горбачев». «Совершенно секретно», №03, март, 2016 г.)

Осы орайда мына бір мағлұматты оқылық:

Горбачев КСРО-ның байлығы талан-таражға салынғанда қазанның қақпағын ұстап отырды, оған бірегей дәлел – «Правда» газетінің: «Горбачев таққа отырған 1985-жылы КСРО-ның қолсұғылмас қорында 2500 тонна алтын бар еді, ал ол тақтан тайдырылған 1991-жылы 240 тонна ғана қалғаны белгілі болды», деп жазғаны.

КСРО-ның сыртқа қарызы 1985-жылы 31, 3 миллиард доллар болса, 1991-жылы 70, 3 миллиард долларға жеткен. 1985-жылы 1 доллар 64 тиынға тең болса, 1991-жылы 1 доллар 90 сомға тең болған. Ресей горбачевтық-советтік сыртқы қарыздан 15 жылда әрең құтылыпты.

Егер бұл деректер негізсіз болса, аузы шапшаң Горбачев аласұрып, дереу тойтарыс беруге тиіс еді, немесе соншама алтын өзіне сездірместен талапайға түсіп кеткенін газет хабарынан енді ғана білген болса, шұғыл тексеруді, кінәлілерді жазалауды талап етуге тиіс еді, ал ол үнсіз қалды. Яғни, Ресей журналшылары «Партияның алтыны» деп ақиқат ақпарлы кітап жазып, кинофильм шығарса, өйтуге дәлелдері жеткілікті болды да, Горбачев аузын аша алмады. Рас, кітап пен кинофильмде оның аты-жөні аталмайды, ұғар кісіге тұспалмен айтылады, себебі: 2260 тонна алтынды сұхиттаған құжаттарға ол қол қоймаған. Ал былықпай, жемір әміршінің не сұмдықты болсын ауызша бұйрығымен, басқаның қолымен істейтіні қай елде, қашан болсын баяғыдан мәлім.

«Не ексең, соны орасың» деген рас қой, – көзі жалтырай қылмындап жүріп, қапияда тағынан айрылып қалған Горбачев бес жылдан кейін өлермендене қайтадан ұмтылып, Ресей президенттігіне өзін өзі ұсынғанда барша сайлаушылар дауысының 1 пайызынан сәл астамы ғана бұйырып, қылаяғы анау әулекі Жириновскийдің шаңына да ілесе алмай қалды. Одан өткен маскара болар ма?!

...Англия үкіметінің премьер-министрі *М. Тэтчер* Горбачевтың кім екенін басқалардан бұрын таныды. Ол К. Черненконың да бақиға аттанар күні тақағанын аңғарып, оның орнын басуы мүмкін екі кісіні – Михаил Горбачевты, Григорий Романовты Лондонға шақырды. Романов бармады. Горбачевтың ұпайы басымдау боларын сезген Тэтчер 1984-жылғы желтоқсан айында Лондонның бір шетіндегі Чекер резиденциясында Горбачевті «сынақтан өткізген». «Темір леди» көпшікті сөзін: «Горбачев мырза, сіздің билікті битараптандыруыңыз керек. Экономикашыл министрлерге ерік бермеңіз!» деп аяқтаған.

Горбачев таққа отырысымен Тэтчерды пір тұтты. Екеуінің өзара қарым-қатнастары мейлінше тығыз болып, бірін-бірі қолпаштап жүрді. Көп әңгімелерінің бірінде Тэтчер коммунизмнің «қорқынышты нәрсе» екенін, «XX-ғасырдағы сұмдықтардың көбін Совет Одағы жасағанын» түсіндіріпті.

КСРО-ны ыдырату арқылы социализм идеясын жоюға діни Ватикан да өте мүдделі болған. Ол өзі үміт артқан советтік жаңа басшы мен Батыс арасында байланысшы қызметін атқарыпты (жалпы римдік папа Иоганн II-Павелдің шығыс саясаты «Вашингтонмен қасиетті одақ жасау» болған). Ватиканның мемлекеттік хатшысы Агостино Казаролидің 1988-жылы Мәскеуде Горбачевқа Папа II-Иоанның хатын табыс еткені, содан кейін Горбачевтың Ватиканға барып, 1989-жылы 1-желтоқсанда папамен кездескені, екеуінің діни басшының жеке кітапханасында 70 минөт оңаша әңгімелескені, ең «қызығы» – Горбачевтың содан шығысымен Мальтаға, АҚШ-тың жаңа президенті Д. Бушпен жолығуға барғаны кезінде баспасөзде хабарланды. Рейганның ізбасары Буш сесті сөзін «Балтық бойы мәселесінен» бастаған. «Совет Одағының тәуелсіз Балтық елдерін өзіне күшпен қаратып алғанын АҚШ, міне, 49 жыл бойы құптамай келеді; егер Совет өкіметінің орталық билігі Балтық бойында наразылық шырпысын шағар болса, АҚШ-та советке қарсы өрт шығуы мүмкін» деп төтелеген.

Билік басында отырғанда Горбачевқа алғаш бұйырған ұпай – Берлин дуалының құлатылғаны. Берлин мен Бонн басшыларының көп жыл бойы көздегендері жүзеге асып, екі Германия бір мемлекетке айналды. Батыс оны «Горбачевтың көрегендігі, табандылығы» деп әдейі жалаулата насихаттап жөнелді, өйткені олар Горбачевтың

ертең өздерімен ымыралас боларын саяси «барлаушыларының» мағлұматтары арқылы білді. Осы тұста Э. Шеварднадзенің (сол кезде КСРО Сыртқы істер министрі болған) «*Темір шымылдық жалп еткенде*» атты кітабына көз жүгіртелік:

«...Германияны біртұтас қалпына келтіру менің өмірлік ең ұлы парызым болды. Ол ісім мені дүние жүзіне танытты және ГФР-ның Сыртқы істер министрі Ганс-Дитрих Геншермен достастарды... Мен 1985-жылы Хельсинкиде Ганс-Дитрих Геншермен алғаш танысқанда жаңада ғана министр болған кезім еді. Сол жолы басқа да елдердің Сыртқы істер министрлерімен таныстым, алайда еуропалық қауіпсіздік пен Германияны біртұтас ету жолындағы күресте Геншермен әріптес болып қана қоймай, кейін нағыз достар болармыз дегенді ойлаған да емеспін...

Біртұтас Германия мәселесі халықаралық дипломатия сахнасына 1990-жылы ақпан айында шықты. Ол Канаданың астанасы Оттава қаласында «Ашық аспан» деген атпен өткізілген конференцияда болды. Конференция ішінде Совет Одағы бар бірнеше елдің игі ниетімен шақырылған-ды. Мен конференц-залда отыр едім, қасыма Американың мемлекеттік хатшысы Джеймс Беккер келіп жайғасты. Ол біраздан соң: «Германияны біртұтас етуді ойлар уақыт болды емес пе?» деді... Сірә, Геншердің өтінуімен айтқан болар-ау... Оның бұл шараға Михаил Горбачевтың қалай қарайтынын білгісі келді. СОКП Орталық комитетінің бас хатшысының Германияны біріктіру туралы идеяны қолдайтынына сене қоймады. Ал Горбачев екеуіміз ол мәселе жөнінде екеуара сөйлескен емеспіз-ді. Баспасөз өкілдерімен кездесе қалғанда ондай сұрақ қойылатын, бірақ Горбачев тура жауап бермейтін...

Джеймс Беккермен әңгіме соңында мен Горбачевпен сөйлесетін, ал ол арғы шаруаны өз мойнына алатын болып келістік...

Мен Горбачевқа телефон шалдым. Ол ойланып қалды. Содан кейін: «Мәселе, ерте ме, кеш пе, шешілетін шығар» деді.

...Арада бірнеше жыл өте, 1993-жылдың маусым айында, Грузия парламентінің және үкіметінің төрағасы болып тұрғанымда, Берлинге шақырылдым. Маған Иммануил Кант силығын беру ұйғарылыпты. Ол – аса құрметті марапат (*Европада бейбітшілікті нығайтуға ерекше зор үлес қосқан қайраткерлерге берілетін силық*, – *Ф. Қ.*). Берлиннің

басқарушы бургомистрі Эберхард Дипген силық салтанатты жағдайда тапсырылған соң қонақасы беріп, сөз сөйлеп: «Тағдырмен талас жоқ қой, бір грузин – Сталин Германияны бөлген болса, басқа грузин – Шеварднадзе оны біріктірді» деді. Мен оған жылы лебізі үшін рахмет айтып, менің еңбегім асыра бағаланған сияқты дей келіп: «Грузиннің қатысуынсыз үлкен саясат бола қоймайды» деп әзілдедім...».

(Қосымша. Көпке белгілі тарихшы Сергей Кремлевтің «1945-жыл туралы аңыз» кітабының «Германияны кім бөлшектеді?» деген тарауында мынадай жолдар бар: «...есте болар бір жәйт: Сталин Германияның тіпті буржуазиялық-демократиялық ел болуын жақтай отырып, оның бөлшектелген күннің өзінде ешбір блокқа қосылмауын қалады. Берияның да ниеті сондай болды...».

Мемлекет басшыларының Берлин конференциясында, 1945-жылы 18-шілдедегі екінші мәжілісте:

Черчилль *(стенограммадан, – С. К.):* ...Менің айтайын дегенім, Германия бірнешеге бөлшектелсе де, маршал Сталиннің ойынша, немістер бәрібір бірігетін уақыт болады екен.

Сталин: **Германияның бірігуіне бөгет бола алатын ешқандай шара жоқ** *(қара әріппен мен жаздым, – С. К.).*

Демек, екі Германияның бірігуіне бастамашы болғандар және еңбек сіңіргендер – Шеварднадзе мен Геншер. Ал Горбачев өзіне бағынышты Сыртқы істер министрінің еңбегін қызмет бабымен өзінікі ете салған. «Қызмет бабымен» дейтінім: екі Германияны біріктіру мәселесін талқылауды АҚШ, Англия, Франция және басқа елдердің басшылары мақұлдаған келіссөзге КСРО қатысуға тиіс болды, ал ол қадамды батыстықтар коммунистік ел басшысының құптауы деп алысты көздей есептеп, өздері 1990-жылы Нобель силығын алып берген Горбачевты бұл жолы бұрынғыларынан да асыра дәріптеді: ГФР бундестагының күміс медалімен құпия марапаттатты, «Ерен еңбегі үшін» Берлинде кеуде мүсін ескерткішін орнаттырды. Ал ескерткіштің ашылу салтанатына барған Горбачев Шеварднадзені аузына алған да жоқ.

Міне, осылайша «халықаралық бедел» жинаған «таңбалы бас Михаил» (орыстар айтатындай, «меченый Михаил»), тақтан айрылғаннан кейінгі жерде Түркияның Америка университетіндегі семинарда айтқанындай, коммунизмді жоюды жасөспірім кезінен жобалағанын, оны орындауға қанша және қалай тер төккенін «жыр

қылып» айтуға кірісті. Оның сол қылығынан, меніңше, екі түрлі ой түйге болады. Біріншісі: КСРО ыдырады, СОКП құлады, ендеше, «Мен істедім!» деуі нанымды емес пе? Себебі ол СОКП Орталық комитетінің бас хатшысы, одан соң президент, КСРО Қарулы күштерінің басқолбасшысы болды, не істегісі келсе, бәрі де қолынан келді, ешкімге бет қаратпайтын биікте тұрды. Ол: «Жоқ! Сен емессің, менмін!» деуге «маскүнем» Ельциннің дәті бармайды және оған Батыс сенбейді, Шығыс та сене бермейді», – деп білген болар. Екіншісі: СОКП ОК-інің 2-хатшысы *Е.Лигачевтың* былай дегені бар («*КСРО-ны сатқан кім?*» атты кітабында):

«...Жалпы Горбачевтың өмірбаянында ол мықтап жасырып тастаған «ақтаңдақ» пен «қара дақ» аз емес. Өз атасы Андрей Моисеевич те, нағашы атасы Пантелей Ефимович те 1937-жылы репрессияға ұшыраған. Әйелінің атасы нағыз троцкийшілдігі үшін сол жылы атылған. Ал өз әкесі Сталин саясатына қарсылығы үшін төрт жыл түрмеде отырып шыққан. Горбачев соны және өздері Ставропольенің фашистер басып алған жерінде тұрғанын да жасырыпты. Ол басқыншыларға Кравчукше ашық жарамсақтанбаса да, өзі туып-өскен Привольноеде, шешесі Мария Пантелеевнаның айтқанына қарағанда, онбір жастағы Миша селоны үш ай билеп тұрған немістердің моншасына су тасып зыр жүгірген; гитлершілдерге жүні жұлынған: қаз, үйрек, тауық апарып беріп, басқа жұмыстарын да істеген...».

Иә, сол Мишаның, мәселен, *масон* екені де көпке белгісіз («*масон*» дегеннің не екені осы кітаптың «*Л.Троцкий*» бөлігінде айтылды).

Масондықтың Совет Одағы шегіне аяқ басуы М. Горбачев билікке ілігіп, Италияға дем алуға барған кезде болыпты. Демалыс аймағы АҚШ Орталық барлау басқармасы масондарының «2-насихат» бөлімінің (ложасының) құзырында екен, ал ол бөлімнің міндеті коммунизм идеясын жою болған. Горбачевтың сонда, Италияда, «ерікті тасқалаушы» болғаны алғаш рет неміс тіліндегі «*Мер Лихт*» журналында 1988-жылдың басында айтылса, одан кейін 1989-жылдың аяқ шенінде Нью-Йоркта шығатын «*Новое русское слово*» гәзетінде паш етіліпті.

Ресми дерек масондардың дүниежүзілік үкіметі бар дейді. Горбачев оның «Үшжақты комиссия» деп аталатын құрылымының мүшесі көрінеді. Горбачев пен комиссияны белгілі қаржыгер масон, израильдік

«Моссад» құпия қызметінің агенті Д. Сорос табыстырыпты. Ол 1987-жылы «Сорос – Совет Одағы» қорын ұйымдастырып, оның совет-американ «Мәдени бастама» қорын ашты, ал ол қор «Тәуелсіз телерадио хабарлары» деген желеумен орыстарға қарсы жұмысты ашық жүргізді. «Знамя» журналында мақала жариялап, орыс ұлттық қозғалысына өріс бермеуге шақырғаны – сол қиямпұрыстығының бір дәлелі.

Үшжақты комиссияның бір жиыны 1989-жылы Мәскеуде өткізіліп, оған комиссияның төрағасы Дэвид Рокфеллер, сондай-ақ: Г. Киссинжер, В. Жискар де Эстен, Я. Накасонэ, т. б. келген, ал совет жағынан: М. Горбачев, А. Яковлев, Г. Арбатов, Э. Шеварднадзе, т. б. қатысқан. Горбачевтің одан кейін Мальтада Д. Бушпен болған кеңеске қатысқанын ескерсек, әу баста-ақ нендей мәселе талқыланып, қандай келісім жасалғаны өзінен өзі түсінікті.

Сонымен, КСРО-да масондық ложалар құрыла бастаған. Ол жүйенің ең алғашқысы – АҚШ-тағы халықаралық еврейлік «Бнай-Брит» ложасы. Горбачев оның бөлімшесінің КСРО-да ашылуын құптаған (ресейлік *А. Глазунов* құрастырған «*Біз және олар*» деген кітапшада Горбачевтың – еврей, шын фамилиясы Гайдер екені айтылыпты). Бүгінде масондардың ұясы мен апаны кешегі КСРО-ның қай қаласында, қай түкпірінде барынан әзірше хабарым жоқ, бірақ бар екені, өздеріне пайдалы күшті қарекет жасауда екені даусыз деп білем.

Ал «*Меймандық кітаптың*» («Гостевая книганың») 699-санында былай делінген:

АҚШ президенті үлкен Буш (Орталық барлау басқармасының бұрынғы директоры) Ельцин тобы билікке ие болған 1991-жылғы тамыз айында: «Ол біздің – ОББ-ның жеңісі» деп ашық айтты. ОББ-ның сол кездегі директоры масон Р.Гейтс Мәскеуде, Қызыл алаңда, Би-би-си телекамерасы алдында тұрып: «Міне, мен Қызыл алаңда, Кремль мен мавзолейдің жанында өзімнің жеңісіме марқайып жүрмін!» -деп масаттанды...

Нью-Йорктың Парк-Ист синагогының бас раввині Артур Шнайдер дүние жүзі еврейлерінің қауымдастығына сіңірген еңбегі үшін 1990-жылы 1-маусымда Горбачевқа Давидтің алтыбұрышты хрусталь жұлдызын тапсырып тұрып: «Сіз жариялылық пен қайтақұруды бастап, біздің заманғы дүниежүзілік саяси оқиғаларды біздің бағытқа бұрдыңыз» деді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы 1975-жылы 30-сессиясында сионизмді айыптап, оны фашизмнің бір түрі деп шешім шығарған еді, Горбачевтың талабымен 1991-жылы 16-желтоқсанда сол шешімінің күшін жойды. Сол адал қызметі және КСРО-ны ыдыратқаны үшін дүние жүзі еврейлерінің қауымдастығы Горбачевқа арнаулы «Горбачев қорын» ашып берді».

***«Таңбалыбас Михаил» туралы «хикатым»
ол туралы анекдоттармен аяқталсын:***

Горбачевтың жиен-немересі қырқынан шыққан күні Саяси Бюро мүшелері құтты болсын айта барады:

– О, аяғында тыным жоқ екен, маршты ұнататын түрі бар, Қорғаныс министрі болады, – дейді Язов (КСРО Қорғаныс министрі).

– Жоқ, қолына қарасандаршы, маңайындағының бәрін өзіне қарай жинап алғысы келіп жатыр, Қаржы министрі болады, – дейді Павлов (Қаржы министрі).

– Ой, эне, қараңдар! Көзі жайнап, ыржалақтап, кіш пен кәкті қатар жібере бастады, бұл президент болады! – дейді Ельцин (Мәскеу қаласы партия комитетінің 1-хатшысы).

* * *

КСРО Халық депутаттарының құрылтайы. Жарыссөз болып жатыр. Карл Маркс сөз сұрайды. Горбачев бұлталақтап, сөз бермеуге тырысады. Маркс талап етіп тұрып алады. Зал гүілдей бастайды. Депутаттардың көпшілігі:

– Сөз берілсін! – дейді.

– Жарайды, сөйлесін, үшінші микрофонды ашып беріндер, – дейді Горбачев. Микрофонға барған Карл Маркс:

– Барлық елдердің пролетарлары, кешіріндер! – депті де, бұрылып кете барыпты.

* * *

Сыртында: «Москва, Кремль. СОКП Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдасқа силық» деген жазуы бар жәшік жеткізіліп, Горбачевтың кабинетіне апарылады. Бас секретарь оны бассалып ашуға кіріседі. Аша алмайды. Жанында екінші секретарь Е. Лигачев бар екен, ол да аша алмайды. Горбачев: «Егор, босқа шаршамайық, балта алып кел», дейді де, ол шыға бере өзі жәшікке

жалп етіп отыра кетеді. Жәшіктің қақпағы опырылып түседі. Горбачев ұшып тұрып қараса: Сталиннің кителі, қорқоры және жасанды мұрт жатыр. «Ә, Егорды бір шошытайын!» деп дереу кулық ойлайды да, Сталин «бола қалады». «Михаил Сергеевич, – деп сөйлей кірген балталы Лигачев қалт тоқтап: – Мен... ой, Иосиф Виссарионович, кешіріңіз, кешіріңіз... әлгі «қайта құру» деп сайрай бастаған сайтанды іздеп жүр едім, – депті.

* * *

Ерлі-зайыпты Горбачевтар төсекте жатыр. Раиса Максимовна:

– Миша, сен ғой – көдедей көп батрақтың немересісің, шаруаның баласысың, мәшине-трактор стансасында өнебойың май-май боп жұмыс істедің, сөйтіп жүріп, кәне, шыныңды айтшы, президенттің әйелінің күйеуі боламын деп ойлап көрдің бе?

* * *

Горбачев Украинада.

– Михаил Сергеевич, кәне, достығымыз үшін украин горилкасын алып жіберейк!

Горбачев бастартпады, халықтар достығы үшін ішпеуге болмайды ғой.

Алып жіберісті. Одан кейін және бірді. Содан соң тағы бірді. Михаил Сергеевич мықырайып қалды.

Таңертең әрең тұрып, есін жиып, айнаға қараса, – милығындағы дақтары жоқ, басы тап-таза!

Хал-ахуал білуге келген украин достарымен сәлемдесіп тұрып:

– Менің милығымдағы дақтар жоқ, не болғанын білмей тұрмын, – дейді, таңдана сөйлеп. Сонда достарының бірі:

– Михаил Сергеевич, қымбаттым, Кремльдегі сендер коньяпен бастап, коньяпен аяқтайсындар, ал мұндағы біз горилкамен бастаймыз да, дақкетіргішпен аяқтаймыз, – депті.

* * *

– Израиль мен Палестинаны қайтіп татуластыруға болады?

– Ол үшін Үлкен Еврей қабырғасын тұрғызу керек.

– Содан кейін?

– Содан кейін Шеварднадзе мен Горбачевті апару керек.

* * *

Горбачевтық Ресей – коммунизмнің зираты. Ельциндік Ресей – бос бөтелделердің зираты. Путиндік Ресей – үміт-сағымның зираты.

* * *

Горбачев Фороста. Теңізге ау салып, алтын балықты ұстап алды.
– Қажетіңізді айтыңыз да, қоя беріңіз, көмектесемін, – деді балық.
– Совет Одағының президенті болудан жалықтым, патша жаса!
– Құп. Үйіңізге барыңыз да, ұйықтаңыз.

Горбачев ұйқысынан оянып, басын көтеріп, жан-жағына қарайды.
Өз бөлмесі емес. Босаға жақта біреу отыр.

– Мен қайда жатырмын?

– Ипатьевтің үйінде.

Сол сәтте чекистер кіріп келіп:

– Романовтар, тұрындар! Подвалға жүріңдер! Суретке түсеміз, – депті.

* * *

Түпнұсқа бойынша:

КПСС, МИР – Кто Правит Советским Союзом, – Мишка и Райка!

ГОРБАЧЕВ – Граждане! Обрадовались Рано: Брежнева, Андропова, Черненко Еще Вспомните. Плеханов, Игнатов, Засулич, Дейч, Аксельрод...

В. ПУТИН

Жаңбырдың ара-арасымен жүгіргеннен жүгірген бойы биліктің басына жетіп, қолтығына қысқан тулағын таққа лақтыра тастап, қарғып шығып, жалп етіп отыра кететіндер қай заманда да, қай елде де болған, болып та жатыр, болады да. Ондайлардың және бір «қызығы» – әуелде тақта әлгі-әлгі... қаққан қазықтай болып



отырып, төңірегін көзімен тінткілеп, өзіне ертеңді-кеш бас шұлғыр байғұстарды тауып, теріп, айналасына жинап алады да, бөксесін қыздырған биігінен құдайдан басқа сүйреп түсірер күш жоғын білген соң, жыл он екі айы көктемге айналады. Содан соң таққа: бірте-бірте

біржамбастап отырып, шынтақтап жатып, шалқасынан шалжиып, ақырында төсек салдырып, шіреніп жатып алады. Әрине, әкешесінен мұра отыз тісін, жиырма саусақ-башайын санап жатпайды, аузын жаппай пәлсәпа соғып, өсиет таратып, өгіздің де ішіне симайтын өкініш те айтып, өкіре бастайды.

...В. Путин 1952-жылы Ленинградта, қарапайым отбасында туған. 1975-жылы сондағы мемлекеттік университеттің заң факультетін бітірісмен КГБ жүйесіне қызметке жіберілген. Ленинград қаласының басшысы Собчактың көмекшісі дәрежесіне жетіп, түрлі түйткілді өмір жолдарын жүріп өтіп, Ресейдің тұңғыш президенті Б. Елциннің қолтығына кірудің жолын тапты. Сөйтіп, Ельциннің таңдауымен 1999-жылы тамыз айында Ресей үкіметінің басшысы болып тағайындалды. Сол жылдың желтоқсан айында отставкаға кеткен Ельцин оны өз орнына «президент міндетін уақытша атқарушы» етіп қалдырды. Сол төте жолмен ол – «ел сүйген Ельциннің» кадры – 2000-жылы наурыз айында өткен сайлауда оңай жеңіске жетіп, президент тағына біржола отырды. Ондағы екі мерзімі біткен соң, орнын премьер-министр Дмитрий Медведевке беріп, өзі оның орнына барды. Содан беріде бұл екеуі өзара саудамен орын ауыстырысып, бүгінде Путин тағыда президент тағында отыр.

Енді, құрметті оқырман, «Мен білгенді ешкім білмейдішіл» Путин жайында бұрын жазған мына шағын мақалаларыма назар аударыңыздар:

Ресей қайда кетіп барады?

Осы гәзеттің өткен жолғы санының беташары болып тұрған жалпақ фотосурет мені біраз ойлантты. Мәселен, Ресей президенті В. Путиннің бұл сиқы нені аңғартады? Мүләйімсіп тұр ма? «Мен не істейтінімді өзім білем!» деп әдетінше сүзе қарап тұр ма? Әлде: «Болар іс болды, қайтеміз?» деп қуланған кейпі ме?..

Әй, бұл Путин дегеннің сыры мен қырын санауға екі қолдың саусағы, екі аяқтың бәшпайы жете қоймас.

Арғысын түгендемей, біреуін ғана айтсам, ол алғаш президент бола сала: – Жер шарының кезкелген нүктесінде тұрып жатқан орыс, егер ол онда жәбір көре бастаса, біз оны қорғайтын боламыз! – деді. Пай-по-о-ой десеңші! «Ресейдің ғана президенттігіне емес, жер шарының президенттігіне сайландым!» деп ұққан болса керек.

Ол Украина басшылығындағы алауыздық қақтығысты пайдаланып, «Украинада зорлық-зомбылық көріп жатқан орыстарды қорғау үшін күш- қару қолданбай болмайды» дегенді ойлап тапса керек, украин жеріне әскерін қаптатып жіберіп, үш күннен соң Думасына «әскер кіргізуге рұхсат» деген ресми шешім шығартып алды да, басқыншылықты ашық жасады. Украиндықтар елін, жерін, ұлттық намысын қорғауға мәжбүр болды...

Путиннің Украинаны құзырына алу, ноқталап ұстап отыру ойы іске аспайтын болды да, Еуроодақ мемлекеттері басшыларының қарсылығынан қаймығып, әскерін қайтарып алуға шешім жасады. Бірақ қаншасын қалдырып, қаншасын әкеткенін бір құдай білер, қыруар қару-жарағын тастап кеткені және, ресми дерек көздері мәлім етіп отырғандай, әлі де «білдіртпей» беруде екені сөзсіз. Өйтпесе, Украинаның кешегі екі облысы енді республикаға бой бермей соғыс жүргізіп жатқаны ойға қонар ма?

Дүние жүзінің іргелі елдері Ресейдің басқыншылық саясатын айыптап, саяси-экономикалық қыспақ көрсетуге кіріскен соң, көпке төтеп бере алмасын сезген Путиннің Украинамен тіл табысуға жанталасқанын білесіздер. Минск қаласында өткізілген төртжақты келіссөз – соның бір көрінісі. Егер Путин салиқалы саясаткер болса, әу баста Киевке жұдырығын түймеуге, шоқпарын ала ұмтылмауға тиіс еді, анау ағасы Н. Хрущевтің бірде Америка Құрама Штаттарына, бірде Қытай Халық Республикасына жұдырық түйе қақалып-шашалып сөйлеп: «Мы вам покажем кузькину мать!», «Мы вас похороним!» деп көкігенін ұмытпаса керек еді. Егер ол «ашу – алды; ақыл – соңы» деп өкіне білер саясаткер болса, онда Минскіге бармас бұрын, біріншіден, өзі ешбір дәлелсіз бассалған украин халқынан, екіншіден, өзі жүргізген солақай саясаттан тауқымет тартқан ондағы орыс ағайындарынан ашық түрде кешірім сұрауға міндетті еді. Жоқ. Путин оны ойламады, ойласа – қателігін мойындауға дәті жетпеді. Минскіге: «Екі жақ та кінәліміз ғой» деген сыңаймен барды. Бейнеүзінділер көрсетіп үлгіргендей, гәзет журналшылары жазғандай: Еуроодақтың сыртқы саясат мәселелері жөніндегі жоғарғы комиссары Кэтрин Эштонмен сәлемдесіп тұрған Петр Порошенконың жылы жүзі Путинмен қол алысарда кенет суи қалғаны – Украина президентінің Путиннің кім екенін білетінін, оған сенбейтінін ұқтырғаны.

Украинаның Донецк, Луганск облыстарында негізінен орыстар тұрады. Киев майданында басталған тартысқа Ресей киліккен соң ол облыстардың басшылары өз алдарына халық республикалары болғандарын жариялап, Украинадан бөлінді ғой. Сонда олар кімге иек артты? Өздеріне дем беріп, әкеліп әскер төккен Ресейге, Путинге! Бекер ме? Жоқ! Оны Минскідегі кездесуде Путин мізбақпай байқатты. Ол елдің оңтүстігінде бейбітшілік орнату жайында Украина жақ айтқан әңгімеге жоламады, тіпті: «Киев бейбітшілік жоспарын Донцкімен, Луганскімен талқыласын» деп сырт берді. Онысы несі? Украинаның бұрынғыша біртұтас ел болуын тілемейтіні, бүгін Луганск мен Донецк бөлінсе, ертең тағы басқасы бөлінсін деген ішпiкiрi ме? Сірә, солай шығар.

Ресейдей ұлы держава сайқал саясат ордасына айналып барады.
(«Жас алаш». 2014 ж.)

«Востоковед №1?»

Мне хорошо известно, что в советское время знак «№1» имел в себе что-то волшебное. Например, Никита Хрущев был «целинником №1», он давал команды об отправке «добровольцев» на восток, в Казахстан для освоения целинных и залежных земель. Общежития, столовые, жилье, магазины, дороги, токи, элеваторы... будут потом, а сейчас пахать, пахать и пахать!

Когда «Наш Никита Сергеевич» (название документального кинофильма) сошел со сцены, «целинником №1» стал Леонид Брежнев. И пошла контора писать, что освоение целины, миллиарды пудов хлеба – это плоды большой организаторской деятельности, кипучей энергии «Дорогого Леонида Ильича» (тоже название кинофильма).

Так было и с покорением космоса. И здесь знак «№1» принадлежал Никите Хрущеву, «благодаря которому» Юрий Гагарин полетел в космос. После удаления Никиты из Кремля обладателем знака №1 стал Ильич-2, «поднявший» советскую космонавтику до невиданных высот.

Хотя хрущевско-брежневская целина была в Казахстане, на казахской земле, а также достижения «хрущевско-брежневской» космонавтики – полеты космонавтов совершались с Казахстана, с казахской земли, ни Хрущев, ни Брежнев никогда не интересовались

историей казахского народа. Они знали только: «Даешь целину!», «Даешь Байконыр!».

Однако их ошибки играючи «исправил» Путин. Нынешний президент Российской Федерации Владимир Владимирович Путин. Четыре года назад во время пребывания у нас, в городе Астане, он во весь голос заявил:

-На этой земле никогда не было государства, впервые его создал ваш президент Нурсултан Абишевич Назарбаев! Он все начинал с нуля!

Мы посчитали это шуткой, ведь любому участнику, безусловно, было весело на грандиозном пиршестве, посвященном 70-летию нашего главы государства.

Однако, в начале т.г. он повторил свое «открытие Америки». А через несколько месяцев на молодежном форуме России «Селигер – 2014» вновь повторил:

-У казахов никогда не было государства, это он –Нурсултан Назарбаев создал первое государство Казахстан! Он является самым грамотным президентом в постсоветском пространстве.

Каково?! А скромность-то его? Безгранична! Даже себя поставил после Назарбаева!

На этот раз мы, казахи, разумеется, задумались: С чего это? Почему он так говорит? Или это у него запрограммировано: повторяться каждые четыре года? Или он – не простой, а широкопрофильный кэжэбэшник и имеет спецобразование «востоковед»?..

Я вспомнил прочитанную мною в молодые годы «Круглую карту» великого ученого-историка Востока Махмуда Кашгари (XI-век), где четко обозначены топонимы, этнонимы тогдашней территории и нынешнего Казахстана. А учеными-путешественниками разных народов XIV-XV-веков написаны статьи, изданы книги с обозначениями территории государства, описаниями культуры и быта казахов.

Допустим, у Путина не было сведения о них, времена – далекие. Однако, в недавнем прошлом у нас с Путиным была одна эпоха – это время Советской власти, СССР и в его составе было Казахское государство – Казахская ССР. Или, в связи с распадом Советского Союза, история СССР, в том числе, история Казахстана списаны?

По-моему, президент РФ Путин напрасно утруждает себя в роли востоковеда №1. Раньше такую «белиберду» затевали: Хрущев, Горбачев, Солженицын, Жириновский (энтот все еще бесится) и другие «историки», пустозвонство которых вызывало и вызывает только смех.
(Газета «Трибуна». 2014 г.)

«№1 Шығыстанушы» ма?

Қазекем: «Көп жүрсен, көпті көресің» деген еді, соған мен бүгін, құданың құдіреті, тілім қыши қалып, «көп тындасан, жоқты естисің» дегенді қосып айтуға бел байладым. Тілімді тағы қышытқан және бел байлатқан кісі – анау әлгі кім... әлгі... қап!.. біреуге, бірдеңеге қаттырақ ренжігенімде әлгі... керек кісімнің аты-жөнін ұмыта қалатын, сүтпісірім уақыттан соң ғана есіме әрең түсіретін нем бар, әлгі... әдетім бар. Енді сол сүт піскенше баскасын айта берейін, ол неме есіме түсер, қайда кетер дейсің.

Ол сонау жылы Ресейдің президенті болып сайланып, биік таққа атқып шығып отыра қалысымен, иә, неге атқып шықпасын, ол өзі – дөй спортшы, каратэ дей ме, дзюдо дей ме, солардың біреуінің көйлек-дамбалын туа киген көрінеді, иә сөйтiсiмен ол, егер жаңылыспасам: – Жер жүзінің кезкелген түкпірінде тұратын орыс онда біреуден жәбір көретін болса, біз оны қорғаймыз! – деп тістеніп, тірі адам атаулыға сұмдық сұсты ескерту жасаған.

Оның одан бергі анау-мынау сестерін теріп айтпағанда, Украинадан Қырымды көкпардың серкешіндей етіп тартып алып, содан соң «Украинада жәбір көріп жатқан» орыстарды қорғауға әскерін жауып жіберіп, үш күннен кейін әлгі несінен... Думасынан дереу рұхсат алып, өйдә, Украинаны таптап тастамақ болды емес пе?! Сол кесапаттықтан Тарас пен Леся Украинканың елі екіге жарылып, Ресей соғысты «тоқтатқанымен», әнеки, дүние жүзін түршіктірген қырғын соғыс әлі болып жатыр!

Ал енді сол... әлгі... о, есіме түсті – Пут... Путин, иә, иә, Путин! Ол спортшы ғана емес, тарихшы екен! Тарихшы болғанда Шығыстанушы екен! Шығыстанушы болғанда – №1 екен! Бұлай деп отырған ойпырмайский себебім: ол өткен аптада Ресей жастарының «Селигер – 2014» деген жиынына қатысып, сірә, Украина қасіретіне кінәлі болғандығынан шет елдерде күрт арзандап кеткен абыройын өздерінің

ішкі жұртшылығымен, жастарымен жиі кездесу арқылы қымбаттатып алуды көздеп жүрсе керек, иә, сол жиында біздің президентті көкке көтере мақтап-мақтап алып: «Ол – кешегі кеңестік әлемдегі ең сауатты басшы! Ешқашан мемлекеті болмаған елде мемлекет құрды!» депті (ол іштей: «ең сауатты адам – мына мен екенімді өздерің білесіндер, айтпай-ақ қояйын» деген болар). Мұндайды бұрын өзімізден де естігенбіз, Нұрсұлтан Назарбаевтан, бірақ қалжыңға сырғыта салғанбыз. Сөйтсек, энеки, «№1 Шығыстанушы» Путин нығыздап айтып, жастарды сенбесіне қоймаған сияқты. Мен де ойланып қалдым: Оу! Біздің тарихшы, шешіреті ата-бабаларымыз, сонау арғысын білмеймін, бергі Махмұд Қашқаридан бүгінгі Мәмбет Қойгелдіге дейінгі тарихшы ғалымдарымыз он ғасыр тарихы бар көне қазақ елінде ешқашан мемлекет болмағанын, ұлан-байтақ жеріміздің үңірейіп бос тұрғанын көрмеген бе, білмеген бе?! Ай, бізді құдайдың сақтағаны-ай, Путин болмағанда ғой, түк білмей, қор болып өтеді екенбіз, ә?!

Айтпақшы, енді есіме түскенін қарашы, осы Путин бұдан төрт жыл бұрын Н.Назарбаевтың жасы 70-ке толған ас та төк тойына Астанаға келіп отырып: «Сіздердің президенттеріңіз бәрін нөлден бастады, тақыр жерге мемлекет орнатты» деген болатын. Шіркін, білгенге не жетсін!.. Бірақ, – әй, осы «бірақ» та қыстырыла береді, – бұл Путинге дейін: Солженицын, Жириновский сықпытты «шығыстанушылар» болды. Таңбалыбас Горбачев, судыр Солженицын дегенің қазақта жер болмаған, солтүстігіндегі бес облыс орналасқан жер орыстікі, деп кетсе, бетпақ Жириновский қазақта жалпы жер болмаған деп лағып жүр. Алайда олардың ешқайсысы: «қазақта мемлекет болмады!» дей алмады. Білмеген соң, қайтсін байғұстар! Ал Путин «білді». «Білген» соң, эне, айтты. Осыдан кейін оны «№1 Шығыстанушы» демей көр!

Сайқал Солженицын біздің «Ленин кесіп берген» солтүстік бес облысқа сығырая қарағанда алаяқ ағасы Н. Хрущевтың ол облыстарымыздан «Тың өлкесін» жасағанын, бірақ оны кейін Ресейге қосып алуға шамасы жетпегенін іші күйе есіне алған шығар. Иә, көкесі Хрущев ол алапес саясатын іске асыра алмады, өйткені Қазақ Ұлы – Жұмабек Тәшенев оған өле-өлгенінше ұмыта алмайтын етіп Жұдырық Иискетті! Ал Путин болса, өзіне, жұдырық иискетпек тұрғай, тік қарай алар ешкім жоғын біледі. Өй, білгіш-ақ!..

(«ДАТ – ОП» газеті. 2014 ж.)

ЭМИЛЬ ПАИН КАК В ВОДУ ГЛЯДЕЛ

В конце февраля месяца с.г. в Астане побывал очередным визитом президент РФ господин В.Путин. Были обычные переговоры между им и президентом РК господином Н.Назарбаевым. Они затронули важные вопросы для обеих сторон, обсуждали, договорились как всегда, в чем нисколько не сомневался и я. Однако меня удивило то, что Путин в этот раз почему-то воздержался от набора своих «исторических» дежурных слов в таких случаях?..

Хотя хрущевско-брежневская целина была в Казахстане, на казахской земле, а также достижения «хрущевско-брежневской» космонавтики – полеты космонавтов совершались с казахской земли, ни Хрущев, ни Брежнев никогда не интересовались историей казахского народа, земли казахской. Они знали только: «Даешь целину!», «Даешь Байконыр!». Но «их ошибки» играючи исправил Путин. В 2010 году он в нашей столице Астане во весь голос заявил:

-На этой земле никогда не было государства, впервые его создал ваш президент Нурсултан Абишевич Назарбаев! Он все начинал с нуля!

Я считали это шуткой, ведь любому участнику, безусловно, было весело на грандиозном пиршестве, посвященном 70-летию главы нашего государства.

Однако, в начале 2014 года он еще раз в Астане повторял свое «открытие Америки». А через несколько месяцев на российском молодежном форуме «Селигер – 2014» вновь изрек:

– У казахов никогда не было государства, это он –Нурсултан Назарбаев создал первое государство Казахстан! Он является самым грамотным президентом в постсоветском пространстве.

Я невольно задумался: С чего это? Почему он так говорит? Или это у него запрограммировано: повторяться каждые четыре года?.. Тогда почему он в этот раз в Астане не повторял свое утверждение? Почему?.. Ах, да, пока всего три года! Надо соблюдать свой четырехгодичный цикл! 2018-ый год еще впереди!

Вообще каков господин Путин?! Всего двумя предложениями, так сказать, открыл глаза своей молодежи и через их всех россиян к истории казахов. А скромность-то его? Безгранична! В грамотности даже себя поставил после Н.Назарбаева!..

Я абсолютно уверен, в том что наш Нурсултан Абишевич очень счастлив! А как же?! Его пропагандистом №1 является Владимир Владимирович – сам президент Российской Федерации!..

Да, уважаемые читатели, господин В.Путин – непростое создание. Его я заочно знаю давно по книге Александра Рара, из которой решил предлагать вам следующий отрывок:

«...В холодный мартовский день 1994 года кортеж автомобилей с номерами санкт-петербургской мэрии точно в условленное время подъехал к особняку для почетных гостей. Высокопоставленные пассажиры вышли из черных лимузинов и быстрыми шагами направились к зданию, которое тут же окружили сотрудники охраны мэрии. Внутри уже толпились журналисты. В этот промозглый уик-энд здесь была намечена весьма необычная встреча. Впервые после распада Советского Союза в бывшей столице Российской империи должен был пройти учрежденный Фондом Кербера знаменитый Бергедорфский форум.

(Қор туралы қысқаша мағлұмат. Оны 1947-жылы Гамбург қаласының тұрғыны, ізгілік-изгілік істерге құмар қоғам қайраткері неміс Курд Кербер ашқан. Халықаралық байланыстарды бейбіт жолмен дамытуды, ғылым, өнер жетістіктерін насихаттауды мақсат еткен. Оның КСРО-дағы бөлімі 1959-жылы Ленинградта ұйымдастырылған, – F. Қ.)

Журналисты тщательно изучали список приглашенных. Ведь именно для участия в заседании Бергедорфского форума сюда прибыл министр обороны ФРГ Фолькер Руэ в сопровождении своего начальника Управления стратегического планирования вице-адмирала Ульриха Вайсера. Для обсуждения проблемы наметившегося расширения НАТО на Восток из Москвы приехал политолог Андрей Кокошин, занимавший тогда должность заместителя министра обороны. Из лимузинов вышли также и другие известные политические деятели, дипломаты, журналисты, ученые. В особняке они в алфавитном порядке разместились вокруг круглого стола. В ближайшие два дня планировалось широкое обсуждение животрепещущих вопросов, связанных с проводимыми в России реформами. Телеоператорам по традиции позволили заснять открытие 101-й сессии Бергедорфского форума, а затем проводивший

заседание статс-секретарь администрации федерального канцлера и президент Немецко-российского форума Андреас Мейер-Ландгут вежливо попросил журналистов удалиться.

Краткую вступительную речь произнес, естественно, «хозяин дома» – мэр Санкт-Петербурга и демократ первого призыва Анатолий Собчак, который явно гордился тем, что смог собрать в одном из подведомственных ему зданий такое количество высокопоставленных особ. Но если он надеялся, что представители Германии, США, Франции, Англии, Польши и Эстонии будут безудержно хвалить Россию, то его ждало горькое разочарование. Тон участников сессии становился все более жестким. Если российские политики говорили о значительных успехах и четко обозначившейся прогрессивной тенденции, то представители западных держав предостерегали от возврата к прошлому. Полгода назад по приказу президента России Ельцина был разогнан, а затем расстрелян парламент. В избранном через три месяца новом высшем законодательном органе две трети мест получили партия ультранационалиста Жириновского и коммунисты. О какой демократии вообще может идти речь? – спрашивали критически настроенные немцы.

После обеда неожиданно взял слово человек, который до этого внимательно наблюдал за отдельными участниками дискуссии и тщательно фиксировал их выступления, но сам предпочитал оставаться в тени. Лишь немногие западные эксперты знали заместителя мэра Санкт-Петербурга. Именно в таком качестве он и значился в списке приглашенных лиц. Когда на такого рода заседаниях слово берут неизвестные личности, остальные участники дискуссии обычно позволяют себе немного расслабиться. Они выходят, шепчутся с соседями или набрасывают тезисы будущего выступления. Однако резкий, почти агрессивный тон Владимира Путина заставил всех насторожиться.

Путин осудил позицию корреспондента журнала «Цайт» в Москве Кристиана Шмидта-Хойера, считавшего, что после распада Советского Союза новое руководство России во главе с Ельциным не знает, какой должна быть новая внешняя политика страны. Дескать, в своем стремлении сместить Михаила Горбачева с поста президента распадающегося Советского Союза Кремль

руководствовался исключительно прагматическими соображениями и совершенно не заботился о внешней политике. «Я считаю это мнение абсолютно неверным, – говорил Путин. – Политика ЦК КПСС во главе с Горбачевым преследовала совершенно иные цели, а именно сохранение Коммунистической партии и СССР...».

Затем Путин без вводных слов перешел к главной теме своего выступления – будущему Сообществу независимых государств (СНГ) и положению двадцатипятимиллионного русскоязычного меньшинства, после распада СССР внезапно оказавшегося на территориях других стран.

По словам Путина, этих русских ни в коем случае нельзя считать оккупантами, они – такие же жертвы коммунистического режима, как и другие народы бывшего Советского Союза. Эти люди частично жили теперь на территориях, которые исторически принадлежали России, как, например, Крым или Северный Казахстан. Ради сохранения всеобщего мира Россия отказалась от них.

Русские в новых независимых государствах, подчеркнул Путин, не должны подвергаться никакой дискриминации. Им следует предоставлять двойное гражданство. Он добавил, что «мировое сообщество ради сохранения всеобщего мира также должно уважать интересы российского государства и русского народа, являющегося, несмотря ни на что, «великой нацией».

Тон Путина, невольно заставил содрогнуться представителей западных держав. Заместитель мэра затронул проблему, которая крайне актуальна и для наших дней. Гибель империи была крайне болезненной. На Западе об этом хорошо знают и потому стараются не касаться данной темы, во избежание конфронтации... Профессор политологии из Бремена Вольфганг Эйхведе предупредил, что появление российского варианта доктрины Монро применительно к территории бывшего Советского Союза чревато тяжкими последствиями. Историк из Англии Бартон Аш прямо спросил Путина, как в таком случае быть с британской трактовкой понятия «национальность». «Все англоязычные люди? Но тогда получится государство больше, чем Китай». По мнению другого немецкого представителя Вильгельма Хойнка, все население бывшего Советского Союза представляло собой «русскоязычное меньшинство» – таким образом, Путин слишком узко трактовал понятие «русская

нация». Советник министра обороны Эстонии вообще атаковал Путина со всех сторон. Оказывается, русскоязычные жители стран Балтии сами не знают, чего хотят, а российская пропаганда только вводит их в заблуждение, не позволяя четко сориентироваться и разобраться в своих требованиях...

Наиболее резкие критические высказывания в адрес Путина прозвучали со стороны некоторых его коллег. Так, советник Ельцина по национальным вопросам Эмиль Паин призвал Путина воздержаться от каких-либо попыток «защитить русских, оказавшихся за пределами России», ибо тем самым он лишь создаст почву для новых конфликтов внутри СНГ и сильно ухудшит положение своих подопечных. Профессор из Санкт-Петербурга Ватаньяр Ягья удивленно покачал головой: «Какие территории Москва, по мнению Путина, добровольно уступила новым независимым государствам? Крым был завоеван Россией только в конце XVIII века. Северный Казахстан также в свое время был аннексирован царями. Такими высказываниями, – Ягья произнес эти слова, глядя в глаза сидевшего напротив Путина, – он провоцирует появление имперских настроений, которые, в свою очередь, делают возможным великодержавную политику».

Внутри российской делегации назревал серьезный конфликт. Многие выразили несогласие с точкой зрения Путина. Андрей Загорский, например, заявил, что подавляющее большинство русских по горло сыто империалистической политикой прошлых лет и что крайне националистические взгляды присущи исключительно «политически активному меньшинству».

Краткая речь Путина даже на следующий день продолжала волновать некоторых участников Бергедорфского форума. Руководитель Центра по изучению российских реформ при Санкт-Петербургском университете Ингеборг Фляйшхауэр – одна из немногих женщин, присутствовавших тогда на совещании – не скрывала, что очень озабочена заявлением Путина о возможных территориальных претензиях России. Госпожа Фляйшхауэр охарактеризовала его как порожденный азиатской традицией архетип, согласно которому территории, политые русской или славянской кровью, должны принадлежать славянам. У Путина именно такой менталитет...» (*А.Рар. «Владимир Путин. «Немец» в Кремле»*).

Таким образом Путин знал Казахстан, особо – Северный Казахстан (который «исторически принадлежал России»), еще в 1994 году. А господа Паин, Эйхведе, Ягья, Загорский и другие догадались кто такой Путин тоже в 1994 году!

Призвавший тогда Путина воздержаться от каких-либо попыток «защитить русских, оказавшихся за пределами России», ибо тем самым он лишь создаст почву для новых конфликтов внутри СНГ и сильно ухудшит положение своих подопечных, Э.Паин говорил как в воду глядел. Достаточным доказательством его тревоги является нынешнее состояние Украины. Несмотря на то, что Украина, как и Россия, – независимая республика, Путин нападал на нее, чтобы «защитить русских, оказавшихся за пределами России». А как же, ведь нынешние украинские русские, потомки которых сроднились с украинцами, наверное находились под пяткой украинцев-рабовладельцев, что было абсолютно известно Путину?! А еще: в придаток он отрывал Крым от Украины.

Что примечательно, как известно всем в СНГ, у Путина свой метод осуществления своего плана: после трех суток нападения России на Украину Госдума федерации своим спецпостановлением дает разрешение Путину на его «рейд». А через четверо суток после отрыва Крыма Кремль проводит «всеобщий референдум по просьбе крымчан на воссоединение с Россией». Оказывается, если очень хочется хозяину, в Госдуме можно махать кулаками и после драки!..

Таким образом Россия аннексировала украинский Крым и развязала бойню в Донбассе. Генеральная ассамблея ООН принимает резолюцию 68/262, в которой подтверждает неприкосновенность территориальной целостности независимой Украины. Ну и что же? В бывших двух областях Украины до сих пор идет война с Киевом. Интересно, хотя Путин не раз заявлял, о том что Россия отозвала свои войска и не снабжает «повстанцев» оружием, кто же доставляет им необходимые оружия? Неужели сама Украина?!

В Сирии идет ожесточенная война, и Россия участвует в ней. Почему? На оснований какого международного положения? По решению Совета безопасности ООН? А сколько мирных жителей погибли от бомбы России? Сколько тысячи людей невольно превратились в беженцев? Да, спрашивается, по какому праву

Путин вмешивался во внутренние дела Сирии? По его принципу, провозглашенного в 1994-году, «защитить русских, оказавшихся в Сирии под гнетом оппозиционных группировок»?

(2017 з.)

Путин туралы анекдоттар

О дүниеде бір топ адам Ресей жайында әңгімелесіп отырады. Сталин (қорқорын бірер сорып қойып):

– Жалпы... президент Путиннің саясаты құптауға татырлық. Тек кереғарлығы бар. Мысалы, елде өлім жазасын қолданудан бас тартуы мен «кейбіреулерді дәретханада отырған кезінде қылжита салу керек!» деуі қалай? – депті.

* * *

Путин: – Жолдас Сталин, паракорлық, жемқорлық көбейді, қалай тиюға болады, не істеу керек?

Сталин: – Бюджеттен бөлінген қаржыға ең күшті улы бүркіп қойындар.

Солай істелді. Балалар үйінің керек-жарағына бөлінген пәлен миллион рубльге у бүркіп жіберілді. Нәтижесі күткендегіден әлдеқайда әсерлі болды: кіші шенеуніктердің 40-ы, Мемлекеттік дума депутаттарының 20-сы, шағын қалалардың 10 әкімі, үлкен қалалардың 5 әкімі және 1 министр сеспей қатты. Балалар аман-есен!

* * *

Путин Сталинге ескерткіш қоюды мақұлдап, мынадай нұсқау беріпті:

– Ескерткіш Сталиннің дара мүсіні ғана болмай, қосымша көріністер жасалсын (қола керегінше жұмсалсын, тек Зураб Церетели жолатылмасын!). Аяғына тау шаңғысын таққан көсем етекке, тырналар тобы қоршап ұшқан мотодельтапланға қарай құлдилап келе жатсын, ал топтың ортасында дзюдошы киімімді киіп, аквалангымды ұстап мен тұратын болайын!

* * *

– Жолдас Сталин, Путиннің шет елдерден ақша алатын ресейліктер саясатшы болмауға тиіс дегенін естідіңіз бе?

– Сіз одан сұраңызшы: шет елдерге ақша аударатын ресейліктер саясатшы болуға тиіс пе екен?

Әй, Путин, сірә, бұл сұрақты ести қоймас, Ресейде бір де бір саясатшы қалмасын біледі ғой.

* * *

Ресейдің селолық бастауыш мектептерінің біріндегі мұғалім айлық еңбекақысын ала алмай шаршап жүріп, бір күні Путинге шағым хат жазып жібереді. Арада апта өте бере мұғалімге «Москва. Кремль. Президент Путиннен» деген үлкен жәшік әкеп беріледі. Мұғалім қуана ашып қараса: әдемі теледидар, әдемі радиоқабылдағыш, бір бума гәзет, бес консерві жатыр! «Ә, Владимир Владимирович теледидар арқылы маған сәлем жолдаған шығар!» деп көңілденіп, іске қоса қояды. Экранда, әрине, Путин. Бір топтың ортасында демократия туралы сөйлеп отыр. Мұғалім басқа арнаны ашады, -Путин Америка Құрама Штаттары туралы сөйлеп отыр. Мұғалім басқа арналардың бәрін бірінен соң бірін ашады. Бәрінде Путин сөйлеп отыр. Мектеп жайында бір ауыз сөз жоқ.

«Владимир Владимирович сәлемін әлде радио арқылы жолдаған шығар?» деп ойлаған мұғалім радиоарналарды да түгел тыңдайды. Бәрінде де –Путиннің бөгде сөздері.

Мұғалім: «Әлде гәзетте шығар?» деп гәзеттерді қолға алады. Бәрінде де –Путиннің суреттері мен сөздері.

«Бұл қалай?..». Сол сәтте көршісі кіріп келіп:

– Ей, Ваня! Саған Путиннен силық келіпті дейді ғой, маған неге айтпадың? Кәне, көрсетші! – дейді.

– Жібергендері, міне, мыналар, – деп мұғалім мән-жайды айтып, қолын сілтей салады.

– Ваня, жоқтан өзгеге ренжіп қайтесің, оданда, кәне, консервілерді ашайық!

– Жо-жоқ, олардан да Путин шыға келе ме деп қорқып отырмын...

* * *

Троцкий – ағылшындардың жансызы..

Берия – ағылшындардың жансызы.

Андропов – ағылшындардың жансызы.

Березовский де ағылшындардың жансызы болыпты.

Путин ше? Ол шынымен абвер ме?!

* * *

Ресей президенті Путин сайлау жүйесін жетілдірді. Енді өкімет

басшысы үкімет басшысының ұсынуымен өкімет басшысы болып сайлана алады.

* * *

Ресейдің Орталық сайлау комиссиясы ел президенті сайлауына мынадай төрт тармақты бюллетень жасады:

1. Путин.
2. Владимир.
3. Владимирович.
4. Мұндағы кандидаттардың ешқайсысына қарсы емеспін.

* * *

Путиннің дзю-до туралы кітабы Германияда неміс тілінде басылып шықты, аты – «Майн кампф» («Менің күресім»).

* * *

Армян радиосына Мәскеуден сұрақ:
– Қоғамға маскүнем қауіпті ме, әлде нашақор қауіпті ме?
– Жылдап тырп етпей отыра беретін президент қауіпті.

* * *

Ресей телеарналарынан көретінің: киносериал, ауа райы, Путин, Путин, ауа райы, Путин, Путин, киносериал.

* * *

– Путин мырза, президенттік айлықақыңыз 3 мың доллар екен, ал банктегі есепшотыңызда 40 миллиард доллар бар көрінеді, ол қалайша?

– Ә, мен аянбадым: ала бердім, сала бердім, ала бердім, сала бердім!

* * *

Путинді жақсы көру – заңдылық; жеккеру – қылмыс.

* * *

Путиннен қорыққандар дәретханаға бармас.

* * *

Путиннің реформа бағдарламасы:

1. Халықты байыту, бақытты ету.

Қосымша: Бекітілген тізім тіркеулі.

* * *

Путин: -Бізде бағаны көтеруге ешқандай себеп жоқ, сондықтан себепсіз көтеріле береді.

* * *

Путин, Медведев, Собянин (Мәскеудің мәрі) сөйлесіп отыр.

Медведев: – Енді 40 жылдан кейін Ресей мәңгілік ел, ал халқы бай болады.

Собянин: – Оны біздің көре алмайтынымыз өкінішті-ақ!

Путин: – Өкінбе, көре алмайтынымыз жақсы.

* * *

Обама: – Путин мырза, сен губернаторлар мен мэрлерді тағайындайды екенсің, оларды демократиялық жолмен халық сайлауға тиіс қой?

Путин: – Халыққа сенуге болмайы, кезкелген біреуді сайлай салады.

* * *

Путиннің «Халық майданына» биыл жыл аяғына дейін мүше болып үлгіргендерге сұлыққа оның сайлау алдындағы уәдесінің 10-ы беріледі.

* * *

Батыс баспасөзінің тілшісі:

– Путин мырза, сіз азаматтық қоғамның қалыптасуын қадағалап отырарсыз ба?

– Қадағалап, андып, қолға түсіріп, түрмеге жіберіп отырамын.

– Сіз әлі де президент бола бересіз бе?

– Керек кісілерімнің бәрін байытып болғанша отырамын.

* * *

– Ресейді жұмаққа айналдыру мүмкін бе?

– Әбден мүмкін.

– Ол үшін...

– Ол үшін: Путинді құдай, шенеуніктерді періште, әскерилерді әулие, полицейлерді әуейі, ал халықты құдайдың құлы деп жариялау керек.

* * *

Путиннің сөздерін тыңдап отырғаныңда, оны басқа елдің президенті екен деп қаласың.

* * *

АҚШ Ресейді дізертлекші, сірә, оның Путиннің астында жатқанын білмейді-ау деймін.

* * *

– Сен Путиннің жолдауларына, жоспарларына сенесің бе?

– Әрине.

– Ал оның жоспарлары дегеніміз не?

– Ол... енді... баяғы сөздері... әлгі... ол баяғыдан бергі Путин ғой.

* * *

– Путинге Нобель силығы керек пе?

– О, керек болғанда қандай! Оған физика саласындағысын беру керек, ол Ресейді керіөзгеріс заңымен басқарып отыр.

* * *

Путин: – Біз келесі жылы байимыз!

Халық: – Қуанышыңа ортақпыз!

* * *

«Халықтың сенімі жоғалды. Тауып алғандар Кремльге алып келсін, силық беріледі».

* * *

– Владимир Владимирович, сіз Сталиннің кім болғаны туралы, анда-санда болса да, ойланасыз ба?

– Өз ақылым өзіме жетіп жатыр.

* * *

Путин көріпкелге: – Мен өле-өлгенше президент болсам деймін, ол мүмкін бе, не істеуім керек?

Көріпкел: Өзің алды-артыңа жинап алған жағымпаздарыңның жалақысын көбейтіп, ұйымшылдығын күшейте бер!

* * *

Путиннің халыққа берген уәделері 33 том болыпты, соны Христостың ғибадатханасына қоюды ойластырып жүр.

* * *

– Прасковья, Путин Украинаны басып алмақшы екен.

– Өсек тасымасаңшы.

– Қайдағы өсек?! Украинаның президенті Янукович өзі тіленіп барып, №1 тұтқын болыпты.

* * *

Путинге сұрақ:

– Украина мен Қырым қайтадан қосыла ала ма?

– Әрине. Украинаны автономиялы облысқа айналдырып, Қырым республикасының қоластына өткізіп, Қадыровты президенті етіп сайлауым керек.

сөйлесіп, жарық дүниедегі жаңалықтарды сұрап біліп, мәз-мәйрәм болады.

Ширак Албастыға Парижбен сөйлескісі келетінін айтады.

– Е, сөйлесіп ал. 10 минут берейін. Ақысы -5 миллион доллар.

Ширак та чек жаздырып алып, құмары қанғанша сөйлеседі.

Мәскеумен сөйлескісі келген Путин де рұхсат сұрайды. Албасты:

– Телефон әне тұр, сөйлесе бер. Сағаты – 5 рублей, – дейді.

– Бізге неге мұншама арзан? Біз кімнен кембіз?! -дейді Путин, әдетінше ежірейе сөйлеп.

– Біздің халықаралық байланыс жүйемізде Мәскеу жоқ. Әй, Володя, Володя, досың екеуің Ресейді тамұққа айналдырдыңдар ғой... үлкен тамұқ пен кіші тамұқтың арасында ішкі байланыс қана бар, сондықтан арзан, -депті Албасты.

Тоғызыншы сөз

Л. БЕРИЯНЫҢ ҚАЗАСЫ



Халықаралық «Түркістан» газетінің 2014-жылғы (сәуірдің 10-ы күнгі) санынан белгілі журналшы-тарихшы Көлбай Адырбекұлының «Лаврентий Берияны білеміз бе?» атты сараптама мақаласын оқыдым. Бұл гәзетте осыдан жиырма шақты жыл бұрын И.Сталиннің қызмет сәтіндегі суреті және әржылғы әзілдері жарияланып, оқырмандарды елең еттірген-ді. Мен: «Ресейдің жаңа басшылары И.Сталинді ақтауға бет бұрып, оған әзірлік сипатында бейресми мағлұмат болып, біздің гәзет соны пайдалана қойды ма екен?» деп ойладым. Бірақ хрущевтық зымиян саясаттың торы сетінемеді. Сондықтан, Л.Берияға қатысты мақаланың жарық көргені Көлбайдың батыл әрекеті деп біліп, оны қолдау ретінде гәзетке қолымда бар төмендегі материалдарды жолдадым. Бұлар – Ресейдің тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарында соңғы 5-6 жылда жарияланған «қызық» деректер. «Қызықтығы» – Л.Берияның

қазасы туралы мағлұматтың бірнеше нұсқасы барлығы. Сонымен:

1-нұсқа

СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы Н. Хрущев:

«...Біз алғашқыда Берияны тұтқындауды жолдас Москаленкоға тапсырғанбыз. Оның қарамағында бес генерал болатын. Ол және оның жанындағы жолдастар қарулануы керек еді. Қаруланған оларды Кремльге Булганин ертіп келмекші болған. Мәжіліс қарсаңында Москаленконың тобына маршал Жуков және бірнеше адам қосылды. Ұзын сөздің қысқасы, кабинетке бес емес, он, тіпті одан да көп адам кіріп келді. Маленков Жуковқа қарап, жәй ғана:

– Мен КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы ретінде Берияны тұтқындауды ұсынамын, – деді.

Жуков Берияға бұйрық берді:

– Қолыңды көтер!

Москаленко және басқалар Берия қарсылық танытар деп ойлаған болар, қолдарын қаруларына апара берді. Сол сәтте Берия арқа тұсындағы терезе алдында жатқан портфеліне ұмтылды. Егер портфелінде қаруы жатса, оны пайдаланып қалмасын деп мен оның қолынан шап беріп ұстап қалдым. Содан соң тексеріп едік, портфелінде де, қалталарында да қаруы жоқ екен. Ол жәй ғана сол қимылмен бізге сес көрсетіпті. Берияны сол заматта-ақ қарауылдың айдауымен, Маленковтың кабинеті жанындағы Министрлер Кеңесі ғимаратына орналастырдық».

2-нұсқа

Кеңес Одағының маршалы Георгий Константинович Жуков:

«...Мені Булганин шұғыл түрде шақырды. Ол сол кезде Қорғаныс министрі еді. Маған:

– Георгий Константинович, отырыңыз, – деді.

Ол әлденеге ашулы еді. Тіптен сәлемдескен де жоқ. Онысына кешірім сұрамай-ақ ілкі сәттен соң ғана қолын берді.

Аз ғана уақыт үнсіз отырдық. Содан соң Булганин:

– Кремльге барамыз, тығыз шаруаны іске асыруымыз керек, – деді.

Кеттік. Партияның Орталық Комитеті Президиумының мәжілісі өтетін залға кірдік. Сонда министрлер де жиналып қалған екен. Бүгінгі мәжіліс хабарын Берия жасау керек еді. Ол өз кабинетінде соған дайындалып жатты.

Мен жан-жағыма қарадым. Залда Маленков, Молотов, Микоян және Президиумның басқа да мүшелері отырды. Берия болған жоқ.

Содан кейін Хрущев сөйлей бастады. Микоян тұздық сөз тастап отырды. Хрущев Берияның билікті өз қолына алуға әрекет жасауымен қорқыныш тудырып отырғаны туралы айтты. Қысқасы, Берияны тұтқындау керек екен. Ол маған:

– Бұл істі орындауға тәуекел ете аласың ба? – деді.

– Орындаймын, – дедім мен.

Ол Бериямен бұрыннан да қарым-қатынасым нашар екенін және жаугершілікке дейін жеткенін жақсы білетін. Екеуіміз Сталиннің кезінде де бірнеше рет қақтығысқа барғанбыз. Кезінде Абакумов пен Берия мені тұтқындағысы келгендерін айтсам да жеткілікті шығар. Берия Сталинге барып, құлағына күбірлеп, бірдеңе айтты. Ал Сталин: «...Жоқ, сенбеймін. Ол ержүрек қолбасшы, патриот және... сатқын деуге сенбеймін. Бұл лас ойдан арылыңыздар», – деді. Осыдан кейін менің Берияның өзін тұтқындауға шындап кіріскенімді түсініңіздер.

Іс былай шешілді. Президиум мүшелерінің қорғаушылары Кремльде, солар жиналып отырған кабинеттің жанында орналасқан. Серовқа Берияның жеке қорғаушысын тұтқындау тапсырылды да, мен Берияны тұтқындауым керек болды.

Маленков мұны қалай орындау керектігін айтты. Министрлер Кеңесінің мәжілісі кейінге шегеріліп, министрлер үйлеріне жіберілген. Оның орнына Президиум мәжілісін ашады.

Біз – Москаленко, Неделин, Батов және Москаленконың адыютанты жеке бөлмеде отырып, сол бөлмедегі қоңырау екі рет соғылғанша күтеміз. Маған Берияның джиу-джитсу (қолымен күресу) тәсілін меңгергенін, өте күшті екенін ескертті.

– Оның күштілігі ештеңе емес. Біз де оған дес бере қоймаспыз! – дедім.

Біз залдан шығып кеттік. Бөлмеде отырмыз. Бір сағат өтті. Ешқандай да қоңырау даусы естілген жоқ. Мен мазасыздана бастадым. «Бізсіз де болатын іс болды ма екен?.. Сталиннің сенімін талай рет пайдаланған Берия бұл жолы да жалған айқай-ұйқаймен бәрін алдап соқты ма?..». Сол-ақ екен (күндізгі сағат бір шамасы болатын) қоңырау дауысы естілді, артынша екіншісі де соғылды. Мен бәрінен бұрын орнымнан атқып тұрдым. Залға кіріп бардық. Берия столдың орта тұсында

отыр. Менің генералдарым столды айналып өтіп, қабырға жақтағы шеткі орындықтарға жайғасатын жандар секілді ыңғай танытты. Мен Берияның желке тұсынан келіп:

– Тұр! Сіз тұтқындалдыңыз! – деп бұйырдым.

Ол тұрмай жатып-ақ мен оның қолдарын артына қайырып, көтердім де, сілкілеп қойдым. Түріне қарап едім өңі оңған шүберектей болып кетіпті. Тұла бойы ұйып қалған секілді. Оны дем алатын бөлме арқылы алып өтіп, сыртқа шығаратын қосалқы есікке қарай апаратын басқа бөлмеге дейін алып бардык. Осы жерде оның тұла бойын түгел тінтіп шықтық. Айтпақшы, Берияны орнынан тұрғызып, қолдарын қайырған кезде белінде пистолеті бар ма, жоқ па деп көз жүгірткен едім. Біздің бәрімізде тек жалғыз ғана пистолет болды. Екіншісін кімнен алғаным есімде жоқ. Өйткені бізді Кремльге не үшін шақырғандарын айтқан жоқ қой. Сондықтан қарусыз келген болатынбыз. Алайда Берия да қарусыз келіпті. Берия тұрған кезде мен оның қағаз толы портфелін үсті жылтыраған ұзын столды бойлата ысырып жібердім.

Солдай оны сол бөлмеге отырғызып қойдық. Кешкі сағат 10-ға дейін сонда ұстап, содан кейін «ЗИС» автокөлігінің артқы орындығына жатқызып, үстін кілемшемен жауып, Кремльден алып шықтық. Біз мұны оның қол астына қарайтын қорғаушылары машинада кім отырғанын байқамай қалсын деп істедік. Оны Москаленко алып жүрді. Берияны гаупвахтада ұстауға келісілген болатын. Дұрысы Мәскеу әскери округінің түрмесіне жабу. Ол тергеу кезінде де, сот кезінде де сонда ұсталып, сол жерде атылды...».

3-нұсқа

Мәскеу әскери округы әскерлерінің қолбасшысы Кирилл Семенович Москаленко:

«...Никита Сергеевич Хрущев таңғы сағат 9-да АТС телефоны бойынша маған қоңырау шалды. Амандық-саулықтан соң ол:

– Сіздің айналаңызда өзіңізге өте жақын және біздің партияға сіздей шын берілген адамдар бар ма? – деп сұрады.

Мен сәл ойланып жауап бердім:

– Ондай жандар бар және олар партияға шексіз берілген.

Содан соң Хрущев сол адамдарды өзіммен бірге ертіп, Кремльге келуімді өтінді. Ол сол сәтте тағы да сөзін жалғап, ПВО жоспарын ала келуімді, сондай-ақ шылымды қамти келуімді ескертті. Мен

аталғандардың бәрін де алып баратынымды, алайда 1944 жылы соғыста жүріп шылым шегуді тастағанымды айттым. Хрущев қарқылдай күліп жіберді де, мен ойлағандай шылым емес, басқа іске қажет болып қалуы мүмкін затты айтып отырғанын тілге тиек етті. Мен сонда ғана оның тұспалдаған сөзінен өзіммен бірге қару ала бару керектігін ұқтым. Хрущевтің бұл емеуріні мені СОКП ОК Президиумының аса маңызды бір тапсырмасын орындау керек болар деген ойға жетеледі.

...Міне, біз Н.А.Булганиннің ұсынысы бойынша 26-маусым күні сағат күндізгі он бірде соның автокөлігіне мініп, Кремльге бет алдық. Оның көлігінің үкіметтік дабылы бар болғандықтан Кремльге кірерде тексеруге жатпайтын. Біздің соңымызды ала басқа жеңіл көлікпен Г.К.Жуков, Л.И.Брежнев, Шатилов, Неделин, Гетман, А.М.Пронин келді. Булганин бәрімізді Маленковтың кабинеті жанындағы күтушілер бөлмесіне жайғастырды да, содан соң бізді қалдырып, Маленковтың кабинетіне кетті.

Арада бірнеше минут өткен соң бізге Хрущев, Булганин, Маленков және Молотов келді. Олар бізге соңғы кездері Берияның ОК Президиумының мүшелерімен қарым-қатынаста бетпақтық көрсетіп, өрескел әрекеттерге барғанын, олардың соңынан аңдушылар қойып, телефоннан сөздерін тыңдатып, кім қайда барды, кіммен кездескенін бақылап отырғаны жөнінде кезекпе-кезек айта бастады. Олар ОК Президиумының мәжілісі болатынын, содан соң Маленковтың көмекшісі Суханов арқылы шартты дыбыстық белгі бойынша біз кабинетке кіріп, Берияны тұтқындауымыз керек екенін ескертті.

...Барлығымыз қаруымызды шығардық. Мен қаруымның ұңғысын тіке Берияға қаратып, қолын көтеруді бұйырдым. Өзіне қауіп төнгенін сезе қойған Берия стол үстінде жатқан портфеліне қарай қолын соза берді. Сол сәтте Никита Сергеевич портфелді одан бұрын алып: «Лаврентий, тентек болма!», – деді. Портфельде пистолет бар екен. Бір-бірімізді балағаттап, керілдесіп болған соң Маленков ұсыныс жасады.

– Қане, Пленум шақырып, бәрін де соңына дейін талқылайық.

Бериядан басқалардың бәрі келісті. Берия мәжіліс залынан шыққан кезде есік алдында тұрғандар оны тұтқындап, алып кетті. Хрущев маған Мәскеу әскери округі әскерлерінің қолбасшысы болғанымды,

тұтқындалған Берияға жеке басыммен жауап беретінімді ескертті...».

Москаленконың айтуына қарағанда, Берияны тұтқындауда өзі басты адам болған екен. Жуковты жәй ғана «мадақ маршалы» десе керек.

4-нұсқа

Саяси басқарманың бастығы, полковник И.Г.Зубтың естелігінен.

Ол саяжайында демалып отырған кезде тапсырма орындаушысы майор Мартынов телефон шалып, Қорғаныс министрінің өзіне тез жетуін және қаруын қалтасына салып келуін бұйырғанын жеткізеді.

– Сен жаңылыс естіп, бірдеңемен шатыстырып тұрған жоқсың ба? Министрге пистолетпен барғаным қалай?

– Булганиннің адыютанты маған дәл солай айтты. Мен сізге сөзбе-сөз жеткізіп тұрмын. Сізді күтіп отыр, баруыңызға тура келеді.

Булганинмен сөйлескен Зуб қабылдау бөлмесіне шыққан кезде Москаленко және басқалармен ұшырасып, Кремльге қарай жүреді... Шартты қоңыраудан соң олар Берияның үш жағынан келеді. Маленков:

– Жолдастар, мен Берия жөніндегі мәселені қарауды тағы да ұсынамын, – деді.

Оның осы сөзінен бұл мәселе бұған дейін де қаралғанын білдім. Бәрі келісті. Маленков сөзін жалғады.

– Ол алаяқ қу, өте қауіпті, ойына келгенін еш ойланбастан істей салады. Сондықтан мен оны шұғыл түрде тұтқындауды ұсынамын....

5-баян-нұсқа

«...Егер Аджубейдің сөзіне сенсек, Берия өлер алдында ОК-ке, Хрущевқа хат жазып, кешірім беруін сұраған. Өзінің кінәсін жууға қандай жағдайға да, тіптен каторгіге де көнетінін айтыпты-мыс». (*Алексей Иванович Аджубей Самарқанда туған, Қазақстанда геологиялық экспедицияда жұмыс істеген, журналист, «Комсомольская правда», «Известия» газеттерінің бас редакторы, Кеңестер Одағы Жоғары Кеңесінің депутаты, КПСС ОК-нің мүшесі, Н. Хрущевтың күйеу баласы – К.А.*) Бұл жерде бізге қандай да бір түсінік беру артық сияқты. Менің әкем Лаврентий Павлович Берия шілдеде де, қыркүйекте де, қазанда да, қарашада да, желтоқсанда да билікке ұмтылған Хрущевқа ондай өкініштен опынып хат жазған емес. Өйткені бұл шындыққа мүлдем сәйкес келмейді. Өйткені әкем

1953 жылы 26 маусымда Мәскеуде еш тергеусіз және сотсыз атылды. Ал бұл былай болған, – деп жазады Берияның ұлы Серго.

Кремльдегі мәжіліс әлдеқандай себептермен кейінге қалдырылған соң әкем үйге қайтқан. Жайшылықта ол түстік тамақты үйден ішетін. Талтүс шамасында атом істері бойынша әкемнің көмекшісі генерал-полковник Борис Львович Ванниковтың кабинетіндегі телефон безек қақты (Ванников кейін үш рет Социалистік Еңбек Ері атанған). Біз Борис Львовичтің кабинетінде үкіметке сынаққа дайындық барысы туралы баяндама дайындап отырғанбыз. Телефон шалған Кеңестер Одағының екі мәрте Батыры, ұшқыш-сынақшы Амет-Хан Сұлтан екен. Оның жанында Кеңестер Одағының Батыры, тамаша ұшқыш-сынақшы Сергей Анохин тұрса керек. Біз сол жылдары бірге жұмыс істеп, етене жақындасып кеткенбіз.

– Серго, – деп барынша дауыстады ол. – Сендер тұрып жатқан үйде атыс болды. Сен түсініп тұрсың ба? Саған жансауғалау керек, Серго! Біз көмектесеміз...

Бізде эскадрильяның бар екені шын. Финландия немесе Швецияға бой тасалау еш қиындық келтірмейтін еді. Мен бұл ұшқыштардың нағыз достар екеніне бұрын да бірнеше рет көзім жеткен.

Әкеме қарсы астыртын әрекет болғаны анық. Мен мұны бірден түсіндім. Олай болмаса, біздің үйдегі атыс қайдан шықты? Қалғаны туралы жобалап білуге болады ғой. Бірақ мұндай жағдайда қашқан нені білдіреді? Егер әкем тұтқындалса, менің қашқаным оны кінәлауға үстеме дәлел болмай ма? Оның үстіне мен өзіме және әкеме қандайда бір кінәлар тағылғанын білмей жатып, кімнен қашуым керек? Мен олардың ұсынысынан бас тартып, сол бойда Ванниковқа бәрін айттым.

Сонымен, Кремльден бірге шығып, Малоникитскідегі үйге бардық. Бұл «Восстания» алаңынан алыс емес. Біз революцияға дейін салынған бір қабатты жеке үйде тұрдық. Әкем мен анам үш бөлмесінде, мен өз отбасыммен екі бөлмесінде тұрып жаттық. Біз үйге көше жақ беттен келгенімізде көзге аса оғаш көрінетін ештеңені де байқай қоймадық. Ал аула ішінен екі бронетранспортерді көрдік. Мен кейіндеу біздің үйдің жанында танкінің де тұрғанын естідім. Алайда менің екі бронетранспортер мен солдаттарды көргенім рас. Әкемнің кабинеті жағындағы терезе сынығы көзге ұрып тұрды. Демек, атыс болған. Сынықтарға қарап-ақ әкемнің жарақатын саусақпен санап та алуға болатын секілді. Атыстың ұзаққа созылмағаны да анық. Менің

түйсінгенім бойынша мұның бәрі күтпеген жағдайда, қас пен көздің арасында өткен. Мен және Ванников сол күні әкеммен сағат төртте кездесетін едік. Кездесудің сәті түспеді.

Күзетшілер бізді ішке жіберген жоқ. Ванников әскерилердің құжаттарын тексеруге әрекеттеніп, түсініктеме берулерін талап етті. Бірақ мен бәрін де түсіндім. Әкем үйде жоқ екенін сездім. «Тұтқындалды ма, немесе өлтірілді ме екен?» Машинаға оралған кезде жанында тұрған күзетшілердің бірі: «Серго, мен үйден үстін брезентпен жапқан біреуді зембілмен алып шыққанын көрдім», – деді.

Біз Кремльге үн-түнсіз қайттық. Мен жол бойында әлгі солдаттан естігенім жайында ойландым. «Зембіл үстінде брезентпен жабулы жатқан кім? Оны неге алып кетуге асыққан?» Бәрі де күмәнді. Уақыт өте келе мен сол зембілдегі жабулы адамды көрген әрі соны растайтын басқа да куәгерлерді іздестірдім.

Ванниковтың кабинетінде бізді Курчатов күттіп отырды. Екеуі Хрущевқа телефон шала бастады. Олар бұл істің артында кімнің тұрғанын білгендей. Бұл әңгімені кабинетте менен басқа да алты адам естіп отырды.

Ванников өзінің кабинетінде Лаврентий Павловичтің ұлы барын және Курчатов екеуі маған жайсыз іс істелмейтініне сенетінін жеткізді. Сол-ақ екен Хрущев оларды сабырға шақырды. «Серго саяжайдағы туыстарына бара берсін, ештеңеге де уайымдамасын», – деді. Мен олармен қоштасып тұрып, енді қайтып кездесе алмайтынымызды анық білдім. Ванниковпен құшақтасып, сыртқа шығып кеттім. Шыға берісте мені әскери адамдар күтіп алды. Олар машинада менің қасыма отырды да, қарулы солдаттар соңымыздан ерген машинаға жайғасты. Саяжайға келген кезде әскерилердің қоршауға алғанын көрдім. Аулада бронетранспортерлер тұрды. Машина кідірмей аулаға кіріп, үй алдына бір-ақ тоқтады. Мамамды, әйелім Марфаны, балаларды және тәрбиешіні де бір бөлмеге қамап қойыпты. Олардан басқа мұнда бейтаныс қарулы әскерилер де отыр.

Мамам мен әйелім өздерін сабырлы ұстады. Өңдерінен мені күткендері байқалады.

– Сен әкенді көрдің бе? – Анамның мені көрген беттегі сұрағы осы болды. Мен болған жайға қарағанда әкемнің бұл өмірде жоғын айтып, күзетшілердің көзінше үй маңынан көргендерімді баяндадым. Анам жылаған жоқ. Мені құшағына қысып, Марфаны сабырға шақырды.

Әйелім әне-міне үшінші баланы босануын күтіп жүрген. Содан жарты сағат өтпей жатып-ақ бөлмеге әскери форма киген біреу кіріп келді.

– Сізді және сіздің әйеліңізді басқа саяжайға жайғастыру жөнінде жарлық түсті, – деді ол.

Анамды үйде қалдыратын болыпты.

– Сен тек ештеңеден қорықпа, – деді анам жәй ғана сабырлы үнмен. – Адам бір-ақ рет өледі. Қандай жағдайда да оны лайықты қарсы ала білу керек. Не болғанына сәуегейлік жасамай-ақ қояйық. Тағдыр тәлкегі осылай болса амал қанша. Бірақ мынаны біл: сенің балаларыңа, сенің әйеліңе батылы барып ешкім де тиісе алмас. Орыс интеллигенциясы оларға мұндай ерік бере қоймайды.

Сонда анам да, мен де енді қайтып көріспесімізді білген едік. Қайта құшақтасып, соңғы рет бетімізден өбістік. Біздің ертеңгі күніміз не боларын кім білген. Анама бізді шығарып салуға рұқсат етті. Анаммен қоштасып тұрып, мен алда бізді не күтіп тұрғанын, әйелім мен баламнан да ажырап қалатынымды сезгенім де, білгенім де жоқ.

Бізді екі машинамен алып жүрді. Біздің қарсылығымызға қарамастан бір машинаға 1947-жылы туған үлкен қызымды және 1950-жылы туған кіші қызымды отырғызды да, әйелім Марфа екеумізді екінші машинаға жайғастырды.

Бізді қайда алып бара жатқанын ойша жобалап отырмын. «Ближняядағы» Сталин мен Кунцевоның саяжайлары артта қалды. Машиналар оларға қарай бұрылған да, тоқтаған да жоқ. Жиырма минуттан соң машина қара жолға бұрылып, біраз жер жүрді де, кейде Сталин дем алатын мемлекеттік саяжай алдына тоқтады. Бұл саяжайда мен бұрын болған емеспін. Сол кездегі мемлекеттік саяжайлардың бәрі де ағаштан салынған әрі шағын болатын еді. Бұл жерде біз сыртқы өмірден бейхабар бір жарым ай бойы тұрдық.

Мен отбасыммен тұрып жатқан саяжайдың сыртын автоматпен, винтовкамен қаруланған әскери бөлімнің солдаттары күзетті. Үйдің ішінде де тәулік бойына қарапайым киінген қарулы адамдардың бақылауында болдық. Аулада біздің бұрынғы саяжайымыздағыдай бронетранспортерлер тұрды. Сондай-ақ телефонның байланыс желісінен ажыратылып тасталғаны біздің еркіндіктерімізді есімізге салып тұрды».

(Серго Берия. «Менің әкем – Лаврентий Павлович Берия».)

Қазақшалаған – Көлбай АДЫРБЕКҰЛЫ.

«Берияны тұтқындаудың» ресми нұсқаларының біріне бірі кереғар екенін, мінеки, білдіңіздер (бір «қызығы» – «тұтқындаушының» төртеу болғанындай, Берияның портфелінде қарудың біресе «болмағаны», біресе «болғаны»). Бұдан шығатын қорытынды – істің анығы Серго жазғандай екендігі. Сергоның кейінде бір айтқаны:

«...Георгий Константинович Жуков та әкеме жақын жүрді. Олар соғысқа дейін де, соғыс кезін де қызмет бабымен аралас-құралас болды... Маршал Жуковтың мемуары шыққан соң онымен жолығудың сәті түсті, иә, оның қалауымен. Сонда ол маған: – Мені Берияны тұтқындауға қатысты деген сөз – шылғи өтірік! – деді».

Шверник: «Саған бір ғана айтарым: сенің әкеңді тірідей көрген жоқпын, арғы жағын ішің білсін» десе, «сотқа» қатысқан Михайлов деген заңгер: «Айыпталушының орындығында басқа біреу отырды» деген.

Москва қалалық партия комитетінің 1-хатшысы В. Гришиннің ұлы Л. Берияның қызына үйленбек болғанда болашақ қайыната сасқалақтап, Ю. Андроповқа барып ақылдасса керек. Андропов: «Сен ол «оқиғаның» қолдан жасалғанын білмеуші ме едің?» депті.

«Бертінде Хрущев шешеме сәлемхат жіберіп, кездескісі келетінін айтты. Микоян да сөйтіп, екі рет сәлем жолдады», дейді Серго. Шешесі оларды маңына жолатпапты.

«Берия тіріде марқұм Сталинді қаралай алмайтынын білген Хрущев пен оның командасы жоспарлы жауыздық жасады, оған ешқандай шүбә жоқ!» деп жазғандар да бар, сірә, солай шығар.

Мен Л.Берияның кейінде табылып, 3 кітап боп шыққан күнделігін және тарихшылар: Ю. Мухиннің («*Сталин мен Берияны өлтіру*»), С.Мирониннің («*Берия қалай өлтірілді?*»), С.Кремлевтің («*Берия – XX-ғасырдың үздік менеджері*») деректі кітаптарын оқыдым.

С.Миронин Ресей Ғылым академиясының аса көрнекті академигі П.Н.Бургасовтың мына сөзін келтіріпті: «...1953-жылы маусымның 26-күні сағат онекіжарымда буфеттен шығып, жоғарғы қабаттағы кабинетіме көтеріле бергенімде министр Борис Львович Ванников және Берияның ұлы Серго жанымнан жүгіріп өтті, тіпті мені қағып кете жаздады. Тым оқыс оқиға. Берияның баласы бізде бұрын болмаған да... Біраз уақыттан кейін Ванниковтың жалғыз келгенін көрдім де, нендей жағдай болып қалғанын білмекке кабинетіне бардым. Ол үстеліне маңдайын тіреп бүгіліп отыр екен. Сәлден соң басын көтеріп,

түнере сөйлеп: – Біздің шеф Лаврентий Павлович Берия енді бізге жоқ... оны пәтерінде атып өлтіріпті, сонда барып келдім ғой... – деді».

С. Мироновтың кітабынан және бір үзінді:

«...1953-жылдың 1-наурызы мен 26-маусымында не болғанын қысқаша шолып байқайық. Ақпанның 28-і күні Сталин жақындағы саяжайына Берияны, Маленковты, Булганинді және Хрущевті шақырып алды. Сөз Мемлекеттік қауіпсіздік министрі Игнатъевті басқа жұмысқа ауыстыру қажеттігі туралы болды. Министр антисемиттік пиғылмен «Дәрігерлер ісін» асқындырды. Еврей дәрігерлер «мәселесін» шұғыл шеше бастады. Сталиннің төңірегінде де түсініксіз әрекеттер жиіледі: Власик пен Поскребышев бірінен соң бірі шеттетілді. 17-ақпанда Кремльдің жап-жас коменданты кенет қайтыс болды. Новик соқырышегіне ота жасатып ауруханада жатыр. Игнатъевшілдікті тоқтату үшін Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі мен Ішкі істер министрлігін қосып, оған Берияны басшы ету керек...

Берия біріктірілген министрлік жұмысын қолға алысымен Сталиннің қайтыс болу себептерін тексеруге кірісті. Смирновты тұтқындады. Игнатъев қолдан жасаған істі (*әйгілі «Дәрігерлер ісін», – F.Қ.*) тоқтатты... Германияда іссапарда жүрген Игнатъевті келісімен тұтқындауды талап етті. Игнатъевпен ымыралас Хрущев дереу қарсы қимыл жасамай болмайтынын білді...».

Демек, Хрущев жауыздың, А.Яковлев айтқандай, «екі қолы иығына дейін» ғана қан емес, тақыр төбесінен табанына дейін қан болған!..

Ресей елін шын мәнінде Арлы Азаматтар басқаратын күн келеді, И.Сталин мен Л.Берия ақталады!

Хрущев пен хрущевшылдарға лағнет айтылып, сүйектері тарихтың күресініне лақтырып тасталады!

.....*

Ескерту: Бұл еңбегімді жазуда: Ю.Мухин, С.Рыбас, Е.Прудникова, Л.Мартенс, В.Карпов, Г.Ферр, Ю.Емельянов, А.Мартиросян, С.Кремлев, Л.Балоян, М.Ошлаков, А.Елисеев, О.Каратаев, К.Романенко, Ю.Жуков, А.Ваксберг, С.Миронин, В.Клушин, Р.Баландин, В.Жухрай, О.Ржешевский, А.Пыхалов, О.Кузинкин, А.Дюков, Д.Айгнер, В.Невежин, Д.Юнкер және басқа әділ, міндетіне адал тарихшылардың, журналишы-жазушылардың зерттеу еңбектері жәрдемші болды. Анекдоттарды кітаптардан, интернет сайттарынан алдым.

МАЗМҰНЫ

В. Ленин	4
Л. Троцкий	13
И. Сталин	34
Л. Мирзоян	125
Н. Хрущев	149
А. Солженицын	175
М. Горбачев	199
В. Путин	217
Тоғызыншы сөз. Л. Берияның қазасы.....	236

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

СЕГІЗ АУЫЗ СӨЗ

Редакторы

Т. АЙТБАЙҰЛЫ

Беттеген

Д. ТАЛҒАТ

Басуға 04.09.2017 ж. қол қойылды.

Қалыбы 60x90 $\frac{1}{16}$. Шартты баспа табағы 15.

Есептік баспа табағы 15,5. Таралымы 30 дана.

«Тоғанай Т» баспасы: Алматы қ-сы, Қожамқұлов көшесі 128-39.

Тел.: +7 727 233 62 23, факс: +7 727 390 41 03.

e-mail: ToganaуT@mail.ru